


# СҮЙІНДІК ЖАНЫСБАЙ



КЕЗДЕС

**Сүйіндік Жанысбай**

# **К Е З Д Е С У**

**Повестер мен әңгімелер**

**Астана баспасы  
2007 жыл**

УДК 94 (574)  
ББК 83 (5Каз)  
€ 13

*Пікір жағандар:*

филология ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Әбдулов**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ж.Шекен**

**ЖАНЫСБАЙ С.**

**С 13 Қемессу. Повестер мен әңгімелер Қызылжар: "Астана" баспасы, 2007. - 212 бет.**

**ISBN 99 65-9553 3 6**

Қаламгер Сүйіндік Жанысбайдың “Оқінші” атты ми-  
лиция өмірінең жазған әңгімелері мен очерктерін, “Ауылымды ансадым” жыр жинағын, “Адамша кел” атты  
әзіл сыйқаттарын кезінде жүрішшіліктың жылы кабылда-  
ған. Бұл жолы ол екі повесі мен әңгімелерін топтастырып  
беріп отыр.

Оқырманға бір ескертке кететін жағдай – бұл туынды-  
тардың Қеңестік дүйрде жазылса да, кесінде жарық көрме-  
тін еді. Демек, оқиғалар мен сюжеттерге, тіл ерекшелік-  
теріне сол кеңінен көзімен қараған дұрыс

€  $\frac{4600300000}{00(05) \cdot 07}$

**ББК 83 (5Каз)**

**ISBN 99 65-9553 3 6**

© Жанысбай С., 2007

## П О В Е С Т Е Р

### К Е З Д Е С У

Мәулен бүл рудникке таңертең келіп тұсken. Кол шабаданын разъездін жүк қоятын бөліміне тапсырыл, өзі қонақ үй ізделеп кеткен. Тұрактанын және рудник бастығына жолығын болған соң кешке қарай шабаданы үшін разъезге қайта оралған еді. Разъездің кішкене вокзалынан перрон жаққа шыққанда не екенин түсініп болмайды – жұрт ула шу. Елді киіп-жара алға шыққанда жігіттің көрген – темір жол үстінде тұрған екі-үш жасар үл бала. Қаннен-қанерсіз қолындағы кішкене машинасымен ойнаш тұр. Мына жактан жүк поезы келіп қалыпты. Іскеыра шынғыруына қарағанда токтай қоятын түрі жоқ, екпіндеп келеді Таянған сайын ыскырығы тіпті күшейді.

Мәулен коп ойланып тұрған жоқ, тұра ұмтылды. Жиналған жұрт демін ішінсі алып, тына қалған. Қас қагым сotte поез да зыр етіп оте шықты. Рельстен өрі қарай Мәулен мен кішкене бала ұмыр-жұмыр ұшып тұсті

Осы кезде шыңғырған әйел даусы құлақ тұндырыды. Сейтті де әлгі келинисек тұрған орнында талықсып құлай берді. Біреулер “жедел жәрдем” шақыруға ұмтылысты.

Поез өтісімен халық Мәулен мен баланы қоршап алды. Жігіт баланы бауырына тас қып қысқан беті тыбыр етпей жатыр. Қатты қорыққан сәбидің үні шықпай, екі козиғана жылтырайды. Тек біреулер келіп, қатты қысқан құшақтан босатын ала бастағанда ғана шыр етін жылан коя берді.

Шырылдаған таныс дауыс құлағына енген ана да есін жия бастады. Баласын алдына әкелгенде отырған күйі бауырына қысып алып, көзіпен жасы парлаган беті сміреніп, аймалай берді, аймалай берді. Анасының құшагына енген бала да тыныш тапты. Елін сөзі сонда ғана санасына ене бастады.

Әбден есекіреп қалыпты.

- Жігіт екен, нағыз жігіт...

- Іштыр деп осыны айт.

- Бұрын көрген адамымыз емес, басқа жақтан келген біреу ғой, сірә?

- Кімде болса азамат екен.

- Әлиза, шырағым, есінді жиши.

- Эбден қорқын, үрейі ұшып қалған ғой. Қайтсын-ай, іштен шыққан бала оңай ма? Тірепі де, қызығы да бір сол емес пе? – десін танитын біреулер сүйемелдеп әкеп орындыққа отырғызды.

Алақандай рудник пен разъезде бірін-бірі танымайтын адам кемде-кем. Бұл кім болды екен, біліп қалайын деп Әлиза орнынан тұрып келінеше “жедел жәрдем” әлгі жігіті ала жөнелді. Әлиза біраз отырып есін жия бастағанда посып келетін уақытта га тақаған еді. Сол-ақ, екен бір нәрсесі ұмыт қалғандай бір қолымен баланы жетелен, скінші қолына буыншак-түйиншектерін алғын рудникке қарай асыға басып, аяндай жонелді.

Салып-ұрын ауруханаға келді. Қарсы жолыққандардың бәрі баласының аман қалғанына қуаныштарын білдіріп жатыр. Рудник тұрғындары лезде-ақ құлақтанып болыпты.

Кезекші дәрігер жігіттің хал-жағдайын түсіндіріп айтты берді, әлгінде есін жиыпты. Жарақаты да аса ауыр еместінін, рентгенге түсірілгенін, енді аздан соң қорытынлы шығарылатынын айтты. Әлиза тағатсыз күтуде. Бірнеше рет сұранып еді, ішке босатынады. Ойы баласын құтқарған батыр жігітті бір көріп раҳметтін айту. Оны өзінің адамгершілік парызым деп түсінді. Құткен посзы өлдекашан отін кеткен, енді асындын ештеңе жоқ. Баласы мен жүгін көршінің үйіне тастай салып, ауруханаға қайта оралған.

Мәулен енгеп козін ашты. Бірақ бұлдыран, ештеңе көрінер емес. Құлағына ақырын сөйлескен дауыстар келді. Қозғалмақ болып еді, он жақ аяны бақайының басынан жамбасына лейін сырқырап, жаны көзіне корінді. Сол-ақ екен козіне посзд елестеді, рельске согылыш шулған дөңгелектерінің дауысы келді құлағына.

Болған оқиғаны саралай бастады. “Қайда екен әлгі бір сүйкімлі домалак?” - ойланып ұзақ жатты.

Өзінің ауруханада екенін білді.

Біраздан соң козін қайта ашқанда өлгіндегі емес, на-  
латаның ішіндегі заттар анық коріне бастағы. Аяқ жағын-  
да біреу қалғып отыр. Тесіле қараган Мәулен оз козіне озі  
сөнер емес.

“Япыр-ау, мынау Әлиза той, - дед іштей қайталай  
береді. – Ол мұнда қалай келді екен?”

Оның бүл отырысын Мәулен орі ойлан, бері ойлан  
түсіне алмады. Қашаниан, неге отырганына да санаы  
жетпеді. Болме ішін жап-жарық. Баға жақта стол үстінде шам  
жапын тұр. Түн екенін содан болжап білді. Әлизаның қат-  
ты шаршаган түріне қарап жатып, Мәулен откен омір  
кезеңдерінен ой жүгіртті...

Моулен политехникалық институттың үшінші курсын-  
да, ал Әлиза педагогикалық институттың екінші курсын-  
да оқып жүргендеге танысып, содан достасын кетті. Достық-  
тың аяғы маҳаббатқа ұласты. Ерке мінезді откір қыз жігіт  
жүргегін еркін билеп, жан сезімін жаулап алды.

Қол ұстасының қаланың қорікті жерлерін аралаудан жа-  
лықнайтын, демалыс шарқінде де үзак қызыратын. Ол  
уақытта екеуі де шекіз қуанышқа болғанн, езулерінен  
кулкі, жүздерінен шаттық кетпейтін.

Бір күн ағаш арасымен өңгіме шертісін келе жатты.  
Бір кезде Әлиза Моулениң қарсы алдына тұра қалып:

- Козінді жұмыны, - деді. Әлиза ойынышыл қыз, аяқ  
астынан бірдене ойлан таба қояды. “Не істер екен” дег  
көне салды. Сол-ақ екен қыздың ын-ыстық жұмсақ ерні  
жігіттің ерніне жабыса түсті. Жігіт оне бойына тоқ откен-  
дей сезімге болғанді. Қапелімде не істерін білмей тұрып  
қалған. Мәулен есін жиғанды, Әлиза бұрылыш алғын тұра  
жүгірді.

Мұндай мінез қазак қыздарында сирек кездеседі. Сол  
үшін ол Мәуленге басқалардан ерекше, алтын айшықтай  
даараланып корінетін. Оның ақ конілділігі мен пәк жүргегін  
бағалады. Шын сүйді, құлай сүйді. Бірге откізген ор күні  
қайталанбас жоне берік есте қалатын қызықты оқиғага тоғы  
болатын.

Жазғы сессия аяқталысымен Әлиза ауылга аттанды.  
Мәуленді институттағы жұмысқа қалдырыды. Бірін-бірі  
беріле сүйгеп екі жас аэропортта қимастықпен қонасты.

Әлиза мініен самолет жерден көтерілмей жатып-ақ Мәулен жалғыздықтың құшагына берілді. Елсіз аралда бір өзі қалғандай қүнге енді.

Күндер өтіп жатты. Барысымен бір жұмадан соң жаған хатынан басқа Әлизадан хабар жок. Ол хатында өзінің амандығын білдіріп, сүйген жүргінің сәлемін жолдапты. Хатының соңында хат жазбауын өтінген. Өйткені таяуда әпкесінің үйине жүрмекші екен.

Содан хабар үзілді. Қайтшы Әлизаның жүзін көрген емес. Кейіннен біреулерден оның түрмисқа шығып, институттың сырттай бөліміне ауысқанын естіді.

Мәулен катты күйзелі. Мұндай соккы болар деп омірі ойламаған болатын. Дегенмен өлмеіген адам өз күнін кешеді. Әлизаның әр қылғы санасында сایрап тұрған Мәулен үшін оның бейнесі есінде мөніті қалды. Әр нәрседен-ақ, таныс жолдардан да, бірге жүрген кемдерінде отырған орындықтардан да Әлизаның бейнесін көріп жүрді. Қызың мұна қылғына тан болды. Сүйіп жүрмін дегені жалған болғаны ма? Ойлап-ойлап шешімін таба алмады.

Жылжып жылдар өтіп жатты. Институтты ойдағыдай аяқтаған Мәулен аспирантураға қалды. Мінс, оны да тауысын, осы рудникке тәжірибелен өтүте және зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін келген болатын.

\* \* \*

...Әлиза да Мәуленді шын сүйін еді. Жазы демалысқа шығып, ауылға келгеннен соң үйінде біраз жатқан Әлиза зеріге бастады. Құндіз-тұні бір сарынды өмір. Бірді-екілі көршілердің шақырғанына қонақ болып қайтты. Одан басқа істер ермегі де жоқ. Жалғыз өзі клубтағы кешкі киноға барғысы келмейді. Ойында жатса-тұrsa Мәулен. Жас балладай аңқаулана қараң, ақырын жымиган беті үнсіз телміріп, көз алдында тұрлы да қойды. Сан рет түсіне де кірді. Бір күні тұс ауа ауылдың екінші шетінде тұатын Сәлиманың үйінен қайтып келе жатқан. Сәлима екеуі мектепте бірге оқыған. Бірақ ол оныншы кластан соң әрі оқымай қалды. Бір-екі жыл совхозда жұмыс істеп жүрді де, Қалиға түрмисқа шықты. Қали - өзінен көп үлкен,

сақа жігіт. Совхозда механизатор болып істейді. Көи ішеді, Сәлиманы ұрып-соғады деп еситін. Қабағы түксіген, кісіге сүзеген бұқаша қарайтын сүгезердей дөу жігіт.

Кеше көрші үнде қонақта жолықан Сәлима құрбысын үйіне шақырған.

- Элиза, уақытың болса ертең біздің үйге келіп кет. Қали жұмыста. Озіміз оңаша отырып сырласайық.

- Жарайды, мүмкін барып шығармын.

- Кел, мен құырдақ дайындал қоямын.

Әлиза бір кездे бірге оқыған құрбысының үсті-басына, киген-киміне барлай қарады. Етегі тізеден төмөн кен етек кейлек. Кеудесінде желет, басында орамал. Құрбысының өз жасына лайықсыз киім егделеніліріп тұр.

- Тым қартайып кеткен сияқтысың, Сәлима. Мектепте оқып жүргендеге қандай әдемі болушы едің. Мен саған қызығатынмын.

- Иә, мектеп пен қазіргі кез бір ме? Әйел болып есік аттаған соң қын екен. Сен әлі сол бетің - ешқандай озгермегенсің.

Көс құрбы мұнан әрі әрі әңгімелесе алған жок. Үй иесі қонактарлы шайға шақырды. Орталарында бір-екі қартаң әйел бар, қалғандары жас келіншектер мен қыңқар. Барлығы улат-шулап шай інгіті. Әлизаның өзі қатарлы құрбыларының барлығы үй болып, тұрмысқа шығып кеткен. Өтырған қыздардың көбісі өзінен жасы кіші. Олар аузын бағып отырған сияқты. Дауыстары шықпайлыш. Ал аналардың еріндегі-еріндегіне жүқпайды. Әлиза сөздеріне құлак тұрді.

- Сойған тұлқідей ыржып, ө неси-ей! Алдыңлағы компіттерді бері қарай жылжыт, қолым жетпей жатыр.

- Ойпыр-ай, мына Жөпектің жаман қатынының тілінің шығуын-ай, тілін жұтқан жандай отырушы еді маңқайып. Мә, же. Көнің кеуіп қалса.

Қатқан кара келіншек сіңірдей тарамыс колдарымен вазадағы компіттерді үстап алып, ана келиншектің алдына жайып салды.

- Бәлі мына қатынның мырзалығын қара. Өзі ала келгендей берегенсіді ғой мынау. Өз үйінде көрсет ондайыңды, - тағы біреуі оны түйреп өтті.

Ауыл әйелдерінің сыры өзіне мәлім. Бастары жинала қалса-ақ осы. Бірімен-бірі, не күйеулері жағынан құрдас

болып, отырган жерде қалжынласады да жатады. Қалжыңың ағы ұрыс-керіске де айналатын көздер болады.

- Әлиза, қарагым, жеп іш. Бос қараш отырсың гой. Қазір демалыс кезіндегі тойын ал. Озің жүдеусің гой, - деді торде отырган егде ойелдің бірі. Мұның самарқау отырганын байқап.

- Е, жүлесе, оған біреу тас арқалатып жүр дейсің бе? – деді мына жақтаи екіншісі. - Озі де құлдын мүшем бұзылып, жігіттер қарамай кетеді деп тамақ ішпей жүрген. Әйтиссе әкесі мен шешесі өңсітін өтер ас болса осы баласына жіберетінін білеміз.

Оның созін тағы біреу іліп әкетті.

- Қалада тұрып оқу оңай дейсің бе? Білім инемен құдық қазғандай деген рас қой.

- Е, қойны, осы құнгі қыздар оқығанда оке мен шешесін жұмакқа анарап дейсіндер ме? Бір күні біреудің кетеді қолтығында.

- Кетпей енді. Қайсымыз үйімізде отырмыз.

- Ата-ананың енбегін ақтаса гой ең болмаса. Қоңдарінен жасын ағызып, “шу қаракөк” деп жүре береді. Дастанқан басындағы ойелдердің созі Әлизаны жалықтырып жіберді. Мән-мағынасыз айтеуір бос соз. Шай жиналысымен ойелдер шуласып, лото ойнауга кіресті. Қыздар жағы болініп қала берді.

“Неткен тіршілік, мұндай да өмір сүргуте болады екен-ау?”. Кешкісін клубқа кинога барды. Әлиза ішке кірісімен кино да басталды. Клуб іші көк тұтін. Әр жер, әр жерде темекі шогы жылтырайды. Біреулердің сыйырласа сөйлескен дауыстары естіледі. Кобісі еркектер. Арапарында жас балалар мен келіншектер де байкалды. Олардан қаймының отырган әлгілер жоқ. Анда-санда қатты-қатты одагай сөздер айтып кояды.

Аңцы тұтін колқасын қауып, бір жағынан жаңындағы ішіп алғандардың бос сандырағынан кино көріп береке таппаған Әлиза үйіне ертерек қайтпақ болды.

Сыртқы есіктен шыға бергені сол еді, таң бір андың түрғандай карсы алдынан екі жігіт шыға келді. Әуелде бойы тоқазып сала бергенімен, артынша-ақ өзін-өзі келді. Екеуі де таныс жігіттер. Бірі-өзімен бір класта оқыған Сайлау

ла, екіншісі – бір класс томен оқыған Еркін. Екеуі де қызулау екен.

- Солемет не, Элиза? Қалың қалай?
- Жаман емес.
- Иә, демалысың қалай отіп жатыр?
- Жақсы.
- Қойши, біздің ауылда да жақсы дем алуға бола ма?
- Неге болмасын. Оз ауылым, озіме үнайды.
- Пау, деген-ай! “Оз ауылым, өзіме үнайды” дейсің бе? Дұрыс-ак! Ал, оз ауылының жігіттері ше, ол неге үнамайды?

Тауып айттым дегендей Сайлау сак-сак күліп, мозмейрам болып қалды.

- Шіркін-ай десеңі. Біздей трактористерді қайтсын. Үсті-басын май-май қылыш, - деп оған Еркін қосылды.

Жігіттерден ығысынқырап, былай шықты. Бірақ жігіттер қала қоймады. Біраз жүрген соң олар алдын кескестей бастады.

- Элиза, кішкене кідірсең қайтеді. Таза ауада аздан қыдырайық.
- Жоқ, менің қылышын келмейді. Басым ауырып тұрғаны.
- Қыдырең – басың жазылады.

Білегінен үстай берген Сайлаудың қолынан сыйылыш шығып, үйіне қарай жүгіре жонелді. Жігіттер сол орында тұрып қалысты.

Үйге келген бойы төсегіне жата кетті де, оксіп-оксіп жылан жіберді. Сол бойы орындан тұрған жоқ. Болмессіне кіріп, тамаққа шақырган анасына:

- Басым ауырып жатыр, - дей салды.

Тұнді үйқысыз откерді. Тек таңға жақынғана козі ілініп кетінти. Түсіне Мәулен кірген.

...Екеуі кинодан шығып, қыдырып келе жатыр екен. Кенет Мәулен алыстап кетеді, тақайын десе – тақай алмайды. Екі ортасы ұлксен ор сияқты. Аттап отуге болар емес. Элде не дең дауыстаган болады, бірақ дауысы шыкпайды.

Сойтіп тұрғанда қалай болғанын түсіне алмай қалды – Мәулен бір биік шыңының басында тұр. Элиза шығайып

десе шыға алмайды. Биік шынға өрмелеген сайын қайта сырғанан кетеді. Өбден қара төргे түсті.

Оянып кетті. Қөрпеге түмшаланып, өбден булығып қалыпты. “Ух!” ден дем алып, орнынан тұрды. Құн тұс болып қалған екен. Сәлиманың қонаққа шақырғаны есіне түсіп, тез-тез кінен бастады.

Сәлиманың үйінен көргені де сол баяғы қүйкі тірлік, ауылдың бір сарынды өмірі. Осының барлығы Әлизаны қатты жалықтырып жіберді.

Айналасы бір жұмашай уақыттың ішінде аласаптыран қүйге түскен Әлиза оз көнілін өзі жұбатпақ болып, көрші совхозда тұратын өпкесісін үйіне барып қайтуды ойлады.

Сол күні үй ішіне ескефті де, тұс ауа кездескен машинаның біріне отырып жүріп кетті. Әпкесі тұратын “Қызыл ту” союхозы бұл арадан 50-60 шақырымдай жер. Жол ылғи тау арасымен жүреді де “Қызыл туға” жеткен соң жазыққа шығады. Одан әрі аудан орталығы жиырма шақырымдай ғана. Орташа жылдамдықпен жүрген машинаның озі кон болса екі сағаттай уақыттың ішінде алып барады. Әлиза мінгін машина облыс орталығынан ауданға келе жатыр екен. Жолдан қыс болса да көптеген шоферлар осы совхоздағы дүкенге әдейі бұрылатын.

Ауылдан шыға беріп жүргізуші жігіт манинасын тоқтатып, дүкеннен әлгінде алған шөлмектің аузын ашты. Кепкен нанның қыртысы мен бір кесім шұжық алып шықты. Қырлы стақанға орталап құйын Әлизаға ұсынған. Арап түтіп шараптың өзін татып алмайтын Әлиза ішкен жоқ.

Біраз үтітеп отырған сон стақанды толтырып құйын алды да, шолден қалған адамдай сылқ-сылқ еткізіп екі-ақ жұтты. Қалған орта шөлмек аракты кабинаның бүйіріне қыстыра салды.

Кішкене жүрген соң арактың қызыу, я өзінің мінезі ме, ауыз жаппай сөйлей басады. Озі дөрекі, қызық жігіт скен.

- Қарындас, танысайық, – деп жұн қабақ, сұық жұзді еңгезердей жүргізуші жігіт сөз бастады.

- Танысайық.
- Менің атым – Құрымбай.
- Менің атым – Әлиза.

- Атыңыз қандай жақсы. Тура өзінізге лайықтап қойылған. Өзініз қандай болсаңыз есіміңіз де сондай әдемі екен.

Асыра мақтап жіберіген жоқсыз ба ?

- Жоқ. Шын айтам. Құдай атымен ант етем.

- Қыздардың барлығына да құдай атымен ант етесіз бе?

- Жоқ. Әлиза, сен шын әдемі қызының. Шіркін, сендей бір қызды үлбіретіп, төріме өкеп отырғызып қойсам, одан артық арманым болмас еди. Наяу, деген-ай! – Оң қолының үш саусагының үшін сүйіп қойды. – Осындай хордың қыздары қайдан түседі екен? Аспаннан түскен жоқсың ба, қарында?

Ойнақшып, зымырап келе жатқан машина жолай кездескен ойлы-қырлы жерлерден екіншімен секіріп секіріп кетті. Әлиза маңдай темірте басын соғып ала жаздады.

- Машинаңыз асау ма, қалай озі?

- Е, ондайы бар. Кейде ботен адам мінгендеге аздала осылай мөнкілді.

Құрымбай бар денесімен рахаттана күлді.

Ерке оскен Әлизага мына жігіттің дөрекі мінезінің өзі қызық көріне бастады. Сөз таластырып, қалжың жарыстырығысы келген жігітке бұл да өзілмен жауап беріп отырды.

Бір екі кезең асқан соң машинаның бұзылуы басталды. Соңдай жүрістері өнбей-ак қойды. Бір шақырым жүріп – бір, екі шақырым жүріп – скі тоқтайды. Әлизаның көңіліне секем кіріп, бойын қорқыныш биледі. Бірақ амал қанша. Ашу шақырып та, ақылмен де, айтып көрді. Оған жігіт көнсін бе? Өзін-өзі кінөлан, опынғаннан басқа шарасы қалған жоқ. Машинадан шыға салып жаяу қашнақшы болды, оған да батылды бармады. Сонымен, даланы тастай қараңғылық басты. Торға түскен торғай да мұнша шарасыз болар ма? Қыздың айқайлауға да шамасы келмеді, айқайлағанмен де ен далада көмекке келмек тұрсын “Әу” деген жан болған жоқ...

Сол күні Құрымбайдың үйіне келін болып түсті...

Бұдан былайғы өмірін еске алса Әлизаның жаны түршігеді. Өзі білетін аудан орталығы қазір тіпті құлазып

кеткендей. Той-домалак сияқты өзінше ырымы жасалып бітісімен бұл үйдің есігін ешкім ашууды қойды. Алғашында лажсыздық жасаған Әлизаның қоңғліне неше өлем ойлар келді. Тұндедетіп қашқысы да келді.

Бірақ табалдырығын атташ шыққан әкесі мен шешесінің жүзін қалай көрді?! Не істерін білмей жан азабын тартып қиналды. Сонымен не керек, Құрымбай оз дегенін істеді. Ішем десе – ішті, ұрам десе – ұрды. “Осы оқығаның да жетеді”, – деп институтқа да жібермей қойды. Оған оның әке-шешесі қосылды. Қызметке де тұргызбады. “Құрымбайдың мына екінші әйелі топ-тоуір адам екен. Өзі бәденді, өзі білімді дейді. Шофферді қалай менсінің тиді екен”, – деген алышқашпа сөзді де жи естиді. Кейбіреулері одейі естірте айтатын сияқты. Сондыктан көшеге шыққысы келсе де, сөзден қашып қорғалактайды. Үй ішінің тіршілік күйбенімен танды атырып, күнді батыратын болды.

Әлизаның енесі Бәкен қызық кісі екен. Былайша айтқанда “Коңлі түссе – кол, коңлі түснесе – шол”. Келін болып түскен күннің ертеңіне-ақ Әлизаны жанына шақырып алыш:

- Атың қалай еді? Ұмытып қалышын, – деді.  
- Әлиза.  
- Ә, “Әниза” ма? Жарайды, кім болсаң да – келін болып түстің. Отыр мына жерге. – Жер столдың жанын нұскады.

Шаңы шыққан жамау-жамау ескі алаша тоғелген жерге отырғысы келмесе де, келін болып түскен соң амал қанша, кор-сеткен жерге жайгасты. Басы мен-зен. Бойы делсал. Не істен, не қойын жүргенін өзі де білмейді. Дүниеде не болып жатқанынан бейқам адам сияқты. Ен порсеге зауқы жок.

Қою шайды армансыз сорантан, мейірі қанған кісінің жүзімен тершіген мандайын қоңыр ала қол орамалмен ақырын сұртіп қойып, таңгертеңнен жасаулы столдың бетін газетпен жаңқан енесі өңгіме басталы.

- Мениң Құрымбайым елдің баласы сияқты оның бірі смес, екеуден қалған жалқы. Қазір осы жалғыздың тілеүін тілеп отырған күйіміз осы, – деп бастан, енесі келініне көп өңгіме айтты.

Екі баласы болған екен. Үлкениң үйлендірін, отау шыгарғаннан кейін бір жылға толмай баласы аурдан қайтады болады. Мөлдіретен жас келіп жесір қалаады. Құрымбай болса олі жас, сондыктан не істеге керек. Екі жылдан соң он жетіге әрең толған Құрымбайды жентесіне үйлендіреді.

Мына созді естіген Элизаның бойын сұық ызгар қалтыратада жонелді. “Не дейді масқара-ай?!... Не пөлете тан болғанмын? Бұдан да олғенім артық еді той. Мұндай да сүмдүк болады екен-ау!”. Үйқылы-ояу адамша дел-сал болып, оз ойының жетегіне берілген қалины санаасына бір соң жетіп, бір соң жетпей жаткан енесінің даусын тындан отыра берді.

Енесінің созіне караганда бұрынғы келіндері шаруага оте ынғайлыш, озі ақылды адам болғанға үқсайды.

“Олай болса, ол келіндерін неге тастатқан” деген сұрау оралады Элизаның қоңіліне. Бұл сұраптың да шешуі молім болады.

- Оның қолынан іс келтепінен бізге пайда не, пүшинағы қанамайтын бедеу катын болып шықты. Үлкен ұлыммен жылға жуық тұрды. Қосылған соң бір жылдан кейін Құрашжанымды оскерге алып кетті. Екі жылдан соң қайтын келіп, тагы үш жыл бірге тұрды. Бас-аяғы бес жыл ереккін тұрған өйелдің бала котермегенін коргенім осы.

Бір күні осы көпешің басында тұратын Шорінбектің келіні босанып, соның тойынан келсем, есіктің алды бұрынғы қоқыған беті жатыр. Кетерде “сынырын қой” деген кеткем. Сынырмақ тұғіл сынырғынқа қолын тигізбекен. Ашуым мұндай келмес. Бір жагы тойдан шыккан қызу бар, бір жагы бала котермегенін ренжін жүргем. Екеудің қосылышы, кеудемді қыжылдатсын-ай келіп. Қойны, ойтеуір, сози үзартып қайтемін. Сол күн қуын шықтық қой.

Элизаның бойын оз-озінен қорқыныш баурай бастаңды. Жасынан зұлымдыққа жаңы қас, кісігे деген аяунышық сезімі мол Әлиза үшін бұдан асқан қатығездік жок сияқты корінді.

Коз алдына ірк-ірк етіп май басқан семіз деңесін зорға қозғап, үйректей майшандап, келінін қуын жүрген енесі елестеді.

Қалада телевизордан коретін балаларға ариалған мультфильм кейінкерлері сияқтанып кетті. Бір корініс көз алдына келіп, құліп жіберді. Енесінің алдында отырганын есінен шыгарып алышты.

Сол-ақ екен бастауы дерсін.

- Не болды-еї, бар болыр жырк-жырк етіп! Токтат! Әйтпесе бетіңе мынаны бір-ак шашам. — Алдындағы жұынды қюолы кесесін корсетті. Қояр детен кане. Үсті-үстіне үдетіп, шапылдацы-ай келіп. Өлиза естіп кормеген сөздерлі естілі. Кейбір соzdін мағанаасын да түсінген жок.

Қызына оқпелен келмей қойған құдаларына - Әлизанның оке-шешесіне де тіл тиғізді. Аны тілдің уытына шыдамай, жылаган беті госегіне жата кетіп еді, болмай сүреп тұргызды. Содан үй-шашың көз үйқыға кіргенде ғана жағы семді той өйтекеүір.

Байқап отырса қазіргі тірініліг Сәлима құрбысының омірінен ешқашаңай айырмасы жоқ екен. Сонда оны кіналан елі-ау.

...Әлиза Сәлиманның үйіне түске таяп келген. Келес үйдің іші әлі жиналманты. Ауыз үйдегі доңгелек стол басында құрбысының жалғыз озі шай ішін отыр.

- Жоғарылат, Әлиза.

- Жоғарыда бол.

- Болі мен әлі ерте той деп отырсам. Түс болып қалған ба, маскара. Кой тамақ істейін.

Екеулен жүріп үй ішін жыстырыды. Болған сон қуырлакқа турайтын ет оқелді. Мүшелен бұзылған қой етінің ор жер-ор жерінен Сәлима жұқалап сылыш ет түсірді. Неге олай істеп отырганын түсінбеген Әлиза:

- Бір болегін кесіп алып турайық та, - детен.

Сәлима басын шайқалды. Құрбысының оңдағы мұң пайдада болды. Сонда ғана түсінген Әлизанның енді ызасы келді.

- Дүниеде иеше түрлі адамдар бола берелі екен той. Қүйеу табылмайтында сондай адамга тұрмысқа нете шықтың?

- Е, Әлиза-ай! Тәгірдің жазуы той. Окем марқұм "Жазмынтан озмын жок" деп отыруны еді. Сол рәс екен. "Басқа түскен - баспакшыл". Конбенде не істейсін? Осы Қалиға тұрмысқа шығам детен үш үйктасам ойымда жоқ еді.

- Мен сиқашан сүймеген адамға тұрмысқа шықпас едім...

- Олай деме, Әлиза. Алдында не боларын қайдан білесің.

- Білемін, білемін, - деп жымың-жымың стті. Ойна Мәулен оралды. Солима да күлді.

- Жігітін бар екен той. Әйтеүір ауыл жігіттерінен аулак жүрсөн болғаны.

- Неге? Ауыл жігіттері кімнен кем?

- Ауыл жігіттері жақсы болса – сен Сайлауды неіс үнатпайсың... Үндемейсің, ө? Сайлаудың сенің соңынан қал- май жүргенін бүкіл ауыл біледі. Есінде ме, онынны класса оқып жүргендегі тақтаға “Әлиза қосу Сайлау болады Махаббат” деп жазын қойғанымызда мұғалімдер көрін қойып, класс жиналыс- ынла талқылағаны.

- Е, ол есімде. Текten текке жиналысқа тұсу онай дейсің бе! Мені мұғалімдер бөлмесіне шақырып алғып, класс жетекші- міз “Екеулерінің достықтарың шынайы ма, жөқ олде жай жүріс пе?” - деп сұрады той. Ұят-ай! Бетімнен отым шықты той деймін. Сайлау екеуміздің арамы зда ешқандай махаббат жайлы өнігіме болып көрген жөқ. Үйіміз ауылдың бір шетінде болған соң сабаққа біре барып, бірге қайтамыз. Соны кейіресулер өттінше жорыған болуы кепрек. Кейіннен білдім – Сайлаудың озі де біраз балалардың алдында мақтанған сияқты. Содан мен оны үнатпаймын. Мақтаншақ жігіттерді жаңым жек көреді. Мектеп бітірген соң да соңынан қалмай, кинодан қайтканымда үтіге шыгарып салып жүрді. Кейіннен институтқа да бірекі рет хат жазды. Оларды оқығам да жок. Сыртынан фамилиясын көріп, жыртып тастадым...

Кипкене үнсіздіктен соң Әлиза құрбысына қарап:

- Солима шыныңды айттың, сонда тақтага кім жазды?-деді. Солима күлді.

- Білмеймін, – білсес де шыныңдың айтқысы келмеген сияқты. – Үзілістен келесек, тақтада жазулы тұр – біз сендер корсін деп әдейі ошірмедік. Сайлаудың мақтаншақтығын бір байқайық дедік.

- Әй қыздар-ай. “Ойыннан от шығады” деген сөз емес не, мені бүкіл ауылға құлкіге қалдырындыдар.

- Балалық қой. Қайдан білейік.

Екеуі оны-мұнныны әңгімелеп, мектеп өмірін еске алысып біраз отырган соң Солима.

- Қазір жілтің бар шыгар? – деп сұрады.

- Бар ғой, - деді Әлиза тағыда Мәуленді есіне алып.

- Е, босе, ауыл жілттерін менсінбей жүргенің сол екен ғой. Қаланың қарасирактарының бірі шыгар.

- Жоқ, Сәлима. Ол да өзім сияқты ауылдан шыққан адам. Әлиза күрсінді.

- Өзің тілті, сағынып қалған сияқтысың ғой. Ұната-сың-ау, сірә? Әдемі, ақылды жігіт пе?

Ол басын изеді. Қөнілінде бір сағыныш сезімі пайда болды.

Әңгімемен отырып қуырдақ жеп, шай ішіп болғанда күн де еңкейе бастаған. Сәлима дастарханның шетін қайырп, стол үстіндегі ыдыс-аяқтың бетін жаба салды.

- Неге жинамадың?

- Қазір Қали келеді жұмыстан. Қайтадан жасап жатамын ба, тағы шай қоямын ғой.

- Соған несін ерінесің? Тұқ емес нәрсеге.

- Тұқ емес екені рас. Бірақ жұмыссыз қарап өтырган адамды жалқаулық тарта береді екен.

- Ол әркімнің өзіне байланысты ғой. Сен обден еріншек болыш алыпсың.

Әлиза үй ішіне жағалай көз салды. Төсек-орын қалай болса, солай ретсіз жиналған. Үйдіс-аяқ орны да онша келісіп тұрған жок. Осыларға алғаш келгенде-ак көзі түсken, онда мөн бермеген еді. Енді байқаса осынша салақтық жас адамға келіснейді скен. Мектепте оқып жүргендег Сәлима төп-төүір жинақы, ұқыпты оқушылардың бірі болушы еді.

- Өз басында болмаған соң түсінбейсің ғой... – Біраз мұңай- ып отырды. – Еркектің қөнілінсә жағудан қын нәрсе жок. Оның ойындағысын табам деп қанша жалпақтағаныңмен енбегің боска зая кетеді. Істесен – істедің деп. істемесен – істемедің деп әлек салады. Жұмыстан келгенде, үйдің іші жинаулы тұрса: “Жайпатып жинап қойып кімді құтіп отырысың? Күткен біреуің бар шыгар?” – деп шүйлігеді. Егер шашылып жатса тағы да менің сорым: “Үй

жинамагаңда күні бойы не бітірдін?" - деги тиседі. Ішін алса тіпті мазасыз. Ұзындан құлагыңың етін жейді. Кейінгі жылдары аса кон ішетін болып жүр. Кеіде жоқты сұлтау етіп, қол жұмсайтынды да шыгарды. Е, біздікі әйтеүір итқорлықпен отіп жатқан өмір той... – Көзіне молдіреп жас іркілди.

Біраз отырыш, құрбысын жұбатқаннан кейін Әлиза даалаға шықты. Сөлима кешкі ас қамына кірісті.

\* \* \*

... Содан бері Солиманың мүшкіл халін ұмытқан емес. Ондай үйде омалып отырганша оз бақыты үшін құресней ме деги ойлаган. Бірақ ана екі баласын кимайды той. Үлкендерін Қалидың оке-шешесі бауырына салынты, кінілері оз қолында. Соларды тірідей жетім етінейін дейтін шығар.

Терезеден сорғалаган ақ жауынның тамшыларына қарап отырып ойта кеткен Әлиза кенет Құрымбайдың оқыс шыққан даусынан селк ете түсті.

- Саган не болған-сій, терезеге қарап?! – Есікті айқара ашып тұрды да, кейін бұрылыш: - Кіріңдер, - деді.

Май-май киімдерінің сұы тамшылаш екі кісі кірді. Бұрын корген адамдары сияқты болғанымен жыга танымады.

- Қатын, стол жасап жіберші. Кішкене оңешімізді жібітіп алайық. – Қалтасынан бір жарты арак шығарып, столға қойды. Оныз да оздері ішін алған сияқты.

Аяғы ауырллаганинан бері бір мезгіл дем алыш, кітап оқып жүрген Әлиза керенау көтеріліп барып, қолындағы кітабын тосектиң үстіне тастай салды.

- Полі, қолындағы кітапты қара. Біздің қатын қарны шермітеп сайын оқымысты болып барады. Мұны біраз жонге салу керек екен. Ей, бол маймандалай, жылдамырақ қимылда. Жаса столды тез! Ал, ана кітап ұстаганынды екінші маган көрсетпе. Кітапты оқып-оқып, оқымысты бала тапсаң мениң маңдайыма сыймай кетіп жүрер.

Әлиза стол жасап, үстіне кияр қойды.

- Басқа ештеңец жоқ на?

- Жоқ. Не кеп емес, не түс емес, осы уақытта тамак бола ма?

- Ей, сойлемей наң әкел!

- Үйде наң жоқ.

- Неге ?!

Құрымбайдың козі шатынан кетті.

- Өлгінде, жауыннан бұрын мамам дүкенге кетіп еді, әлі оралған жоқ. Нанды сол кісі әкеледі.

- Імм... Кітап оқып, оқымысты болғанина наң әкелпі қоятын адамсың той!... — Оринынан атып тұрып, Әлизага үмтүлді. — Мен сени осы үйді күзетіп отыреын дең алыш па едім? Кет қазір үйден!

Құрымбайдың жуан жұдырығы Әлизаның құлақшесе тұсына сарт етеп түсті: Еріп келген екеудің жастауы үстап үлгергендегі болған жоқ тарғы бір рет құлаштап сілтеп қалды. Әлиза есесіреп құлан түсті. Сол күні оны аудандық аурухананың бйелдер босанатын боліміне жеткізді.

Қызының мүндай халі шақырса да келмей, енді қайтіп кормейтіндей болған оке-шешесінің құлагына тилі. Сол-ақ екен екеуі де құстай үшіп жетті.

Бір жыл корінеген ата-ана қызымен осылай қауышты. Шекесі торсықтай кінкене кара үлды алдарына алыш, жиенде болып оралды. Қуанышқа боленген кемпір-шал бобегіне той жасап, “Дәулет” дең ат қойды.

Содан Әлиза Құрымбайдың үйінің жүзін корген де жоқ. Ізден келген ешкім болған да жоқ.

Күзге карай Дәулетті үйде қалдырып, Әлиза қалага жол тартты. Институтқа барып, сырттай болімге ауысып кайтты. Аз да болса Моулен бейнесі конілінде колецке тарта бастап еді. Моудемен алғаш танысқан сөті есіне түсті.

...Жердің сілікесін шыгарған сілінгір күзеді. Үздікіз үш күн жауган жауыннан миы шығып жатыр. Аяқ алыш жұру қызын. Педагогикалық институттын жатақанаасы автобус аялдамасынан бірталай жер. Жаңада салынғандықтан маңайына әлі асфальт төсмелеген. Екі иығын зіл-батпан ауыр жүк басқан Әлиза аяғын зорға көтеріп келеді. Өзінің осы күйіне кімді кіналарын білмейді. Екі торды сықия толтырган қамқор анасына ма, екінші жылға кетсе

де кешеу кимылдан, жолда жондемеген күралыс- шылдарга ма, ойтесуір ренжулі.

- Каң, - дед ойлады, - көніе Сайлаудын манинасымен келсем той, мұндай буреге түспейтін едім.

Кеше ол қалага кетіп бара жатын, манинасын колденең тартқан. Элиза бармай қалды. Бүгін оның есесіне автобуста қыспакқа түсті. Енді, міне...

- Сізге комек қажет емес не?

Озайымен келе жатқан Олиза селк ете түсті. Олеміне келген қара торы жігіт жымия қаралы. Жаңбырдың суы самайынан томен сорғалған түр. Қоркын қалғанын білдіргісі келметеген қыз жілтің бетіне тіке қаралы.

- Жүгіңді ауыр екен. Келіңіз мен комектесейін.

Әзілден тұрма дег ойлаган. Шын екен. Элиза қолындағы жүктің бірін үнесіз ұсынды. Жігіт екі торды бірдей алды.

Ауыр жүктен арылған соң, салдыран котертий қалған білегінің қарын жазып, саусактарын укалады.

- Осынша жүкті қалай котеріп келе жатыреыз? Мамаңыз аямай-ак толтырған екен, - дег жігіт қызды сөзге тартты.

Олиза үшіндең жок.

- Мына жауын бір басылмай койды той. Адамның еннесін котертийді. Сіркірен тұрғанына бірнеше күн.

Әлизадан тағы да жауап болмады. Жілтің коніліне құлдік кірді. Бірақ мылқауда адам болса студенттер жатақнасында несі бар. Бет алысы осы жақ кой. Олиза болса жігіттің не ойлаганынан бейхабар, еннорсеге зауқы сокпай, жүре берді. Жатақхана алдайна келгенде гана жүктөріп ала бере:

- Рахмет, - деді.

Жігіт антарылып тұрып қалды. Қол жүгінің бір шетінен айырылар емес. Қыздың ажарлы жүзінен козін алмайды. Әлизанның ызысы келді. Қуні бойы корген кишини шылдықта, таң бір осы жігіт кінолідей-ак, бар ошін осыдан қайтармак сияқты.

- Босатыңыз! - Даусы қаттырақ шығын кетті.

- Кешіріңіз, кешіріңіз...

Әлиза жігіттің кінәлі шәкірттей пүшайман түріне қарап құліп жібере жаздады. Оның неліктен мұндай күйге

түскенін сезген жок. Есіктен кіре бере артына слеусіз коз тастаған. Жігіт сол орнында бұған қараш өлі түр екен.

Болмеге кірісімен терезеден барыш қарады. Козіне оқшау ешкім түскен жок. Содан соң барыш сырт киімін шешіп бастанды. Неге олай етті оны өзі де түсінген жок. Коз алдына өлгі жігіттің соңынан қараш тұрган соті елестеді. Сол тұрган беті ойына бірнешіс рет оралды.

Содан комсомолдар күні қарсанында қалалық молдистер сарайында откен жастар кешіндес олар тагы ұшырас-ты.

Жігіт оуелде оны танымай қалды. Өйткені Әлизаның бұл түрі мұлдем бөлек еді. Жауынды күнгі үстінен су өткен, басына байлаган орамалы сусып мойнына түскен қызы сияқты емес, қызыл-ала ғұлді койлек, бүйралатып түйгендін қалың қара шаш тал бойына жарасып түр. Жарқ өткен отты жанарлардың үшқыны ғана озгермеген.

Екі-үш жігіт елден болектеу ор иені өнгіме стіп тұрган. Бірі жандарына таяу келген екі қызды байқап, бұлар жаққа жиі қарай берген. Ұңғайлы бір сотте қыздар жаққа Моулсен тагы көз салып еді, қарсы тұрган қыздың бірі жанарын тайдырып өкетті. Сол қарақаттай молдіреген қара көздері жүрек түбіне бір отты үшқын шашып еді. Бірақ бұл таныс жанарларды қай жерде көргенін есіне түсіре алмай, ойланып қалды.

Шалқыған мұзыканың бой балқытқан осем оуені ой-наған кездे жігіттер қыздарды биге шақырган. Олар қарсы болған жок.

Билеп жүріп:

- Мен сізді бұрын бір жерден көрген сияқтымын, - деді Моулсен.

Әлиза күлді.

- Сіз тез ұмытып қалады екенсіз.

Жігіт мұңдай жауап күтпеген.

Сөз бастамаққа айтыла салған сылтау деп үгар деген күдікте еді.

- Ойыма түспей тұрғаны....

- Осыдан бір ай бұрын шамасында сіз менің жүгімді көтерісіп, жатақханаға дейін шығарып салғансыз... Енді есіңізге түскен шығар?

**Жігіттің ойына жауынды қүнгі оқига сондағана оралды.**

- Иә, ио ... Есіме жана түсті...

**Моулен мен Элиза осылай танысқан еді.**

...Элиза өлдірілеп тұрып Моуленмен бірге болған жерлердің бөрін аралап шықты. Орындықтарға отырып, сол соттерді қөз алдына келтірді. Борі де күні кешегідей көңілінде сайрап тұр. Қаланы қанша аралаганымен бұрынғы таныс, жолдастарынан ешкім кезікпеді. Мәулен курстарымен бірге совхозга жұмысқа кеткен екен.

Қайтарда Элиза аудандық оқу бөліміне согып, жұмыс сұрады.

- Ертерек келуіңіз керек еді, - деді мән-жайдың борін сұрап білген сон, оқу бөлімінің менгерушісі, орта жастаң асқан, жылы жұзді адам екен. Қазақ тілі мен одебистінен осындағы онжылдықта орын болған, соган жіберетін едік. Екі-үш күн болды оқу бітіріп келген бір жас жігітті орналастырудық.

... – Айтнақшы, мынау жуырда ашылған Алтынбел руднигінде бастауыш кластиң бір мұғалімі жетіспейді. Мүмкін сонда баарсыз. Рудник жаман жер емес, - деп кеңес берді.

**Элиза екі созге келмей келісс кетті.**

Алтынбел – таяуда ашылған рудник. Аймақтық жағынан осы ауданға қараганымен тікелей жол қатынасы жоқ. Теміржол бойына таяу болғандықтан оған баратын адам оуелі қалага барып, содан поезга отырады.

\* \* \*

Посылен түскен соң Элиза колындағы жүктөрін жерге койып, жан-жағына қарады. Разъезд басында бес-алты үй бар екен, басқа ештеңе көрінбейді. Алыста үйлері ағарандап көрініп тұрган рудник екенін жазбай таныды. “Ең кемі үш-төрт шақырым, ойтпессе одан да көп” деп жобалады іштей. Айнала жазық, тек рудниктің жанында екі биік шоқы бар екен. Бауырндағы екі мұржадан қою тұтін бұрқырап шығып, көкке өрлеуде.

Шеткөрі тұрган жүк машинасын Элиза келген бетте байқаған. Жүктөрін алғып солай қарай бет алды. Үш-төрт

кыз бен жігіт және бір топ бала үстіне мініп те алыпты.  
Кабинада бір карт кісі отыр.

Машинаға таяй беріпpled жүргізуші жігіт:

- Қарындас, қайда баруши едіңіз? – деп гүр ете тұсті.
- Алтынбел руднігіне.
- Әй, шал, үстіне шық! - деп шалға бүйрық берді де, Әлизаны кабинаға шақырды.

- Карагым-ау, сілі кабинаңды да аядың ба? – деп қария қынжыла сойледі.

- Бір айтқанды орындау керек. Қайталан айтқанды жаным сүймейді. Өйтиссе – жаяу кетесің.

- Бұл пәле бір қырсықса көнбейді, - деп мұртты кісі кабинадан тұсті.

- Отыра беріңіз, мен үстіне шығайын.

Машинаның үстіне шығуға бет алған Әлизаны шафер жігіт болмай кабинаға отырғызды. Өзі бұған тамсанға қаран қояды.

- Қай жерде түсесіз, қарындас?

- Мектеп қай жерде екенін білмейсіз бе?

- Білгенде қандай. Керсі мектеп болеа – тұра жанына тық еткізем. Мына жүгінізді де мектепке апарасыз ба?

- Иә, басқа қайда апарам?

- Түсінікті, жаңадан келе жатқан мұғалім болдыңыз фой.

Мектептің жанына әкеп салған соң:

- Қазір біраздан соң қайтын келем, - деп әлті жігіт ыржыншып құліп кете барды. Бұрқ-бұрқ еткізиң шаң көгерген машина лезде бұрыш айналын жоқ болды. Одан түсken бір топ оқушы балалармен бірге Әлиза да мектепке кірді.

Мектеп директоры жас мұғалімді қуана қарсы алды.

- Бізде тек үй мәсслесі киындау, - деді ол көйлірігін түзетіп киіп. Жұмсақ дауысты, асықпай сөйлейтін сары кісі екен. – Екінші класты сізге береміз. Қазір сларды бірінші кластың мұғалімі түстен кейін оқытып жүр. Бүгін орналасып алыңыз. Ертеңен бастап сабак қаіріпесіз.

Директор жаңа келген мұғалімді қайда орналастыра-рын білмей коп ойланызы. Кіріп-шықкан мұғалімдерден де сұрашы. Бірақ ешкім мардымды ештеңе айта алмады.

Бір кезде өлті машина жүргізуші қара жігіт кіріп келді. Әлизаның бойы тітіркенгендей болды. “Құрымбайдан зорға құтылғанымда мына нөле тап болмаса иегі еді” деп ойлаған. Баса киіп алған қалпағын шешер емес. Мектепке келгені ойнаған да кіріп те шықпайды. Әңгіменің не туралы екенин білген соң екі саусағының арасына қыстырган темекісін бір-екі сорып, ол да созге араласты.

- Біздің апай үйнен кіргіз. Былтырғы кетіп қалған мұғалім тұрган үйді айтам...

Оның созін директор да қоштады.

- Айтпақшы сол үй бар екен той. Мүмкін келісер. Қазір біреуді жіберіп білдірейік. Әйтпесе, жүгінізді осында қалдыра турын, озінізге бір бала қосып берейін, барып келіңіз.

- Мен машинамен апарып салайын. Жүгінізді де біржола ала жүріңіз. Мен барсам келіспегендеге қайда бараңы. Тілін озім табам...

- Дұрыс, Толеу. Озің апарып орналастыр. Соңаң тезірек кел. Бір кетсең – мол кететін одетті кой. Бұған түстен кейін оқитын балаларды кешіктіріп оқелдің. Екінші қаладан келетін поезды тосып оуре болма. Поезд кеш келеді де, балалар сабактан қалып қояды.

- Жарайды, енді кешіктірмеймін, – деп келісті Толеу. Әлиза оның мектептің машинасын жүргізетінін түсінді.

Пәтерге орналасқан соң мектепке қайтын келгеніс үйліс кезі болатын. Озі сабак беретін класқа кірді. Нұр жұздері балбұл жаңған бұлдыршылар екі көзі жаудыран қарай береді. Бұл класқа таңертең оқитын бірінші кластың мұғалімі Соүле уақытша сабак беріп жүр екен. Ол откен жылды ғана педучилище бітіріп келінген. Бының екінші жылды ғана істейді.

- Келгениңіз қанладай жақсы болды. Екі сменада істейу оте қыны. Бірінші кластың балаларымен кон жұмыс істейу керек. Оған дайындалуға уақыт жок. Кейде корнекі құрал өзірлеп тे үлгермеймін. Оның үстіне осы кластың балаларының сабак үлгерімі де нашар.

- Неге нашар? – деп сұрады Әлиза.

Сәуле бірлен ештең дей койған жок.

- Оның ертең сабак бергенде байқарсызы. Бұл кластың оқушылары откен оқу жылында толық үлгерімге жеткен екен. Шын монінде жонді сабак откен жок...

Осы кезде қоңырау соғылды да, оқушылар орындарына отырды. Сөүле сабагын бастап кетті.

Мұғалімдер болмесіне келгенде оқытушылар кластарға жаңа тараң жатты. Төр алдындағы стол басында отырган жылтыр қара жігіт жаңындағы жас мұғалімге олденені шүқшия түсіндіріп жатыр. Сол жақ қабыргага таяу қойылған үлкен сары диванда мектеп директоры оларға шірене қарап отыр.

- Ә, келдіңіз бе? – деді Әлизаны корген мектеп директоры. Содан соң ана қара жігітке: Қасқан, мына кісі бізге жаңа келген мұғалім. Ертеңнен бастап сабаққа кірессін. Бүгін жұмыс жоспарын келісіп алыңыздар, – деп таныстыруды. – Қалай жақсы орналастыңыз ба?

- Жаман емес.

Әлиза ойлағандай, Қасқан мектеп директорының окуісі жөніндегі орынбасары болып шыкты. Бір орында байыз таппай козгалақтап отырысы үшін-қонба қызба жігіт екенін байқатады. Өзі нық сөйлем, байыпты болуга тырысады екен. Сонызына қараганда өзінің үшқалактығын сөзетін сияқты.

Ертеңіне алғашқы сабагын өткізген соң-ақ Әлизаның котеріңкі қонілі пөс болды. Өйткені, кластарғы жиырмағдан астам баланың жартысына жуығы екі сөздің басын қосып оқи алмайды. Журналдың беті толған “скілік”. Кеше Соуленің: “Сабак үлгерімдері нашар”, - дегені осы екен гой.

Дегенмен балалармен жұмыс істеу коцилді болды. Мектепкө өртсөн келіп кеш қайтады. Нашар оқитындардың атааналарын шақыртып сойлесті. Кейбіреулерінің үйіне өзі барды.

- Е, қарагым-ай, - дейді олардың оке-шешелері, - ойтеур ойтпін-бүйтпін оқиды гой. Сойтін оқыта берсекші. Сол бала отлишнік болмай-ақ қойсын. Ертеңгі құні өз бетінше наан тауып жесе болады емес не? ...

Ал, енді біреулері өзіне соктығады:

- Баланың үлгерімініе бізді неғе кінолі санайсындар?! Бердік не мектепкө – оқытындар. Соя үшін ақша алыш жүрсіндер...

- Былтыргы мұғалімінен сен білгіштің дейсін бе? Бірде бір рет үйімізге келмей-ақ, бір де бір рет мектепкө шақыр-

май-ақ оқытып еді ғой. “Балаң нашар оқылды” дегенді естіген емесніз...

Кең ауланың біріне келіп кірді. Байқап қарал, ит жок-тығына көзі жеткен соң үйдің есігін ашқан. Дәлізде екі бала өз бетінше әлденелермен ойнап отыр. Бірі - өзінің класындағы Самат. Сасқалактаң қалған бала не істерін білмей:

- Сәлематсыз ба, - деді де теріс айналды.

- Сәлематтысың, Самат. Хал қалай? Мына ойнап отырганың не норсе?

Бала үндеген жок.

- Үйде кім бар?

- Тәтем бар, - деді Самат ақырын, тәмен қараған беті бері бұрылып.

- Тәтең кім?

- Мамасын “тотे” дейді, - деп жанындағы шамалы ересектеу бала үн қатты.

- Жұр, тәгене барайык.

Үйге кірген Элиза еденді жуып, таза үстамаған үйде болатын бір түрлі жағымсыз күлімсіген иіс сезді. Ойлағанда-ақ үй іші онша жондеу болмаса да, өз сонімен жиналмагандықтан, көрер көзге кораштанып тұр. Саматтың шешесі жас адам екен. “Менен екі-үш жас қана үлкендеу болар” деп шамалады іштей Элиза, ауыз үйдегі пештің жанындағы диваңда жатқан келіншекті коріп.

Саматтың шешесі амандақ сұрасудың орнына басын көтеріп отырды да, мұны басынан аяғына дейін шола қарап шықты.

- Мен Саматтың мұғалімі едім...

- Немене, ол бірдене бұлдіріп қойды ма?!

- Жок, ештеңе де бұлдірген жок. Жай менің өзім...

Жаңадан келген соң оқушылардың ата-анасымен танысадын деп...

- Е, сіз “жана келген мұғалім едім” деңіз, - деді үстіне жамылған кір-кір халатын кийіп жатып. Босе, келген күні біздің жігітіміз тұнімен аузынан тастамай шығып еді. – Дауысында кекесін бар. – Баламыз оқымайтын болса - оқсесінеге айтпаңдыңыз. Мектепте күнде коріп жүрген жоксыз ба? Әлде, Толеудің келіншегі қандай екен, көрейіп

деп келген боларсыз. Міне, коргіңіз келген болса – корін алышың...

Алғашқыла Әлиза түк түсінбей аң-тан болған. Біртегі бірте түсіне бастады. Бұл – мектептің машинасын жүргізетін Толеудің үйі екен гой. Сонда гана озінің бала торбиесіндегі тәжірбесіндең байқады. Әуелі баланың ата-анасының кім болып істейтінін біліп алғып барып сөйлесу керек кой. “Жарайды, оқасы жок”. Әлиза мон-жайды айтып, баласының окуы нашар екенін түсіндірмек болды. Бірақ жас ана әңгімені басқа жаққа бұрып оқетті.

- Жыл сайын осында бір шоң желке жаман қыздар келеді де, озімізге ақыл үйретеді. Солардың не оқып келгенін де білмейміз. Әйтеуір келгенде күмпүш келеді де, біраздан соң жүні жығылып, қаласына қайта қашады. Бір жылдан соң сен де кетерсің, әлі корерміз...

- Қойыңыз женгей. Менің кетер-кеттесімнің бұл арада ешқандай қатысы жок. Әңгіме сіздің баланыздың окуы жайында.

- Онда, оны өкесіне неге айтпадын?

- Білмедім гой...

- Ә, солай де! Толеудің кабинасына мініп, қыдырганды білсің, ал оның баласының бар екенін білмейсің, о! Сірә басы бос, бойдақ жігіт деп ойладап қалған шығарсың?! Босе, босе... Келген күні-ак ана қаусаған шалды машинаның үстіне шыгарып, кабинасына сені отырғызынты гой. Ел сені одан соң да бір-екі рет Толеудің кабинасында отырғанынды корікті...

Қояр деген қане. Сөзді тіпті кобейтіп барады. Озі оқытатын окушының ата-анасынан мұңдай ауыр сөздер естімін, окушының көзінше мұнша жер боламын деп ойламаган.

- Самат, сен кішкене шыға тұршы, - деп ол шыққан соң есікті тартып жанты да: - Мен бұл үйге сізбен үрсысын, бет жыртысу үшін келгемін жок. Окушының жайын білу үшін, келешекте оку үлгерімін жақсартуга септік жасау үшін келдім. Керек болса әлі сан келемін, болмаса мектепке озініз келесіз. Біздің максатымыз – балаға білім беру, жақсы азамат етіп тәрбиелеу. Саматтың панасының бігін мектепте істейтінін білгемін жок. Білсем ол кісімен де сөйлесетін едім.

- Ио, сөйлеспей жүрген шығарсын...
- Әлиза ашуын тежең, байыпты сөйлеуге тырысты.
- Сіз намысыңызды көрғауды білмейді екенсіз. Намысқой әйел өз еркегін көрінген адамға тели бермессе керек,
- деп бастаған ол бір адамның санасына жетерліктей әжептің өзінде сөз айтты. Бірақ анау ештеңе түсінестін жан емес сөзін.

- Директорыңа барам, завушыңа барам, - деп шапттыға сөйлес қала берді.

Үйден шыққан соң Әлиза: “Завуштың әйелінен білгіш емес шығарсың. Былтыр ол бірде-бір рет үйімізге келіп мазалаган жок еді. Балаң оқымайды дегенді де естіген емессіз. Өзің шығарсың қалай оқытуды білмейтін. Не оқыдым дейсің. Ертегілі-кеш жігіттермен қызырың жүрген шығарсың. Келмей жатып басымызға пәле болмаса иғі едің”, - деген Төлеудің келіншегінің сезін есіне аллы.

Құздің қара сұныңы жаңа басталған. Кейлекшең шыққандықтан ба денесі бірден қалғырап кетті. Сол беті мектепке келген оған Сөүле қарсы жолықты. Әлизаның желмен қобыраған шашына, өң-түссіз жүзіне қаран тұрып қалған. Оның ішкі дүниесінің неліктен бұлай өлем-жәлем болғанын сезген жок.

- Сөүле, былтыр екінші класқа кім сабак берді?
  - Қасқанның жөлдасы Майра сабак беріен...
  - Ол қазір қайда?
  - Жазда кішкентайлы болған, бөпесімен үйінде отыр.
- Оны неге сұрадың?
- Жай, әншейін.

Бұдан өрі ештеңе деген жок, директордың кабинетінен қарай өтіп кетті. Артына қаран біраң тұрган Сөүле түк түсінбеген беті мектептесі шықты.

Директор жок болған соң, Әлиза мұғалімдер бөлмесіне келді. Мұнда да ешкім жок екен.

Қасқанды күтіп отырған Әлиза көптеген ойлардың басын шалды. Ойлан отырса директордың орынбасарының мінезін адам түсініп болмайды. Алғашқы күні-ақ өсі екінші класты өлгенше мақтаған. Өткен жылды ол класта бірде-бір үлгермеуші болмағанын лепірте айтқан.

- Бастауыш класқа сабак беру онай емес. Сіз бастауыштың методикасын білмейсіз. Егер аудандық оку бөлімінің бүйрығы болмаганда мен сізге ол класты бермейтін едім. Кейін сабак жүргізе алмай, ұлтмермеушілерді көбейтіл алып, бізді үятқа қалдырып жүрменіз, - деген болатын.

Оның әрбір сөзі зілді естілді. Осы мектепті бір озі ұстап түрғандай сынай танытқан. Қашан көрсөн шаршап-шалдығын, мұгалімдерге ренжіп жүргені. Ашуланғанда шегір көзі шарасынан шығын, алайын кетеді екен. Екі үртყында шүцкүр пайда болып, бетінің түгі сыртына тебеді. Жайдалы қалпы да қызық. Болмашы норсеге карқ-карқ құліп, рахаттанып қалады.

Мұгалімдер болмесіне кірген Қасқаниң қабагы түсінкі, түсі суық көрінді. Әлденеге ашуулы сияқты. Оли-зага козінің астымен бір қаралы да, сырт киімін үнсіз шешті. Мұның сәлемдескеніне де жауап қаткан жок.

Сөзді Әлиза бастады.

- Қасқан Темірбекович, менің класындағы оқушылардың үлгерімі өте нашар.

- Оны маган несінде айтып отырсыз?

- Енді кімге айтпақыны? Директорга айтайын деп едім, ол кісі жок екен.

- Немене, сіздің класыңызға мектеп директоры мен оның орынбасары сабак оқытуы керек болды ма? Келгенінізге бір айдан астам уақыт болды, содан бері не істен жүрсіз? Жоспардың озін зорга жасап бітірдіңіз. Енді келіп бізді кінолағыңыз келеді.

- Дұрыс айтасыз, сіздерді кінолағым келіп отыр. Ойткені, менің бұл класқа сабак бергенімे олі бір ай болған жок. Соуле де бір айға жуық уақыт қана сабак берген. Осы уақыт ішінде не жұмыс тыныцыруға болады? Оқушылар болса бірнин кластың материалын менгермесін. Кейбір оқушылар екіге екіні қоса білмейді, бір создің басын біріктіріп оқы алмайды. Ал, сіз маган бұл кластың оқушылары өткен жылы жұз процент үлгерді деп мақтандыңыз...

- Иә, мақтандым. Сіз де солай жұз проценттік үлгерімге жетініз. Қазір сіздің педагогикалық тәжірибелі жок, сондықтан да көп дайындалуыңыз қажет.

- Дайындық көп қажет екенине дау жоқ қой. Бірақ бұл кемшіліктің барлығы өткен жылы сабак берген мұғалімнің кіносінен емес пе?

Сол-ақ екен Қасқан онан сайын ашуға булыға түсті. Оның неге мұндай қүйге түскенін өткен жылы зайыбы сабак берген класта үлгермеуші көп дең жамандагандықтан дең іштей түйіп отыр.

- Э, солай деңі... Сіз озініздің педагогикалық істен хабарсыздығынызды тағы да көрсеттің алдыңыз. Оқушылардың келесі класқа жеке мұғалімнің емес, педагогикалық советтің шешімімен көшірілеттінін білмейсіз ғой. “Жұмыртқа тауыққа ақыл үйретпес болар”. Әлі директор екеуміз сабагынызға сан рет кіреміз. Білгіш болсаныз сонда көрерміз...

- Кіріңіз, кіріңіз... Мен кірмсіз дең отыргам жоқ. - Әлиза құлшын жіберді. – Былтырғы мұғалімнің сабағына да жиі кіруші ме едініз? – Даусы кекесінді шықты. Бұлай дең айтамын дең ойлаган жоқ еді, аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды.

Жас мұғалімнің нені мензегенін түсінген Қасқан ашуға булығын, коридорға шығып кеткен. Оның неге шыкканын Әлиза сезген жоқ. Ол қарсы кластан бір оқушыны үйінен директорды шақырып келуге жіберген еді.

Озінің ойына келген пікірін директор мен оның орынбасарына айтып, ақылласуға келген Әлиза істің аяғы бұлай насырға шабады дең ойламаган. Қасқанмен созі жараспаған соң, директормен түстен кейін сөйлессермін дең орнынан түрған еді.

- Кішкене отыра тұрыңыз. Қазір директор келеді, - деді Қасқан ашулы, кабинетіне кіріп келе жатып.

Екі танауы дедиши, үшкір мұрнының ұшы тершіген. Қайратты қара шашын сілкіп-сілкіп қайырып қояды. Стол үстін машиқты әдетімен жинастырып, отырды да қайтадан сөз бастады:

- Сіз өлі еш жерде қызмет істеп көрмеген адамсыз. Сондықтан да сіз басшылармен тіл тауып сөйлесуді де білмейді екенсіз. Ал, педагогикалық істен, оның ішінде бастауыштың методикасынан хабарыныздың жоқтығын айтып жату, тіпті артықтау болар. Сіз субординация сақтау дегеннің не екенін білмейсіз. Сіз өлі жассыз... Сіз...

Сіз... Сіздің олі түк тожірибенің жок. Соңдықтан да менімен бұлай сойлесуге хақының жок...

Мектеп директоры келметегендеге екеудің арасындағы жағдайсыз онғіме жалгаса беретін еді. Кенет онғіме барысы шүгыл бүріліс жасады. Қасқаның зымияндық мінезі бірден белгілі болды. Мұхит Нұрлыбековиң кіріш, бас күмін іллі де, диванға келіп отырган. Оған қарай бар денесімен бүрілған Қасқан Әлиизаны мензеді.

- Мұхит Нұрлыбекович, бір маңызды мосселені шешу керек болып тұр.

Директор елең ете қалды.

- Ол қандай маңызды мәселе?

- Соның сізге қалай айтартымды білмей отырмын... Келгейніне бір ай толмай жатын... – Кішкене ойланып отырып қалды, - Қалай десем екен?... Ио, біреулдердің семьясына іріткі салып жүр дейді...

- Кім ол іріткі салып жүрген?

Мұхит Нұрлыбекович Қасқанға бір Әлизага бір қараша түк түсінбей үнісіз отыр.

- Есенова, сіз осында келе сала былтыр жүз процент үлгерімге жеткен кластиң окушылары түк білмейді, оларды неге екінші класқа көшірдіңдер деп педагогикалық советтің шешімін жокқа шығардының. Бұл – тек мұгалімгеғана смес, мектеп дирекциясына да кіно тағу. Ал, сіз өзініз не істеп жүрсіз? Енді директордың алдында соган жауап берінің! – деді Қасқан ашулы жүзбен.

Әлиза болса не істерін білмей, біреу құлақ-шекесінен соғып еткендей, ессеңгіреп қалды. Кішкенеден соң:

- Жала... Отірік... Қане, айтыңызы, кімнің семьясына іріткі салышын?! – деп орыннан атып тұрды.

- Сабыр етіңіз, Есенова. Сіз шыдамсыз адам екенсіз. Аздап ойланып корініні. Мүмкін ойыңызға түсер.

Озінен өзі келе бастанған Әлиза оның сөзін өзінше жорыды. Құрымбайдың осында туыстары болып, солардың бірдене деуі мүмкін той. Болмаса аудан орталығына барғанда елдің қанку соғын естілі ме екен.

- Не істейін, түк те істегем жок... Мені Құрымбайдың машинасына әдейі мінді деп не едіңіз. Ол озінің семьясынан сот болардан әлдеқайда бүрын ажырасқан адам...

- Немене? Құрымбай дегениңіз кім? – деп Қасқан қада-ла түсті.

- Ұлым Доулеттің әкесі.

- Ажырасын кетіп не едіңіздер?

- Жоқ... Біз үйленген де емесніз, - деді Элиза мұңайып.

- Неге?

- Ол ұзак өндіме.

- Солай деңіз, - Қасқаның жүзі жайнап сала берді. –

Сіз мұнымен қоймай, Толеудің де семьясына іріткі салып жүрген корінесіз...

- Жоқ! – деп Элизаның даусы сонда ғана қаттырақ шықты. – Қасқаның не айтқалы тұрғанын жаңа біліп, - Мен ешкімнің де семьясына іріткі салған жоқпын.

- Сіз кісіні көрер көзге отірікші қылалы екенсіз. Мен жаңа ғана осы мектептің алдында Толеудің келіншегіне жолықтым той. Сол айтты. Отірік болса айта ма? “Енді басқаны қойып, Толеуді үйге өзі іздең келетінді шыгарды”, - деп кошени басына котерді. Сіз үшін менің қызаруыма тұра келді. Сабакка дұрыс өзірленіп, балалармен жұмыс істегениң өрніна үй қызыратын корнесіз.

Мынадай сөздер сүйсгінен отіп, қорланған Элиза Қасқаның созін боліп, болған жайды айта бастады:

- Мен өзім сабак беретін оқушылардың ата-аналарымен сойлесуге бардым. Ол – үй қызырынга жата қоймайтын шыгар. Саматтың наласы біздің мектептің машинасын жүргізтінін білгендім жоқ. Білген күннің өзінде де оқушының үй жағдайымен танысуым қажет кой. Мектептің ата-анамен байланысы деген бар емес не? Әлде бұл мектептің мұгалімдері оқушылардың ата-анасымен байланыс жасамай ма? – деп Элиза Толеудің үйінде болған жайды баяндаған берді. Бір-екі рет Төлеудің кабинасына мінгенин де жасырған жоқ.

- Жарайлы, - деді Мұхит Нұрлыбекович әбден тыңдаған болған соц. – Бұлғаш бара жаткан ештеңе жоқ. Айта берсек соз коп. Бос соз тере бергеніне ынтымақпен бірлесе енбек ету керек. Екінші қластиң оқушылары ішінде үлгермеушілер бар екені рас. Оны жасырмаймыз. Енді соларды қатарға қосу қажет. – Директор болған істің тігісін жатқыза сойледі.

- Есендөн педагогикалық советтің шешімін жокқа шыгаруыш қалай түсінуге болады?...

Қасқан тагы да шілдедей бастап еді. Мұхит Нұрлыбековиң оны тыйып тастанды да Әлизага:

- Сіз бара беріңіз. Кейін тагы сойлесерміз, - деді.

Сағатына қараса екінші сменаның сабагы басталатын уақыт болып қалыпты. Келген шаруасын ұмытқан Әлиза сол беті үйіне асықты. Мұғалімдер болмесінде мектеп директоры мен оның орынбасары оңаша қалды. Екеуінің не туралы әңгімелескенін Әлиза білмейді. Бірақ мұнан соң Қасқан ол моселе туралы оңгіме қозғаган жок. Оның есесіне ертецине-ак Әлизының балалы ойел екенін рудниктің бүкіл тұргындары естіді.

Әртүрлі алып-қашпа сөздер болды. Бірақ оның біріне де Әлиза құлақ асқан жок. Тожирибелі мұғалімдермен пікірлесті. Методикалық өдебиеттер оқыды. Ата-аналармен кеңесіп, ақыры кокейіндес жүрген пікірін айтпақ болды.

Окушыларға оз бетінің орындауға тапсырма беріп, директорға кірсе, ол кабинетінде жалғыз екен. Әлиза келген шаруасын айтты. Мұхит Нұрлыбековиң әуелде не дең жауап берерін білмей отырып қалды.

- Жарайды, ойланып көрейік. Бірақ оған біздің мүмкіндігіміз келер мс екен. Кластар да мұғалімдер де жетіспейді... Қасқан не дер екен соның пікірін тындаїық, - деді де өзінің орынбасарын шақыртты.

Қасқан есіктен сойлей кірді:

- Есендөн, сабак уақытында өз шаруаңыбын жүресіз де, “оқушылардың сабак үлгерімі нашар” дең бізді кінәлайсыз. Сіздің кластан шыққаныңызға он минуттай болып қалды-ау деймін...

“Яныр-ау, мына кісі аяқ басқанымды аңдып жүреді екен-ау” дең ойлады Әлиза, өзінің ағаттық жасаш алғанын соңдаған түсініп.

Сөзді Мұхит Нұрлыбековиң бөлді:

- Қасқан мына Әлиза бір ұсыныс айтып отыр.  
- Немене?!... Қандай ұсыныс?  
- Мектепке үзартылған күн тобын ашсақ деғен сыйбар. Бұған қалай қарайсын?

- Қалай?... “Ұзартылған күн” деген не нәрсе? – Қасқан түсінбей қалды.

Әлиза құліп жіберді. Директордың ашу шақырыган түрі қызық екен. Һет-аузы құлақ-шекесіне дейін қызыарып кетті.

- “Ұзартылған күн тобы” дегеннің не екенін білмейсің бе?

- Жоға, білем той... Білем. Ана... Ондай топтың не үшін керсі бар дегенім той. Қаланың мектебі емес, біз үшін тиімді бола қояр ма скин. Ол тек Есенова сияқтылар үшін бос сылтауғана. “Ұзартылған топта оқиды” деп мұғалімдер жөнді сабак откізбей қоюы мүмкін. Сонымен бірге бізде мұғалімдер де жетіснейді, артық бөлме де жоқ. Мұхит Нұрлыбекович, соңдай бөгде шаруамен бас қатырып қайтеміз.

- Әттең бұл істі қолға алып, үйымдастыра алсақ жақсы болар елі. Оnda бөгде шаруа болмас еді... Негізі ойланып көрстін жай...

Сонымен әңгіме тынды. Бұл мәселе туралы қайтадан ешкім сөз қозғаған жоқ.

Бірде директорға тағы құлаққағыс жасаган. Бірақ ол бұл жолы алғашқыдай емес құлышсыздық танытты. Байқап отырса директор кейде ештене өз бетімен шеше қоймайды. Көбіне Қасқанға қарай сілтейді. Сонымен ақылдас деп шығарып салады. Ол болса ішінс ештене сақтамай тұрасын айтады. Ал, директор өзінің орынбасарының созін колдаған болып шығады.

- Қасқан айтты емес пе? Бізде ондай мүмкіндік жоқ, қой, - деп жүре жауап береді.

Мұнан соң Әлиза мектеп мұғалімдерімен пікірлесті. Олар да бұл үеынысты мақұлдаған. Тінті кейбірі балаларды оқытатын кластарды қалай табуға болатынын да айтты. Әсіресе Сәуле бұл пікірді құлышына қоштайтынын білдірді.

Бірінші тоқсан да аяқталды. Қорытынды бойынша мектептегі ең көп үлгермеуші екінші кластан шықты. Соңдықтан да педагогикалық советтің мәжілісінде Қасқан тағы да Әлизага шүйліккен.

- Бізде өз міндетін жөнлеп атқара алмай жүріп, бөгде іспен айналысатындар да жоқ емее. Мысалы, Есенованы

алын қарайықшы. Ол өзінің класындағы оку үлгерімін нашарлатып алғанымен қоймай, кайдағы бір қиялдан туған ғажайынтарды айтып басымызды қатырады. Ал, оның класы откен жылы жұз проценттік үлгерімге жеткен болатын. Ұзартылған күн тобын ашу біздің жағдайымызға келмейтін нөрсе. Оны тек қаладагы мектептерде гана үйымдастыруға болады. Ойткені, біздің мектептің оқушыларының копшілігінің шешесі үй шаруасымен айналысатын обелдер. Олар жұмыс істемейді. Баласын бақнаганда не бітіреді. Соңықтан олар да келіспейді...

Мектеп директоры Қасқаның сөзін макұлдағанымен, үлгерім мәсслесі жонінде де ештең деи қойған жоқ.

- Элиза педагогикалық жолын жаңа бастаған жас үстаз. Оған коп ізденін, коп оку керек. Бастауыш кластың методикасын менгеруге коп күш жұмсауы тиіс, - деді де оның бірінші сабагына қатысқаның, сабак жүргізу одес-тосіліндегі жетістіктер мен кемшіліктерін айтты. Алғашқы күннен-ақ сабагына кіріп, коп ақыл берген Мұхит Нұрлыхекович жас үстаздың бастанқы көне қараганда контеген жетістіктерге ие болғанын атап отті.

Мұнан соң шығын сойлеғен мұғалімдер шыны монісінде ұзартылған күн тобын ашса жақсы болар еді деген пікірлерге тоқталды.

- Егер уақытша бір класс босатылып берілсе, бізге ұзартылған күн тобында жұмыс істеуге мүмкіндік туар еді. Басқа мұғалім сұрамай-ақ өзіміз қогамдық негізде жұмыс істеуден бас тартпаймыз. Мұндай топ үйымдастыру бастауыш кластың оқушылары үшін аса қажет, - деді Сөуле.

- Күн тортібіндегі моселе бойынша сойлейік. Біз ұзартылған күн тобын ашы туралы моселе қарап отырған жоқызы. Есеноңа алдағы уақытта бастауыш кластың методикасын толық менгеріп, екінші кластың үлгерімін жақсарта ала ма, жоқ на сол туралы сойлеңіз.

- Мен күн тортібіндегі моселе бойынша сойлең тұрмын. Педагогикалық советтің қарап отырғанының өзі келесі тоқсанда жөне жыл бойында оку үлгерімін жақсарту емес не? Ал, ұзартылған күн тобын үйымдастыру, күн тортібіндегі мәселе – оқушылардың оку үлгерімін жа-

сартуға тікелей қатысты. Керсіншіс, біз Есенованың жекелей ісін қарап отырган жоқызы. Оны да ескеріп қойыңыз...

Қасқан артықтау көткенін түсініш, тілін тістей қойды. Сөулеге қарсы ештеңе айта алмай қалды. Мұғалім қыз сөзін өрі қарай жалғастыра берді. Кластардың орнын ауыстырып, ұзартылған күн тобына бөлме табу жолын айтты.

Сөз сұрап Әлиза қол көтерді.

- Иө, біздің кластың өку үлгерімі төмен. Оның неліктен екенін бәрініз де білесіздер. Елдің бәрінен бұрын Қасқан Темірбекович, сіз білесіз.

Ұзартылған күн тобын ашу дегеніміз, жолдастар, еріккениң срмегі емес. Ол бүгінгі күн талабынан туган, қажетті нәрсе. Егер біздің мектепте осындаған тоғ жұмыс істеген болса менің класымнан да, Сөулениң класынан да, басқа да бастауыш кластардан үлгермесущі шықынған болар еді. Қасқан Темірбекович айтқандағы қошшілік оқушылардың шешесі жұмыс іstemейтін үй шаруасындағы өйелдер. Олардан бізге қанша пайда бар. Мен оз класымдағы балалардың бәрінің ата-анасымен танысып, әңгімелестім. Қоңырбаланың шешесі үйде отыр. Бірақ балаларына қарауға үй шаруасынан қоллары тимейді. Қолдары тислі екен-ақ дейік, онда баламен жұмыс істей білмейді. Қоңырбалалардың өл тұрсын сабак дайындауға арналған жеке бұрышы да жок. Кез келген жерге отыра қалып сабактарын дайындайды. Күн режимі бойынша жұмыс іstemейді. Керек десеніз кейбір ата-ана балаларының оку үлгеріміне мектеп мұғалімдері ғана жиуанты деп түсінеді...

Әлиза сөйлеи тұр. Ол коп жайларға тоқталды. Қала мектептеріне тәжірибеден өтуге барып жүргендегі көрген иғі істерін ортаға салды.

Жас ұстаздың сөзің бірталай мұғалімдер қолдашы. “Ұзартылған күн тобын аштық дейік, бірақ кейіннен игерпе алмай, өзіміз үятқа қалып жүрмейік”, - деп сақтық білдіргендер де болды.

Ақыры аудандық оку болімі мектеп мұғалімдер колективинің тілегін қанағаттандырылды. Мектепте ұзартылған күн тобы жұмыс істей баставы. Әлиза мен Сөүле өз кластарымен қоса біреуі түске дейін, біреуі түстен кейін осы топтарға сабак жүргізетін болды.

Демалыс күндерден басқа уақыттарда қолдары бір болсаң корген емес. Соның өзі жақсы болды. Ескі ойлардың азабынан арылды.

Анда-санда Мұхит Нұрлыбекович мен Қасқан Темірбекович сабагына кіріп, талдау жасап кояды. Методикалық кеңесстер айтады, сабак жүргізуін тиімді жолдары туралы нұскаулар береді, үнретеді де. Әсірессе, мектеп директоры көп ақыл берді. Кемшиліктерін айттын оны жоюлын накты жолдарын корсетеді. Ал, оған керсінше Қасқан болса кобіне кемшилік жағын баса айтуга тырысады. Оның өзі бастауыш класқа сабак жүргізуін методикасын толық мәнгермегендіктен дегенге көп тоқта-лды.

- Кемшиліктерді жойып, методиканы мәнгеру керек, методик аны! – Сабакты корнекі құралдар мен техникалық оқу жабдықтарын пайдаланып откізу керек, - лейді де коялды. Бірақ тәжірибелі педагог ретіндес оларды қалай пайдалану қажеттігі туралы жұмған аузын ашқан емес.

- Элиза ол туралы сұрап та корген. Бірақ: “Әне, сіз методиканы олі мәнгермегенсің дедім гой. Егер сіз корнекі құрал мен техникалық оқу жабдықтарын пайдаланып откізбейтін болсаңыз сабакқа жібермей қоямын”, - деп зілденіп, өзіне жармасқан. Содан бері онша ештепе сұрай бермейді. Білгісі қелген моселелер жөнінде директормен немесе басқа мұғалімдермен кеңеседі.

\* \* \*

Жылжын күндер отіп жатты. Бірінші тоқсаның қортыныңсында үлгермеген окуышылардың біразының ата-анасы наразылық білдірген еді. Элиза оларды мектепке шақырып, сабагына қатыстырып корсетті. Окушының дайындығының жоқ екендігіне көздерін жеткізді. Соңдықтан да үзартылған күн тобының қажет екендігін олар да түсінген еді. Соуле тана анда-санда: “Осы біз үзартылған күн тобы дегенді қайdan шығардық. Тіпті дем алуға уақыт қалмады”, - деп ойын-шынды айттын кояды. Соулениң айтатын да жоні бар. Ойткені, ол сенбі күні сабактан соң корниң сонхоздағы ауылның жүрін кетіп, жексенбі күні оралатын. Енді олай істегүте мүмкіндігі болмай қалды. Сои-

дыктан кейінгі кездे екеуі клубқа кинога баратын да, Элизаның потеріне келіп қона салатын.

Ертеңіне демалыс болған соң екеуі әдеттерінше кешкі кинога барып келіп, шай ішіп отырган. Кенет сыртқы есік тарсылдағы. Әлгіндегі үйдің жанына машина келіп тоқтағандай болған-ды. Оған қоңыл аудармады еді. Екеуі еленден бір-біріне қарасты. Ойткені іле-шаала терезе қағылыш, күбір-күбір сойлескен дауыстар естілді.

Жұргі дүрсілден, аузына тығылған Элизаның қолда-ры қалтыраң кетті. Енгіз барып терезенің пердесін ақырын жылжытып, сығалап қараса, сыртта екі адамның бейнесі қарандады. Коз алдына бет-аузын сақал-мұрт басқан Құрымбайдың қап-қара жүзі слестеді. Кейде бірнеше күн қырынбай жүре беретін. Неге екені белгісіз бойын қорқыныш билеп, денесі мұздап кетті. Оңті бозарып, тұрган жерінен қозгала алмай қалды. Таңдаіның құрган, үні шықпайды. Терезеге таяу келген Соүле:

- Бұл кім?! – деп дауыстады.
- Мен гой, мен...
- Мені кім?!
- Мен Толеумін.
- Сізге кім көрек? - Элизаның даусы сондағана шықты. Жұргі орына түссе бастанды.

Күзде Толеудің келіншегімен араларында болған сөзден кейін одан аулак жүруге тырысатын. “Поледен машиналық қашынты” деген. Қараша жүріп сөзге танған адамдардан не жақсылық күтүгө болады. Дегенмен сол күні мектепте жолықкан Толеуге болған жайды айтқан еді, ол болса сыйылыштан күлді.

- Біздің қатын ол сондай. Мені күннің көзінен де қызығанады.

- Мен сіздің машинаңызбен бір-ак рет разъезге барым гой. Ол кісі маган: “Елдің борі сені кабинасынан түспейді деп жүр”, - деді. Жала жабу үят емес не?...

- Е, сол да соз болып на... Оны менің өзім гой, калжындаң айта салғам. Соган сенің қалынты. Әйелдерден ақымақ халық жок, - деп Толеу қарқ-қарқ күлді. - Ана біздің жаман үл түк болмайды. Оқымаса қойсын, соган

көп қиналыш, басыңды ауыртқанша бір “ұштікті” коя салмайсыз ба. Табаныңызды тоздырыш үй аралап қайтесіз?

Мұндай да сезімсіз жән болады екен-а! Ұақытын босқа кетіргеніне оқінді. Қайта біреулер тағы да: “Толеу мен Әлизаның сойлесін тұрганың көрдік”, - деп айтты бара ма деп қауіттеді. “Жарайды айтса айтса айта берсін! Бөрі бір арым таза. Аладықтың ақ туын ешқандай қара күйе кірлете алмайды”.

Бұл туралы кейіннен Әлиза Соулеге айтқан.

- Е-е, Толеу ме? – деп Сөүле моз болды. – Ол өткен жылды да бүкіл елді дүрліктірген. Осында бір Мереке детен мұғалім қызы болған. Жағда басқа мектепке ауысып кетті. Сол екеудің кешкілікте разъезге барып келе жатып, боранды машинасы қардан жүре алмай тоқтап қалды да, поселкеге жаяу келді. Қалың қарды омбылаш жаяулаган Мереке желгे қарсы жүре алмай шаршагандықтан, Толеудің қолынан үстап алышты.

“Мереке менің қолымнан үстады. Үнатпаған қызы жігіттің қолынан үстай ма?” деп бүкіл ауылга жайған. Бұл сөз келіншегінің құлағына жетіп, біраз шулатқан. Артынан бос даурықта екенин білген соң гана елдің сөзі басылды...

Сыртта тұрган Толеу екенин білгеннен кейін де, не істерін білмей дағдардады. Үйге кіргізсе тағы да оның өлденинше сакқа жүгіртуі мүмкін гой.

- Әлиза, сізге ауылдан бір кісі келіп тұр – деп дауыстады Толеу.

“Ол кім екен?” деген сұрау санасына оралып, есікке жетіп барды да, құршегін ашып жіберген Әлиза кейін серпілген. Сайлау, одан соң Толеу үйге кірді.

Әлизаның коз алдына Даулет слестеді. Оне бойын бір коркыныш сезім баурап бара жатты. Сағыныштан іші бауыры елжірең, көзінен екі тамшы жас шығып кетті.

- Сайлау, ауылдан жүрсің бе? Даулет аман ба? – деп баласының аманлығын білгеннен асықты. Аяқ-қолында болмайны діріл пайда болып, баласы жайлы жайсыз хабар естітіндей корінді.

- Сайлау мен Толеу бірін-бірі контен бері біледі екен. Бұрын шоферлік курста бірге оқынты. Бұғын екеудің қала-дан келе жатып жолда кеттеседі.

Ауылдың жаңалығымен опша жарытпады. Бір-екі жастың үйленгенін айтты. Сәлима үшінші балаға боссаныпты. Қали шілдахана үстінде мас болып, үйіне келген қонақтармен байланысыпты...

Мұндай жаңалықтар Әлизаны қызықтыра қойған жоқ. Оның білгісі келгені Дәулет туралы еді. Бірақ ол туралы Сайлау ештеңе білмейтін болып шықты.

- Е, сенікі сандалған бос жүріс екен ғой, - деді Әлиза ызасы келіп.

Сайлау жауап қатқан жоқ. Көзінін астымен Төлеуге бір, Әлизага бір, қаран қояды. Балғын жастықтың үміт оты комескілене бастағанымен әлі де сөнбекен еді. Құрбысының қандай ауыр сезін өмірі бір көніліне алып көрген жоқ. Бағана жолда Төлеудің сезін естігендеге қызғаныш оты өне бойын өртеп ала жөнелген. Дегенмен оны Төлеуге сездірген жоқ.

Қаладан біраз үзага соң, бой сергітіп алмаққа машинасын тежеген. Кішкенеден соң екінші бір машина жанай келіп токтады. Жүргізушісі таныс сияқты. Сөйтсе – Төлеу. Ескі таныстар шүркүрасып табысады. Сайлаудың кабинасындағы шөлмекті “тандайына басып”, жағдай сұрауға кіріседі.

- Бәлі, - дейді Төлеу Сайлаудың әлі үйленбегенін білген соң, - біздің ауылға жүр. Қыз дегенді қаздай тізіп берейін. Мен мектепте істеймін. Жыл сайын мынау деген қыздар келеді. Биыл да бір келіншек келді. Өзі әп-әдемі. Алғашқыда анау- мынауга көнбейтін асау қыз болар деп жүргем. Сөйтсем, күйеуі жоқ келіншек екен... – Масаттанып мәзмейрам болды.

- Аты Әлиза емес пе?

- Иә, Әлиза.

- Онда білем... Бір ауылданбыз, бірге оқыдық.

Төлеуabdырап қалды. Неге екені белгісіз айтып отырыған онгімесінің арнасын басқа жаққа бұра салды.

- Ей, жерлесің болса, барып қайтпайсың ба?

- Жолдан бұрыс қой.

- Е, онда не түр. Азар болса сонда коныып, ертең қайтасың. Басшыларға машинам бұзылды дей сал. Оның есесіне жерлесінің жанында боласын.

- Кеттік, - деп Сайлау орынан атып тұрды.

Рудникке таяғанда олар тағы тоқтады. Төлеу қинақта Сайлаудың жанына келді.

- Сайлау, мен Элиза туралы жай, қалжыңдан айта салғам. Сен кешір жерлесің жақсы адам, - деді қиналып. – Ешкімге айта корме, жарай ма ?

Сайлау коңылденіп сала берді. Дегенменде бір құдік коңылінен айықнаган. Енді міне, ойының анықтығына козі жеткендей. “Босе, Элиза ондай жан емес”. Бірак ой ауыз аша алмай отыр. Сабак білмейтін оқушындар томен карап күмілжи береді.

Соулениң қайтқысы келді.

- Асықна, - деді Элиза, - қазір мына кісілер де қайтады, бірге шығасың.

- Ио, бірге кестеміз, көршіміз ғой, - деді Толеу жұлын алғандай.

Оның ойын Элиза бірден сезді. Сайлауды осында калдырығысы келгендей.

- Токе, менің кластасыма төсекті жылы жерге салып берінізлер. Ертегі күні борімізді ауылга жамандан барып жүрмесін. - Әзіл-шынын араластыра. – Соулені де ренжітпей жеткізіңіз.

- Эрине, эрине, - берді Толеу қарсы дау айта алмай. Сайлауда үн жоқ, Төлеудің сонынан ерді.

Барлығы сыртқа шыққанда есік алдында екі машина тұр еді. Соүле қапша дегенмен ауыл адамы ғой Толеудің машинасына отырмак болып еді, кабинасы бос емес екен. Бір-екі қап порсе тұр. Еріксіз Сайлаудың машинасына отырды. Сайлау оны есік алдына дейін оқеп салды.

Бұдан соң да Сайлау бір-екі рет келіп кетті. Ол келген сағын Сәүле де осы үйде болады. Үниeuі тұннің бір уағына дейін әңгімелесіп отыралы да, Сайлау Соулені машинасымен үйіне жеткізіп салып, ауылға қайтады. Алыста жүрген адам бауырмал келеді деген рас. Ауылда жүргендеге жактырмайтын Сайлауды енді анда-санда болсада бір келгенде Элизаның көңілі сергіп, елдің амандығын білгенге марқайып қалатын. Сайлау да бұрынғыдай ішіп келгенде азайтты...

Сабактан соң жолшыбай азық-тұлік дүкеніне соққан Элиза сатушымен әңгімелесіп тұрган екі-үш өйелді көрді.

**Олармен сөлемдесіп жандарынан оте берген еді ойелдердің бірі:**

- Элгі белсенді болып жүрген келіншек осы емес пе?
- “Оқушыларға сталавай тамағын ішкіземін”, - деп тыранштанып жүріп, дегенине жетіпті гой, - деп сыйыр ете түсті бірі.

**Екіншісі оған қарсы дау айтты:**

- Е, үйымдастырылғаны жақсы болды емес пе? Борі ба-лалар үшін гой.

- Балаларға қай бір бүйрекі бұрып бара жатыр дейсін. Оздерінің құлқындары да. Бір мезгіл тамағын айырса да қайда жатыр. Үйлерінде тамақ пісіріп жатпай-ак тегін тамақ ішпе салмай ма?

Әлиза кең дүкенді еркін аралап жүріп, оны-мұны керекті тағамдарын таңдан алуда. Құлагына мына жактағы сөздер анық естілуде. Соңғы ойеллің сөзі оған біреу шекесімен балғамен салып қалғандай осер етті. Бір жақсылық істесең – қайтсе біреу оны жаманышлыққа жориды.

Қысқы каникул күндерінде Әлиза облыстық мұғалімдер білімін жетілліру институтына откен семинар-та катысты. Онда келген бастауыш кластиң мұғалімдерінің кейбіреулері ұзартылған күн тобына сабак та береді екен. Әлиза олармен көп пікірлесті. Жұмыс жоспарларымен танысты. Қажет деген жайларды көкейіне түйіп қайтты. Әсірессе, кейбір мектептерде буфет пен асхананың барлығы ойга қалдырыды.

Қаладан келісімен жас үстаз бұл мосселені тағы да мектеп директориясының алдына ұсыныс етіп қойды. Басында бұл ұсыныс тағы да көп дау тұғызған. Ақырында поселкелік Совет депутаттарының араласуымен мектепте асхана жұмыс істей бастады.

**Әйслердің әнгімеге арқау етіп тұрғаны осы жай болатын.**

- Қойши сен, қайдағыны айтпай. Өкіметтің дүниесі сұраулы емес пе? Көп балалы семьялардың балаларын тегін тамақтандырады. Біздің баламыз тегін ішіп жүр.

- Е, сен өзінің балаң тегін ішетін болған соң айтып тұрсын ғой.

- Жоға, соның төлөйтін ақшасы да көп емес. Ей, соны төлетсе де берер едім мен соган. Әйтеуір баламызға жөндеп білім берсе жарайды. Соныңна барғалы кішкене жаксы болды. Баламыздың сабакқа ынтасты бар.

- Дұрыс айтасыз. Былтырғыдай емес, менің Саматым да көп-көрім оқып жүр. Әйтеуір мектепке барып келгеніне мәз болушы едік, - Бұл Төлеудің келіншегінің даусы.

Әйелдер бұдан өрі әрқайсысы өзінің баласының оқу жайын соз етісін жатты.

Сатушымен есеп айырысып, алған заттарын көтеріп дүкеннен шыққанда Төлеудің келіншегі соңынан ере шықты.

- Калай, сіңлім, біздің жерге үйрендің бе?

- Ештеп үйреніп қалдық қой.

Екеуі біраз жерге дейін бірге келді. Төлеудің келіншегі баласының оқу жайын сұрап қояды. Өзінің үйде Саматқа сабакты қалай оқытып жүргені туралы да сөз қозғады. Әлиза болса:

- Саматтың оқуын жақсылап қаңғарап оқытыңыздар. Әйтпесе, алаңғасар – бірін тастап, біріне кете берелі, - леді де қойды. Мына сөзшен, әйелмен әмплейлесіп әңгімелесудің өзі қыын. Құзде алғаш рет үйінде кездескеннен кейін тағы бір жолықкан. Ол жолы сабактан қайтып келе жатқан. Жолшыбай жолығын қалып, біраз бөгеген.

- Сіңлім, кешір, - деп кешірім сұралы. – Борін бұлдірген анау – біздің жынды гой. Ішін алыш аузына келгенді көкіді де, адамның иервісін төздіргеди. Шіркін-ай, деймін-ау, сол жаман кімге керек менен басқа. Соның етірік мылжыцына кейде сеніп қалам.

- Әуелі создің анық-қанығына коз жеткізіп барып, кінолі адамды сонаң соң барып қаралау керек емес не?!

- Е, сол ойга келді дейсің бе ? Ұшқары ойлап, шолақ шешшетін ойсл ауымының одеті гой...

“Алдына келсе – атаңның құнын кен” деген. Өзі кешірім сұрап тұрган соң не десін. Қарсы дау айтып жатпады.

Енді бүгін тағы жолықты.

- Осы қүні Саматты екі жақтап қолға аламыз. Өзі де талаптанып жүр. Біринші тоқсандағыдай емес, “бес өкелдім” деп кейде мактаптың келеді. Оған қарап біз қуанамыз.

Бірді айтып, бірге кетеді. Оз үй іші туралы, Толеу екеуінің кейде режисер қалатыны жайлы өңгімеледі. Артынша жуырда Сайлаудың келіп кеткенін айтты.

- Озі бір ақкоціл қызық жігіт, - деді де Әлизага сыйнай қарады. – Сені аузынан тастамайды. Үнатады гой, әйтпесе, сонау ит олген жерден келіп несі бар.

Әлиза бірден ештеңе дей қойған жоқ. “Сайлау мұны жиңгетайлыққа жұмсан жұр ме екен, өлде жақсы атты корінейін деген жүрген озі ме екен ?” дегі ойлады да:

- Жерлеспіз және бірге оқыдық. Сонан соң келіп жүргені де, - дегі алыстата сойледі.

- Е, мен қайдан білейін. Алғаш келген күні сен туралы қайта-қайта айтып отырған. Кейінгі жолы келгенде ана Соуле деген қызды аузынан тастамады. Еркектердің мінезін түсінудің озі қын гой...

Әлиза ештеңе дей қойған жоқ. Оны Соулениң озі де айтқан. Дегенмен мына созді естігенде өлде бір қызғаныш сезімі бойын билеп кетті. Неліктен екенін түсінбейді. Бұл пендешілік легенді қойсайшы. Бір кезде озі үнатпаған жігітті сиді басқадан қызғанғаны ұят қой. Ішкі сезімді ақылга жендерді...

Сол жылы жазда Сайлау мен Соулениң үйлену тойы болды.

Келер жылы Әлиза Доулетті қолына алды. Балалар бақшасына орналастырды. Жас ұстаз поселкениң жастарымен жақсы танысып, араласып кетті. Жастар кешінен, той мен шілдехана сияқты жиынан Әлиза да қалмайтын болды. Сонымен екі-үш жылдың қалай оте шыққаның андамай да қалды. Институтты сырттай оқып бітіргенімен бастауыш класқа сабак жүргізе берді. Біраз тожірибе үйренді.

...Сабак бітіп, жазғы демалысқа шыққанына бір жұмадан асқан. Жылдагы әдеті бойынша елге, өкөшешесінсө барып біраз тынығып, Доулетті атасы мен апасына апарып қайтишқа болып еді. Рудниктен разъезге жаяу келген Әлиза біраз демалып алмақ болып, орындыққа отыра кетті. Кеснет жанында тордағы заттарды ораган газеттегі фамилияға козі түскенде жүрегі аз-кем соқпай қалғандай болды.

... “Мәулен... Мәулен Қасымов... дол сол”. Әлиза асықпай, газетті жыртып алmas үшін ештең орауын жазып алды.

Мақала Мәулендікі екен. “Алтынбел руднигінде болашағы” атты проблемалық очерк. Республикалық газеттің март айындағы саны.

“Моулен келген екен той мұнда. Қалай кездеспеді екен, о? Бір корсем той шіркін! Аспирантурада оқиды дең естігем. Ол тагы да келеді, соғыз келеді”.

“Жок, - дең ойлады ол тагы да. Менің оған корінбеуім керек. Ендігі ұмыт болған да шығармын. Ескі жараны қайта тыриап ушықтырмауым қажет. Мүмкін ол өзіне лайық жарташкан шығар”.

Осы оймен отырып әлгі мақаланы оқи бастады. Газетті бар зейнімен оқығаны сондай, Даулеттің теміржолға қалай шығып кеткенін байқамай қалған еді.

\* \* \*

Алғашқыда үш күн бойы Элиза түн баласына коз ілмей Мәулениң жанында болды. Медсестралар да жалығатын шығар, Элизаның отінішіне қарсы болған жок. Қайта қуана келісті. Мұны көп әурелемейін дей ме, түн бойы Мәулен жақсы тыннышқады. Кейінгі екі күннен бері тіпті жақсы оналды. Егер ол қабагын шытын ауырсынатын болса, Элизаның жанына қоса батты. Алғаш рет Даулетті поездан кім күткәрганын білемей-ак налатага кірген Элизаның Мәулеңің көргендері жан сезімін айтЫп жеткізу мүмкін емес еді. Алайтүлей аласұрган жан сезімі жас жүрегін дауылдай тербеді.

“Мәулен” деуге тілі келмей күрмелін, тек індей гана қайталады. Жаңындағы орынлыққа отырып барып, есін жиши, өзін-өзі келді.

“Тағдырдың толкегін түсken бір жаңын Мәулен. Тек соре корме мені. Ол да болса омірдің маган деген сыйы шығар, табыспай жатып скеуміз екі сокпакисен екі айырылдық, енді тагы жолымыз түсіп ұшырастық. Оз басына өзі араша бола алмаған кешір мендей акымақты. Ақ жүрегінді, адал махаббатынды сақта мәнгілік. Мүмкін сүйген адамың бар шығар, мүмкін семьялы да болған шығарсың. Ендігі менің тілейтінім – сенің өмірлі, сенің ғұмырлы болуың. Махаббатың баянды болсын. Менің үлесімнен кеткен, басымнан үшқан бақытқа сен ие бол”.

Інгтей айтнаган алғысы, тілемеген жақсылығы қалған жок. Мौләнмен өмірде бір кездесеріне нык сенімді слі. Бірақ дол мынаңай жағдайда, мынаңай халде кездесемін деп ойлан на Әлиза. Соган қарамастан Доулетті құтқаруышым деп қана бұл иғі тілекті тілеген жок, бір кезлегі сүйгендің жігіті үшін тіледі. Дөл қазір неге болсын бел буғандай еді ол.

Моулениң алғаш козін анып, өзіне жымия қараганын коргенде Әлизаның қуаныштан жүргеті жарыла жаздалды. Оның ойниша Мौлән енді Әлизаны өмір бойы оласызығы үшін кешірмейтиңдегі корінін, козін ашқанда теріс қарап сойлеесін жатып алатында елеестеген. Бірақ олай болмады. Жігіт күнинен-күніне оңала берді. Төсегінде бағын котеріп отырады. Оны жеке болмасен торт кіслік болмеге ауыстырган.

Енді Әлиза күндіз бір мезгіл гана келіп, біраз отырып кететін болды. Мұндай кездे палатада басқа аурулар болмайды. Олар серуенге сыртқа шыгады. Әлиза мен Мौлән оңаша қалатын. Осындаш шактарда еркін өнгіме-дүкен күратын олар бір-бірінің мән-жайиғе обден қанықты.

“Шіркін, Әлиза, - деп ойга кетеді. – Жанарыңың үшкіны ошіп, ерке баладай еркін жүретін мінезін бай калмайды ғой. Қайда кеткен сол күндер?!”

Кешегі Әлиза бүгінгідей коз алдышила. Қазір де онша озгермейті. Тек доцелек толық бетінің еті қашып, аздан жүдеген сияқты. Майдайында да қос сызық пайда болған. Денес- сі толыңқыраганымен сырт ішіншінде кон озгеріс жок. Тек зер сала қараган адамға қабагында кірбің, жүзінде мүң бары байкалады.

...Институтка жұмысқа қалдырылған бір тоң студентті біраз күнинен соң үйлеріне босатты. Қаланың шұмылдақ тіршілігінен мезі болған Мौлән ауылға жеткеніне асықты. Әкесі мен шешесі де қуана қарсы алды.

Кең даланың тосінде аунап-қунап, иісі мұрынды жартын сары қымызға сусыннадады. Тобылғыға ысталған торсықтың қымызы бал татиды. Мәулән келgelі анасы қымызын тіпті мәпелей түсті.

- Балам, қымыз ішіп, қондансын, - деп айналып-толғанады.

Есік алдындағы қолжуғышқа жұнының жатқанда:

- Балам-ау, таза арып кетіпсің гой. Қабырганда қырым ет қалманты, ырсын-ырсын етелі, - деген. – Оку адамның коз майын тауысын, жеп қояды дегені рас еken гой.

Әкесі де үй маңында күйбендең жүрген. Кіші баласын ористегі қойга жіберді. Әлден уақытта есіктің алдында құйрығы тегенедей бағыланның терісі түсіріліп, еті қазана-тағытыла бастады.

- Кемпір, - дейді әкесі бойбішесіне, - Шакыр Мөуленнің құрбыларын. Бұған бір масайрасын.

- Өзім де бағана хабарландырын қойғам...

Кешкісін ауылдың біраз жастары Мөулендікіндегі болды. Тұнімен коніл котерген жастар таң ата тарады. Ауыллас достарының ортасында мауқын басқан Мөулен де тоссанған кисайды.

Қаладан студент ағасы оралғанда қай бала қуанбаган. Даурен де ағасы өкелгендегі базарлыққа мәз болды. Келген күні-ақ ағасының фотоальбомын актарған. Бала деген орнорсөні білгісі келіп, сұрай беруге өуес қой. Суреттердің ішінде озгелерден торған көбірек кездескен қыр мұрынды, кигаш кас, әдемі қыздың суретін корсетіп:

- Мынау кім? – деп сұраган.

- Жай бір қызы гой.

- Аты кім?

Мөулен жымың ете түсті. Суретті қолына алғып ұзак қараады. Інісінен мактаныш сезімін жасырган жок.

- Аты - Әлиза. Болашақ женғен. Қалай, әдемі ме? – деген.

- Әдемі екен.

Мөулен інісін құшақтан алды да, шыр айналдырды...

Үйкесінен мактаныш сезімін жасырган жок. Әкесі мен інісі тау арасына шон шабуга кеткенін есік алдынлагы қазандық маңында күйбендең жүрген шешесі айтты.

- Қап, үйкестан қалғанымды қарашы, мен де баратын едім, - деп оқінді.

- Койшы, құлымым. Ең болмаса бір-екі күн дем ал. Ақ ініп оңал. Әйтпесе таза котерем боларсың.

Бір тосталған қымызды Мөуленнің қолына ұстартын, сыртқа шығып кеткен анасының долізде жолықкан біреуді

айналып, толғанып жатқанын құлағы шалып қалды. Қолындағы қымызды тоқтаусыз жұта салды да, орнынан тұрды. Осы кездес бөлмеге түнде осында жастармен бірге болған Гайни, оның соңынан анасы кірді.

Мәулен өзінің шешесінің мына қылығына таң. Ана қыздың асты-үстіне түсіп, құрақ ұшуда. Орталарына бір тегене қымыз өкеліп қойып, шығып кетті. Мұндай ілтипаты неге сонша құлай түскенін білмейді. Түнде де бір-екі рет байқаган еді.

- Апам “қымыз іш” деп шақырған соң... – деп қызарқтады Гайни Мәуленмен амандасып, жаңындағы орындыққа жайғасқан соң. Қалай тынығып жатырсыз?

- Жаман емес... Өзінің қалай дем алдыңыз? Үйқының қанды ма? Кеш тарадық қой...

- Біз ондайға үйренгенбіз. Кеш жатып, ерте тұрып жүре береміз...

Мұнан өрі сөздері жараспады. Гайнидың жігітті сөзге тартпақ сыңайы бар. Бірақ Мәуленнің зауқы болмады. Екеуі үнсіз біраз отырысты. Бір стақан қымыз ішкен қызыңтасып шығып кетті. Есік аузына барғанда оның төңкере қараған жанарына жігіттің көзі түйісп қалған.

Сырттан:

- Қарағым-ау неге асықтың? Отрып тамақ ішіп кетпедің бе? – деген анасының даусы естілді. “Үйге келген қонақты есік алдына шығарып салмаганым ұят болды-ау” деп ойлады. Бірақ, артынша-ақ оны ұмытып кетті.

Ертеңіне шөн шабуға әкесі, інісі және Мәулен үшеуі барды. Мектепте оқып жүрген кезінде жазғы коникулда совхоз жұмысына болысатын. Оқушы балалар көбіне шөн шабатын машиннанаға отырады. Жолшыбай жағалай көз салып, қоңылімен саралап келеді. Талайдан арбага мінгелі де осы. Төры дөңсін кара жолмен бұлк-бұлк желеді.

Олар шөн шауып жүрген жерге де келді. Бала кезден өзіне таныс алқан. Трактор жүре алмайтын тар шатқалдағы шіліктің арасы. Кішкене ғана жер болғанымен шебі бір шама бітік болатын. Шіліктің арасында онша қалың болмағанымен аздап қарақат, жидек өседі. Кемерді жағаласа бұлдірген де табылады. Осы жерлерде бір кезде өзі де шоп шапқан, қой да бакқан.

Әкесі мен інісі қол шалғымен шауып, бір-екі шөмелे шоп үйіп қойыпты. Тұске дейін Мәулен шалғыны тәуір-ақ сілтеді.

- Балалар, біраз дем алындар. Шаршап қаласындар, - деп бір түп шіліктің коленкесінде отырған әкесі шақырғанда барып тоқтаған. Екі қары талып, ияғы ауырып қалыпты. Алақаны удаи ашиды. Әкесіне қарай бет алған Мәуленге шапқан шөбін соңынан ере жинап келе жатқан Даурен де ілести.

Тізеден оскен қалың шалғын арасынан шырылдаған шегірткенің даусы тыным таппайды. Әрбір басқан сайын шыр етін секіріп түседі де қайтадан әндедеті. Қалың шоопті судыр-судыр еткізіп аяқ астынан анда-санда кесіртке жүлгіріп отеді. Оған дәл төбеде қүйқылжыта шырылдаған бөзторғай үні қосылады. Жасыл майсаның исі мұрынды жарып, жанға жайлышты.

Әкесінің жанына келіп коленкеге қисая кетті. Екі аяғын созып жіберіп, рахагана көк аспанға көз тікті. Көк мөлдір аспанда түйірдей бұлт жок. Түп-тұнық. Тек сонау көз үшінда бір қарақұс баяу қалқыды. Мәулен одан көз алмай біраз қарап жатты. Бір кезде әлгі құс қүйыла шаншылып қырқаның ар жағына көріпбей кетті. “Нені жемтік қыллы екен? Әрбір жыртқыш тамақты өзінше өлісін табады. Біреуі коктен шалады, енің бірі жерде жүріп тірсектен қағады. Шіркін, табиғаттың ғажабы-ай”.

Мәуленнің ойын інісі болді.

- Мына шіліктің арасында қарақат бар. Бірақ аса көп смес.

- Қарақатты сонан соң іздендер. Сузын ішіп әлденіп алындар.

Әкесі қымыз құя бастады. Шөлден қалыпты. Екі кесе бал татыған қымызды тоқтамай бірінен соң бірін ішіп салды.

Осыдан біраз бұрын Әлиза екеуі қала сыртына шыбып, көлге шомылған. Жағадағы құмта жатып, күншे қүйлірінген. Көзін жұмып, шалқасынан жатқан беті өткен құндерді еске түсірді.

Осындағанда Әлиза мұнын бет-аузын, құлак мұрынын шоппен жыбырлатып ойнайды. Мәулен болса түк

сөзбегендей болып жатады да, бір кезде атып тұрып құмға аунаға бастайды...

Кенет... Мөуленнің бетінің үші, одан құлағына қарай шыбын қонғандай жыбырлай жонеледі. Ол орнынан атып тұрады. Әкесі торы дөненді суарып, жайлап жүр. Інісі қияқ тоқып, өз бетімен өуре болуда.

Агасының орнынан тұрганын көрген Дәурен бері бұрылды.

- Мөуе (агасын жасынан солай атайдын), мен кеше сіз үйіктап жатқанда Әлизаның суретін апам мен өкеме көрсетіп койдым.

- А, немене?! Саган кім рұхсат берді? – Мөulen ренжіген сыңай танытқанымен, іштей онша ренжи койған жок. – Болашақ жеңгечінің суретін көрсетіп мақтанған скенсің гой.

- Ио.

- Дегенмен оның дұрыс болмаган. Ал, ол кісілер не дейді? – деп сұрады Мөulen әкесі мен шешесінің пікірін білгісі келіш.

- Не деуші еді. “Ерніне бояу жағын алышты. Қаланың тік бақай, қызыл тырнақ қыздарының бірі шыгар. Соган несіне мәз боласың”, - деді.

- Оны айтқан кім?

- Апам айтгы. Ал, өкем болса: “Осы күнгі балалар өз дегенімен жүрмей ме? Әлі сол қызды үйге алыш келгенде бірақ білermіз. Қап, бекер істеген скенбіз” – деп оқінді. Оған апам: “Шал-ау, озің едің гой: - Айдарбектің қызы жақсы бала скен соган сойлес, соган сойлес, - деп күнде миымды жеген”, - деп еді әкем үндей алмай қалды.

- Айдарбектің қызы дейсің бе?

- Ио... Файни ше?... Алдыңғы күні түнде озіңізben билеп жүрді гой...

Апасының кеше таңертсөн Файни келгенде неге құрак үша қалғанын жаңа түсінді. Әкесі мен шешесінің қылығына таң болды.

- Сонымен, Файниді маган опермек болып құда түскен скен гой.

- Апам сол үйге барғыштап жүрестін. Шешесімен сөйлескен екен: “Бала мен бала келіссе, біздің карсылы-

тымыз жоқ. Сендермен сүйек болуга қуанбасақ, ренжиміз бс" деп айтты" – деп атама қуана оңгімелен отырган.

Мәулен ауыл адамдарында олі де арылмаган ескілік одеттің барлығына қынжылады. Бір жағынан құлқісі келеді. Дегенмен өуесқойлықпен:

- Ал, озің қалай деп ойлайсың? Ғайни жақсы қыз ба?  
– деп сұрады.

- Білмеймін... Әйтеур маган онша ұнамайды, - Інісі ағынан жарылды, - Қызық өзі. Кейде клуб менгерушісі екенинсі мақтана ма, балаларды менсінбей басын кекжитіп алады да, кинога кіргізбей қояды. Әсірессе, кешкі кинога. Сондыктан да балаларлың кобі оны жек көреді...

Біраз дем алған соң олар жұмысқа қайта кірісті. Таңтертегідес смес, шаршаганы біліне бастапты. Кешкес қарай үйге қалжырап жетті. Олар арбадан түскенде Мәулендікінен шыққан Ғайни үйіне қарай кетіп бара жатыр еді. Оны корген Даурен:

- Бүгін клубта кино жоқ скен гой, - деп күбір ете түсті.

Ертеңіне Мәулен орнынан зорға тұрды. Өні бойы біреу үршін кеткендей қозғалтпайды. Дегенмен скі-үш күннен соң үйреніп кетті. Сойтіп, жаз бойы окесине шөп шабуга қолғабыс тигізді. Тек бір-екі күн қатты жауын жаугандаған шөпке шыққан жоқ. Мұндай күндері ол Даурен екеуі клубқа кинога бірге барып жүрді. Кейде қайтар кезде бұларға Ғайни да қосылады. Үшеуі үйге жеткенше әр норсені оңгімеге тиек етеді.

Сөз арасында Ғайни озінің оқығысы келетіндігін айтты. Бұдан бұрын педагогикалық институтқа барып, түс алмай қалған скен.

- Келесі жылды сіз оқитын институтқа түсем деп ойлан жүрмін.

- Дауыс, талабың орынды.

- Бірақ, тағы да түссе алмай қаламын ба деп қауіптенем. Осы күні біреудің көмегінсіз өқуға түсу қын деп жүр гой.

- Неге? – Мәулен тіксініп қалды. – Ауыл адамдарының осылай шолақ ойлайтыны бар. Әйтпесе біздің институтта бірнеше үлт өкілінен құралған мыңдаған студенттер

білім алуда. Солардың барлығын өкесі мен шешесі, немесе ағасы мен нағашысы оқуға түсірмеген шығар. Басында білімі бар адамға қашан да жол ашық. Тек жақсылап дайындалу керек қой.

Бұдан соң бұл тақырыпта әңгіме қозғалған жоқ. Мәулен Файнига ұшырасып қалмауға тырысты. Бір-екі рет: “Улкендердің сөзіне құлақ аспа, ол бөрібір орындалмайтын іс”, - деги оған айтқысы да келді. Бірақ орайын тапшауды. Орайын тапқанымен жеме-жемге келгенде батылы жетпеді. Файни болса әр нөрсөні сылтау етіп келгіштеп жүрді. Оның келгенін інісі де онша жақтыра қойған жоқ. Тек кетерінде анасына гана өлардың шешімдеріне риза еместігін білдірген.

Ол кісі қинала сөйледі:

- Біздікі тек әйтеуір “Үйреніскең жау атыспаққа жақсы” дегендей, коз көрген адамдар гой, алыстан арбаламай-ақ, жақыннан дорбалап, жекжат болысайық дегендік еді. Баланың өзі де бізге үйірліп тұрады...

\* \* \*

Бір жыл уақыт отті. Мәулен алғашқыда ор күнін Әлизаны есінс алышы откізді. Тек кейінгі кездері гана оның бейнесі көмескі тарта бастап еді. Аспирантурага қалған Мәулен қабылдау емтиханы кезінде институтта болды. Қарбалас кезде көмек қажет-ақ. Сондықтан да емтихан уақытында жастарды көзекшілікке өлейі қойған.

Жұмыстан соң жатақханага оралған Мәуленге есік алдыңда отыратын кезекші әйсал:

- Бір әлемі қызың күні бойы күтіп, жаңа гана кетті. Мына бір қағаз жазып қалыпты, - деги бүктеуіл қағазды үстата салды.

Мәуленде сабыр қалмады. Дереу бөлмесіне жетіп, оқығанша асықты. “Әлиза келген гой” деген ой үшкыны жылт ете түсіп, сағыныш отын қайта маздатты. Бірақ қуанышы үзакқа барған жоқ. Қағаз жазып қалдырган Файни екен. Оқуға келіпті. Документтерін тапсыруға көмектесуін сұрайды.

Көнілі нәс болып, мандайы тасқа соғылғандай әсерде қалған жігіт қолындагы қағазды столдың үстіне тастай салып, тосегіншешінбестен қисая кетті.

Ертеңін Гайни келгенде Мәулен бөлмесінен жаңа шығайын деп жатқан. Есік қатып кірген қысқа юбкалы, она-далап жағының, бет-аузын бояған, биік платформа туфли кітеп күзді ол буелде танымай қалды. Ауыл қызы дөл мынадай өзгеріске түседі деп ойламаған.

Гайни документтерін тапсыруға емес, емтиханды жаксы тапсыру үшін комек іздеп жұр екен.

- Сіз институтқа қалды дегенді естігенде қатты қуандым. Емтихан алатын мұғалімдерді біlestін шығарсыз, соларға айтып, тапсырып қойсацыз, - деді наздана. - Эйтпесе, кім біледі, оқуды бітіргеніме бір-екі жыл болып кетті. Кайсыбірі баста жұр дейсіз.

- Жоқ, Гайни болмайды. Мен ондай іске бара алмаймын. Жақсылап дайындалып келу керек еді...

- Шынымды айтсам, Мәулен, бұл институтқа түсуге сіз көмектеседі ғой деп ойлағамын. Амал қанша, егер түсे алмай қалсам, осында қалып жұмысқа тұрам. Ауылға барап не бітірем. Онда менсіз де құндерін көреді.

Шығуға бет алған Гайни артына бұрылды. Былтыр да дөл осылай қараган еді. Бірақ бұл жолтың көзқарас ондай емес, қыз козінде жарқ еткен наизагайдың отындаі откір үшкін байқалды. Жігіт тағы да сол орнында тұрып қалды. Оны шығарып салмаганына өкінген жоқ.

Институтқа түссе алмай қалған Гайни айтқанын істеді.

Машинка басу жоне іс қағаздарын жүргізу жоніндегі курсы бітірді де, қаладағы мекемелердің біріне секретарь-машинистка болып орналасып алды. Қолы тигенде Мәуленге келіп жүреді. Ал, Мәуленнің бос уақыты шамалы. Әртүрлі жұмыстар бірінен соң бірі табылған жатаады. Кобине кітапханада болады. Одан кештетіп қайтады.

Қыстың қысқа күні ерте батса да коше бойы жүріншіден әлі арыла қоймаған. Кітапханадан шыққан Мәулен үйге асыққан жоқ. Көшениң ағаш отырғызылған тротуарының бойымен аяңдап келе жатқан. Қылаулаган қырышық қар бетке жайсыз тиеді. Онсыз да көңлі пәс Мәулен ештегеге онша мән беріп бағдарламайды. Ерслі-қарсылы ағылын жатқан машиналарға да, жүргіншілерге де назар салып жатнаады. Шынышық атқан ішкі ойнының үшігін тапшай өзімен-озі болып келеді.

Кенет ойын “Мөулен” деген таныс дауыс бөліп жіберді. Қараса - Файни екен. Ақ түлкіден берік киіп, жаға салған қынай бел пальтосы құлын мүшесінің сынынды сирттай таныптып тұр. Қоянның көзіндегі қылыш қара бояумен бояп, көгілдір бояумен ұсынына “көлеңке” салған қаракаттай ұшқынды қоздері тұнгі шаммен шағылышады. Қоңырқай қызыл бояу жағылған ернінде күлкі ойнайды.

- Привет!
- Сәлемет не, Файни? Халің жақсы ма?
- Біздің хал ничего. Өзің қалай?
- Ептең жүрін жатырмыз.
- Какие новости?
- Ешқандай жаңалық жоқ.

Мөулен Файнидың тілін бұрап, орысша қосын сөйлейгеніне танқалды. Әрі оның қаланың қыздарына ұқсаяуға тырысқанына құлкісі келді.

- Неге тұрсын, біреуді құтіп тұрсын ба?
- Угадал. Бір подругам келем деген. Мында бармақ елік. – Қошениң екінші бетіндегі театрды көрсетті. “О, театрға бармақ екенсіндер гой. Сендермен маган да баруға болмас па екен?” - деп қалжындағысы келді де, неге екені белгісіз ол ойнан тез қайтты.

Файнимен қонғасып, аялдамаға қарай жүргені сол еді, сол жақ қапталдан жылдам басып келе жатқан таныс бейнені байқады. “Япыр-ау, мынау Дәуіт Сәлімович кой. Бұл кісі кештетіп қайда барада екен?”. Жүртшылықтан оқшау тұрған Файнің қарай ентелеп келеді. Кішкене жүріп барып, Мөулен тағы тоқтады. Өзіне қарай келе жатқан Дәуіт Сәлімовичті корген Файни да қарсы ұмтылды. Жез қоныраудай сыңғырлаған қыздың қылышты құлкісі жігітің құлағына анық естілді. Үлкен адамға тон епстейсіз қимылымен қалбалақтап, қызды қолтығынан алды.

Мыналарды сирттарынан әдейі байқап тұрғандай болғанына қысылған жігіт жүре түскен. Коз алдына әлгі көрніс қайта келді. Тағы да артына бұрылым қарады. Қолтықтасқан екеу театрга емес, арғы үйдің жанындағы жастар кафесіне қарай беттеп барады екен.

Мөулениң автобуска мінгісі келмеді. Бірақ аяғын әлгіндей емес, жылдамырақ басты. Күн де сұыта түскен

бе, олле жаңағы көрністін осері ме денесі тоқази бастагандай болды. Іштей қатты толғанып келеді. Тіпті, Доуіт Сәлімовичтің мына қызығына сенер емес.

Институттағы сыйлы ғалымдардың бірі Доуіт Сәлімович лекция оқығанда тек шыбының ығызынан басқа сиптепе естілмейтін. Сынак немесе емтихан кезінде студенттер ол кісінің поніне жан-төндөрі қалмай даярлады. Ойткені оте жақсы даярлықсыз ол кісінің сабагынан “күламай” оту қынға согады. Соңыктан да студенттер ол кісінің қаталдығынан қаймығатын. Дегенмен Моулен Дауіт Сәлімовичтің сабагынан екі қайта емтихан тапсырып корген жоқ. Эйтеуір ол мұны ұннatty. Моуленді аспирантурага қалуга да концірген осы кісі. Ғылыми жмыстарына да басшылық жасап, қазір жетекші болып жүр.

Кошे бойлап келе жатқан Моулен ой терецине сүңгін, сиптепеге мойын бүрмастан алға қарай жүре берді. Бірақ ол Ейни мен озінің ғылыми жетекшісінің арасындағы мүндай қарым-қатынасты түсіне алмады. Оны неге жорырын да білмеді.

Бір қызығы ол жайшылықта оте жайдары екен. Лекция кезінде қыбыр еткенді калт жібермей қадағалап отыратын, жымын күлу легенді білмейтін адам деп ойлау қын. Кафедрада болсын немесе лабораторияда болсын ретін тауып орынды қалжыңмен күлкіге кенелтіп тастантыны бар.

Моулен білікті ғалымның ғылыми жетекшісі болғанын білгенде қатты қуанды. Профессор мен аспирант арасындағы қарым-қатынас күн сайын ныгая берді. Кейде жұмыстан, кейде институтта отетін ортүрлі тақырыптық кештер мен жындардан бірге қайтып жүрді. Мұндайда Моулен үстазын үйге дейін шығарып салып қайтады.

Олар кафедра қызметкерлерінің бірінің слу жасқа толған юбилейінен бірге қайтты.

**Жолшыбай:**

- Осы қазір туган күн откізу деген модаға айналып кетті, - деп Дауіт Сәлімович соз бастады. - Ол дұрыс. Өсірсек, жарты гасыр жасап, слуден аскан адамның есте қаларлықтай той жасаганы оте орынды. Ол борімізді шашырады, біз барамыз да құттықтаймыз – бөрі дұрыс. Ал,

енде сол адам айға барып келгендей шаш беріп үстап ала-мыз да мөйынын жұлын алардай-ақ қыса құшақтап, шөпілдетіп сүйеміз-ай келіп, бет-аузынан түк қалдырмай. Айтшы, осы неге керек? Соңан соң барын: “Гигиена, тазалық”, - деп даурығамыз.

Жарайлды, бұл өз жөнімен. Мұнан сөң юбиярды түрғызып қойып аяқ-қолын жерге тигізбей мактайтындығымызға жол болсын. Кейде, тіпті, сол адам өмірде не бітіріп жүр, не тыңдырды онысина бойлай бермейміз той. Мысалы, жаңағы айтылған сөздерді есіне түсірші. Тап бір бүкіл институтқа соның жалғыз өзі тірек болып тұрғандай. Шын мәнінде алып қарашы – қарапайым ғалымдардың бірі ғана. Сен мені көре алмагандықтан, қызғанышпен айтып келеді деп ойлама, синқандай қытуым жоқ. Елуге келгенде маган да осындай қошамет көрсетілген. Ертең саған да солай істейміз. Бірақ – бір жаманы – юбилейң өтіп, той тарқатан соң бәрі ұмытылыш, бұрынғы таз қалына келеді. Мынау кеше бізге сый-сиянат көрсеткен той иссі екен-аудеп те ешкім қарамайды...

Етеп қызулау Дәүіт Сәлімович біраз жайдың басын коз-ғады. Шынында да айтқаны көңілге қонымды. Үстазының сөзін Мәулен де қолдады.

Есік алдына келген соң қоштасып, кетпек болған Мәуленді профессор үйге шақырды.

- Жүр, үйге кір. Тұн ішінде қайда барасың? Қона сал. Ертең боса да демалыс.

- Жоқ, үйге барып жатайып. Тұн ішінде сіздерді мазалап, ұят қой, - деп қарсылық білдірген. Бірақ оған Дәүіт Сәлімович болмады.

- Мазалайтын ештеңесі жоқ. Лилочка күтіп отыр. Ол мен келгенше үйықтамайды.

Қолтығынан алып, үйге қарай жетеледі. Мәулен қарсылық білдіруді жонсіз санады.

Есіктің қоңырауы болар-болмас тыз еткені сол еді, аяқтықыры білініп, іле-шала:

- Ктө там? – деген нөзік дауыс естілді.
- Мен той, қызыым.

Есік ашқан Лилия папасымен бірге тұрған бөтен жігіті көрісімен тез кейін серпіліп, өз бөлмесіне кіріп кетті. “Про-

фессердүң қызы өдемі екен”, - деги ойлады Мәулен. Өзі олті есіктің оймышты шыныдан істелген өдемі тұтқасына коз салып тұрып қалды.

- Шешін, Мәулен, шешін.

Жас жігіт неге екені белгісіз ыңғайсызданып қалды.

- Жүр, төрғе шық. Әуелі шай ішіп, бойымызды жылытын алайық. Сонан соң үйкітаймыз. Ертең күн демалыс. Әлде, сенің бір жаққа баратын шаруаларың бар шыгар?

- Жо-жоқ.

- Ендеше, тіпті жақсы. Жақсылап бір мөдсни демалыс үйымдастырамыз.

Мәулениң шайға зауқы соққады. Хрусталь рюмкага толтыра құйылған коньякты орталады да қойды. Тоназыған қағы мен қартадан ауыз да тиген жоқ. Бір түйір наңдығана аузына салды. Дауіт Сөлімович оны қыстаған жоқ.

Ол ойланып ұзақ жатты. Бір түсінбегені – үстазының зайыбы қайда? Шай қойып жүріп: “Лилияны әурелемей-ақ қояйық, өзіміз бірдене істерміз”, - деді Гой. Эйелі үйде болса олай дей ме ? Әлде, ол кісі жолаушы кетті мес екен ?

Мәуленді таңертен Дауіт Сөлімовичтің өзі ояты. Жуынын болған соң ас ішетін болмеге шакырыды. Үстінде түңдерінде салаты бар Лилия окесине шай құйып беріп отыр. Шашының төбесінде өдемілек түйген. Мәуленге құлімсірей бас изеп сөлемдесті. Қыздан коз алмаган беті жас жігіт стол жанына келіп жайғасты. Оның шай құйған епті саусақтарының монерлі қозғалысына қадала қараң қалыпты.

Тек Дауіт Сөлімович:

- Мәулен, шай іш, - легенле ғана ол үстазына бұрылды. Өзінің әбестік қылышына қысылып қалды. -- Қазір қала сыртына шығып серуенделеп, біраз шаңғы теүін қайтамыз.

Ертеңгі астан соң Лилия етімен ет болып жабысын, мүше- сін мүсіндей түскен спорт костюмін киіп, легде дайын болды. Дауіт Сөлімовичке кішірейіп сыймай қалған, бірақ өні әлі де түспеген спорт киімдері Мәуленге де табылды. Үстазының өзі де нағыз спортшыларша киінген.

- Қызыым, сенің шаңғың майлаулы Гой. Мамаңың шанғысын Мәуленге бер, менің жаңа ботинкамды да өпер, қалың шұлышкен кисін. Мен ескі ботинкамды киейін,

аягыма жайлыш. Сен дайындалып болғанша мен шаңғымлы майлап, баптап алайын. Мамаңның шаңғысы дүкенин келгелі тебілмеген жана гой. Майы әлі кетпеген болар, - деп жайғастырып жүр. Сөз арасында ертерек қайтып, ауруханада жатқан мамасына бару керектігін қызына ескертіп кояды. – Егер бүгін бара алмай қалсақ, онда екеумізді бірдей жазалайды. Мамаңның ашуы қатты екенін білесің гой.

Мәулен соңда гана ұстазының зияйбы ауруханада жатқанын білді. Сөз сыйайына қараганда көптен бері науқас болуга тиіс.

Олар түске дейін шаңғы тәпті. Бұрын бұл маңда Мәулен болып көрмеген еді. Сай-салалы кен алқапта басқа да шаңғы тепкендер көп екен. Бұрыннан келіп жүргендіктен жер жағдайын өкесі мен қызы жақсы білетіндіктерін байқатты. Ойлы-қырлы жерлермен сырғанап Дауіт Солімович ең алдында, одан соң Лилия, сонында Мәулен келеді.

Бұрын мектепте оқып жүргенде Мәулен төп-төүір шаңғышы болатын. Институтка түскен соң бір-екі рет дene төрбиесі нәнінен сынақ кезінде тепкені бар. Одан соң ағына шаңғы іліп корген жоқ. Соңықтан да тосырқаш қалыпты. Кей сөтте озекінін озі ұстай алмай, құлан қала жаздайды.

Біраз жүгіріп бой жазын алған соң:

- Кішкене тыныстан алайық, - деп оларды Дауіт Солімович жанына шақырды. Олар таяп келіп тоқтасымен профессор әңгімесін бастап кетті.

- Ол кезде мұндан шаңғы деген біздің түсімізге де кірмейді. Қайқы бас ағаштан жасалған шанага қолымыз өрсөн жететін. Соғыс басталар жылы гой. Ауылдың бір топ баласы аудан орталығындағы интернатта жатып оқимыз. Демалыс күндері село сыртындағы тобешіктен сырғанак теуіп ойнаймыз. Оның озінде де төрбиешілерге корінбей, қашып кетеміз. Интернаттың баласында шана бола ма? Су таситын кішкене қол шана интернаттың топты баласының қайсысына жетесін? Бәріміз кезектесіп тебеміз. Іретін тапқандар шанасы балаларға жармасады. Үлкен балалар кезегі келіп тұрса да кішкентайларды жылатып, бермей де кояды.

Магазиннің шанасы боса да жоқ. Шомбал ағаштан жасалған шана қайбір жеңіл болады. Кейбір қыздар өз шаналарын өздері өрге сүйреп шығара алмайды. Ол үлдерға пайдалы. Қыздардың шаналарын тәбеге сүйреп шығарып беріп, оның ақысына бір-екі рет сырғанап тұсуге аламыз. Сондай өз шанасына өзі шамасы келмейтін нәзік қыздардың бірі мына Лилияның шешесі болатын. Аудан орталығында тұратын балалардың кобінде қолдан істелген шана бар. Сондай шананың, біріне ие болғанымен өрге шығара алмай стекте тәбеге қарап тұратын. Басқа қыздарға қарғанда аңқаулау еді. Олар өрге екі рет сүйреп шығарғанда, бір-ак рет сырғанап тұсуге беретін. Ал, Лилияның шешесі болса кезектесіп тебуге келісе салатын еді.

Содан соғыс басталып кетті. Ойын түгілі аузымыз жарып ас та ішпеген құніміз болды. Шешем оқуымды тастантқан жоқ. “Майданға аттанарда әкең сені қатты тансырды. Окуын жақсылап оқысын деді”, - деп қояды. Сөйтіп жүріп онынши бітірдік. Бұл кезде біздің арамыздағы ересек балаларды да өскерге өкетіп жатқан. Қанша тіленгеніммен бойым кіші болғандықтан мені алған жоқ. Оныншыны қалай бітірдім, солай алды да кетті. Бірақ бұл кезде соғыс біткен.

Мен өскерден оралғаңда Лилияның мамасы екі жылдық мұғалімдер институтын бітірін, осы қалада қызмет істен жүр еді. Біз үзбей хат жазысып тұрғанбыз. Келе сала мен де политехникалық институтқа түстім.

Мен бұл өңгімені айтып тұрған себебім – біздे сол кезде екеу ара бір-ак пар шаңғы болушы еді. Соны кезектесін табетінбіз. Оның өзін мен өскерден босап, қайтып келс жатқанда Новосибирскінің вокзалында сатып алғанмын. Баяғыда жалғыз шанамен кезектесіп сырғанайтынымыз ойыма түсің, бір қуантайын дедім. Айтқандағы қуанышында шек болған жоқ. Демалыс күндері осы маңға келеміз. Соғыс зардабының жаңғырығы өлі басылмаган шақ қой. Онда мұндай қаптаған халық омірі болмайтын. Бір-екі адамға қарашап жүруші еді. Кейде тіпті ешкімді көрмейсін...

Аяқ астындағы таптауырын болған ақ қарды шаңғы таяғының ұшымен шүкүлап, ойланып тұрып қалды. Өткен

күннің өшіпес сөule қалдырган қызықты сәттерінің өсерінен айыға алмай тұрғандай. “Жастық өмірдің жа-растығын жоғалтнай шаңырактарында берік үлатқан жандар осындай болар-ау” деп ойлады Мәулен. Лилня болса, ол да қос таяқта сүйенген қалпы бір нүктеге қадалып, қозғалмай тұр еді. Жігіттің назары өзіне ауғанын біліп, басын көтерді. Аяз сорған әкі беті алмадай албырай қалған. Бас киімін жөндеп киіп орнынан қоз-галды.

- Бойымыз тоңазып қалды, енді біраз жылынастық. Анау көрінген қарасын кемі бір шақырымдай болар. Соған дейін жарысып барып келейік. Одан соң қайтатын кез де болады, - деп Дәуіт Сәлімович жол бастады.

Алғашқы бастан-ақ Лилия суырылыш алға шықты. Одан соң папасы, оны өкшелен Мәулен келеді. Кішкене жүгірген соң жігітті намыс қысты. Бар күшін салып, қос таяқты құлаштай сермен, екпіндей жүгірді. Дәуіт Сәлімовичті басып өзды. “Орта жастан асса да мықты өзі”, - деп ойлан қояды, - бәрібір жеткізбеймін. Ол ештеңе емес, бәрінен де ана қызға жете алмағаным үят болды-ау. Ақыры жете алмады. Қарайған томнешік-комбеге Лилия бұрын келді. Сонша жерден жүгіргенімен ентікпеген. Тырсиган толық қеудесі ептеп қана котеріліп, басылады. Ал, Мәуленнің өкпесі өшіп, өзегі күйін барады. Тірсектері талып, аяқтары басқызбай қалды. Отыра кеткісі келді. Бірақ ентіккесін білдірмеуге тырысты.

Олар қалаға тұс ауа оралды. Әбден шаршағап Мәулен жатақханага зорға жетті. Келе тосегіне құлаған. Көзі ілініп кетінгі. Өлден уақытта оянса – әкі шекесі солқ-солқ етеді. Көз алдында наизағай ойнағандай, қызыл-жасыл үшқындар пайда болды. Басын көтеріп кішкене өтырды да қайта жатты. Құміс қары күнмен ойнап, жылт-жылт еткен, қарлы дала елестеді. Жарысып келеді, жетем дейді, бірақ жете алмайды. Қолын созып үмтүлады, бір-ақ ештеңе ілікпейді. Сол-ақ екен алай-тұледі боран басталып кетті. Денесі қалтырап, тоңа бастады.

Көзін қайта ашқанда, жанында отырған ақ қалатты дәрігерді көрді. Ол дене қызуын олшеп, ине салып дөрі жіберді. Қеудесін тыңдал:

- Сүйк тиген, біраз сәмделу қажет. Екі оқпеніз бірдей қабынып тұр, - деп ауруханага жонелтті.

Содан бір айдан ауруханада жатып сәмделген Мөулениң шыққанына оншактығана күн болған. Бұрынғы одеті бойынша жолшыбай асханага сокқан. Бірак асқа табеті тартиады. Бір түрлі сүлесөк. Жатақханага келген соң қолына кітап алған. Оны оқып та жарытиады. Көз алдына Дауіт Солімович пен Файнидың қатар кетіп бара жатқан бейнесі елестен, ойы боліне берді. Қаница ойланса да түсіне алмады. Түсінбейтін себебі де бар еді.

...Моулен ауруханага түскен соң екі-үш күннен кейін Файнин ізден келген. Бірак жатақханадан таба алмады. Эркім ортүрлі болжамдар айтты. Біреулер “институтта жүрген шыгар” деді, біреулер “ауылышта кеткен болар” деді, біреулер “ауырлы жатыр” деді. Каисысына сенерін білмеген Файнин институтқа барды.

Шілдің қабаттағы лабораторияга котерілді. Бұрын бір рет ізден келгенде Моуленге осында жолықкан. Есікті қаймықнай ашиқан қызды Дауіт Сәлімович бірден таныды. Осыдан біраз күн бұрын Моулен жоқта тағы бір келіп, үзак күткен. Оны Файнин жігіттен жасырылды. Ойткені, оның ішкі есебі бар еді. Былтыр күзде оқуға түсуге Моулен комек жасамаған соң, бұл оз бетінше басқа бір мықтымен таныспақ болған. Соның орайы енді келді. Мөулениң жоқ болғанына өкінген жоқ, лабораторияда өлде не қиыршық тастарды шүқылаш отырған мол денелі орта жастагы еркектің осындағы мықтының бірі екенінс титтей де шұбә келтірметен. Мұның аты-жөнін, не істейтінін сұрап болған кезде:

- Дауіт Сәлімович, сіздің лекцияға баратын уақытыңыз болып қалды, - деді бір келіншек оның Файнимен жай әңгімелесіп отырғанын корген соң.

Сағатына қарап, Дауіт Сәлімович орынан қозғалды.

- Иә, Мөуленді көйтеп білуші ме едіңіз?

- Қоптеп білемін. Екеуміз бір ауылданбыз.

- Е, солай деңіз. Жерлес екенсіздер ғой.

- Жерлеспіз.

Дауіт Сәлімович шығып кеткен соң:

- Осы біздің профессор қызыңқ адам. Кейде үп-үлкен адамдармен “сен” деп сөйлеседі де, кейде кін-кішкентай

балаға да “сіз” дейді, - Самбырлақ сары көліншектің сөзін тындағысы келмеді. – Отыра түр, Мәулен қазір келіп қалар, - дегеніне қарамастан кетіп қалды.

- Тағы бірде келермін.

Лабораторияға келуге орайы тағы түскенің қуанып кетті. Ана жолғы лаборант самбырлақ сары көліншек көрінбейді. Дәуіт Сәлімовичтің өзі жалғыз екен. Мұны жоғары шығарып, отырған орындының босатты да, өзі ба-сқа орындық алып, жанына таяна жайғасқан соң, Мәуленнің науқастанып қалғанын айтты. Ауруханаға жа-тқан күннің ертеңінс өзі осында телефон соғынты.

- Суық тиген екен. Біз барып шықтық. Қазір жаман емес. Енді біраз күпде айығып қалар.

Файни кімдер барғанын сұрауға оқталды да: “Е, осын-да бірге жүрген достары барған шығар, оларды мен білмеймін гой” - деп үндеген жоқ. Дәуіт Сәлімович те қызы Лилия екеуінің барын, қоңілін сұрап қайтқанын айтпағы.

Біраздан соң Файни:

- Сіздерде оқу қыын емес не? – деп сұрады.

- Неге қыын болсын. Осында жастар оқып жүр гой. Оқыған адамға түк те қыындығы жоқ. Тек ынтаң болса болғаны.

- Үнта деген бар гой. Бірақ өткен жылы түсे алмай қалдым...

- Е, сөлай де...

- Иә, ағай...

- Дайындығың өз мөнінде болмаған шығар.

- Оншасын білмедім. Әйтеуір, біраз дайындалып едім...

Биыл да талаптанып көрмек ойым бар.

- О, дұрыс. Мұндай талапты мен құптаймын.

- Сіз... ептен көмек жасамас па екенсіз?

Дәуіт Сәлімович ойланып қалды. Мұндай сұракты күтпесе керек. Дегенмен жолын тез тапты.

- Көмектесуге болады, - деді біраз үнсіздіктен соң қуакы түрмсін жымындағ. – Көмектесеміз. Сіз сияқты өдемі қарындастың бір өтінішін орындарай болмас.

Сол күні кешкісін ол екеуі “Саржайлау” ресторандында ұзақ отырды. Одан шыққан соң да үйге асықпады. Әр нәрсені әңгіме етіп, аязды даламен аяндан келе жатқан.

Көшеде жүргіншінің саябырлаған шағы. Анда-сандаға асыға басып бірлі-жарым адам өтеді. Қолтықтастып асықпай өтіп жатқан қызар мен жігіттер де бар.

Бір көшениң мүйісінде итімен қызырып жүргісін екі әйел отіп барады. Кенет бой жазып ойнақтаған тайыншадай қара ит екеуінің жанына жүгіріп жетіп келді. Зәресі кеткен Файни Дәуіт Сәлімовичтің бауырына кіріп кетті. Анау да оны қапсыра құшақтан алды. Олар қыбыр етіп қозғалар емес. Ит болса таяй бере тоқтаган. Екеуінің мына қылығына таңқалғандай қарапты да қалыпты. Иссінің шақырганын естіп, өлгі ит кейін бұрылыш жүгіре жөнелгендеғана айқасқан қос құшақ зорға ажырады.

Үйге кештетіп жеткен Дәуіт Сәлімович есікті ептең ашып кіріп, слеусіз жата кетпек болған. Бірақ Лилия әлі ұйықтамаган екен.

- Папа, неге мүнша кешіктіңіз? – деп сұрады ақырын, болмесінің есігінен басын шыгарып.

- Қонақта болдым, қызым.

- Мамам да көи күтті. Сізді келсіде ғой дең ойлап едік.

Маған неге телефон соқпадыңыз?

- Есімнен шығып кетіпті. Айтпақшы, иә, барған үйдің телефоны іstemей түр екен...

Оз бөлмесіне қараң өтіп барыш кейін бұрылды.

- Лилияжан, Мәуленге кірген жоқсың ба?

- Жоқ, папа.

- Қіре салу керек еді ғой.

Мамасының хал-жағдайын сұрамай, папасының қайлағы бөтен біреу туралы айтып тұрганына қызы ренжіп қалды.

- Келесі жолы маманда барғанда Мәуленге де кіріп, жайын біле сал. Өзі бір тамаша жақсы жігіт, - деп бөлмесіне кіріп кетті.

Лилия папасының аңдан ішінкірегенін сезді. Эйтненесе, ол қызымен бұлай сойлеспесе керек еді.

\* \* \*

Ауруханада жатқан Мәуленге бірге оқыған достары келіп тұрды. Бір-екі рет папасымен бірге Лилия келіп кетті.

Мамасына келгенде жаңғыз озі де жолшыбай соғып біраз отырады.

- Маманың қалай, Лилия, тоуір ме?
  - Епте... бір қалыпты. Өзіңдің халіңіз қалай?
  - Жаман емес. Түзеліп келем.
- Бұдан соң біраз үнсіздіктен соң:
- Тезірек сауыгының, - деп шығып кетеді.

Лилия кеткеннен кейін оның сонынан ойланған қарап көп жатады. Қыз өз бетімен келді ме екен, әйтпесе, оқесінің айтуымен келіп жүр ме, жігіт түсіне алмады. Әйтсуір, шешесінің осы аурухананы жалғастыра салған екінші болегінде жатқанын біледі.

Кейінгі кездे алғашқылай емес, Лилияның қабағында реніш барын байқап қалды. Анасының науқасы мұның да жанына батады да. “Япыр-ау, Файни неге корінбей кетті”...

Көгілдір қоқтем келіп, конілді шақ басталды. Мәулен үстазының үйіне бұрынғыдан да жиі келетін болды. Кейде үйге өзі өртіп келеді. Лилия екеуі анда-санда киноға, театрга барады. Ондайда қызы оқесін де шақырады. Бірақ ол оны-мұныны сылтау етіп, үйде қалады да, жастарды жеке жібереді.

Кинодан шыққан Лилия мен Мәулен олі күн ерте болған соң үйге асықпай аяндай басып келе жатқан. Қарсы алдарынан Файни кезіге кетті. Үстінде балағы шидей шалбар, омырауы даладай ала кофта. Шашын тарқатып коя берген. Лилияга бір қаралды да, жігітке солемдесіп өте шықты. Мәулен Лилияга назар салып еді, ол ана қызға оте бір жиркенішті түрмен оқты қозін ата қарап қалыпты.

- Бұл қызды сен де біледі екенсің гой.
- Білмегендеге ше, бір ауылдан еместіз бе... Оны неге сұрадың?

- Жой, оншайін...

Бұдан соң екеуі де үнсіз қалды. Мәулен созге тартып еді, Лилиядан борібір жауап болмады. Бір қолайсыз оқига болғанына шок келтірmedі. Қоз алдына елпендел Файни-дың қолтығынан алыш жатқан қысты құнгі Доуіт Сөлімовичтің бейнесі келді.

Сол жылы күзге қарай Лилияның мамасы дүниес салды. Жарынан айырылған Доуіт Сөлімович, анасынан айырылған Лилия қатты күйзелді.

Мамасын ақырғы сапарға арулап аттандырып салған соң Лилия коп күндер бойы бөлмесінен шықпай қойды. Панасымен де, Мәуленмен де тіс жарып сойлеспелі.

- Мамасын ойлад, сағынып жұр. - деді Дәуіт Сәлімович қызыны.

Мәулен анда-санда келіп, ұстазының жаңында біраз отырып қайтады. Профессор да қазір көп әңгіме айтпайды. Соңда да Мәулен осында келгісі келіп тұрады. Әлизадан адасын қалғаннан бері көнілі суыш, ешкімге көз салмаған. Міне, енді, кейінгі кезде Лилия ойынан шықпайтын болды. Дегенмен бұрынғыдай емес, коңілінде бір күдік бар. Өзіне іштей сұрақ та қояды. “Кейбіреулер мені әдейі профессорлың ық жағын сағалап, оз пайдасын ойлад жұр деуі мүмкін-ау осы. Біржолата бармай кетсем бе еken? Бұрын келіп жүріп, кам-көніл кезде жоламай кетуім жөн емес кой”.

Бір жолғы демалысында әртүрлі шаруалармен қолы тимей, бара алмай қалған. Ертеңіне институтта кездескен Дәуіт Сәлімович неге келмегенін сұраган соң келесі демалыста әдейі барды.

Есікті Лилия ашты. Үйде жалғыз еken.

- Дәуіт Сәлімович бір жаққа кеткен бе? – деп сұрап еді.

- Білмеймін, кеткен шыгар бір жерге, – деп құлықсыз жауап берді, өзі ренжулі сияқты. Бөлмесіне барып, қолына кітап алды да орындыққа отырды. Жаңына келген Мәуленге бұрынғыдай орындық ұсынбады.

- Қоңілсізсің ғой, Лилия.

- Олең айтуым керек пе?

Оның қоңілін қалдырамын деген ойында жок жігіт тагы тосылды. Лилия кітапқа тесіле қараган беті отыра берді Мәулен оның жай қарап отырғаны болмаса ойы басқада екенин еezіп тұр.

- Қандай кітап оқып отырсың?

- Жақсы кітап.

Бұдан ары тұра беруді артық деп санаған жігіт есікке беттеген еді, Лилия тоқтатты.

- Мәулен, сен мамамның неден қайтыс болғанын білесің бе?

- А... Жоқ..., білмеймін... Ауырды емес ие?

Төтеннен қойылған тосын сұрақ жігітті қатты абыржытып тастанды.

- Білмейсің, ө? Естіген де жоқсын?

- Жоқ. Естімедім.

- Өлті “жерлесім” деп жүрген жылмандаған қара қызың да не істен жүргенін білмейтін шығарсын? – деді Лилия кекесінді даусынен ызалана құліп.

Мәулениң тығырыққа тірелген жері осы болды. Не “білем” деп, не “білмеймін” деп айта алмады.

Анасы қайтыс болғаниан бері жылап-сықтаумен, қайының оссерінен екі үртү суалған, көзінің алды қөгілдір тартып жүдеген қыздың ала козімен ата қараган түрінен қатты қаймықты. Оның анасының қазасына Гайнидың қатысты екенін енді сезді. Жаны түршігіп кетті. “Өмір деген қандай қатығез”.

Кенет: “Файни мен Дәүіт Сөлімовичтің танысұына осы мен себепші болдым-ау деген ой келгенде, тіпті аяқ-колының жаны кетіп, тәлтіректеп қалды. Ақырын бұрылыштың алып есіктен шыға берген. Үйде қалған Лилияның да сол орнында екі көзін жасқа бұлап әлі түрғанын сезіп келеді. Сезгенімен оны қалай жұбатарын білмеді. Бөрібір ол енді Мәуленге жұбанбайтын еді”.

Көшеде кесе жатын та, үйге келген соң да Мәулениң кокейінен Лилияның олгі созі кетпей қойды. Ол сұракты қандай мақсатиен қойғанын түсінбеді. Қыздың ойынша қалай болғанмен дс анасының оліміне Мәулен кінолі сијакты. Ол ойлан-ойлан борібір үшігын тапшады. Ертецине сезді иеден бастарын білмей қинала отырып, ақыры Дәуіт Солімовичтің озінен сұраган.

- Е, анасының қазасы кімге онай тисін. Балалықпен кімді кіноларын білмейді. Бірессе, дөрігерлерді кінолайды, бірессе мени кінолайды. Лилияның мамасы, марқұм, жақсы адам еді. Қызым анасына аумай тартқан. Ауыршың көп жатты. Бір аяқ, бір қолы тартылып, сал болып қалды. Оған биыл бір тұмаусүзек деген қосылғын, алды да кетті. Ауруға дөрігердің өзі де арашашы бола алмай қалды. Оған ешкім де кінолі емес. Әлі де жүре тұрғанда жан баласына бояті жоқ еді. Енди қайтеміз? Басқа түскен соң боріне де конеміз, - деді де қойды.

Бұдан әрі Мәулен де қазбалан сүттене сұраған жоқ.

Онысыз да шала-жансар, жарты денесің жұмыс істемей нашарлап жатқан кезіндегі олдекімдер күйеуінің бір қызыбен әуреге түспін жүргөннің жеткізді. Бір жағы ауру әлсіретіп, екіншіден катты күйінген ая мөңгілікке коз жұмған. Бұл жайды Дәуіт Солімович Мәуленин үшін қалды. Бәрір болған жайды бұкпесіз айта алмайтын да еді. Қалай болғанды да профессордың өйелінің оліміне Мәулен озін қатысы бар адамдай сезінді. Содан кейін Лилияның жүзіне қайта карауга доті шыдамады.

Ал, Файнидан көнен бері хабар жоқ. Институтқа қабылдау емтихандарын таңсырып жүргендеге бір жолыққан. Асығыс шаруалармен кетіп бара жатын, кездесіп қаллы да ұзак өнгімелесуге мұршасы болмады. Содан жуырдағана осы Алтынбелгे жүрерде қаладагы теміржол вокзалинда корді. Колында ораулы жас баласы бар, қасындағы жігітпен әлденеге ренжи сойлесіп тұр. Жандарынан отіп бара жатқан мұны байқаган жоқ. Мәулен оларға бұрылғысы келді де, ол ойынан тез қайтты. Коз алдына анасын жоқтан жылаған Лилия келді де, Файнин тұрган жаққа жиремен коз салып отіп кетті.

\* \* \*

Мәулен басын көтеріп отыруға жараған. Ана жылы суық тиіп ауырған соң міне, өмірінде екінші рет ауруханада жатыр. Онда ауру болса да аяғымен жүріп еді, енді темір тоосекке жіпсіз байланған. Кейде аяғы сырқырағанда жаны шығып кете жаздайды. Бірақ шыдамды жігіт сыр берер емес. Таң атса, кеш батуын күтеді. Кешкес қарай Әлиза келеді. Тамақ пісіріп өкеледі. Тап бір жас баладай-ақ қамқор болып, өкелгенін ішіп-жегізді. Алғашқы құндері асқа тәбеті шаптай жүрген. Кейінгі кезде үйреніп алды. Әлизаның қолдан пісірғен тағамдарын сүйсіне жейді. Оның құн қағып тогыққан жүзіне ұзак ойлана қарап жатуға Мәулен жалығар емес. Ол келгенше жігіт жүргегі алып-ұшып, тағатсыздана күтелі. Әуелде олар бір-бірін тосырқап қалған екен, сөздері қысқа, жүйесі табылмай жатушы еді. Қазір өнгімелері таусылмайтын боллы.

Әлиза да тұс ауа бастағаннан Мәуленгө жолыққанша тағат таптайды. Дүкеннен сатып алған тамактарымен қоса өзінің дайындағанын ала салып, уақыт болғанда ауруханаға жөнеледі. Күндеғіншे жиналғып-теріліп, енді шығайын деп жатқанда есіктің, алдына келіп тоқтаған манишының байқады. Терезеден қараса, өз көзіне өзі сенер емес – машиналдан Сайлау мен Сөүле түсіп жатыр. Үйден жүгіріп шыққан беті қатар келс жатқан екеуін бірдей құшпақтай алды. Беттерінен кезек-кезек сүйіп жатыр. Достарының іздеп келгенінше шыны көңілден риза болды. Онысыз да кокірек түбіне жиналған көп сырды кімге шертерін білмей жүрген. Олар салған беттен Дәулеттің жайын сұрацы.

- Дәулет коршінікіндес, қазір ауруханаға барып келген соң әкелем.

- Біз ауруханада жатқан Дәулет қой деп ойлаган едік. Аман болғаны жақсы болды ғой. Біреулер: “Дәулетті поезд қағып кетті”, - деп жеткізді ауылға. Сөнсөн әдейі білуге келгенбіз.

- Жоқ, бала аман. Оның есесіне Дәулетті құтқарам деп арыстай бір азамат жазым бола жаздады.

- Е, Дәулет аман болса болды ғой. Басқала шаруамыз қанша...

Жылдам сойлейтін Сөүле алды-арғына қарамай, ойланбай айта салғанын Әлизаның жақтырмай қалғанынан бір-ақ біліп, тілін тістей қойды.

Әлиза ауруханадан оралған соң қос құрбы тұнімен оңғіме шертісті. Сөүле кеткелі ешкімге сыр актара алмай, ішкүса болып жүрген Әлиза түк жасырған жоқ. Оз өміріндегі қыын-қыстау откелдердің бөрін айтты. Мәулен жайында да ештеңе бүгіп қалмады.

Сөүле де ауыл жаңалықтарын оңғімелеп берген. Әлизаның әке-шешесінің солемін де жеткізді. Ауруханада жатқан Дәулет деп ойлаған олар: “Бала тәуір болса екесін де алып қайтындар”, - деп тапсырған екен. Дәулет болса, шауып жүр. Бірақ сонда да Әлиза біраз күнсіз ауылға бара алмайтындығын айтты.

- Онда Доулетті ала кетейік. Атасы мен апасына барып, мауқын бассын.

- Жоқ. Оныз жалғыз мен калай жүрем. Озіммен бірге ала барамын ғой, - деп қарсылық білдірді.

Ертеңіне қын кезде кол ұшын беретін, жаңына демесу болатын осындай достарын Әлиза шын риза көңілімен шығарып салды.

Содан бері екі-үш күн откен. Ауруханадан оралған Әлизага есіктерінің алдында Толеудің келіншегі қарсы жолықты.

- Аман-есенбісің, Әлиза? Озінді бағанадан күтіп түрмyn. Қоң кешіктің ғой, - деп самбырлай сойлең үйтеп қоса кірді де, кішкене отырган соң сөз бастады.

Әлиза болса оның созіне не сенерін, не сенбесін білмей отырып қалды. Ертеңіне ауруханага барып, Мауланға жағдайды айтты да жолға шықты. Кездесе қалған машинаниң біріне отыра салған. Ойы қалага келіп, ауданға жүретін автобусқа отыру. Асыққан кезде одегі ғой — машинаниң жүрісі онбей қойған сияқты, шабан болып корінді.

Түнімен коз ілмей шыққан. Ойынан Сайлау мен Соүле кетпей қойды. Рудниктен кайтып бара жатқан жолда машиналарына қарсы келе жатқан машина келіп қақты-гықкан. Екеуі де жарапанып, ауруханага түсіпті. Мұны естіген Әлиза түнімен Доулеттің құшақтан жылады да: “Яныр-ау, не жазығымыз бар? Сені құтқарамын деп бір жігіттің жүре алмай жатқаны анау. Біздің жағдаймызды білуғе келген Сайлау мен Соүле — мынау. Рас па, отірік не? Мас болып согылысты дейтін Сайлау ішкен жок еді ғой”.

- Толеу қалага барып олтінде келді. Жолда кезіккен біреулер айтыпты. Біреуі ауыр жарапалы дейді, бірақ қайсысы екенін анық білмейді, - деген еді Толеудің келіншегі.

Достары келген күні Әлиза ауруханадан қайтып келе жатып жолшыбай бір жарты арақ ала келген.

Бірақ Сайлау:

- Қойғанмын, - деп ішкен жок.
- Қоңтепер бері іппей жүр, - деп Соүле де костап қойдышы.

Онысыз да көп сойлемейтін Сайлау екеуінің әнгімессіне араласкан жок. Үйықтан қалған. Құрбылар сыйырласын сойлесе бастады. Онысыз да сұрагалы отырган Әлизаның

көкейіндегісін дөп басып, Сөуле өзлерінің тұрмыстары жайлы әңгімеледі. Сайлаудың адамгершілігін, өзін силайтындығын, от басының күйбеніне де кейде қолғабыс жасай салатындығын ұзак әңгімеледі. Осы кезде оларға бір қызығушылық па, әлдеқандай бір сезім Әлизаның бойын шымыр еткізген.

Тап бір олардың бақыттың күндегендегі болғанына сілі қазір Әлиза өзін іштей кінелап келеді.

Аудан орталығына автобус тұс ауа жетті. Әлиза бірден ауруханаға тартқан. Ауруларға жолықтыратын уақыт өлі болмаса да, аурулардың көнілін сұрауға келген бірталай ауыл адамы жиналып қалыпты. Сәlima мен Қали да келіпті. Көнтөн көріснеғен олар Әлиза мениң Дәулетті орталарына алыш, шүйіркелесті де қалды. Әлиза болса Сайлау мен Сөуленің хал-жағдайын білуғе асықты. Ақыры мәнжайға да қанықты.

Олар ауылға таян қалғанда қарсы жолықдан машина жаны-нан өте берін, жүргізуші жақтан әлейі бұрыла келіп соққан. Абырой бөлғанда тас жолдың жайдақ жері екен. Машина оң жаққа қарай аунап түсіпті. Сайлаудың есік жақ, бір аяқ, бір қолы жарақаттаныпты. Сөуленің басы қатты соғылып, миы шайқал-ған.

- Сонша қастандық жасайтындей не көрінді екен?!
- Мастық қой. Әйтпесе не өні бар дейсін.

Әлизаның сұрағына Қали жауап берді.

- Озі қай жердікі екен?

Қали мұдіріп барып:

- Осы аудан басының адамы, - деді.
- Кім деген?

Қали үндемей қалды.

- Құрымбай, - деді біреу тон ішінен.

Әлизаның өні бұзылып кетті.

- Ах, жексүрүн! Өзі қайда қозір?!

- Тұрмеде. Милиция жауын қойыпты. Тергеу жүріп жатыр...

- Ақыры жететін жеріне жеткен екен...

Кеудесін ашу-ыза кернеғен Әлиза теріс қарай бұрылды. Іштей қатты қыстығыш, сыртқа шығаруга дәрмені жок, барлық кегі тамағына тығылды.

Екі-үш күн достарының жанында болып, рудникке қайта оралды. Мәулен бұл кезде балдакқа сүйеніп жүретін болған. Біраң күннен соң ол ауруханадан шықты.

Сайлау мен Сөүле де жазылған. Сайлау машинасымен тағы бір келіп қайтты.

Құрымбай сотіалын кетіпти.

\* \* \*

Теренозек жылжып қана агатын кішкесін өзек. Алтынбелден аса алыс смес. Ағыны қатты болмаса да кей жерлеріндегі құрық бойламайтын иірімдері бар. Жазлың ортасынан аса сұзы сарқылып, иірімдері бөлініп-болініп қалды. Осындаидай уақыттарда қөлшіктерді жағалап жүріп балалар қыл тұзақпен шортан үстайды.

Әлиза мен Мәулен қастарына Дәулетті ертіп өзен жағалап келе жатқан. Ұш-төрт бала шортан аулап жүр екен. Жілкө бір-екі балықты тізіп, шанышқан құрықтың басына іліп қойыпты.

Мына балықтарды Дәулет көре салып:

- Папа, папа! Балық үстап берші, - деп Мәуленді жеңінен тартып, сүйрей жөнелді.

Мәулен жауап орнына баланы асқандата бір-екі лақтырып, қағып алды да, мойнына мінгізіп, балықша бала-ларға қарай тұра жүгірді.

Тайрандан сылти баса жүгірген Мәуленге бір, оның басынан көс қолымен құшақтай үстап, мәз-мейрам болған Дәулетке бір қарап Әлиза орнында тұрып қалды. Сол сөтте жас ана іштей скеуінің жаасты ынтымағының мәңгілік болуын тілеін еді. Қуаныштан көзіне жас іркілді.

## САРЫАЛА ҚАМШЫ

Сабактан оралсам есік алдындағы көрмеде терге ма-лынған қаракер донен сұын түр екен. Алыстан келген жолаушы сияқты. Әйтненесе ауыл адамы бұлай ат сабылтып сүйт жүрмейді.

Балалық өуестігім үстап кетсе керек, портфелімді ауыз үйлегі пеш түбіне атып үрып, төргі бөлмеге оттім.

Төр алдына жайылған төрт қабат көрпе үстінде қос жастьққа жантайған, қара мұртты, қара торы кісі шешем құйған қою шайды соралтай ұрттап қойып, әңгіме шертіп отыр. Омырауына тағып алған өрдендері мен медальдары жарқ-жүрк етеді.

- Кел, Жарқынтай, - деді шешем мені көріп, - Балташ агаңа сәлем бер. Әкеңнің аудан орталығында тұратын құрдасы фой.

- Ассалаумагалейкүм...

- Ұағалейкүмәссалам, тілеуінді берсің, балам, - деп сөлемімді алып, жаңына отырғызды. - Ой, мынаның өзі әкесінің аузынан түскендей фой... Әкендей болсан өлмейсің.

Бас-аяғыма тессіле үзак қаралы. Сірә, риза болған адамның сыңайы сияқты. Бір кезде қара мұрттын ерекше бір мәнермен сипап қойып:

- Сен оның соғыста қандай ерлік көрсеткенін білесің бе? - деп сұралы.

Сұрауын сұрағанмен менің жауабымды құткен жок, қара мұрттың тағы бір сипап қойды да, көзі құлімдегі түсіп әңгімесін бастап кетті.

- Сенің әкен әкеуміз соғыста бірге болдық. Екеуміз екі полкта болғанымызбен жі кездесіп тұруши едік. Кез-лескен сайын бір-бірімізге көрген қынышылықтарымыз бен қызықтарымызды әңгіме етеміз. Бір күні елнілдеп-желпілдеп Зекең жетіп келді. Бір жаңалық болғанын сездім.

- Ио, Зекс, не болды? - дедім амандықтан сөң.

- Мен бір немісті ұстап алдым.

- Қалай?

- Шынымды айтсам оны ұстaugа көмектестім...

Кішкене ойланын алды да, Зекең әңгімесін заулата жөнел- ді.

- Гүрілдеген самолеттің даусын естіп қантаған қалың қол жаяу өскер аспанға қадала қалдық. Қарасақ, біздің бір бомбардировщик немістің истребителін аспанда сүйрек келеді. Анау бұлтың-бұлтың етіп, босана қашпақшы болады. Бірақ оған біздің самолет көнер емес. сол беті аэродромға қарай алыш өтті.

- Жарқынтай, шайыңды іш, - деп шешем стол басына шақырлы. - Әкеңнің құрдасы әлі талай әңгімелеге жарығады...

- Аэрором таяу жерде болатын. Не болғанын біліп келуді командир маган тапсырды, - деді сенің оқең. - Командирдің соғын екі етуге болмайды, жүгіріп жонелішті. Сойтсе, арнаулы тапсырмадан оралып келе жатқан самолет екен. Немістің бір истребителі кезіге кетеді. Ойқастап екі жағына кезек шығады. Әбден ашуын келтіріпти. Атын тұсірейін дейді де, оқ шығарғышы келмейді. Тіл алу үшін тірдей апарғышы келіп, жан-жағына қараса – отырғышының қанжығасында байлаулы түрган қыл арқан көзінсі шалына кетеді. Дереу шешін ала салып, үшін тұзақтайда да, асауга бұғалак салған жылқышыларша тақай берген бір сөтіндес ііріп келіп, салады мойнына.

- Яныр-ау, самолетті де бұғалактайды екен гой, - деп шешем маган таңдана қарады.

Мұндайды бұрын естімеген басым не сенерімді, не сенбесімді білмеймін.

- Эринс, бұғалактайды, - деп қойды өкемнің құрдасы.

– Содан “Ұшқыштың әңгімесін сол күйі бір орнін өзгертпей командирге айтып келдім. Тапсырманы бұлжытпай орындағаныма риза болған командиріміз маган сол үшін бір сотке үйқтауға рұқсат берді”, - деді гой сенің оқең рақаттана онғимелеп.

Шынында да ана үшқыштың ерлігі гажап екен. Өмірі “арқанмен самолет ұстап оқелді” дегенді естімеген басым, қонақтың оңғімесіне елітіп, аузымды ашып, қараппын да қалыптын.

- Экенің мұндай әңгімессін естіп пе едің?

Мен басымды шайқадым.

- Ендеше тағы бірін айтайын, берірек отыр.

- Балам-ау, шайынды інссейші. Бұл айта береді. Екі ауыз соғын басын орен құрап сойлейтін сенің оқең оңғіме айтушы ма еді. Тек “бар” мен “жоқ” дегеннен басқа сұраған созге жауап та бермейді, - деп шешем алдыма қарай кесемді таяп қойды. Суып қалған шайды жұта салдым.

Шешем ыдыс-аякты жинауга кірісті. Қонақ екеуміз сыртқа шықтық. Суып, тері кепкен қара кер тыныршып түр екен.

- Е, отқа қоятын уақыт болған екен. Әуелі мұны суарып, терін үгіту керек.

Әкемнің досы маған қарап қойып, атымен сөйлесіп жүр. "Суару керек" дегенді естігендे делебем қозып кетті. Үйге келген қонақтың атын суаруға бұлаққа апарғанда жолшыбай шоқытып алатыным бар. Бірақ үйдің сыртындағы доң астында жарты шақырымдай жер.

Дөн асқан соң бұрынғы әдettіммен біраз шоқытын алдым да, бұлаққа қарай бст түзедім. Қаракердің басы қатты екен. Әлгінде қамшымды ердің ердің қасына қыстырып қойған едім, бұлақтың басына келгенде қарасам — жок. Бір жерде түсіп қалыпты. Атты суға қандырган соң, қайтарда жолшыбай жүрген ізімді тағы қарадым. Қалың көденің арасынан қамшы табыла ма? Оның үстіне күздің қыскы құні қырқадан асып, қас қарай бастады. Басым салбырап үйге келдім.

Әкем де жұмыстан оралыпты. Қамшының жоғалғаны жайлы айтайын дедім дс, ол ойыннан тез қайттым. Жұмыстан шаршап жүрген әкемнің манцайының қыртысы жазылып, көңілді отырганын көптен бері көргенім осы. Ренжіткім келмеді. Ақырын басып түпкі бөлмеге қарай өтіп кеттім.

- Біздің азаматымыз — осы, - деді мені байқап қалған әкем.

- Иә, балаң азамат болып қалған екен. Қонақтың атын жайғауға жарапты. Жаңа суатқа әкстіп еді...

- Балам, ағаның атын дұрыстап жайладың ба?

- Ио, әке. Суарып келіп, жемгс қойдым. Біраздан соң шөпке байлаймын.

- Ой, рахмет, балам.

Әкемнің құрдасы риңа болып қалды.

Тұнкі бөлмеде сабағыма өзірленіп отырып, екеуінің әңгімессіне құлақ түріп қоямын.

- Балалар болса ер жетіп келеді. Баяғы уәдеңді ұмыткан жоқсың ба? — Бұл әкемнің даусы.

- Неге ұмытайын, - деді қонақ. — Ұмытқамын жок. Сүйек болудан сен қашпасаң, мен қашпаймын...

Олардың не түснілдап отырганын мен онша түсіне қойғам жок. Дегенмен сөздері құлагыма жылы тиседі.

Атты отқа қойып, қайтып оралсам — қонаққа табак тартылған. Әкемнің қолында бір жарты арак, стаканға

құямын дейді, оған қонақ қолымен көлегейлеп, құйғызы-  
байды.

- Құйма деймін, Зекен. Ішпеймін дедім той. Көп бол-  
лы қойғанмын. Аурыңқырап жүрмін...

- Мынаны қара - “аракты қойдым” дейді. Бұрын  
бөшкелеп іштетін.

- Кезінде ішкенім рас. Қазір аурып жүрмін. Денсау-  
лық келмейді. Денемдегі жарықшақ күн сайын мазамды  
алады.

- Иә, солай соқ. Сенің де көрсетпеген қызығың жоқ  
еді той... - Енді өкем әңгімелеге кіресті. - Бірде аудан орта-  
лығына барғанмын. Соқпай кетсем өқпелейді той деп  
Балтекеңнің үйіне бұрылғам. Үйді айнала бергенде астым-  
дағы атым осқырып, жүрмей қойды. Қарасам - Балта-  
шым шешініп тастаған, шұңқырлау жерге жиналған жау-  
ынның сүйесін жатып алып, жүзіп жүрген адамдай екі қолын  
құлаштап кеп сермейді. Үсті-басы шалшық-шалшық.

- Иә, солай соқ, - дейді қонақ.

- Неменс, өтірік пе? Содан “Жәміш, Жәміш!” - деп  
бар даусымен бақырады. Атымды байлай салып, жанына  
келдім. Осы кездес үйден шыққан Жәміш те жетті жүгіріп.  
“Көрдің бе, қатын! Баянда біз Днепрді осылай жүзін отін,  
немістерді құғанбыз дүркіретіп”, - деп келіп құлаштагайды.  
Жәміш екеуміз екі жақтап жерден көтеріп алсак - қып-  
қызыл мас. Екеулем үйге зорға кіргіздік. Енді, міне, түк  
көрмегендей болып отыр.

- Қайдағыны соға береді екенсің сен де.

Әңгімелеге шешем араласты.

- Койсаңшы, Зекен, біреулер естіп қалса, әңгіме ғып  
таратып өкетіп жүрер. Ішпейін деп отырмын ба. Айттым  
той - аурып жүрмін.

- Ө, қорқасың той, солай ма? Ендеши ауызбастырық  
бер. Әйтпесе бүкіл елге жаям.

- Берем, дедім той енді. Берем...

- Бергенің сол болсын - мына қалған аракты екеуміз  
бөліп ішеміз.

- Түүү, сен де болмайды екенсін.

Екеуі түннің біраң уағына дейін әңгімелессіп отырды-  
ау деймін. Мен үйықтап қалыптын. Таңертен өкем ояты.

- Жарқын, қонақтың қамшысын көрдің бе?
- Жок, - дедім үйқылы-ояу дауыспен біраз ұнсіз жатын.

Үйқым шайдай анылыш кетті. “Ұят болды-ау!” Ұяттан бұрын білін қойса, әкемнің ашуы қатты. “Коп сойлемейтін адам мойыс болады” дейді шешем. Ашулы кезде қолына түссесем таяқтан тастайды.

- Ей, мұнда келни.

Бұл шешемді шақырғаны. Мен болсам үйықтаған болып тым-тырыс жатырмын. Есік анылды.

- Мынаның тым-тырыс жатысын кордің бе? Балташтың қамшысы жок. Кеше атын суаруга апарғанда осы “сабаз” жоғалтып келген болу керек.

Менің арқам шымыр етеге түсті.

- Өзінен сұрадың ба?

- Сұрадым. “Көргем жок” дейді.

- Ол ұстаса білер еді ғой. Жатқан шығар бір жерде, жақсылан қара.

- Қарамағанда, ай бағып жұр деп пе едің. Көкке ұшып кетпесе, бұл үйдің маңайында жок. Қап!.. Ұят болды-ау...

- Зеке, - деді шешем, - сандықтағы жаңа қамшыны берсөң қайтеді. Әйтпесе, ана созшең құрдасың тағы да бірдене деп әңгіме шығарып жүрер.

- Берейік, - деп әкем келісе кетті, кішкенеден соң.

Менің ішім удай аныңды. Ана жылы мына корші ауылдағы бір шеберге жасатып өкелген жаз ораған, тобылғы сапты, сегіз орім сарыала қамшы көз алдыма келді. “Кейін есейгенде ұстайсың” деп сандыққа салып қойған.

Жылдам киінс салып сыртқа шықтым.

Әкемнің құрдасы қамшыны ұстап жезіп сипап біраз түрді.

- Эй, Зеке-ай, несіне әуре болдың. Мені сізді атқа қанша мінеді дейсің, Балаңа ариған шығарсың - өзі ұстасын. Қамшы ұстайтын қызметкөр болуға жазсын...

Балташ ағай бәрімізбен қол алысып, қош айтысып, аттанып кетті. Сарыала қамшыны айналдырып біраз қарап түрган әкем:

- Мұнша мойымаушы еді, жеңілген екен, - деп күрсіне бір дем алды да: - Мә, орынна салып қой, - деп қамшыны

шішшемс беріп, құрдасы кеткен жаққа көз салып тұрып қалды...

Жоғалған қамшыны жазғытүрм қой қайырып келс жатып озім тауып алдым. Әлі де қыры кетіп, жер тесіле қоймаган кез. Сонда да осы өлкеден откенде маңайға көз сала жүретінмін. Қары жүқарған бір дөңестеу жерде жатыр екен. Тұлкі сыртқа қазып шығарып, қайысын шайнап тастапты. Сірсу болып қалған қайысына сүт бүркіп, жібіттім де, ешкімге корсетпей жақсыладап үкалат, әкемнен көргенімдей скі асықтың арабына салып ықыладым. Шайналған орім аздан қалпына келгендей болды. “Әкемнің өзі тауп алып, мәнің жоғалтағанымды білсін” деп әдейі апарып, қораның бір қалтарыс бұрышына тастай салдым.

Содан бір айдай уақыт откен соң шығар деймін, қамшыны әкем “тауып алды”.

- Мынау Балташтың қамшысы гой деймін, қорада бұрышта жатыр, - деп шішшеме корсетті. – Осы жерді сан рет караган едік, корменіз гой. Озінің тобылғысы одемі екен. Орімін ит шайнап тастапты. – Колына үстан тұрып үзак қарады. – Кезінде одемі қамшы болған сиякты. Ер қаруның бірі гой... Яныр-ау, өзін ит шайнаған соң үкаланты, бірақ сырты тап-таза. Сол поле қойнына тығып әкеп тастап кеткеннен сау ма? Эйтиссе, сонау алпыс шақырым жер жүргенде аттың терінс тиер елі гой...

Мен әкемнің байқампаздығына таң қалдым.

Содан ол құрдасының қамшысын “Кейін бір барғанда өзім апарып берем” деп тығып қойған. Бірақ оны апарып бере алмады. “Ауданға әнс барам, мінс барам” деп жүргенде “Балташ қайтыс болыпты” деген сұық хабар келді. Әкемнің сол күні қалай құйзелгенді өлі есімнен кетпейді. Құрдасының қазасы жанына қатты батты.

Қамины біздің үйде қалып қойды. Әкем әдейі апарып бермей, “Балтакенің көзі гой” деп қалірлеп, бір жаққа шықканда гана озі үстап жүрді.

\* \* \*

Аулымыздагы мектеп ол кезде жеті жылдық болғандықтан, окуымлы әрі қарай аудан орталығында жалғас-

тырдым. Әкемнің өзі оқеліп интернатқа орналастырды. Кетеріндегі құрдастының үйін көрсетті. Жәміш апаймен, ол кісінің балаларымен таныстырыды.

- Қолың босаған кезде келіп, отын жаруға, су тасуға көмектесіп жүр, - деп тансырды.

Жәміш апай да ақжарқын, бауырмал кісі екен:

- Келіп түр, қарағым. Бізді жатырқама. “Әкесі құрдастың – баласы құрдаст” деген. Оның үстіне Сабыржан екеуің бір жылы туған төлсіндер ғой, олі-ак, үйренісін, дос бөліп кетесіндер. Бағила да өзіңің туған қарындастыңда болады, - деп елжірей сөйледі.

Кейде қолым бос кезде келіп тұратын болдым. Сабыржан мен Бағила да қатты қуанады. Шешелері де бар дәмді асын алдыма тосады. Тамакқа тойын алған соң, аткөпір етіп ағашты мөл жарып, Сабыржан екеуміз қоралың бір бұрышына үйін тастаймыз да, Бағиланы ертіп не шаңғы, не коньки тебуге кетеміз. Қайта оралғанда Жәміш апай:

- Түүһ, дымдарың қалманты ғой. Әбден тоңған шығарсындар. Тезірек шешініп жылышындар, - деп алдымыздан қарсы алып, құрақ үшады.

Мен интернатта бірак жыл жаттым. Келесі жылы Сабыр-жан мен Бағила, шешесі үшеуі жібермей койды. Оған менің әкем мен шешем де қарсы болған жок. Сейтіп, мен бұл семьяның бір мүшесі болын кеттім. Сабыржан екеуміз бір класта оқимыз. Мектепке де бірге барып, бірге келеміз. Бәрі ойындан басталады. “Әкесі құрдастың – баласы құрдаст” деп біз де өзімізше “құрлас” – болып ойнаймыз. Дегенмен “ит те бір, бала да бір” деген ғой. Мен өзіміздің семьяда жасым үлкен, бұрын өктемдік жүргізіп қалғанмын Сабыржан мен Бағила да соны жасагым келеді. Бірақ оған олар көне ме? Кейде “ырылдастып” қалатын кезіміз де болады. Бір қызығы мұндауда Бағила мен жақ болын шыға келеді. Мұның өзі Сабыржаның ығасына әбден тиетін де, амалы таусылған соң мысы құрып:

- Шөңке, шөңке – деп мені мазақ ете бастайды.

- Айта бер, - деймін мен шімірікпестен, - оны шығарып жүрген сенің әкен ғой. Әйтпесе, менің әкем шөңке киетін шошақай емес.

Әуелде “Шөңке” немесе “Шоңке киғен” деп оқеме тиіспін мазақ еткендес қызының, жұлдырығымды түйе бастаймын. Кеңішін үйреніп алдым. Маган бұл әңгімені Сабыржанның әкесі ауылға келгенде озі айтқан. Бұл мениң Балташ ағайдан оқем туралы естіген екінші әңгімем еді. Ол кезде шын екен деп сенгенмін де. Айтқанда нандырыны, жынысын езу тартиастан былай деп айттын берген:

- Зекең екеуміз соғыста бірге болғанымызбен, бір-біріміздің қалай соғысканымызды корғеміз жок. Сондыктан да оның нәмістерді қалай қырганын білмеймін. Елдің айтуына қараша бірағының желкесін үзген сияқты. Бірак Зекең мактанданды жек коретін кісі той. Озінің жеке ерлігі жайлыш коп айта бермейді. Тек соғыстан кейін біраз жылдар бойы оз козімен корген оқигаларын енгізеп әңгімелеп жүрді.

Екеуміздің соғыстап жаңа оралған кезіміз. Бір аксақалдың үйге дөмге шақырган екен. Эскерден келген адамды бір үй шақырса – бүкіл ауыл сонда жиналатын кез той. Келсем халық коп жиналыш қалынты. Келдім де тор алдындағы шымылдық құрган төсекке арқамды сүйен отыра кеттім. Бір кезде дүбірлестіп Зекең келді. Коп адамның оргасында отырган мені байқаған жок. Келе кіресті әңгімеге. Мен отырганда еркінсінен сойлемейтін ол не әңгімелерді соғып жатыр.

Әңгіме каскага ауысты. Каскамыз қандай екенин түсіндірмек болып, сол үйдің келініне ашыған көже құюлы тұрган шоңкесін босаттырып, басына киіп алды.

- Міне, каска дегеніміз – осы. Мұны киғен солдатты ешқандай жаудың оғы алмайды. Автоматтың оғын былай койғанда снарядты да сан рет қағып түсіргенбіз мұнымен. Ыскырып келіп қалған снаряд каскага тиіп шырылдан кейін үшаады. Ал, снарядтың ауырлығы сондай – егер тобене дәл түссе – екі аяғың тізене дейін қара жерге кіріп кетеді, - дейді Зекен.

Кемиірлер ауыздарын бір-екі сылп еткізеді. Шалдар жагы “Япыр-ай, ә?!” таңданып қозғалысып қалады.

Мына қызық әңгімеге қалай құліп жібергенімді өзімде андамай қалыптын. Сол кезде мені байқап қалған Зекең:

- Напбасандар мына Балташ айтсын, - дейді қызарактап, шоңкені келініне кайта беріп жатып.

- Зекенниң айтып отырганы рас, - дедім мен. Енді қайтейін, досымның отірігін қашанғы шыгара берейін.  
— Соғыста бөрі болады. Неше түрлі оқиға кездесе береді.

Менің қолнаштағаным жаңына жаққан Зекең өнгімесін бұрынғысынан да молайта түседі...

Сабыржан да осы өнгімені естіген гой.

- Ио, сок, әкециң шыгарған өнгімессімен қиратып аларың мені, - деп сабагыма кірісем.

Ол біраз:

- Шөңке, шөңке, - деп жүреді де, жаңыма келіп отырып сабак дайындауга кіріседі. Кішкенеден сон-ақ барлығы ұмыт болады. Дегенмен біз есейіп қалған едік. Нениң жаман, иенің жақсы екенін айшратып жасқа келдік.

Онының класты бітіретін жылдың коктемі. Элде қалай танертең мектепке барада бір кітап іздеп, асығын жүріп, Багиланың болmessіне кірдім. Багила оң жақтағы тосекте теріс қарап, түк сезбестен үйыктап жатыр. Дем алған дыбысы ғана сезілді. Жамылған корпесі томенірек ысырылышы, аниак иші мен аниак арқасы көрінеді. Мына корніс бұрын басымнан кешнеген бір күйге түсірді. Болменеге неге кіргенімді ұмытып, тезірек шыгуға тырыстым. Багила жаққа қарай берім де келеді, бірақ үрлых қылған адам сияқты іштей өзімнен өзім қуыстанып, есікке қарай жылжыдым. Содан бірнеше күн бойы Багиланың бетіне тіктеп қарай алғам жок.

Комелеттік аттестат алған күні мектепте болған соңғы кешікке Сабыржан ексүміз мамасы мен Багиланы қоса ертіп келдік. Салтанатты можілістен соң мамасы үйге қайтып кетті де, Багила бізben бірге қалды. Бұл кезде ол серізінші класты бітірген еді. Бірақ біз оны олі де кішісінегінбіз. Әсіресе, Сабыржан үлкендік көрсетіп, оқтемдік жүргізуге жаңы құмар. Мамасымен бірге оны үйге кайтаруға тырысты. Оған Багила:

- Жоқ, сендермен біраз болайын, содан соң қайтамын гой, - деп конбей қойды.

- Қап, - деп кіжінді Сабыржан, тек маган ғана естірте.

— Мынаның істеп тұрганын-ай! Енді бөрін мамама жеткізеді...

Оның нені меңжегенін түсіндім. Көрші кластағы Айжан дейтін аққұба келген өдемі қызды жағалатып жүретін. Сол құпиясы ашылыш қала ма деп қауіптенгендері.

Би басталып кеткен кезде Бағила екеуміз қалдық. Біздің жанымызда тұрган Сабыржан жоқ болып кетті. Мен оның қайда кеткенін іштей сезіп тұрмын.

Би алаңы қөбелектей қалықтап, вальс ырғагымен доңғелене билеген қыздар мен жігіттерге толып кетті. Менің де билегім келді. Бірақ Бағиланы жеке тастан кету үят сиякты. Сондықтан мен одан кешірім сұрап, бір-екі рет кластас қыздар-ды биге шақырдым. Бәріміз қоңілдіміз. Вальстін жеңіл ырғагы қолтығымыздан дем бергендей, аяғымыз аяғымызға жұқпай, бірмізбен біріміз жарыса шыркөбелек айналамыз. Биыл қыста би үйреңгеніміз мұндай жақсы болар ма?!

Орыс тілінен беретін мұғаліміміз Ләйлә Мұқанқызы:

- Ұлдар, ертең мектепті бітірген соң студент боласыңдар. Сол кезде билей алмай қыздардың аяғын басып кетіп, үятқа қалып жүрмендер, - деген анда-санда қалжында п қоятын. Сол кісінің сезінің әсерімен біраз би түрін тәп тәуір менгөргенбіз.

Билеп жүріп маңайыма көз салып қоямын.

Барлығының жүзі жаз күніндей жайдары. Сабыржан да келіпті. Мәз болып, билеп жүрген қызының құлағына әлде не сыйырлап қояды. Мен қарасам көзін қысалды.

Би аяқталған соң мен оз орныма келіп отырдым.

- Коңілсіз сияктысың гой, Бағила, - дедім кішкенеден соң, үнсіздікті бұзғым кеп. Ол маган қарай бұрылып:

- Ешкім мені биге шақырмаса қайтейін, - деді.

Мен мұндай жауап күтпеген едім. Ол билей алады деп ойлагам да жок.

- Жүр онда, екеуміз билейік, - дедім сенімсіз тұрмсын.

Бағиланың бетіне қан жүгіріп, басын изең, келіскендей белгі берді.

Музыка шалқып ойнаған кезде басқалармен қоса Бағила ексуміз де ортаға шықтық. Әуелде: “Билей алар ма екен?” деп ойлап, ақырын байқастап едім. Ол ойым бекер болды.

Шыркөбелек айнала жөнелгенде Бағиланың кібіртіксіз билейтінін байқадым. Бидің ырғагымен басын екі жакқа

осем монермен сілке бұрып қояды. Жанарын төңкере қаралғаны қандай осем.

- Биді қашан үйреніп алғансын, Багила?
- Биыл қыста үйренигенбіз, - деп жымилы ол.
- Мектенте үйрендіңдер ме?
- Жоқ.
- Енді қайда?
- Ол – айтуға болмайтын қүния.

Екеумізден басқа жан бұл маңайда жоқ сияқты бар назарым құшагымдагы қызда. Жұп-жұмсақ саусақтарын алақаныма қыса үстап, ыргала билеп жүрміз. Багила да бауырыма тығыла түскендей. Соны ойлауды мүң екен жүргегім дүрсілдей жөнелді де, мөнім кете бастады. Бидің ыргағынан да шатысып қалдым. Аяғым ағаш сияқты серейін, ырқыма зорға көнеді. Белінен үстеган қолым да карысын, жаңы кетіп қалғандай. Әншіейінде тез-ақ бітіп қалатын мұзыка да үзаққа созылған сияқтанды. Би аяқталғанда менің маңдайымнан аққан тер көзіме құйыла бастап еді. Қызды орнына дейін үзаттай-ақ сол жерде тұрып қалдым да:

- Мен далага, таза ауаға шығып келейінші, ыстықтап кеттім, - дедім де, жауабын күтпестен бұрылып жүре бердім.

- Дала қандай рахат!

Аздан қара көлеңке түсе бастапты. Тап-таза кешкі са-  
мал баяу еседі. Рахаттана дем алып, терімді сүрте бастағам,  
сыртқы есік ашылды. Багила екен.

- Неге шықтың? - деп сұралым.
- Үйге қайтатын уақыт болды. Мамам ренжіп жүрер...
- Багиланы шығарып салып, өзен жаққа барып, қызыр-  
гым келді.
- Өзім қайта берем, сен достарыңмен бол...
- Жоқ. Қалай екенін білмеймін, қазір бір сөт өзен жаққа  
барып, оңаша армандағым келіп тұр, - деп шынымды айт-  
тым.

Багила қуанып кетті.

- А, онда менде барайын. Сенің қалай армандаиты-  
ныңды көрсейін.

Мен оған қарсы келе алмадым.

Екеуміз қол ұстасып, өзен жағалап ұзақ жүрдік. Шар табақтай болып шығыстан ай котеріллі. Бір биқ жарқабақтан қарап тұрмыз. Төменде жылжыи ағып өзен жатыр. Сылдыраған даусы естіледі. Поселке көшелерінің жарығы самалдай жарқырап тұр. Біздің мектептің де жарығы түні бойы бір сөнген жоқ.

Есіктің күршегін сыммен ашып, ештеп кіріп, жатып қалдық. Сабыржан олі жоқ. Ол таңертен үйдің іші жапжарық болғанда бірақ келді.

- Сен қайда кетіп қалдың? Біз іздел таба алмадық. Бір рет үйге де келіп кеттім. Сен жоқсың. Кеш сондай көңілді өтті, - ден шешініп жатып сойлеп жүр. – Ой қандай қызықтар болғанын білсең гой...

Көзімді ашып едім, ол көрпесін жөндөн жамылып жатыр екен. Менің қараганымды көріп, көзін қысты. Жүзі үйықтамаган адамдай емес, қөс жанары үшқын шашып, “менен бақытты жан жоқ” дег тұрғандай.

Бүгінгі түннің қызығы мен қуанышы оның есінде мәңгі қалатынын сезіп жатырмын. Бірақ бұл түннің менің де есімде ұмытылмастай үлкен із қалдырган түн екенінен ол өзір хабарсыз еді.

\* \* \*

Айжанды Сабыржан қатты ұнататын. Онымен қалайда бір жеке сөйлесудің реті түспей жүргенің анда-санда айтып қоятын. Бірақ оның орайы сан рет келгенімен де, біздің жігіт не айтарын, сөзді нeden бастарын білмесе керек. Биыл көп айтып кетті. Кейде үйықтамай ұзақ отыратын. Әлденелер жазады. Мен не жазғанын сұрасам:

- Жәй, ештеңе емес, - дей салады.

Артынша көп уақыт өтпей-ақ дөптерін алып келіп, әлгі жазғандарын маған оқып бораді. Жазатыны ылғи маҳабbat туралы өлеңдер. Байқай отырсам – бірінші жазғанынан келесісі тәуір, әжентөуір машықтанып қалған сияқты.

Әуелде:

- Мынауың өлең емес, бауырым, - дег тыңдағым келмесе де, қонілін жықпас үшін зорлықпен құлағымды са-

лушки едім. Кейінгі жазғандары біршама жатық. Дегенмен де орайы келсін келмесін “сүйемін”, “күйемін” деген үйқастарды жилеметіп жібереді. Онысын өзіне айтсам:

- Сен де қызық екесің. “Сүйемін” мән “күйеміні” жоқ болса, маҳаббат лирикасы бола ма екен? – деп дауласа кетеді.

Өзі өлең окуға да машиқтанып алды. Тамағын кенеп қойып, мәнерін келтіре оқиды. Екі беті албырап, жанары үшкын шалып, өлеңнің ырғағына беріле түседі. Кейде осылай өз өлеңіне өзі слітіп, беріле оқып отырганда болмғе Бағила кіріп келгенін байқамай да қалып жүрді. Ол болса мұның өлеңнің естіген жолдарын қайталап, қоймай айтп мазақ етеді. Ақыры екеуі “шекісін” барып тынады.

- Біздің “акын”, - деп мазақ етеді Бағила.

Сабыржан болса алғашқыда оған намыстанып жүрді. Кейіннен үйреніп алды.

- Немене ақын болса несі бар. Боламын, - дейді қайсар-ланып.

Бағила ағасының өленді кімге шығарып жүргенін білмейтін. Ол біліп қойса – бүкіл “құпия” әшкере болады деген сөз. Сондықтан мен дә жақ ашпаймын, Сабыржанның өзі де мені оңашада “ешкімге сездірме” деп таптағап қояды.

“Ойлағанда сәулемді,

От боп жанар жүрегім.

Кернеп жалын кеудемді,

Өзім өбден жүдедім”, - деген сияқты маҳаббат лирикалары таңдайымды қақтыратын. Ондай өлендерлің көпшілігі өлі күнге дейін есімдс.

Айжанмен онының класта оқып жүргенде ойда жоқта таныстым. Сол кезде екі қабатты орта мектеп дүниеде мұнан биік мектеп жоқ сияқты болып көрінуші еді. Кіре берісте екінші қабатқа котерілетін баспалдақ орналасқан. Сол баспалдақтың таяныш шарбагының үстіне салынған көлбеу ағаштың бойымен балалар сырғанарап ойнайды. Келген жылы мен де таңсық кіріп осыдан сырғанаймын деп сан рет соз естігем. Мектептегі қарт мұғалімдердің бірі Сапар ағай бір күні байқап қалды да:

- Ей, жарғақ құлақ! Анау қалқиған жарғағынды түп тамырымен жұлып алайын ба? – деп жаныма жетіп келді.

Бетіне қарасам – тарам-тарам жол түскен әжімді жүзі күреңітіп, когілдір козі ежірейіп кеткен екен. Соғыстан жарапаның келген бұл кісінің ашуы қатты дең естімін. Рас екенине көзім жетті.

Сегізінші оқитын сен түгілі бірінші кластың баласы да мектептің ішінде алысып ойнамайды. Бар! Екінші мұндаійыңды көрмейтін болайын...

- Кешіріңіз... – дедім міңгірлең.

Сашар ағай бізге сабак жүргізбейтін. Соған қарамастан мениң нешиші класта оқитыныма дейін біліп тұр. Келер жылы ол кісі “Дарвинизм негіздерінен” сабак жүргізді. Кейде үй тапсырмасын пысықтағанда:

- Қане, сырғанақшы бала, сен айтын жіберші, - деп мені орныман тұргызытын. Бір жыл отсе де сол оқиганы үмыттай копке дейін мені “Сырғанақшы бала” деп атап жүрді.

Онынши класс оқып жүргендес тағы да аңсарым ауыш кетсе керек – баспаңдақтан түсे бере колбеу ағашқа отыра кетіп, сырғанай жонелдім. Осы кезде қарсы есіктен шыға келген екі қыздың бірін екініммен қақтым да кеттім. Ана қыз жығыла жаздалды. Оны жанындағы құрбысы сүйен қалды.

- Тәртіңсі! ... Мұғалімге айтамыз... – деп екеуі бірдей қосарлана шу ете түсті.

- Ештеңе етпес, - дедім мен тайсалмай жығыла жаздаған акқұба қызга, - бір жерін сынып қалған жоқ шығар...

Улken іс тындырган адамдай маңгазданып, бұрыла бергенімін, сол-ақ екен өлтір екі қыз шек-сілесі қатқанша күлсін-ай дерсің.

- Ей, деңдерің сау ма? – деймін ызаланып, - Неменеге жетісіп күліп тұрсындар?!

Қыздар онан сайын құледі.

Бұдан орі олармен тожікелесіп тұрғым келмеді де, өз жөніме кеттім.

Класқа кіре бергенімде Сабыржан тоқтатты.

- Мынау не? Тура қасқыр тартқандай...

- Нені айтасың?

Ол менің жамбасымды корсетті. Жаңағы екі қыздың алдында масқара болғанымды сол кезде барып түсіндім.

Оларды қатырдым деп тұрганымда олар мені қатырыпты. Он жақ жамбасымды өлгінде баспаңдақ ағашының жаңқасы ма, әлде шегесі мә, бірдене іліп кетіпті. Оны ба йқамаған екем. Екі қыздың неге құлғені сонда гана белгілі болды.

Класка кірдім де пальтомды киіп алдым. Екі сабак бойы солай киімшеш отырдым. Мұғалімдер сұраса:

- Ауырып отырмын, - деймін.
- Ауырсаң үйге қайта гой, - деп рұқсат береді олар.

Бірақ өзімнің қайтқым жок. Ойткені қазір Багила үйде. Ол түстен кейін оқыды. Келе салып пальтомды шешікенімді көріп қалуы мүмкін гой. “Одан да Багила сабакқа кеткен соң бірақ барайын” деп ойладым мен.

Кейбір әзілкеш қулар:

- Ол оқ тиіп жараланып қалыпты, - деп жымындастырым кояды.

Сабактан шықкан соң асықтай аяңдаған, бүкіл магазин атауларының түгел аралап шықтым да, Багиланың мектепке кететін мезгілі болғанда үйге келдім. Бір қызығы – сол күні ол ауырып сабакқа бармай қалыпты. Аброй болғанда болмесінен шықкан жок.

... Сол жылдың көктемі. Май мерекесінің қарсаны еді. Кездескен бір машинаға мініп, ауылга барып қайтпақ болғанмын. Құн шайдай ашық, аспанда бір түйір бұлт жок. Бірақ соган қарамастан кешеден бері жауган жаңбыр жерді езіп, лайсан етіп жібергендейдіктен енді гана дегди бастаган. Дала жолы сондай ауыр. Біз мінгел машинада кейбір ойшүңкышдан ыңғыранып зорға отеді.

Бір қырқадан аса бере озектен өте алмай батпақтан қалған бір машина түр екен. “Соқырлың тілтегені – скі козі” дегендегі біздің қырқаға котерілгеніміз сол еді, олғы машинаның жүргізуіні болуы керек, бір шикіл сары қарсы шықты.

- Ағатай, ай далада қалдық. Бір амалын жаса, - деп жылман-жылман етеді.

- Байқап жүрмейсің. Әуелі мұндай жерді коріп алғын, сонан соң барып өту керек қой, - деп біз мінгел машинаның жүргізуінің ақыл айтқан болады. Оны тыңдаш жүрген анау жок, машинаның үстіне шығып, болат арқан түсірді.

- Агатай, ептен демен жіберсөң, өзі-ақ шықалы түр.

Біздің жұргізуші ананың машинасын байқап көрді де басын шайқады.

- Сау бол, сар жапалағым. Мынау бүтін шығатын машина емес... Дегенмен байқап көрейік.

Машинаның үстінде отырған мен де байқадым өз бетімен шығарамын деген үміті болса керек, дөңгелегін бос айналдыра бергенідіктен астын қазын-қазын, бел ортасына дейін балшыққа кірген. “Сірә, трактормен сүйремесе болмас” деп ойладым.

Ойлағанымдай-ақ артынан таяп келіп, кейін қарай сүйреп шығармак болған өрекестімізден ештеңе шықиады. Машинаның дөңгелектері жерді онан сайын қазып кіре түсіпті. Бүйте берсе өзіміздің машина батпақтап қалатын түрі бар Алдыңы жағынан келіп сүйреуге мүмкіндік жок - жалпақ озек.

- Болмайды, - деді біздің жұргізушіміз, - менің машинамың шамасы келмейді.

- Агатай... - деп анау бірдене айтып келе жатыр еді, біздің жұргізуші тынып тастады:

- Болды снди! ... Сенімен ыржындастын тұра беруге уақыттым жок. Жолға қараудың орнына апалақтап жаңын-дағы келіншек пен қызға қарадың ғой қандай. Жат солай! Өз обалың өзіне! Біз кеттік...

- Тұра берігенмен бола ма, кеткеніміз дұрыс. Күн болса кешкіріп барады, - десіп жатыр біздің машинаның кабинасында отырған екі кісі де.

Карайламайтынымызды білген соң батнақтаған машинаның кабинасында отырған екеудің бірі бізге қарай жүгірді. Оң жақ бетінің ұшында қаш-қара мені бар акқұба келген одемі келіншек екен.

- Ана жылындақ бізді далада қалдырады, ала кетіңіздер. Жолдан түсіп қаламыз...

- Отырындар, - деген бүйрүқ естіллі кабинадан.

- Бұлар осылай жармаспаса жүре алмайды, - деп күнкілдеді біреу.

Кейін жүгірген келіншек:

- Айкежан, заттарды шығар. Мына машинамен кете берейік, - ден дауыстады

Буыншақ-түйіншектерін көтеріп қыз бен келіншек келе жатыр. Үстіндес қолдан тігілген қара барқыт құрғешесі бар, қызылала орамалын тамағының астынан тарта байлаған қызға қараң тұрып қалдым. Одан бұрын жеткен келіншек қолындағы жүктөрін машинаның үстіндегі маған ұсына беріп:

- Қарағым, мыналарды алын жіберші, аузыңы ашып, аңқып тұра бермей, - дед тисе сөйледі.

Оны тыңдалап жатқан мен жоқ, көзім ана қызда. Түрі ете таныс, бірақ қайдан көргенім есіме түсер емес.

Екеуіне машинаның үстіне шығуға комектестім.

- Е, солай қымылдасаны, сүмірейін Айкежанға қадала бергенін.

Самбырлақ келіншек те тақымдаң қояр емес.

- Біз бір мектепте оқимыз, - деді Айкежан келіншекке қарап, ақтала сойлені.

- Е, бәссе, неге мүниша қарай берелі, десем. Өзіміз жыл-пылдақ сарыдан зорға құтылыш тұрғанда.

Мениң ойыма сондағана жамбасымның жыртылғаны есіме түсін, бетім ду ете қалды. “Бұл қыста өзім қағып кеткен қыз екен ғой”. Сірә, қызарыш кеткен шығармын. Бұдан соң “ләм” дед дыбыс шығарудың озі киын еді.

Біраңдан соң олар “Нұрлы жол” колхозының тұсынан ете бергеніс түсіп қалды. Біздің машина орнынан қозғала бергенде Айкежан маган қолын бұлғалы. Мен де сөйттім. Ана келіншек оған құле сойлеп, бірденс дед жатты.

Бұл қызды мен мектепте ете сирек көремін. Өйткені бізben қатар кластиң бірінде оқитынын білемін. Мектепте жиі болатын көнілді кештер мен кездесулерге келгенін байқаган емесіні.

Май мерекесі өткен соң көп ұзаған жоқ, Сабыржан бар, тағы бір тон бала мектептің кітапханасынан шығып келе жатқанбыз. Қолында кітаптары бар Айкежанға жолықтық.

- Хал қалай, Айкежан? – дед жанымдагыларга мына қызыл танитындығымды білдіріп, мақтанып қалуға тырысын жатырмын. - Мыналарың қандай кітап? Бөлі “Тынық Донды” жаңа оқып жүрсің бе?

- Бұрын қолыма тұспей жүрген...

Ол көп тұрган жок, ішке кіріп кетті. Сабыржан болса - оні бұзылып, ана қыздың соңынан түнжырап қаранты да қалынты, Есік жабылып, ол корінбей кеткенде ғана маган жалт қарады. Іштей толқып тұрган түрі байқалады. Бірақ оны менен басқа ешкім сезген жок. Егер сол күні кешкісін Сабыржанның өзі әңгіме бастамаганда бұл оқиғаны ұмытып та кететін едім.

- Иә, сойле біздің сылқым жітті, - деді сабак оқып отырған мениң жанымға келіп, иғыма қолын салды да. – Үндемей жүріп өзің қу екенсің гой...

Оның даусы қылқылдана шынып, кекете сойлен тұрганы байқалады. Түк түсінсем бүйірмасын. Бетіне бір қарадым да дайындан отырған сабагынмен шұғылдана бердім. Сабыржан қайтадан иығымнан тартып, өзіне қаратып алды. Қабағы түйіліп, тістене қарайды. Коздерінен үшқын шашып өнменімнен отіп барады.

- Не болды, Сабыржан! ?

Менің зәрем кете бастады.

- Не болғанын сен айт!

- Нені айтам?

- Айжанды қашаннан бері “Айкежан”, - дейтін болғаңсың?

Не деуге жауап таптай қалдым.

- Оның аты Айжан ба еді? ...

- Аспанинан жаңа тұскендей болып, аузынды аңқита қоймашы, кісінің ызасын келтіріп. Бағана “Айкежан” деп үздігіп өліп кете жаздал едің гой...

- Оған несінс ренжіп тұрсың? - деп күлдім де, өткен жолы ауылға бара жатқанда жол үстінде болған оқиғаны айтып бердім.

Әлгіндей емес ол сабасына түсे бастады. Менің көз алдымға оның Айжанның соңынан қарап қалған бейнесі келді. Ептең бірденені сезе бастағаныммен, өлі толық ештеңе гүсіне кояр түрім жок еді.

- Сен Айжанды бұрын білмейді екенсің гой.

- Атама ондайлы. Тек бір-ақ рет көргем. Оның өзінде де баспалдақтың ағашымен сырғанап келе жатып қағып кеткенім бар. Қыста шалбарымды жыртатын жолы...

Сабыржан қарқ-қарқ күлді:

- Озінді газетке жазып қоймаган екен. Ол біздің қабырга газеттің редакция алқасының мүшесі той. Өзі олең де жазады.

- Е, олға аудандық газетке олеңді шығып жүрестін Айжан Қалиева деген сол ма?

- Иә, сол.

- Яныр-ай, шын атын білмей "Айкежан" деп жөнгесі құсан еркелеткенім үят болған екен.

Ол мениң аңқаулығыма шек-сілесі қатқанша күлді. Ал, мен болсам оның өзі олі сөз айтпаған қызды қызғанғанына құлдім.

Сабыржан мектептің қабырга газеттің шыгаруға қатысатын. Айжан да сол газеттің шыгарушыларының бірі екен. Сабыржан шым тереңцен су тартқан мұрап құсан жүргегінін терен түбінде жатқан сырдың бір бетін шым-шымдан шыгарған еді.

- Шіркін, Айжан! – деп құрсіне дем алды.

Досымның тек ақжарқын түрін ғана коріп жүрген маған оның дөл қазіргі кескіні оте аянышты еді.

\* \* \*

Сол азап тауқыметтің бір-ак күнде жоғалғанына таң қаламын... Ұйықтан тұрган соң Сабыржанның қуанышты жүзіне қарай бергім келеді. Менің де оз қуанышым бір басыма жеткілікті. Бірақ оны кімге айтамын. Сабыржанга ма? Жоқ, болмайды... Үят қой... Ал, ол болса откен түннің бар қызығын тұқ қалдырмай актарып, жарты-ак сағаттың ішінде айтып шықты.

- Сенің анау жымыңдаған көздерінің бір терен сырды жасырып тұрганын сеземін... Айтпайсың, в? .. – деп қояды сөз арасында.

Мен қулана жымың ете түсемін.

Ол ондетеді:

- Айнам-ау, болдым ғашық қайдан-ау! ? ..

Әкемнің құрдасының үйінде тұрган осы екі жылдан астам уақыт ішінде сол кешкі ас үстінде мен өзімді тұңғыш рест ыңғайсыз сезіндім. Ойткені, белгісіз бір күш қанша тырысқаныммен болмайды, Багила жаққа карата береді.

Көзімнің астымен қарап қоямын. Оның да мен жаққа үрлана коз тастап отырғанын сеземін. Оған көз салған сайын Сабыржан мен шешесі біліп отырғандай құystanамын.

Кенет Жәміш тәте біз құтнеген жаңалық айтты. Сабыржанға біраз күн біздің үйге барып, лем алып қайтуға рұқсат берді.

- Оқуға жүргенше өлі көп уақыт бар той. Құрдастың үйіне барып, қымыз ішиң, көкке аунап қайт. - деді.

Біз үшін бұдан артық қуаныш болған жоқ. Тамағымызды қөнілді отырып, апыл-ғұптың іштік те, жатып қалдық. Ол кезде біздің ауданда автобус деген болмайды. Ауыл адамдары ауданға жолшыбай кездескен машинамен жетеді, немесе қыста шана, жізда арба жегіп жүреді. Біз ертерек шығып, жол тоспақ болдық.

Көпкө дейін үйқым келмеді. Көзім жұмулы, кокірек ояу, ұзак жаттым. Сабыржан екеуміз қатар жатырмыз. Ол бір кезде мұрны пышылдан үйықтан қалды.

Көз алдында кешегі түн. Өзен жагасы. Жымындаған сансыз көп жұлдыз. Менің, жоқ ... Екеуміздің кішкене жүрегіміздің нәк құмарлығына күе болған алтын Ай. Биік жагалаумен келе жатырмыз. Егер осы бағыттыңдан бұрылсақ, не тоқтасақ, ол қолын тартып оқететін сияқты. Сондықтан да біз ақырын аяңдай бердік. Бірталай ұзап кетіппіз. Шамдардың жарығы алыстан өлүсіреп коріне бастады.

- Енді қайтайық, - деді Багила.

- Қайтайық дедім мен.

Мен бұрылдым. Ол бұрылған жоқ. Екеуміз бір-бірімізге қарама-қарсы токтап, тұрып қалдық.

- Не ойладың, Жарқын?

- Не ойлайын? .. Ештеңе ойлағаным жоқ, - дедім мен.

Шынын айтсам — мұнладай сұрақ құтнеген едім.

- Мүмкін емес. Адам еш уақытта, ешқашанда ештеңе ойламай тұра алмайлы... Не ойлағаныңды айтуың керек. Мынаңай айлы түнде өтірік айтуда болмайды. Тек шындықтыған айтасың.

Түйікка тірелген жерім осы болды. “Шындықты айт” дейді. Дөл қазір мен оны айтса аламын ба? ! Ондай қасиетті, ондай қастерлі сөзді жәй ғана айта салу мүмкін емес қой. Айтуда да оқтаудым. Бірақ аузым бармады. Жүргім аузы-

ма тығылыш, екі бетім құлағыма дейін дуылдан қоя берді. Сіро, қызырып кеткен шығармың. Түн болғаны мұндай жақсы болар ма!

Кішкене тұрған соң сөзді еріксіз болашақ жайлышты өнгімеден бастауға тұра келді.

- Бұрынғы арманым мектенті бітіру болатын. Оны бітірдім. Ендігі арманым – институтқа тұсу... Ойымда басқа ештеңе жоқ.

- Шын айтасың ба? Одан басқа түк ойлаған жоқсың гой?

- Одан басқа да сан түрлі ойлар бар гой...

Бұл сұрақты маган Бағиладан басқа біреу қойған болса, мүмкін басқаша ұғар ма едім, кім біледі? ! Дәл қазір оған ой жүгіртуге мұршам жоқ болатын.

- Бағила, - дедім мен оның екінші қолынан да ұстап, - оқуға түскен соң хат жазып тұрамын, жәрай ма? Жауап жазасың гой, о?

- Хатынды алған күні жауап жазамын. Қайта сенің өзің ұмытын, жазбай қойып жүрме. Онда... онда мен өкпелеймін. Біз ауылға қарай аяндастық. Үйге жеткенше қол ұстасын келдік.

... Бір кезде көзім ілініп кеткен екен, Сабыржан оятып жіберді.

- Жарқын, ояусың ба? - деп сыйырлады.

- Иә...

- Менің үйқым келмей жатыр.

- Неге?

- Білмеймін...

Менің де үйқым шайдай ашылып кетті. Үйдің іші тастай қараңғы. Тек терезеден түскен ай сөүлесі ғана енеп ағарандайды.

- Ауылға барғым келмей жатыр, - деді бір кезде Сабыржан. Таңданғаным сонша – басымды жастықтан жұлып алдым.

- Неге? Біздің ауылға бару қыстайғы арманың еді гой.

- Кейін барамын...

- Бұл жолы ше?

Ол ойланып ұзақ жатты да ауыр күрсінді.

- Ертең Айжан ауылға қайтпауга тиіс... Мүмкін аргы күні біріе кетерміз. Сен тоссаны.

- Мамаң ренжіп жүрмесе.

- Ренжімейді. Ретін өзім келтіремін.

Бірер күн қана тұрганды мен де іштей жек коріп жатқамым жоқ, сондықтан да келісе кеттім. Бірақ жағдай басқаша болып шықты.

Таңтерен бізді Жоміш төте ояты.

- Тұрындар, балалар. Үйқыларың қанған шығар. Шай ішіп алып, жол бойына шығындар. Колхоздарға жүрестін машинадардың біріне ілігерсіндер.

Ыңыранып оянған Сабыржан сейлеп жатыр:

- Мама емтиханға дайындалатын кітаптарымды ала кетейін жарай ма?

- Сойте гой, жарыгым.

- Ол кітаптарды бір бала алып еді, ауылға кетіп қалыпты. Бүтін түстен кейін келеді. Соны күтейін.

- Онда озін біл.

Сабыржанның ойлан таңқан сылтауы жүзеге асты. Екеуміз де қуанып кеттік. Ол менің бүйірімнен түртіп қалды.

Түске қарай “кітабына” кеткен Сабыржан қөнілсіз оралды. Айжанды ағасы келіп алып кетіні.

- Кітаптарыңды әкелдің бе? - деп сұраган анасына:

- Әкелдім, - дей салды қөнілсіз.

- Ио, олғанде бос келіп едің гой, - деді болмесінен шыға келген Багила дәлізде жүрген Жәміш төтейге естірте.

“Тес!” деді Сабыржан, сұк саусағын шошайтып, аузына таяп, “ұндеме” деген белгі беріп. Ол түсініп, жымың ете түсті. Бір қызығы – бұрынғы одетімен ерігісін кеткен жоқ.

- Жұрші, кетейікші, - деді Сабыржан ренішті тұрмен.

Дәл қазір ол үшін бүкіл аудан орталығы бос қалғандай болып тұрганын сездім. Менің озімнінде кеткім келмей тұр еді. Амал жоқ еріксіз кондім.

Жолға шығып, кездескен машинаның бірімен жүріп кеттік.

\* \* \*

Сабыржан екеумізді үйдің іші қуана қарсы алды. Экем оны бауырына басып, майдайынан искедей.

- Балташтың түяғы гой, - деді көзі жасауран.
- Келгениң жақсы болды айналайын. Біраз демалып кайт дең шешем де құрақ үшады.

Сабыржан атқа мінуді оте жақсы коретін. Екеуміз торы құнанға мінгесіп алыш қой бағамыз, ауыл-ауылды аралаймыз.

Бір күні қой жайып жүріп бұлақтың басына келіп түстік те, атымызды түсап жіберіп, өзіміз көгалға аунай кеттік. Шалқамиан түсіп тоңкерілген түпсіз қазандай көгілдір аспанға көз тігіп жатырмын. Бір кезде Сабыржды байқасам – теріс қарап отырган беті ақырын ыңылдан мұнлы өүсіннің ыргағына берілген. Жылжып жанына келдім. Колында баяғыда атсоғар басын тұлқі шайнап тастаган ескі қамшы. Ұшы жырымданып үзіліп, тар қатыла бастапты. Топшылап, түйген орімі үзіліп қалған екен. Оны әкем сыммен орап бұрап қойынғы. Сол ұшын қолымен синаап, тарамдан отыр. Сонда гана барып бұл қамшының Сабыржаниң оқесінікі екені есіме түсті. Өйткені, коп жылдардан бері біздің өз дүниеміз сияқты болып кеткен еді. Кейде әкем гана: “Құрдастың қамшысын кордіндер ме? ” - дең қойған жерін ұмытып ізден жүретін.

- Танып отырсың ба? - дедім мен.
- Иә, - деді ол мұңайыш.
- Бұл қамшының біздің үйде қалып қоюна кінөлі менмін.

Ол түсінбей маған сұраулы жүзбен қарады.

Болған жайдың барлығын, қамшының бір рет жогалып табылғанын, осы қамшы үшін әкемнен таяқ жей жаzlаганымды да жасырмай түгел айтып бердім.

Содан біздің үйден қайтқанша атқа мінсе болды, Сабыржан оқесінің қамшысын қолынан тастамай үстап жүрді.

Әсте коп сойлемейтін әкем Сабыржан келгелі конілді. Оның кимыл-қозғалысына, деңе пішіміне, сөз сойлесіне тамсана қарап қойып:

- Аумаған Балташтың өзі гой, - дейді сүйсініп. Аида-санда өздерінің басынан кешкен “қызықтарын” оған әңгімелеп отырады. Сабыржан болса тыңдауга үялып, тұрып кетеді. Кейде әкесін еске ала ма, көзі жасауран, мұнайып қалады. Мұндайда шешем:

- Экесі-ау! Қойсаңшы, баланы қажай бермей, дем алсын, - деп өкеме тосқауыл болады. Әйтпесе ол кісі шешемінің созімен айтқанда: “Бір көnlденесе қонке дейін коймайды”.

Бір күні шай үстінде Сабыржанға тағы тиісті:

- Қалага барған соң аңқылып елдің аузына қарап жүріп, қолыңдағынан айрылып қалып жүрме. Сақ бол. Баяғыда соғыстан қайтып келе жатқанда сенің өкенінің арқасындағы қапшығын тіліп жіберіп, ішіндегі нанын үрлап өкеткен.

- Ол кісі арқасындағы қапшықты кормейді ғой, ал сіз не қарап жүрсіз, - деп Сабыржан да таласа кетті.

- Е, қарағым, мұның аузын солай жаңтырмасаң сойлей береді, - деп шешем қуаныш қалды.

- Бөлс, аумаған өкесі ледім ғой. Мынау ма, мынау олмейді. Сабыржан, қалқам, мен өзімнің қашшығымды күзетемін бе, жоқ сенің өкенінің қапшығын күзетемін бе? Әркім өз дүниссіне озі ие болуы керек...

- Дегенмен, сіздің қапшығыңыз менің өкемнің арқасында аман қалыпты ғой...

- Аптырм-ай, мынаның мені қатырганын қараши. Сіро, өкенінен естігенсің ғой шет жағасын...

Осындаі бір онгімені менің де құлағым шалған. Оны Сабыржан екеумізге Жомінн төтे айтқан болатын. Ол кісінің созіне қарағанда Балташ ағай аңқау кісі болғанға үқсайды. Кейде баланың алдағанына да сене салады екен. Соғыстан қайтып келе жатқан кезде бір станцияда басқа поездга ауысып отыруға тұра келеді. Ал, ол поезд кепірек келеді екен. Сондықтан да іштері пысқан олар базар арапап кетеді. Солдаттың қапшығында талғажау болар бірдененің болатынын білетін үрылар екесін базар арапап, көрінгенге мәз болып жүргендеге Балтекенің арқасындағы қапшықты тіліп жіберіп, ішіндегісін түгел алыш кетіпти ғой. Содан вокзалға келгенде бір-ақ біліпті. Бұдан соң поезддан түссе менің өкем алдында жүреді екен де, Балтекен артынан жүріп өкемнің арқасындағы қапшықты байқап отырады екен.

Сабыржанның соны ұмытпай дер кезінде ұтымды жауп тапқанына риза болып қалдым.

- Шіркін, жастық шақ қызық қой. Сойтіп жүріп екеуміздің арманымыз таусылмайтын, - деп де өкем ойланып біраз отырған соң: - Ио, арман деген таусылмайтын, - деп онғамесін одан орі жалғастырды. – Соғыс біткен соң ауылға келеміз, үйленеміз, балалы-шагалы боламыз деп арман етуші едік. Барлық тілегіміз орындалды. Балташ марқұм кішкене ертерек кетіп қалды дүниеден. Сол ғана оқінішті. Әйтпесе...

Айтпақшы... оның бір қызығы бар. Бір ариалыстан соң қалжырап, тынығын жатқамыз. Қалжыраган кезде қара жердің озі мамыктай корінестін өдеті гой. Ағаштың түбіріне отырған күйі қалғын кетіпшін. Біреу келді де құлақшынымды козімсө кигізсө салды. Үйқылы-ояу атып тұрсаң – Балташ. Амандақтың орына ыржиялды.

- Аманбысың, бауырым!?
- Аман екенімді коріп тұрсың гой.
- Өзің көнілді екенсің.
- Коңілді болмағанда ше... Хат алып, ауылдың амандығын білсең – сен де коңілді болар едің.

Бұрыннан айтып жүретін “Жәміш деген қызбен созім бар” деп. Содан хат келген екен. Жазылған жаңалықтарын айтып отырған. Бір кезде бүйірімнен ондырмай койып қалды.

- Ей, не болды, - дедім мен.
- Амандақ болса, соғыс біткен соң ауылға барысымен үйленсейік.
- Жарайды, - деп келісе салдым, досымның коңілін жықпас үшін.
- Бірак, біріміздің тойымызға біріміз келетін болайық.
- Сол кезде ғана ойыма түсті:
- Балташ-ау, менің сен сияқты келісіп жүрген ешкімім жоқ қой...
- “Сол да соз бе екен. Сен сияқты солдатқа қандай сұлу иліккесін”, деп қайран қояды. ...Марқұмның барлық тілегі қабыл болды. Тек “Құда болайық” деп жиі айтушы еді, соны көре алмай кетті...

Әкемнің мына сөзі жүргімнің түбіндегі нөзік бір қыл ішекті “дың” еткізіп шертіп жібергендей болды. Сабыржан да маған жалт қарады. Мен жанарымды тайдырып

әкеттім. Бұдан өрі өкемнің не айтқанына миыма кірген жоқ, мәнгіріп отырып қалдым. Әкемнің кімді “екі бала” деген отырғаны, нені “коре алмай кетті” дегені, бәрі түсінікті жайлар еди.

Екі-үш күннен соң Сабыржан үйлеріне қайтатын болды. Кетерінде әкем мен шешем екеудің бірдей орталарына алып:

- Не қалауың, не тілегің бар? - деп сұрап жатыр.

Ол ештеңс қалап-сұраған жоқ, бірақ соңда да әкем мен шешем өған костюм кигізіп, құрт-майын орап беріп жатыр.

Сабыржан болса:

- Ештеңенің керегі жоқ. Түк те алмаймын, - деп безбез етеді.

“Алмаймын” дегеніне қоймай барлығын орап, салып қойлық. Әкем ауданнан май таситын машинаның жүргізуісімен келісін келген. Соны тосып отырмыз. Сабыржан жеңімнен тартып есікті меңзеді. Түсіне қалдым. Екеуміз сыртқа бет алдық. Бірақ сыртқа шыққамыз жоқ, дәлізде тұрып қаллық. Шыға беріс ауызда діңгек бар. Сол діңгекке жүген, қамшы сияқты ат-сайман өбзелдер ілулі тұратын.

Діңгекте қағылған шегеге ілінген өкесінің қамшысын Сабыржан қолына алды. Ұзак қарады. Қимай тұрғаның білдім.

Сұрауға батпадым.

- Алғың келсе, ала бер, - дедім.

Ол қуанып кетті.

Қайтадан үйге кірдік. Сабыржан қамшыны түйіншектерді буган жіпке қыстырып қойды. Біз кіргенде құңқіл-шұңқілмен сол орнында өлі отырған әкем мен шешем ескі қамшыға қаранты да қалыпты.

- Балам-ау, мына қамшыны қайтейін деп жүрсін? - деп шапшаң сөйлейтін шешем қашанғы әдетімен бірінші болып үн қатты.

- Алын кетем... Жарқын рұқсат берді... - делі ол жайгана.

- Алсын, алсын, - деп жатыр әкем де, - өкесінің үстеган қамшысы гой. Көзіндей көріп жүрсін... Дұрыс оның...

Бірак шешем ол кісіні тиып тастады:

- Шал-ау, саған не болған? Ескі қамшыны балага үстаратканың үят емес не? Онан да ана сандықта жатқан сарыала қамшыны бер, бергіш болсан. Қайта құрдасының сенде қалған жалғыз мүлкі гой, озің ұста...

- Кемпір, сен тауып кеттің. Сол дұрыс болар. Балташ құрдасымның қамшысын қозіндей көріп өзім үстайын. Мені де қашанғы жүре берер дейсің. Екеуің мен олғен соң қалған дүниеге ие болсан да жарап, - деп Сабыржан екеумізге қарады.

Шешем сандықтан сары жез оралған тобылғы сантты қамшыны алғын шыкты. Қайысы құргап, сірессіп қалыпты. Жеzi тотығын қарай бастанған. Мына түрінде онша әдемі емес. Отыра қалып құрым кигізбен ықсылап бердім. Жылтжылт етіп шыға келді. Қайысын майлап, біраз уқалаганда ол да жұмсарып шыға келетін еді. Бірак оған уақыт аз.

- Мө, игілігіңе ұста, қарагым. Бір кезде Балташ марқұм алмай кетіп еді, саған бүйірді. Иісі сіңбеген демесен, бұл қамшыда да сениң өкеңің қолының табы бар. Сен осыны ал, - деп өкем қамшыны Сабыржанға үстартты.

Ол не “алмаймын” демеді, не ризалығын білдірген жок. Не істерін білмеген адамша қолына алған беті тұрып қалды. Осы кезде “Машина келді” деген хабар жетті де, барлығымыз қопарыла сыртқа ұмтылдық. Қамшыны екі бүктеи үстарған Сабыржан машинаға келіп отырды.

\* \* \*

Біраз күннен соң мен де облыс орталығына жол тарттым. Қағаздарымды институтқа тапсырып, жатақханаға орналасып болған соң бір күні артымнан Сабыржан да жетті. Екі дос қайнаған қаланың тіршілігіне араласып кеттік. Құндіз бір мезгіл емтиханға дайындалып, кешке қарай кинотеатрға барып, демалыс паркінде қыдырып жүріп жаттық. Қызықнен жүргендे емтихан тапсыратын күн де болды. Бір өкініштің алғашқы емтиханнан-ақ “қанағаттанғысыз” деген баға алған Сабыржан ауылға қайтты.

Досым кеткен соң өте қатты жалғызысырадым. Үш жылдан бері бірге жүріп бауыр басып қалған екенмін.

Көңілім қатты құлазыды. Алғашқы бағаларым онша томен болмаса да, қагаздарымды қайтарып алғын, ауылға тартып кеткім келді. Екеуміз жүргенде мұндай күй кешкен жоқ едім. Ол кеткен соң Багиланың бейнесі коз алдында тұрды да қойды.

Сойтіп жүріп емтиханды түгел жақсы тапсырып шығып, институтқа қабылданым. Сентябрде ауылшаруашылық жұмыстарына кеттік. Бір айдан соң сабакта басталды. Студенттік қызық омірдің құшагына кіріп кеттім. Күндер отіп жатты. Сабыржан мен Бағиладан үзбей хат алып тұрдым. Октябрь айының аяғына қарай Сабыржан оскерге алынатын болынты. Мен қоштасу кешіне бара алмадым. Досым қатты ренжіген болар, енді менің жүзімді көрмес деп ойлаған едім. Олай болмай шықты.

Сабактан соң болмемес оралсам Айжан отыр. Құшактасып корістік. Әдемі аққұба жүзі бал-бұл жаңып, екі козі жайнап тұр. Шашын бүйралатып төбесіне түйіш қойғандықтан ба, бұрынғыдан да сұлуулана түскен. Қапелімде не айтарымды да білмей қалдым.

- Хал қалай, Жарқын? - деп сөзді ол бірінші бастады.
- Жаман смес. Өзің ше?...
- Е, бізде не хал болсын. Қазір ауылда жүріп жатырмыз. Құлайдан кейін қолымыз бос...
- Қалайша оқуға түссе алмай қалдың ба? Сен Алматыга бармақ едің гой...
- Түссем осылай жүрем бе?! Айтнақшы, бол... Жинал...  
Басқа жайды жолшыбай соилемсеміз. Сабыржан күтіп отыр...
- Қайда?...
- Облыстық әскери комисариатта.
- Өзі неге келмеді?
- Міне сұрақ?! Ол мұнда қыдырыш келді деп пе едің?!  
Әскеріге жүргізейін деп жатыр смес пе!

Айжан маған өзімсініп өктем сойледі. Екеуміз көшеле келе жатырмыз. Ол өзінің мектеп бітіргеннен бергі бастан кешкендерін баяндауда.

Жаз бойы ауылда болынты. Оқуға Алматыга барған екен, конкурстан өте алмай қалады.

— Алматы қанша айтқанмен астана гой. Оқу ізденеп келушілер коп. Соның беріне орын жете бере ме? — деп өзимнің

жұбатқан болдым. Бірақ менің мұным: “Міне, мен оқуға түстім. Сендер мендей бола аласындар ма?!” деген сиякты дорекілеу болып шықты. Озім қаіты қысылдым.

- Иә, сен молодец болдың, - деді ол жай ғана. Не шын мактағаны, не кекете айтқаны, болмаса қызғана сойлелегін белгісіз. – Сабыржанды өскерге алмаганда келесі жылы дайындалып тағы да осында келемін деп жүр елім. Енді өскерден келген соң бірақ түсем лейді. Мен де екі жыл жұмыс істемекпін. Соңсоң Сабыржан екеуміз бірге келеміз. Екі жыл жұмыс істегенлерлі жеңілдікпен қабылдайтын корнеді той.

Осы өнгіме менің әлі есімлс. Бірақ олардың бұл арманы жүзеге асқан жоқ...

Сол күні Сабыржанды, тағы басқа ауылдың бірнеше таныс балалары бар барлығын шығарып салдық. Мұнан соң мен Айжанды қайтып кормедім. Сабыржанмен хат алышып түрдых. Қызықпен жүріп уақыттың қалай откенің де білмей қалыптыз. Міндеттін өтеп Сабыржан да оралды. Жәміннің тәтегін қуанышында шек болған жоқ. Бірге оқыған достардың басы дастархан басында бір қосылып, мәз болып қалдық. Неге екенін білмедім – мына қуаныштың ортасында Айжан болған жоқ. Бір оңашада Сабыржаннан сұрап едім:

- Өзі келмеген адамды милициямен алғызамын ба? – деп қолын бір сілтеді де бұрылып кетті.

Сол жылдың күзіне қарай оқуға келмек Сабыржан “Үйленінті” деген хабар алдық. Оның Айжанға үйленбегенін мен тойына шақырмаганынан-ақ сездім. Арапарына қандай “шайтанның” от тастаганын білмесsem де, екеуінің армандарының табыспағанына қатты өкіндім.

Бұл кездес Бағила да осындағы медицина институтына түсken. Қабылдау өмтиханы бітісімен жұмысқа кеткен еді, әлі оралған жоқ. Ол ағасының үйленгенін естімді де. Мұндай тығыз шаруага кім танданбасын. Оны жедел үйленліруге ықпал еткен қандай жағылай екен деген сұраққа ешқандай жауап таба алмадым.

Біраз күннен соң Бағила да жұмыстан оралды. Ағасының үйленгенін айттым. Ол әуелі сенбеді.

- Қалайша?... Мүмкін емес... Ол үйленетін болса тойына міндепті тұрдес шақырады...

- Сені алдау үшін айтып тұргамын жоқ. Досымның бүл қылышы менің де қабыргама батып тұр, - дедім.

Багила сол күні кешкісін үйге телефон соғып, анықтаңығын білді.

- Рас екен, - деді мұнайшы.

- Жеңген құтты болсын. Қайта қуанбайсың ба? Кімге үйленішті?... Айжанга ма?...

Ол біраз ойланып барып үн қатты:

- Жоқ, Айжанга емес...

- Енді кімге? ...

- Гүлсімге.

- Ол қай Гүлсім?

Көз алдынан Гүлсім атты қыздар бірінен соң бірі өте бастады.

- Бізben бірге оқыған қызы. Окуға келіп түсे алмай қайтып кеткен, - деп түсіндірді Багила жақтырмай сойледі.

Досыма өкпелен, кейіннен қаша шақырса да бармай қой-дым. Каникул кездерінде ауылға барып жүріп, жол үсті болса да сокнайтымын. Бірде аудан орталығында көшелде келе жатқанын алыстан байқап қалып, бұрылышта кеттім. Бірақ Багила екеуміздің арамыздағы ыстық ықылас күн откен сайын шынайы махабbatқа айнала берлі.

Институттың бітірген соң қалада қалдым. Бір жылдан кейін Багила екеуміз үйлендік. Менің әкем мен шешемнің қуанышында шек болған жоқ. Багиланың мамасы да қуанды.

- Әттең, Балтекен бүл қызықты көре алмай кетті. Озі болғанда гой қандай қуанатын еді. Енді әкесінің жасамаған жасын балалары жасасын, оның кормеген қызығын осылар корсін, тек ол кісінің көрген бейнетін бұлардың басына бермесін, - деп құла-құдагилар екеумізге шын жүректен тілектерін білдірді.

Той аяғы тарқаған соң екеумізді Жеміш тәте өздерінікіне алып келді. Біраз күн болдық.

Бұрынғыдай емес, досымның қабағы сөлең. Ашылыш жөнді сөйлеспейді де. Жай сөзінің өзі “жаяу тәбелеске” бергісіз. Гүлсімге ақырмай сойлемейді. Ол болса үйінде

коңақ болып жатқан бізден үяла ма, Сабыржанның бетіне қарайды да қояды, ештесе демейді. Оған қоятын Сабыржан ба, кейде балағаттан тастайды. Бірде досымның кательгін бетіне басып, жонға салмаққа орекет жасап көріп едім, онынан ештеңе шықлады.

- Сен күйеу баласын. Маган сенің ақыл айтуға ешқандай правоң жок, - деп озіме қарсы дүрсө қоя берді.

Бетіне қарсы келгем жок. Ашу үстінде одан да қатты создер айтып тастауды мүмкін той. Коніліміз қалса қайта қалинына келтіру үшін бірталай уақыт керек. Соңдықтан да сабасына түссін дедім.

Айжан жайлыш да сұрамаққа скі-үш рет оқталдым да, ол райымнан тез қайттым. Өзінің сіркесі су котермей жұқарып жүрген адамды ескі жарасының бетін тырнаап мазала-майын деп ойладым.

Демалысымыз біткен соң қалаға қайтып кеттік. Бірақ аз күнде досымның көрсеткен келенсіз көп мінезі конке дейін ойымнан шықтай койды.

- Женгем жуас, ештеңемен жұмысы жок, момын, жақсы адам. Бөрін бүлдіретін біздің Сабыржанның озі, - деп Багила да ағасына риза емес. - Кейде қол жұмсайтын болышты. Ішіп келіп сарыала қамшыны алып тұра үмтұлатынды шығарынты. Осы күні үйге ішін келгенін сезсе болды, мамам мен Гүлсім қамшыны жасыра бастайтын көриеді. Мамам қатты ренжіп отыр...

Сабыржанның Айжанға өкпесі болмашы гана норсе үшін екен. Әскерден оралғанда хабар жіберген, оны Айжан кеш естіп, келе алмай қалады. Соған ренжіген Сабыржан Гүлсімге үйлене салынты. Енді озі сол үрыншақ мінезі үшін зайбыни кінолі санайтын сияқты.

Бірде командировкага кетіп бара жатын жолшыбай соқтый. Сөйтсем, қып-қызыл жанжалдың үстінен шығынтын. Кіре беріс долізде жолықкан Қайнайш тәті маган тұра корісп жылады.

- Қарағым-ау, ел мен жұртқа әбден масқара болдық кой. Мына үл әбден жерге қарататын болды. Енді қайткайттым, балам-ау, - деп зар иледі.

Үйге кірдім. Екі көзі бұлаудай болып ісіп кеткен Гүлсім ауыз бөлмедегі жер үстелдің жанында отыр. Оң жақ көзін

көлөгейлей береді. Енген көйлір тартқан ба қалай? Маган тіктеп қараған жоқ. Мен не амандасадымды, не амандаспасымды білмей тұрып қалдым.

- Құнделгісі осы. Әбден әдетке айналдырып алды. Ішін келеді де жанжал ишінде жаңа. Жазықсыздан жазықсыз мына Гүлсімді өлтірестің болды...

Кайныш төте тағы да біраз күніреніп барып басылды. Ол кісінің даусынан ояниған бесіктегі кішкентай шырылады. Оған екіден аскан ұлы қосылыш, үйдің ішінде азан-казан болды да кетті. Сонда гана Гүлсім орынан синен тұрып барып, бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен үлкен ұлын бауырына басты.

Менде үн жоқ. Досымның мына қылышына күйінгенім сондай, ана екі бала мен Гүлсімге жаңым анын, іштей қайнаған ыздан аузыма соз түсер емес. Енді анық байқадым Гүлсімнің көзінің алды қөтеріп қалынты. Оң жақ білегінің қырына да колденең дақ түскен.

- Өзі қайда?

- Кайда болушы еді?!... Жатыр ана жақта... - Кайныш төте төргі болме жақты нұскады.

Кірсем – Сабыржан дивандың етпестің түсін жатыр. Бұрын сол диванның түсіндігі кілемнің бетінде ілулі тұратын сарыала қамшыны бауырына басып алышты. Жетіп бардым да, қамшыны жұлып алдым. Ештеге сезер емес – үйдің қалынты. Ұзақтанғаным сондай – арқасынан осын жіберім келді. Бірақ қанша айтқанмен “Ашу-дүшина, ақыл-дос” деген бар. Ақылға келіп, өзімді озім зорға токтаттым.

Ауыз болмеге шыққанда мениң қолымдағы қамшыны көрген Гүлсім солқылдан жылан жіберді. Барлық ұрыс-керістің үшінші осы қамшыда тұргандаи корінің, оргасынан қаққа боліп, пештің ішіне бірақ тыккым келді. Озін жиі үстайтын болу керек, ойткені үсталған зат белгілі той. Жезі қарайманты, қаймың обден жұмсаған кеткен. Кенет ойыма Балташ ағайдың екі алақанына колденең салып қойып, осылай аялан қараш тұрган сөті слесстеді. “Жоқ, болмайды!”. Қамшыны алып шығып кеттім.

Жол бойы бір конілесіздік басып, еңсемді котертилді. Ешкіммен шешіліп сойлескемін де жоқ. Үйге келісімен

портфеліме салып әкелген қамшыны алыш, босағага тастай салдым. Мен кіргенде алдынан шыққан бір жасқа жаңа толған ұлым оны бүлдіргесінен үстап алыш, не екенинде шаруасы жок, ас болмеге өткен мамасының сонынан сүйрете жонелді. Ұлының не сүйретіп келе жатқанын өуелде байқамаған Бағила өз ісімен болып кеткен. Бір кезде ыдыш-аяқты салдырып-гүлдір еткізіп тастай салып жаңыма жүгіріп келді.

- Үйге бардың ба?.. Аманшылық па?.. Қамшыны иете әкелдің?.. Не болды?.. Өздері аман ба?.. — Үрейленгеннен екі козі шарасынан шығып, сұрақты үсті-үстіне жаудырып жатыр.

Мен болған жайды бастан-аяқ айтып бердім.

- Бәсе, жүргім бірдене сезгендей болыш еді. Ренжіп, көнілсіз келгениң сол екен ғой, - деп ол козіне жас алды.

Екеуміз өзімізше кеңесіп, жолға шықтық. Өйткені, біз бұдан арыға жіберуге болмайды. Қайткен күнде де Сабыржанның бүл мінезіне тосқауыл болатын бірдене ойлап табу керек деп түйдік. Өзіміз барып әңгімелесейік, мүмкін ез қылышының теріс екенін түсінер. Әйтпесе, істің аяғы насырға шабуы мүмкін ғой.

- Екеуін мені жөнге салуға келген екенсіндер ғой. Немене, сонша мен елден шығып, қиаратып бара жатырымын ба? Әйеліне дауыс көтермейтін еркек болушы ма еді? Соны да сөз деп отырсындар ма? — деп біразға дейін сөзімізге қонақ бермей, маңайлатынады.

Бір жақсысы аузына ештеңе алмаған екен. Екеуміз скі жақтап, бір жағынан мамасы қосылып үшсүлсі отырып біраз “лекция оқылдық”. Әбден шаршаттық-ау деймін, бір кезде Сабыржан:

- Түүх! Миымды шіріттіңдер ғой өбден. Кішкене далаға шығын, желге қақтырып келмесем болмас, - деп орнынан тұрды.

Мен де ілесе көтерілдім.

- Дала салқын, женіл шықпаңдар, - деп Бағила маған кеудеше ұсынды.

Гүлсім болса Сабыржанға немқұрайды көз салды да койды. “Не істессен де өзін біл” деген адамның сыңайы. “Шіркін, ерлі-зайыптыларлың арасындағы жарагы силас-

тық болып, татулықтың шыркы бұзылмаганға не жетсін! Сіро, обден қоңілі қалған гой" деген ой келді маган.

Дала шынында да салқын екен. Құздің ызғары біліне бастапты. Батыстан баяу самал ессең. Түнгі аспанда жұлдыздар жымындаиды. Бірақ жаздағыдан емес әжептөүір сиреп қалған.

Сабыржан екеуміз ауа райын соғ еттік. Одан соң ол озінің жұмыс жайы туралы әнгіме қозгады.

- Кейінгі кездे бастығыммен онша келісе алмай жүрмін. Қылт етсе мен кінолі болып шыға келемін. Басқа жұмысқа ауыспасам болmas.

- Неге? Осы жұмысыңың озі жақсы емес не? Ауысқанда қайда барасың? Бір жылдың ішінде бірнеше жұмыс ауыстырысын, - дедім мен.

Ол менің сөзімді жақтырмай, шамданып қалды.

- Осы сендер кісіге ақыл айттып, білгішсінбесендер жүре алмайсыңдар ма? Жұмыс ауыстырсам — ұнатпағандықтан ауыстырдым. Әлі де бірнеше жерге жұмысқа тұрамын. Оңда тұрған не бар? Қартайып, пенсияға шығайын деп жатқан мен жоқ. Бір ақшасы молдау, жайлы жұмыс тауып алмасам болmas.

- Жарайды... Сеніңше солай-ақ болсын. Қайда ауысаң да фізі біл. Тек сен қандай жерді жайлы орын деп ойлайсың, соны түсіндірші.

Сабыржан үндемей қалды. Аузындағы темекісін қайта-қайта сорып, тартып бітірді де, жерге тастанап, табанына салып жақсылап езіп сөндірді.

- Құн салқындан кетті. Тонып қалдық қой, жүр үйге кірейік.

- Жоқ, - дедім оған, - сен менің сұрагыма жауап бермедің гой.

Бойым тоңази бастағанымен сыр бермелім. Ойым не де болса оңаша да сыр тартып көріп, реті келсе арагын қойғызуға тырысу. Өйткені бар нәле арақтан шығатыны белгілі фой. Ішпесе — жап-жақсы. Ал, ішіп алса, не істеп, не қойғанын білмей қалады.

- Қандай жер жайлы болушы еді? Жұмысынды атқарап, тиісті жалақынды алып, жай жүргенге не жетсін.

- Иә, жұмысың жайлы болғанға не жетсін...

Мен сөзін қоштаган соң Сабыржан ашыла түсті.

- Соңдай бастықтарды жаңым жек көреді. Бірсү бірдсөн десе болды, шақырып алып айғайға басады. Екі сөзінің бірінде “Арақты неге ішесің?”, “Маскұнемсің!” дейді де отырады, кісінің зығырданын қайнатып. Адамның жаңын түсінбейді де босқа бақыра береді. “Жұмыстан қуам!” деген қорқытады. Өзім-ақ кетем. Екі қолым аман болса, бір жұмыс табылады...

Сөздің орайы жаңа келді. Бірақ тікес айттып салуға болмайды. Ашу үстінде қатты кетіп калуы мүмкін.

- Сабыржан, - дедім ойымды жинақтап, - бір жұмыстың табыларына сөз жоқ қой. Бірақ онда барғанда да саган осы сөзді айтпасына көзің әбден жетті ме? “Мешкей” деген жақсы атақ емес” денті ғой біреу. Сол айтқандай жаман атаққа жаңың өуес пе? Арағы бар болғырды неге қоймайсың? Қойсан қайтеді сол өзөзіл полені. Кімге абырой әперген бүл кү арақ?! Өзің ойлап қараши, не үйде береңең жоқ, не жұмыста абыройың жоқ. Сайып келгенде сенің шын жанашырың біз ғана. Бізден басқа саған батып айттын да ешкім жоқ. Қой аракты, Сабыржан. Ішпеп енді оны. Арақ адамдықтан айырады. Ар-ұятынды жүрдай етеді.

Ол ойланып қалды. Маңай тыш-тыныш. Түнгі самалдың баяу сыйбыры ғана естіледі.

- Озім де білем, - деді бір кездे тыныштықты бұзып. - Қояйын деп жүрмін. Кейде соны ішпей жап-жаксы жүррем де бір кезде осы омір соқыр тыынға керексіз болып корінеді. Де, іштегі қыжылды басқым келеді. Басында бір ерегіспен ішпіл қойдым да, кейіннен озіме-өзім ис бола алмай қалдым...

- Басында бекер ішкенсің... Ішпейтін адам аз. Бірақ ешкім де салынып ішіп жатқан жоқ. Сенің кімге еретіскенінді түсінбеймін...

- Оны сен түсінбейсің... Ішінді күйік жайлап бара жатса ерегіспін ішпегендеге қайтесің?!

- Қалайша мен түсінбеймін?!

- Түсінбейсің... Бәрібір сен түсінбейсің... Өз басынан өтпеген адам мұндай жағдайды ешқашан түсінбейді. Бір сөтке менің орнында болсам да бәрібір арақ ішпес едім...

- Сонда не үшін мен сенің орнында болмақпыш?
  - Мен сиякты сүйген қызына үйлене алмай қалсанғ, арақ ішпей-ақ жынданын кетер едің. Тек басыңа бермей-ақ қойсын. Мөселе аракта емес. "Ішпеймін" десем, мен де ішпей қойып кете алам. Онда тұрган ештеңе жоқ. Тек елдің борінің мені түсінбейтіндігіне ызам келеді...
- Осы арада менің тағы бір мәселенің анық-қанығына көз жеткізгім келеді.
- Сабыржан, сен шыныңды айтсы, Айжан екеуің неге үйленбейдіндер? Әлде ол қарсы болды ма?..
  - Білгің келгені сол болса, тыңда – ол қарсы болған жоқ... Шыныымды айтсам – біз үй болу моселесін сөз етіп коргеміз дс жоқ. Егер мен "Үйленейік" дегенімде ол қарсы болмайтын еді. Ех!.. Шіркін, Айжан!.. Ақымақ болым гой мен. Бәрі мен оскерден оралған күнгі откізген кештен басталды емес ие. Сол кешке Айжанды да шақыргаимын. Ол келе алмай қалды. Кейіннен білдім. Келмейін демекті. Хабар кеп тиіпті. Мен оны басқаша түсініцім. Әдейі келмеді деп ойлап, мұқатпақ болған едім. Сейтсем, өзімді өзім өмір бойы мұқатын, өзімді озім жер еткен екенмін. Ешкімнің ештеңесі кеткен жоқ... Айжанды шын сүйеді екенмін. Оны ойласам жүргетім олі күнге дейін езіледі.

Сабыржан күйзеле сөйлеп тұр. Оның қазіргі толғанысын тебірене сырғын актарған сөтіндегі бейнесі аянышты еді. Мен де толқын кеттім. Оны жұбатпақ болып оқталдым да, "Жоқ, біраз ішіне жиналған аңы за-пыранды сыртқа шыгарсын. Мүмкін бойы бір женіллер" деген оймен сөзін бөлмедім. Әбден болған кезде ғана сөзге араластым:

- Барінс кінәлі өзіңсің, Сабыржан...
- Ио...
- Енді болған іске болаттай болу керек. Қолынмен істеген істі мойныңмен көтер... – Ендігі сөз кезегі маган тиді. Өзі дос, озі кайнаға. Қалай айтсам да сиымды гой деген оймен біраз мәселенің басын шалып барып, ақыры сөзді тағы да:

- Арақты қой. Арақ жолдас болмайды... Арақ адамды аздырады... – деген сиякты жаттанды тапжауырын болған сөздермен барып аяқтадым.

Сабыржан мыре етіп миығынан күлді. Бет өлпестің көрмесем де оның күле қараганын сезем.

- Сен менімен жас балаша сойлесесің.

- Жаңа өзің-ақ айттың емес не? “Егер ішпеймін десsem - ішпеймін” деп. Багила екеуміздің отінішіміз сол – койшы сол арагы бар болғырды. Ішпеші енді соны.

Әнгімелесіп біраз тұрдық. Бірақ Сабыржан “Қоямын аракты, енді ішпеймін” демеді.

- Қарақтарым-ау, даала салқын. Тоңып қалдындар гой, - деп Жоміш тәте шықты да, екеуміздің иығымызға екі шапан жауып кетті. Соңда білдік – шынында да бойымыз тоқазып қалған екен.

Шіркін, ана! Қаншама ренжігесе де баласының қамын ойлан жүргені. Ол кісінің соңын ала біз де үйге кірдік.

\* \* \*

Сойтін, сарыала қамшы біздің үйдің төріндегі кілемнің бетінде ілінің тұра берді. Оның тарихын білстіндер ештеңе демиді. Ал, білмейтіндер болса:

- Поля, мынауың тамаша екен. Нагыз жігіт осындағы болу керек. Тор алдына солай ала қамшыны айбарғын іліп қоймасаң ойел деген халық басының кетуі мүмкін, - дейді өзілден.

Багила екеуміз күлеміз де қоямыз.

- Осы қамшыңды ескерткішке бер, болмаса сат, - деп елден келгендердің сұрагандары да табылады.

Оған біз бере қоямыз ба. Кейбіреулер өкпелеп те кетті. Ұзынқұлак хабар ауыл жақтан естіліп жатады. Бірі: “Сабыржан аракты қойынты, жұмысын істеп жұр”, - дейді. Оған қуаныш қаламыз. Енді бірі: “Сабыржан ішін алып, үйінде тағы ойран салынты”, - дейді. Онда қатты ренжіп, копке дейні еңсеміз көтерілмей жүрелі.

Бір күні Гұлсімнің қатты ауырып қалғанын естідік. Ақыры Жәміш тәте өзі қаланың ауруханасына алып келді. Біраз күн жанында болып қайтты.

Бұрынғыдай емес, қажып қалыпты. Екі самайды қуалай түскен күміс шық бұл күнде ұлғайынқырапты. Маңдайдан тартылған сызықтар саны да молайып, тарам-тарам

болып, ағаштың тамыры сияқты ұзарған сайын ұсақтай түсін. Отырса да, тұрса да: "Ah!", "Uh!" деп жалын ата күрсінетінді шығарынты. Баласының қылышы, келінің науқасы жаңына обден бататыны айқын көрініп тұр.

Бес-алты күн откен соң:

- Жата бергеніммен болмас. Сендер барсындар гой мұнда. Мен үйге қайтайдын, - деді.

- Алан болмаңыз, тәтс. Гүлсімге біз барып тұрамыз, - дедім мен. Багила да менің созімді қоштады.

Сол кеткеннен біз ол кісіні көрмедік. Кетерде Багила екеуміздің, балалардың беттерінен қайта-қайта сүйіп, кимай қоштасқан. Екі сезінің бірінде Гүлсімді аузынан тастамайды.

- Жарыгым, жарғақ құлагы жастыққа тимей "мамалап" жүруші еді. Аяқ астынан ауырып қалғаны. Енді сөтін салса, беті бері қарады гой, тоуір болар. Өздерің күнде барып тұрындар. Шайды жақсы көруші еді, шөлдеп қалмасын.

- Түүх, мама, айттық қой енді: "Барып тұрамыз", - деп. Алаң болма, өз денсаулығынды сакта...

- Е, балам-ай, менде не денсаулық қалды дейсің. Өздерің аман болсандар болды. Аз жүрем бе, көп жүрем бе кім білсін... Уүх!..

- Қойшы, мама, кайдагыны айттай, - Багила ренжіп қабарын шытты. - Соңдай создің керегі не?!

Ол кісі кеткен соң скі-үш күннен соң Сабыржан келді. Бірақ ол ештене айтқан жок. Багила: "Маманың халі қалай?" - деп сұраганда: "Жаман емес", - деген де қойған. Ол кеткен соң іле-шаала телеграмма келді. "Мамам қатты науқас", - деп Сабыржан беріпті. Дереу жиналыш, ертеңінс жолға шықтық. Оған бола ма, біз жеткенише ... қайран ана жүрек ауруынан монгіге козін жұмыпты.

Мен қайтадан келіп, ауруханада жатқан Гүлсімді алып қайттым. Қанша айтқанмен жалғыз келіні гой, енесін соңғы сапарға аттаңдырыганда басы-қасында болсын дедік.

Гүлсім ол кісіні ете жақсы көруші еді.

- Ең болмаса козінді жұмғанда қасында бола алмадым гой, тәтс, - деп дауыс салып, сұнқылдан жылаганда жиналған елдің сай-сүйегі сырқырады.

- Е, карағым, ол жаққа да жақсы адам керек. Енді қайтаеміз. Басқа түскен іске көнеміз де. Ієрік бол... Артындағы өздерің аман болындар, - деп үлкендер жағы отан басу айтысып жатыр.

Бағила да қатты қамықты. Сабыржан болса, не үн жок, не басқа іске араласу жок, өз бетінше жүргені. Анда-санда өйелдер жағы дауыс котеріп, жоктау айтқан кезде гана қозін бір сығын алып, домалан шыққан жасты сүргіп тастан жүре береді. Көніл айтқандарға да тіктеп қарамайды, басын изейді де айналып кетеді. Оның мұнда бейтарап, сүлесөк, селқос мінезі ел көзіне түспей қалған жок.

- Япыр-ай, осы Сабыржан қатты қүйзелін жүр. Анасының Қазасы жаңына батып жүр-ау! Біраңдан бері тзеліп келе жатыр еді, қайтадан бүлінбесе жарар еді, - деп жана шырлық білдіргендер де болды.

Жуырда қалаға келгенде автобустан түсे салып ауруханадагы Гүлсімге барын, хал-жағдайын білді де, ертеңіне қайтып кетті.

- Жұмыстан қалуға болмайды. Мамам да бұрынғыдай емес. Кейінгі кезде сары уайымға салына береді. Үйге қайтпасам уайымдан журер. Оны айтасың жұмыстан кеш қайтсам да есікке қарап, елеңдеп отырады, - деген еді.

Сол құні столға қойған арактан татып та алған жок.

- Көп болды ішпей жүрмін. Соны әурелемсій-ақ қойындар. Осыдан абырой алып жүрген жерім жок.

Біз оны қыстамалық. Қөптен келметеген соң ренжімесін дег өкелгенбіз. Ішиегеніңс қуанбасақ, ренжігеміз жок.

Сабыржанға тосекті кілемнің алдындағы диванға салып бергенбіз. Жатар алдында кілемнің бетіндегі сарыала қамшыны қолына алып, ұзак қарап тұрды. Қөптен ұсталмағандықтан жезі қарая бастаған екен. Сабын сипалады. Тұнжырап, ойланып біраз тұрған соң:

- Жарқын, мына қамшыны коптен ұстамасың гой, - деді.

- Иә, қөптен ұсталған жок. Атқа мінбеген соң ұсталмайды гой, - деп құлдім.

Ол құлғен жок.

- Саған осының керегі бар ма?

Мен не дерімді білмей қалдым. Не “Бар” деп, не “Жок” дей алмадым. Сабыржан болса менің жауабымды құтпеді.

- Дәл осының басқаға керегі болғанымен саған қажеті жоқ.

Ойыма бір құлық орала кетті.

- Неге қажет болмасын. Озгелердікі сияқты бір өйел менде де бар. Анда-санда жөнге салып қою үшін сарыала қамшы таптырмайтын құрал болып тұр.

- Қойши, Жарқын. Сенде ондай мінез жоқ қой... - Осы шын айтып тұр ма легендей бетіме бажырайа қарап қалды.

- Ондай мінез неге болмасын? “Менің мінезім сондай!” деп кім өлемге жар салушы еді. Сарыала қамшы қолыма тигенниен бері менің де алақаным қышып тұратын болып жүр. Сірө, осы қамшы адамға сондай бір желік бітіреді ғой деймін.

- Иә, осы қамшы қолында жүргөнде Гүлсімнің арқасында ойнатып, маза бермеуші едің, қамшы кеткен соң қойыпсың ғой. Қолына қайта тисе, тағы бастап жүрерсің, - деп Багила да мені қостай кетті.

Сабыржан созлең тосылып қаллы. Екеуміз бірдей бүйтіп тұп етектен жармасады деп ойламаса керек.

- Бұл қамшыны маған бір кезде Зекен беріш еді. “Әкеннің қолының таңбасы бар. Ескерткішке сакта” деген. Әкемнің көзіндегі көріп жүрем ғой лен едім. Қолымнан шығарып аған екенмін... Жарайды, қимасандар оздерін біліндер. Қалсын... – деп орынна қайта іліп қойды.

Ренжін қалғанын сезіп, орынман көтеріле бердім. Ойым қамшыны өзіне қайтару еді. Онымын түрғанымды сездірмес үшін сөредегі кітаптардың іліккен бірін қолыма ғлдым. Біліп тұрмын Багила көнтен бері қолы жетисій жүргенле “торға өзі келіп түскен” ағасын біраз жөндеп алмақ ойы бар. Жаңағы ым қаққаны соның белгісі. “Сен Сабыржанға қатты айтып қоңлін қалдырып алып жүрме. Екеуің доссындар ғой және оның өзі де сені жақсы көреді. Көңілдерін бір қалысқан соң қалпына келтіру оңай болмайды, жұз шайысып кетесіндер. Сабыржан бір қисайса, мол қисайатын әдеті бар. Керек болса, мен өзім-ақ оған төтеп бере алам. Сен араласпа. Біз

ағайын адамбыз, “Енесі тенкен құлынның еті ауырмайды” дегендей, бүгін араздассақ, ертең татуласа саламыз” деп мені үнемі таптаң отырады.

Ойым тұра шыкты.

- Сенің қолыңа қамшы ұстауга болмайды. Ана Гұлсімнің обалына қалар жайымыз жоқ. Ауруханадан шыққан соң қамшының астына алмақсың той. Оқпелесең оқпелей бер. Бірақ қамшыға соқтықта. Папам (менін оқемді айтады) оны саган бергенде “Әкеннің көзіндегі коршұста” деп берді. Семьяда ұрыс-жанжал шығарсын деп берген жоқ.

- Багила, қойшы енді, соны айта бермей. Борі сол “Ақанның” өлеңі той. Әйтпесе, менің Гұлсімде ошім бар дейсің бе? Қойдым енді “Ақанұлы”. Аузыма қайтып алмаймын.

- Ә, бәлем, енді түсіндің бе. “Ақанның” өлеңі?

- Түсінбесем, айтам ба? “Қойдым” дедім той, қойдым енді. Тіпті, татып алмаймын... Оздерің қамшыны беріңдерші...

- Жарайды, берейік, - дедім мен. – Сен де созінді бер, енді аузыңа қайтып алмаска. Қамшы сенікі. Қазір өкетсек де озің біл, тек созінде тұратын бол.

- Бердім созімді... Қалай қарған десендер де қарғанам. Орындаимын созімді. Әкемнен қалған жалғыз ескерткіш той. Кон қисая бермессендерші.

Әзілдеген болып, күліп мұрының қайта-қайта уқалай береді. Егер қамшыны озі алыш, портфелине салып алса, қолынан қағар ешкім жоқ. Бірақ ол өйтпеді. Менің бергім келіп отыр.

- Ала бер, - дедім бір кезде шыдамай. Тек созінде тұрсан болғаны.

- Жоқ, болмайды, - деп қасарысты Бағила. – Алады екенсің, Гұлсім ауруханадан шыққан соң, беттестіріп ба-лыны береміз. Әйтпесе, үиге барған сон тағы да сабап, обалына біз қаламыз. Гұлсімнің көзінше сөз берген соң ғана қамшы сенікі болады. Әйтпейді екенсің осы тұрган жерінде ғұмыр бойы тұра береді.

Сөз осыған байланған еді. Бірақ мынаңдай оқиға аяқастынан киіп кетті той.

Анамызды арулан қойып, қалага аттанарда Сабыржанды оңаша алыш шығып:

- Ал, енді осы үйдегі бас котерер семья басы, үлкені өзін болып қалдың, Сабыржан. Үй-жайынды ойла. Ғұлсімді ренжіте берме, - деп ақыл айтқан болдым.

Ол мырс етіп құліп жіберді.

- "Бір үйге қожа болуыңмен құттықтаймын" демескін гой.

Созден тосылып, не дерімді білмей қалып едім, создің аяғын озі жаймашуақтатып өкетті.

- Әйтеуір айналдыратындарың бір мен гой. Елден шығып бара жатқан жоқ шығармын. Қайда баарар дейсің мени. Қалады гой бұрынғы ескі желік.

Бұдан артық мен сиптене айтқам жоқ. Айттар созім де таусылған сияқты еди.

- Тұнде бізге шай құйып берген, жасыл орамал жамылған қараторы келіншекті танисың ба? – деді кенеттен.

- Жоқ, танымаймын... Оны неге сұрадын?

- Жай...

- Бір жерден көрген сияқтымын, - деп шынымды айттым. – Бірақ ойыма түспісій тұр.

- Ол – Айжанның жеңгесі.

- Е... Босс... Қайдан көрдім десsem... Баяғыда, мектепте оқып жүргендеге, ауылға жетіп бара жатып, жол үстінде көргенмін.

- Иә, Айжанның жеңгесі мұнда қалай келген? Кімге жақын?

- Ғұлсімге жақын. Оған немере туысқан болады. Былтыр бір келгенде біздің суреттерімізді коріш отырып:

- Пөле, мында біздің Айкејан да жүр гой, - деді.

Қарасам – Айжанның суреті.

- Сіз оны қайдан білесіз? – деппін таңданып.

- "Қайдан білгенің" қалай? Менің қайынсілім гой.

- Солай ма? – бұрынғыдан да таңдана түстім. Озінің қазір қайда екенін тезірек білгім кеп барады.

Мен асыққанмен ол асықпады. Бапиен отырып Айжанның Қоқшетау облысындағы бір станцияда тұратынын

айтты. Сонда мұгалім екен. Алматы қыздар педагогикалық институтын бітіріпті. Күйсі жол бойында істейді екен. Екі баласы бар дейді. Тұрмысқа шыққанына торт-бес жыл болыш қалынты. Содан бері бір-ақ рет келіп қайтынты. “Күйсі аңқылдаған, аққөніл, жақсы жігіт” деп женгесі мақташ отыр...

**Бұдан соң ойланып тұрып қалды.**

- Адам деген сұнынады екен. Бұрын Айжанның бір хабарын естісем арманым жок. Сіро, сол сәтте менің жүргім жарылып кететін шыгар деп ойлаушы едім. Селт етсем бұйырмасын. Тек көпке дейін ойынан шықпай жүрді де, кайта ұмытылып кетті. Кешеден бері ана женгесін коргенде ойыма қайтадан Айжанның оралғаны. “Биыл жаңда келіп қайтамыз” деп хат жазыпты. Ол келсе қайткен күнде де жолығып, кешірім отінемін. Өзімнің кінолі екендігімді оның алдында мойындаймын. Оз күнөмді сөйтіп жуамын. Содан соң барып мұлдем ұмытамын оны.

- Байқагайсың. Семьялы адамсындар. Оргаларында кірбін пайда болып журмесін.

- Жок, титтей де кірбің түсірмеймін. Біраз кателік жіберіп алдым. Енді Гүлсімді де ренжітпеймін. Дәрғерден де ерте шығып кеттік. Ел аяғы басылған соң жақсылап емдепесек болмайды. Ол сондай нозік жан. Оны мен кейінде гана түсініп жүрмін. Ешқандай кіносі жок болсада, көніліне босқа қажу түсіріп ақымақ болынпыш. Мендей ақымаққа осыншама уақыт сыр білдірмей төзіп келген адамгершілігін айтсаңшы. Ол – ана, балаларымның шешесі. Бір кезде өкем о дүниеге аттандыра орына шешім қалып, бізді жетімсіретпей төрбиследен. Жаңа сен: “Ендігі семья басы сенсін” дедің маган. Жок, мен емеспін. Ендігі семья басы – шешемнің орнына қалған – Гүлсім. Сол гана біздің борімізді жетімсіретпей торбислей алады... Соның гана қолынан келеді...

Ол төмсі қарап, іштей қатты сұліп сөйлесіп тұр. Бәтеңкесінің тұмсығымен жерде жатқан бір тал шырпыны езгілеп қояды.

**Мен оның сөзіне қатты риза болдым.**

- Дұрыс, Сабыржан. Гүлсім оте тамаша адам. Енді оны ренжітпей.

- Енді келгенде ана қамшыны өкеліп таста. Ол қамшыда Айжанның да колының ізі бар.

Менің таңданғаным сондай – аузыма сөз түспей қалды.

- Таңданатын ештесең жоқ. Сонау біз окуға баратын жылдың күзінде Айжан біздің үйге келген. Сол күні үйде жалғыз едім. Мамам Балқашта тұратын туыстарға кеткен. Менің окуға түссе алмаганымды естіп озі іздел келінте.

Екеуміз отырып шай іштік.

- Үй шаруасына ыңғайлы скенсін, - деп озілден күллі.

“Екеуміз үйленген соң саган көмектесуіме жақсы емес не?” дегім келді де, айтуга батылым жетпеді.

- Мамама көмектесеміз. Содан үйренгеніміз гой, - дей саллым.

Ол не айтса да маган орынды корінеді. Эрбір сөзі өзінен озі үйкасын, ақынның өлеңіндегі төгілеттін сияқты. Тындаидер бергім келеді. Озім де бірдеңе айтсам деймін. Бірақ не айттарымды білмеймін. Аузыма сөз түспейді.

- АナンЫ оперші, - деп сарыала қамшыны алғызды. - Оте жақсы жасалған нәрсе екен.

Білеулем ұстап тұрды да:

- Озі қандай салмақты?! Кейін осы қамшымен жон терімді сынырасың гой, о, Сабыржан?

Коз алдымға қамшы тиғен Айжанның бейнесі келіп, аяғандықтан жаным шығып кете жаздады.

- Койшы, Айжан. Сондай сөзге аузың қалай барады. Сенің етіңе қол тиғізбек түгілі, жел тиғізгім келмейді.

- Рас па? – леді ол козі жайнап.

- Рас.

- Сенемін саган...

Ол ақырын келіп менің тосімे басын салды. Сол беті екеуміз диванда құшақтасқан беті отырып, кептің батканын да білмей қалыптыз. Орнымыздан қозғалғымыз келмейді.

Ақыры мен Айжанды жібермейдім. Озі де қарсылық білдірген жоқ. Біздің үйге қонып, ертеңіне түске қарай ауылына аттанып кетті...

Жүрегімді бір сұық ой қарып етті.

- Сен өзің сойқанды істеріңің шет жағасын жаңа-жаңа шығарып келесің ғой...

Ары қарай сойлей алмай ашуга бұлығын қалдым.

- Озім де сенің солай ойларынды біліп едім. Бірақ мәселенің олай болып шықнаганына олі қүнге дейін оқінемін. Онда... Онда бүйтіп Айжан мен үшін мөңгі арман болыш қалмас па еді? Кейде оцашада озімнің сонша-лықты жігерсіз болып, батыл болмай тұганымға ренжимін де. Ал, кейде соның өзі мүмкін дұрыс болған шығар, егер басқаша болғанда Айжан да мөңгі оқініште кетер ме еді деген де ой келеді. Қайткенмен де сол түн мениң олі есімде. Айжан екеуміз бұдан соң да сан рет оңаша кездесіп, жолығын, армандасын жүргенімізben де спікайсысы сол түнді қайталай алған жок.

Кішкене тұрган соң екеуміз үйге қарай беттедік. Сабыржан айтқанын орындаіды. Бұдан былай Гүлсімді де ренжітпейтіндігіне, “аңы судан” татып алмайтындығына нақ сенімдімін. Отken жолы қамшыны бермей босқа дуралғастын екенбіз деп ойлаймын. Соңда беріп жіберу керек еді.

Бір ай шамасы өткенде Багила екеуміз қайта оралдық. Сарыала қамшыны ала келгенбіз. Сабыржанға берлік. Қамшыны қолына алған Сабыржанның козінен екі-үш тамшы жас үзіліп түсті. Оның неге бүйтіп тұрганын да менен басқа ешкім түсінбейтін еді.

Ол қамшының өрімін бүктен ұстац, өрі-бері үқалады да, жезін ысқылап тазартып, кілемнің бетіне бұрынғы орнына іліп қойды.

Міне, содан бері талай жылдар отті. Сарыала қамшы Сабыржанның төрінде ілуулі тұр. Ұлы Отан соғысына қатыскан көс жауынгердің бізге қалдырып кеткен ескерткішін сияқты. Сабыржанның үйінен осы қамшыны коргенде марқұм болған менің оқем де көз алдымға келеді.

## Ә Н Г I М Е Л Е Р

### ЗЕЙНЕПТІҢ ЗАРЫ

Тұн қарандылығы қоюлана түсті. Әлгінде ашумен шыкқан Зейнепті енді қорқыныш баурай бастады. Сонда да жүріп келеді. Алған беті дұрыс па? Қайда келе жатыр, оны өзі де білмейді. Жылаудың аяғы өксікке айналған. Анда-санда шұңқырға аяғын сұғып алғып, денесі солқ еткенде өксіген даусы қаттырақ шығып келеді.

Тастай қарандылық соқыр адамдай етіп, жан-жакты болжаудан қалдырды. Аспанды қалың бұлт торлап, жауынның ісі сезіледі. Ен дала жаңбыр алдындағы тыныштыққа бөккен. Тым-тырыс қүйге еніп, маужырай қалған. Тек қана Зейнептің аласұрған көңілі алай-түлей.

Жүріп келе жіткан беті артына қарады. Әлде дөң астында қалды ма, әлде алыс кетті ме, ауыл оты қозіне шалынбады. Ауылдан алыстаганына Зейнеп өкінген жок. Тек есінс екі баласы түсіп, жүргегі зырқ ете қалды. Аргына қайта бұрылыш қарағанымен ауыл оты көрінбеді.

Бұл Зейнептің үйінен бірінші рет қашуы емес. Жолдыбаймен косылғалы үш жылдың ішінде сан рет далға да түнеді, сан рет торкінің қашып келді. “Ел іші алтын бесік” деген ағайын туыс “құтты жеріне” қайта өкелді. Қайтсын олар да екеуінің ел қатарлы тұрмыс құрганын қалайдығой.

Жолдыбайдың таяғы еттен, соғы сүйегінен өткен Зейнеп бұл жолы ол үйге қайтын бармақшы емес, оған іштей қатты бекіп келеді.

Ал, екінші бір ой: “Ана екі баланы қызып қайда барасың, кейін оралғаның жөн гой”, - дегендег болады, өзі де осы ойдың тоңдерегінен шықпайды. Ер азамат емес-пе Жолдыбай да қоятын шығар мұнысын деген үмітпен бір сәт те көнілінен айықнады. Осы заманда Зейнептей қан жұтып, қайғыға батқан адам бар ма екен бұл дүниеде.

Зейнеп өзінің өмірден алданғанына өкінеді.

Орта мектепті бітірген еон қаладағы недағогикалық институтка түспекші болып еді. Арманы оқытушы болып, бала торбислеу ісімен айналыспақшытын. Алғашқы емтиханның өзінен-ақ қанағаттанғысыз баға алып шықты. Не істерін білмей дағдарып отырған кезінде Жолдыбаймен танысты.

Институттың астынғы қабатында жөндеу жұмыстарымен айналысып жатқан студенттің бірі мұның қасына келіп, үзын орындықтың екінші басына отырды.

- Қарындас, қана болмаңыз, емтихан тапсыра алмай қалғанызың фой, мен қемектесейін сізге. Қай факультетке түспекші едіңіз? — жылпылдақ қара торы жігіт барлық жағдайын сұрап алды. Өзінің де осындағы Зейнеп түспек болған тарих факультетінің бірінші курсын тамамдаганын айтты. Институтта таныс мұғалімдерінің көп екенін, соларға барып тағы да келесі емтихандарға қатыстыруға болышатының, сөйтіп, мұның окуға түсіне қемектесетінін айтты. Тіпті ертерек кездеспегеніне өкінді. Онда мұндай жағдай болмайды екен. Таныса келе екеуі аудандас, совхоздары да көршілес болып шықты. Соңынан ертеңінс осы жерде кездесуге уәдслесті.

Ертеңіне Зейнепке қөніл демерлік жаңалықтар айтты. Бір таныс мұғалімге жолықкан екен көлісімін беріпті. Екеуі сөл орындықта қатар отырған. Бір кезде алдарынан кеше Зейнептен емтихан қабылдаған оқытушының бірі оте берген.

- Міне, мынау, кеше мені емтиханда “құлатқан”, - деп Зейнеп Жолдыбайға ана оқытушыны ренж и көрсетті.

- Е, ол өзіміздің агай фой, қазір мен жолығын келейін, - деп соңынан қуа барып, әлде не туралы ұзақ сойлесті. Әлсін-әлсін бұл жаққа да көз салып қояды.

Әлден уақытта қайтып келіп, әлгі Дәуренов деген оқытушыға таныстырыганын өңгімелеп берді. Зейнепті “қарындасым” деп таныстырыған екен. Ертең туsten кейін келуге шақырыпты. Алдынан аз да болса жарық сөүле елестеген жас қызы жігіт сөзіне қатты сенді. Оның адамгершілігіне, кісіге деген қамқор сезіміне қыз жүргегі

құлай берді. Жігіт қалай тарға солай ерді. Әрбір созіне имандай сеніді. (Кейінен Жолдыбай: - "Мына макұлықты алдан соқтым той. Мен өзім Дауреновтың жоне бір-екі оқытушының сабагынан тапсыра алмай "қарыз" болған сабанымнан сынақты қашан алатынын сұраганмын. Мына бейшара соны өзінше түсінікті той", - дегі бірге арак ішін отырған жолдастарына мақтанып әңгімелегенін Зейнен сан рет естілі.)

Екеуі қаланы көп аралады. Демалыс паркіне келіп отырды. Жігіттің өзіне қарай икемдеген қолын қаққан да жоқ. Ыстық демі бетін шарығанда козін жұмын ернін тоңса берді. Козін ашып қарагаңда отіп жатқан халықты корсе де тал гүсте сүйісудің үят екенін есіне де келменті. Ыстық сезім, алғашқы нөк сезім қызы жүргегін албыртып, мас адамдай маужырата берді.

Мына қалың ағаш, қантаган адамның барлығы да "Махаббат деген осы" дегендей. Бұрын өзіне молімсіз дүниенің алғаш демін татқан қызы анасына аузын ашқан балапандай шоліркей берді.

Кепи баттай Зейнепті жатақханаға шығарып салған Жолдыбай үйіне асықты. Бір жақын туыс адамның үйінде тұрады екен. Ауру кемпірі бар көрнеді. Кешігін қалса ренжілі екен.

Құнғы кешкілік осы өдегінен Жолдыбай танбайды. Қызы құнары қанбай жатып үйіне асыгады.

\* \* \*

Жолдыбайдың институтагы таныстары өзінің айтуы бойынша үздесінен таңбанты. Сол үздені күтумен жарты ай лездे отіп кетті. Зейнен үйге кетуге қамдана бастады.

Бір күні өдегіндерінің парктері орындарына келіп отырған.

- Кетпеші, Зейнен, - деді Жолдыбай. - Сен кетсең мен не істеймін. Салынамын той мен сені, қасымда болышы.

Жігіт қызын отыр. Түріне қаран адам аярлық.

- Кетпегенде не істеймін. Кетемін. Оқуға түсс алмай келіпті деген елдің қанку созі жаман. Бірақ оқуға түсс алмай

қалған жалғыз мен емесін ғой. Сонда да ұят. Дегенмен елге барып сохозда жұмыс істеймін. Жаксылан дайындалып келесі жылы тағы келермін.

- Сен кетпес. Осында сатушылар даярлайтын бір жылдық курс бар. Соған түсін оқы, келесі жылы окуға түсүнде өзім комектесемін, - деп Жолдыбай кесіп айтты.

Сонымен Зейнеп сатушылар даярайтын училищениң оқу-шысы болды да шықты.

Жолдыбай жіңін келіп тұрды. Бір қыс тұруға қолайлы потер тауын берді. Содан соң біраз уақыт жок болып кетті. Мұндауда кыз жүргеі елегізіп, сағынып қалатын.

Зейнептер училищеге таяу жерледі бір жалғыз кеміндердің үйін жалдан еді. Бір болмеде тұратын торт қыздың іштеріндегі ең жасы үлкен – Қарлығаш. Бір күні кешкісін Қарлығаш сабақ дайындаған отырған Зейнептің жанына тақай отырды.

Жасы үлкен жоне не сойлессе де ақылмен сөйлейтін Қарлығаш құрбыларының арасында беделге ис болып, ақыл-кенес бере бастаган.

- Зейнеп, - деп бастады ол созін. – Мен бүгін Жолдыбайды көрдім. Бір аялдамада тұр екен. Жанында аяғы ауыр бір жас келіншек бар. Жолдыбай ішінкіреп алған сияқты, оған анау келіншек бірдене деп үрса сойлен тұр.

Зейнеп, сен қоңіліне алма. Мен сол жітті алғаш көргендеге-ақ ұнатпағым. Маган соның жүріс-тұрысы ұнамайды. Кексе жігіт сияқты, байқа, алданып қалып жүрме.

Қарлығаштың мына созі Зейнепке шашудай қадалды. Дегенмен Жолдыбайды жамандыққа қиган жок. Не сенерін, не сенбесін білмеді.

Әлті соз ойына оралып, сол күні тұнімен үйіктай алмай шықты. Жігіті жок қыздардың бірін-бірі күндейтінін билетін Зейнеп Қарлығаштың созін көре алмаушылыққа жорылды.

\* \* \*

Жолдыбай кешкес қарай келеді де, асығын кетеді. Қашан да сумканың іші толы кітан. Аткаратың қогамдық жұмыстары кон. Не кітанханага бару керек, не өзінің жаз-

ған бақылау, ойтпесе курстық жұмысын машинкага бастыру керек. Оны жетекшісіне корсетуі керек. Міне келген сайын осындай бір жұмысы бар. Қоштасып тұрып Зейнеп бар болғаны агаши шарбактан сыртқа ұзатып салады.

Қарлығаш пен болған өнгімeden кейін де Жолдыбай бірнеше рет келді. Сол туралы сұрауга сан оқталғанымен ойна алған сәтінде жүргегі аузына тығылған қыздың батылы бармай қала берді.

Ғашықтық жөннідегі романдар мен дастандарды біршама көп оқыған балауса қыз сөздерін солардың кейінкерлеріне тәсеп, қыншылықтарды жеңетін, не ғашығы жолында құрбан болатын кейінкерлер сияқты озі де іштей қатты серт байлаган еді. Махаббаттың дертіне қатты шалдықсан Зейнеп үшін Жолдыбайдан басқа адам жоқтай еді. Өгей шешенің қолында жастайынан зеку коріп осқен жан үшін жігіттің смірене аймалаганының озі омірдегі үлкен бір тірек болып корінген.

Жолдыбай келметен кездерде қоңілі құлазып, қатты сағынатынды шыгарды Зейнеп.

Тағы бірде Қарлығаш Жолдыбайды анада корген скіқабат келіншектен көргенін айтты. Бұл жолы олар кошеде қолтықтасып кетіп бара жатыр екен.

Сол күні Зейнеп Жолдыбайдан ол адамның кім екенін сұраган.

- Женгем гой. Аяғы ауырлаган соң өдeі келген. Ауылда аурухана болғанымен перзентхана жоқ.

Жолдыбайдың байыпты түрі мен дәлелді сөзі қыздың қоңілін орынқырып таставды. Ал, Қарлығашқа мүлдем қоңілі қалды. Енді оның сөзіне сенбeуге бекініп, кезі келсе мұқатшаққа түйілді іштей.

Жігіттің қайратты. Бүйра шашын алақанымен сипап, ой төзізіне жүзін біраз отырды. Біреудің сөзіне сеніп Жолдыбайды кінолаганына, ол туралы жаман ой ойлаганына іштей кіно тақты.

Бірде осылай отырган сәттерінде өңгімeden өңгіме туып Жолдыбай өзінің үй-жайы туралы өңгімелеген. Әкесі совхозда бөлімше басқарушысы болып істейді екен. Үлкен шешесінің қолында осқен Жолдыбай үйде “өзі би, өзі кожа”. Осы қалада тұратың бір нағашы туысы бар көрнеді.

Оның балық заводының директоры екенін айтқанда мактанныш сезімі анық аңгарылып тұрды. Оқуға түсінеге де сол туысқаны комектескен.

Сөз орайы келгенмен Зейнеп өзінің жағдайын онғимелеп бере алмады.

Әкесінің совхозда малины екенін жөне екі ағасының барлы-ғын ғана айтып токталы. Өзінің мақтануга тұрарлық туысы жоқ екенін сездіргендей болды.

Зейнеп ес білгелі өгей шешенің қолында тәрбисленіп келеді. Жастайынан ақыру мен жекіру коріп ости. Жылы сезді жарытып естіген де жоқ. Оңашада болмаса жас ойсінен именетін әкесі де көп емірентбейтін. Есейген соң ол да қалды. Ақудай ақырган шешеден бата алмай ана екі ағасы да үйлесе алмай жүр.

Огей шешенің соңынан келген Ақлима екеуі бірге ости. Бірақ Зейнепке Ақлиманың ескісі тиистін болды.

Осында оқуға келмек болғанда да шешесі карсы сыйдай білдірген.

Ашып айтпағанымен де:

- Осы күнгінің қызы оқушы ма еді, тәйірі? “Кестер біреумен қол ұстасын”, - легенді сан рет айтты қайталаң. Мұның талабын екі ағасы қатты құпталды. Әке жайы өзінс мөлім, жуас адам той, тіс жарып ештеңе айта қойған жоқ. Іштей қызының талабын құптайтын да шыгар, бірақ сыртқа шыгаруға дөрмен қайда.

Институтқа түсс алмай қалғанында қыз жүргін қинаған осы жайлар еді. Огей шешенің қаһарынан қорқатын Зейнептің ауылға қайтинауга қоңылі шашнаган.

Өмірі ешкімге мұның шағып, не мұндасып көрметен Зейнеп Жолдыбайға бұл жоспарды тізіп айтып жатуды бір түрлі үят санағы. Іштей қорланды да.

\* \* \*

Декабрьдің соңғы күні. Ертең Жаңа жыл деп көршілес қыздарының барлығы ауылдарына кетті. Ауылы алыс Зейнеп екі күнге бола жүргісі келмеді. Бөлмеде онаша отырған, жалғыз қалған оның қөңілі сан қияға шарлап қайтты. Эрине қиял қанатында Жолдыбай еді.

Ойлаганыңдай Жолшыбай да жетіп келді. Жаңында тағы екі жолдасы бар. Еарлығының да ішіңкіреп алғаны корініп тұр.

- Келе жатқан Жана жылышызben! – деп қосарлана күттүктасты достар.

Жолдыбайдың достары Жана жыл мерекесін қарсы алуға жиналмақшы екен. Сол кешке Зейненті де шакыра келіні.

Қыздың қарсылық білдіргеніне үш жігіт қарасын ба, оздері ішіп алған болса, ақыры қөндірді.

Зейненті көйлек жагы қинап еді. Кеш-жыныга киетін ариаулы тігілген койлегі жоқ болатын. Оның да себебі табылды. Қасында жататын қыздың бірінде парнадан тігілген койлегі болатын. Төсек астындағы чемоданинан соны алып киді. Жылтырагы коп қарасұр койлек ак құба енді әдемі қызға оте жарасын, бұрынғыданда сұлуулана тұсті. Оймақтай әдемі ерін орқашаңта қып-қызыл. Онесыз да онің жүзінے Зейнен “қолдан өңдеу жұмысын” жүргізбейтін.

Кеш болатын үй таяу жерде екен, бұлар лезле-ак жетіп келді. Келсе елдің бөрі жиналыш қалынты.

Әдемі “парча” койлек киген Зейнен басқа қыздарға қараганда үйректің когілдіріндегі козге оқшау ілігеді. Зейнентін көзіне бірден тұскен қыздардың кобісі шалбар, ұзын койлек киген екен. Ал, тіпті кейбірінің юбкасының қысқалығынан тізесінен жогары тылтиып тұр. Ал, отырған біреулер алдына газет жауын алынты. Қыздар мен жігіттер Зейнентің қолдауынша қаланың қыздары сияқты. Екі-үштен жиналыш алып бұрыш-бұрыштан күлліргі әңгімелер айттысып отыр.

Коп үзамай-ак кеш басталды. Зейнентің мұндай жиында бірінші рет болуы. Бір-бірін танымайтын адамдардың аттарын атап танысуын, рюмкаларғы аракты тост айттын барып ішү керектігін тек кинода гана корсетін. Өмірі аузына арак алып кормеген ол, алдына рюмка толы шараң қойғанда шошын кетті.

Алғашқы тост айтылып, бұған жанын қоймай шараптан бір ұртатты.

- Алғашқы тосты ішуге болмайды, - деп ескертті басқа арушы. Үрттауын ұртаса да шараптың жүрек айнытарлық өзіне бұрын мерзімсіз демі аузынан кетпей қойды.

Міне бөрі сол бір үргім шарантан басталды ғой.

- Жарты рюмка барган жерге қалғаны да барады. Таусын ішіңіз, - деген тост иесі қолқалайды.

- Іш, Зейнеп, - деген Жолдыбайда жанын қоймайды. Қыздар да бірін-бірі тұртпін сылқ-сылқ құледі.

Қыздарга қараса түгелдей ішін қойынты. Ерікіз жиремен отырып қалғанын жүтты.

Қарсыныңдағы бүйра шашты сары қыздан-ақ корді көресінді.

- Жора (Жолдыбайды айтады), сіздің барышня неге ішней отыр, әлде бізді менсінбей мә? – деген біресе оған тиседі. Басқа ел өзімен-өзі болып кетсе де (ана қызбен танысса да атын ұмытын қалыпты) Жолдыбай екеуі мұны қыстауын қоймады.

Би кезінде олға қыз Зейнеппен бір-екі біге шықты. Билеп жүріп:

- Сіздің Жорага үйленгендіңзге көп болды ма? – деген сұрайды.

- Жоқ, олі үйленгеніміз жоқ.

- О, солай ма? Ол мені бір-екі рет шыгарып салған, кинога апарған. Мен оны “женатый” деген естіп соңынан жуытпай қойдым. “Холостой” екенін білмедім ғой. Жақсы жігіт емесспе, о? – дейді бұрала сойлен.

Мына сөз алғашқы ішкен шарантан айналып тұрған Зейнептің басын одан сайын айналдыра түсті. Қызғанышты лаң етіп оне бойын шарынды. “Женатый” деген сөзін қоңіліне құлік алса да қызғаныш бараган көңіл басқаны қойып, мына қасындағы қыздан қауіп күтті.

Стол басына қайта отырган соң олға қыз Жолдыбайдан көзін алмай қоюға айналды. Қарсы отырган екеуі жаңындағы мұны ұмытын өзара оңғімеге көшे берді.

Мұнан кейін неге екені ой де білмейді тост котерілген сайын Зейнеп те екі айтқызбай рюмкасындағы шарантты жұта берді. Енді біраздан кейін ел тұра бастағанда тұрайын десе буыны бастырмайды. Былқ-сылқ етіп орнынан қозғала алар емес.

- Қайтайық, - деген сөзді Жолдыбайға тілі құрмеліп зорға айтты. Тұн ортасы ауа қайтқан олар есікті екеулеп ашып, электр шамды жақты да, жақпады ма есінде жоқ

пальтосын шешер-шесиестен төр алдынлагы кроватка құлай кетті. Тек Жолдыбайдың сүйіп, аймалағаны ғана есінде қалыпты, басқа ештенені білмейді.

Таңертең ояиса басы котерүтпейді. Жанында.. Жолдыбайды теріс қарап үйықтап жатыр. Парча қойлектің етегі беліне дейін қақ айырыла жыртылған. Не болғанын жаңа түсінген жас қыз екі көзінен жас парлап, Жолдыбайды жүлкілай бастады.

“Тұр-тұрдың” астына алды.

Оміріндегі қайғысыз-мұңсыз шағынан у кешетін өмірге откен алғашқы тұн осылай өтіп еді

\* \* \*

Мұнан кейін Жолдыбайдың бұл үйге келгіштеуі бұрыннан жиледі. Ал, өзі келген сайын еш уақытта сау келіп корғен емес, ылғи да ішіп жүреді. Қашан келсе де аузынан арақ иісі мұңқіш тұрады.

Сөйтіп жүргенде өзі біраз күн келмей қойды. Жігітті іздеп қыз көңілі бұл кезде сан қияга шарлады. Ойна не келіп, не кетпеді.

... Жолдыбай институтты тамамдайды. Жок, оуслі ол скеуі үйленеді. Келесі жылы өзі де институтқа түседі. (Зейнеп өлі де болса Жолдыбай институтқа түсуінс көмек жасайды деп сенуде). Екеуі бір факультетте оқиды. Ол үшінші курсте бұл бірінші курста оқытын болады. Білмегені болса Жолдыбайдан үйренеді. Ал, бұл үшінші курста оқығанда Жолдыбай қызметке орналасады. (Бір созіндес ол қалада қалғысы келгінін айтқан. Ана туыстары қалага орналастыруға шамасы келетін корнеді). Сөйтіп, Зейнеп те окуын тамамдайды. Қазынадаң үй алады. Кішкене балалары болады. Алғашқысы – үл, скіннісі – қыз.

- Бала... – Зейнеп өз ойынан өзі шошып, жүрек тұсынан қадалған шаншу найзадай түйреп өтті.

Осылай өң мен түс арасындағы аласапыран ойға батты. Қыздарға қарарға да бет жок. Анау екі қыз басқа үйге нәтерге шыққан. Ал, Қарлығаш ештеңе сезбей жүр дейсің бе? Ұят-ай! Откен айдың бас кезі слі ғой. Тұн ортасы ауа

біреу есік қаққанға Қарлығаштан бұрын үшып тұрып жүгіріп барса – Жолдыбай.

- Аш, есікті! Аш!... Жылдам, Зейнеп – дейді алқынып. Не болғанын түсінбеген Зейнеп оны ішке кіргізіп алды. Төрі болмеге откесіде жігіттің түрін коріп қыз шошып кетті: үсті-басы мылжа-мылжа қан-қан. Екі козі қанталаң кеткен, ашудан қалш-қалип етеді. Қабагын жырып кеткен, қанаң тұр. Оны қолының сыртымен сұртіп қояды. Ентігіп зорға басып, су сұрап ішті. Тағы да ішін алынты. Жаңа жыл кешінен бастап Зейнеп мұның үл үйге сау келгенін корген емес. Жігіттің мына түрін аяған оның жүрөні сыйладайды. Екінші жағынан бойын корқыныш билейді. Босағадағы орындыққа аз отырып дем алған соң қайта беттеді есікке.

- Корсетем, мен оларға – дейді кіжініп.

Зейнеп жан үшырып алдынан шыкты. Олмей босатар емес. Ақыры жігітті үйде қалдыруға қондірді. Бірақ мұнан кейін Қарлығаштың бетіне қоңкес дейін қарай алмай жүрді.

Осы оқиғадан соң үйге жолдыбай келсе Қарлығаш туыскандарының іне немесе өзімен бірге оқитын корші қыздардың үйіне барып қонағыны болды.

\* \* \*

Екі ай бойы келмей қойған соң күте-күте тағаты таусылған Зейнеп Жолдыбайды ізден институтқа өзі барды. Институт табалдырығын аттағанда гана оның фамилиясын білмейтіні қыздың есіне келді. Ауыздағы кезекшіден тарих факультетінің студенттері қайда оқитынын сұрап алды. Енді бір он бес минуттан соң барын қоңырау соғылатынын да сол кемінір айтты. Ушінші қабатқа көтеріліп кең коридорды бойлай біраз жүрді.

Осы кездे сатымен екі қыз көтеріліп келе жатыр екен. Зейнеп әңгімелеріне құлақ түре қалды:

- Иә, ол кісінің лекциясы маған да үнайды, - деді екінші ақ құба талдырмаш қыз.

Зейнеп елең ете қалды. Баяғы өзін емтиханда “құлаткан” Дәуренің туралы айтып келе жатыр ғой бұлар. Яғни, Жолдыбайды білуғе тиіс.

- Сіздер Жолдыбай деген студентті білмейсіздер ме? Зейнеп бұлардың жаңына келді.

- Жолдыбай? -- деді екеуі бірдей, - қай курста оқиды?
- Екінші курста.

Екі қыз білмейтін болып шықты. Қабырғада ілулі түрган сабак кестесінен қарап екінші курс студенттерінің 326 аудиторияда лекция тыңдайтынын айтты.

Қоңырау соғылғанда Зейнеп есіктің алдында күтіп түрган.

Ұстазының соңынан студенттер тоң-тобымен шыбып кетіп жатыр. Аудиторияда ешкім қалған жок.

Зейнеп соңғы студентті қызып жетті.

- Сіздермен бірге Жолдыбай деген жігіт оқымай ма?
- Караманов на? Оқиды.
- Ол қазір қайда?
- Ауруханада, - деп тандана қарады ана жігіт.
- Қай ауруханада екенін айтпайсыз ба?
- Білмеймін... Айтинақшы осында бір жігіт оның пәтерінің адресін біледі.

Сөйтті де аяғын жылдамырақ басып, орта бойлы дембеліс жігітке таяна берді де:

- Зейміл, Жолдыбайдың пәтерінің адресі қалай еді? – деп сұрады дауыстан.

- Поворотная көшесі, 8-ші үй... Оны қайтесің?
- Жәй, мына кісіге қажет екен.

Әліі жиіт токтап, артына бұрылғанда Зейнеп оны бірден шырамытты. Бұл Жаңа жыл кешіне Жолдыбаймен бірге Зейнепті сауық кешке ертін барған жігіттің бірі. Қарсысында отырған бүйіра шашты сары қыңды еріксіз биғе шақырғаны да есінде қалыпты.

- Сөлеметсіз бе? – деді Зейнеп.

Жігіт басын изең өлдене дегендей болды. Бірақ оның даусын Зейнеп естіген жок. Жігіт жүзі бір бозарып, бір қызыарып өп сөтте қырық құбылды. Оның неге бүйтіп түрганы Зейнепке түсініксіз. Әлгінде естіп қалған адресті зердесіне түйіген ол қоштасып бұрылып жүре берді де артына қарады. Зейміл жаңағы адрес сұраган жігітке, жұдырығын кіжіне түйіп, өлде нені өкіне айтып түр екен.

Мұның қарал тұрғанын байқап қалған Зеймілдің ақ сүр бетіне қызыл қан қайта жүгіріп, теріс айналып жүре берді.

Ана жігіт сол орнында кінөсіз жүзбен біресе Зеймілге, біресе Зейнепке қарап тұрып қалды. Түккес түсінбесен кейіншеге жүзінде сұрау ойнайды.

Әлгінің Жолдыбайдың адресін аңдаусызда айтып қалғанын Зейнеп сезіп келеді. Алай-түлей ой құшағына орнаған ол, буын-буыны дірілдеп үшінші қабаттың баспалдагынан қалай тәмсөн түскенін білген жоқ. Есік алдына шыққан соң да ой құшағын жинай алмай біраз тұрды.

Осының борін жаманатқа жорыған қыз не болса да Жолдыбайдың пәтерінен барып білуғе асықты. Тұысқанымыздың үйінде тұрамын деп айтып отыратын. Қайткенмен де олардың не жағдай болғанын біліп отыруы анық.

\* \* \*

Тұс ауа шыққан Зейнеп сұрай-сұрай Поворотная көшесін кешке қарай зорға тапты. Қаланың шет жағында елеусіз бір кішкентай көш екен.

Есікті бір көрі орыс кемпір ашты. Қапелінде сасқа-лақтаң Зейнептің аузына сөз де түспей койлы. Оның ойында Жолдыбай туысқандарының үйінде тұруға тиіс еді. Санырау кемпір мұның айтқанын зорға естіді. Өзін “Жолдыбаймен бірге оқимын” деп түсіндірген Зейнепті ауыз үтеге кіргізіп, стол жанына өтырғызған соң кемпір әңгімесін жорыта жөнелді. Оның әңгіmessіне ден койып отырған болған Зейнеп ұзын-ыргасынан түсінгені: Жол-дыбайдың коп іштетінің және көп қылышратыны. Кемпірдің сөзінен жөне үғынғаны оның осы көшениң тұйықталған жеріне отыз екінші автобусмен барып екі аялдамадан кейін түскен ауруханада жатқандығы.

- Тезірек бар, ауруханаға, - деді кемпір Зейнепке, - жаңа ғана Роза да сонда кеткен, мүмкін жолығарсың.

Кыз жүргегі өз орнында бір ырышын түсті. “Роза” деген кім екен, ә? Бірақ сұрауға батылы бармады.

Әлгінде кім-кім тұратынын, қалай тұратынын сұра-мақшы болды да, артынан созшең кемпір “бірге оқып

жүріп, өлі күнге дейін соны да білмейсің бе?" - деп тастай ма ден ұн демеген.

Аурухана ауласында бірнеше адамдар отыр екен, ішінде Жолдыбай көрінбейді. Ішке кіріп, жан-жағына имене қаран біраз түрді. Кім ілушіден келігі сұрады. Ол "мына тізімді байқа" деп қолына фамилиялар тізілген бірнеше парапқағаз ұстата берді. Зейнеп қарап-қаран тапты-ау, өйтесін. Бар екен.

- Міне, Караманов, үшінші палата, бесінші болімше. Қалай шақыртсам екен? – деп сұрады Зейнеп кім ілушіден.

- Фамилиясы кім дейсін?

- Караманов, аты Жолдыбай.

- Мына тізімді қарашы, бұл жүре алмайтын аурулардың тізімі, – деп екінші тізім берді.

- Мұнда да бар екен. Зейнеп көрсетті.

Әлгі кісі фамилияны ежелеп бірнеше рет оқып шықты да, ойына бірдене түскендей апыл-ғұптың есікті жауып, ішке еніп кетті. Аздан соң екінші бір ақ халат киген әйелді ертіп шықты.

- Сіз бе Карамановқа келген? – деп сұрады ол.

- Иә, мен.

- Сіз оның кімі боласыз?

Зейнептің аузына соз түспей қалды.

- Танысмын... Бірге оқимыз.

- Жарайды, жүрініз онда.

Астыңғы қабаттағы кабинеттің біріне ертіп өкелді де әлгі әйел бір парапқағаз беріп:

- Мынаған аты жонінізді, тұратын адресінізді және қайда оқитыныңызды жазыңыз, – деді.

Қалалық ауруханада бұрын болып көрмеген Зейнеп мынадай тәртіпке таң қалды. Әлгінде "бірге оқимыз" дегені еске келіи, қайда оқитынын қалай жазарын білмей аз отырды да шындығын жасырмай жазды.

- Ал, енді, – деді анау әйел. Зейнеп жазып болып, қала-мын столға қойған соң. – Үйге қайта беруіңе болады. Ертең осы уақытта ертерек кел. Бұғын күн кеш болып қалды. Екіншіден бас дәрігер оған бөгде біреудің кіруіне бұғын тиым салған болатын. Ауруға тынығу керек. Оның миы

шайқалған. Әлгіне сұранып болмаған соң әйелін де зорға кіргізген едік, палатада шу шығарып зорға қойғызыды.

“Әйелін” деген сөзді естіген де дір етс түскен Зейнеп, анау орнынан көтерілгенмен де денесінен жан кетіп бойын билей алмай қалды. Осы кезде он бүйірінін іш жағынан бір нәрсе тұртіп-тұртіп өткендей болды. Не болғанын түсінбей қалған ол анау әйел есікке беттегенде гана сүлесоқ орнынан тұрып, соңынан ере берді. Бір оқиғадан соң бір оқиға, сансыз шешуі жоқ жұмбаққа тап болған қыз ауруханадан шығып үйіне қарай беттеді. Жылағысы келіп қыстығады, қозінен жас шықпайды. Тезірек үйге жеткісі келіп, аяғын жылдамырақ басып еді, бірақ оң жақ бүйірі қатты солқылдаи, бүгіле түсті. Қатты ауырып кеткендіктен алақанымен баса қойды. Кенет қыз қолы қаттылау нәрсеге тигендей болды. Алақаны шоққа ти-тіндей дереу қолын жұлып алды. Біреу байқап қалды ма деп жан-жағына барлап қарады. Шеткері коше гой адам да аз екен. Зейнеп тағы сииап көрді. Өне бойы шымырланып, денесі мұздан кетті. Бұрын негып байқамаған, денесі толынып, іші өсе бастапты. Сырт көзге де анық байқала-тындей, көйлегін әжәптөүір көтеріп тұр. Өзін-өзі қоярға жер таптай қиналды. Сол қыстыққан беті үйге кетті. Тек төсекке құлаган бетте гана көз жасына ерік берді. Ұзак жылады. Отken өмірі козіне елестеп “құдайды” да, өзін де, Жолдыбайды да кінәлады. Өлім тіледі, өмір сұруден жеркенді. Сөйтін, киімшеш жатқап беті үйықтап кетіпті, таңертең Қарлығаштың “тұр-тұрлаған” даусынан бірақ оянды.

Тұс көріпті. Тұсінде Жолдыбай екеуі көшеле келе жатыр екен. Бұрыштан шыға келген екі құлагы едірейген, тайыншадай көк ала ит екеуіне қарай тап берді. Жолдыбай тұра қашты. Зейнептің жан дәрмені шығып, тұрға үмтыйлайын дегенмен екі аяғы еркіне қонбей құлап түсті. Әлгі ит талайтын шығар деп денесі тітіркеніп аяқ қолын бауырына жинай түседі. Жоқ... ырылдаған иттің дауысы шырылдаған нәресте даусына айналды. Артына қараса тырдай жалаңаш жас бала еңбектен келіп қалған екен. Орнынан тұрмак болын еді, әлдеқайлан пайда болған жас келіншек бір теуіп қайта құлатып түсірді.

“Көңілің Жолдыбайда болса, дәмен зор екен”, - дейді кекетіп. Зейнеп оның Жолдыбайдың келіншегі скенін іштей біліп жатыр.

- Тұр енді керілмей! – деген дауыс қатты шыққанда гана көзін ашқан Зейнептің қарсы алдында Қарлығаш тұрды. Көрген түсінің өсерінен айықлаған беті орындан көтеріле берді. Сабакқа баратын уақыттары болып қалыпты. Көп жылагандықтан бет-аузы, көзі ісініп кетіпті.

## КҮТПЕГЕН ҚУАНЫШ

Тұс аяға фермадан оралған Манат тракторын есік алдына тоқтатып, үйге кірген. Сырт киімін шеше бастанғаны сол еді, бір бала келіп:

- Сізді директор шақырады. Тез келсін деп жатыр, - деді де шығып кетті.

- Шайыңды ішіп ал. Соңан соң баарсың, - деген Зұбайраға:

- Жоқ, болмайды, өуелі барын келейін, - деп көнбеді.

- Қап, ең болмаса бойыңды жылтып алмадың. Маза бермсій қойды ғой өзіңде әбден. Қымс етсе кеңсеге шақыраңы... Шәйнекті нештің үстіне қойып кетермін, суын қалмаса келген соң өзің ағызып іш, - деп үйде қалған бала-ларға да тапсырма беріп, зайыбы мектебінә жинала бастанды.

Манат бұл хабарды көнтен бері күтіп жүрген. Соңдықтан да кеңсеге жеткенше асыққан. Өйтетін себебі де бар еді...

Іргесі мұның жас кезінде көтерілген там үйдің қабырғасы әбден тозып, жер болып бара жатыр. Әкесі марқұм корасының айналасын жаман-жасқап, құнғап жүретін. Ол кісі дүниеден қайтқан соң Манат шаруашылық тізгінін өз қолына алды. Бірақ қанша күтімді болса ла, ескі үй тоза берді. Зұбайра да кейінгі кездे құлагының етін жеп бітірді.

- Ел қусап тіршілік жасауды білмейсің. Өзіндей Қосыманды қарашы. Кеңіс гана салып біткен анау екі қабатты үйдің біріне кіріп алды. Біздің одан неміз кім? Оның жеті баласы болса, біздің сегіз баламыз бар. Мына араның үясын-

лай баспана бір күні өзімізді басып қалып, сорымызды қайнатады. Қайта қазір қабыргасы қауқып тұрганда басқа үй сұра...

Озі туып-оскен үйді іштей қимаса да бір күні совхоз көсінодақ комитетінің председателіне жолыққан.

- Баяғыдан бері неге айтпағансың, - дед ол өзіне дұрсе қоя берді. — Ертерек айтсаң гой — жаңа салынған үйлердің бірін беретін едік. Тінгі шыдамайтын болсан — Серікболдың үйіне уақытша кіре түр. Ол тракторын тапсырып, қыс бойы қыстаққа барып, шопанның көмекшісі болуга келісті. Осы екі-үш күн ішінде кошкелі отыр. Ал егер шыдайтын болсан, салып жатқан екі үйдің бірін аласың. Бала-шагаң көп, екі қабатты жаңа үй саған лайық. Бұл жайлы директордың да есіне салып қой, мен де құлаққағыс жасармын. Ол кісі озат механизаторлардың сезін жерге тастамайтынын озің білесің гой, - дед шыгарып салды.

Директор да қарсылық білдірген жоқ:

- Біздің құрылышшылардың үлгерсі алмай жатқанын өзің де коріп жүрсің, - деді ол ойланған сөйлен, - соган көмек қажет. Егер мүмкіндігің болса, тезірек аяқтауга септік жаса. Содан соң таңдаған үйнен кіре бер.

Манат болса оған қуана келісті. Содан бері қолы босаған сотте тракторын догара салып, құрлыска жүгіреді. Бірақ ол бұл әңгімені Зұбайрага айтқан жоқ. Кім біледі. Кейін үй тимей қалса тағы да арылмас дауға қалуы мүмкін гой. Соңықтан кілт қолына тиғениш күпия сактамақ болған. Оған түсінбеген зайдыбы тағы да ренжіді:

- Ертелі-кеш салактап басыңа не күн туды. Ең құрығанда демалысында да жондеп тынықтайсын...

Директордың шақыртқанын жақсылыққа жорыған Манаттың қуаниғаны сондай — киімін иығына шала-пұла іле салып, тұра жүгірген. Өйткені екі үйдің бірін салып біткен. Оның бірін бүгін комиссия қабылдайтынын кеше фермага жүрер алдында естіген. Көзілінде содан үміт бар. Сол үміт оны алдамапты.

Директор көзілді екен. Жұмысшылар комитетінің председателі де сонда отыр.

- Жақсы келдің, - деді директор құлімдей сөйлен, - жаңа үйді комиссия жақсы бағамен қабылладады. Әсіресе,

жылыту жүйелерін оте жақсы жасапсыңдар. Соны сен өзің жасадың той деймін. Ал, енді оның жанындағы екінші үй де бітуге жақын екенін өзің білесің. Оған да жылыту жүйесін тарту керек қой. Бұган не дейсің?

- Комектесейін.

- Дұрыс, Манат. Комектес... Ал, енді өзің үй сұрап едің той. Осы біткен үйге кіре беруің болады. Біз оны саган беруге үйгардық.

Косіподак председателі де:

- Кілтін проработан аласың, - деп жымыш, қолын қысып қойды.

Кілтке колы жеткен Манат жүгіріп келіп, жаңа үйдің есігіне жармасты. Куандыны сондай – қолдары дірілден, құлышты зорга анты. Жылыту жүйелерінде сол гана жылы леп бар. Қабылдау кезінде комиссия мүшелеріне от жағын корсеткен болуы керек. Үйдің ішінے жағалай коз жүгіртпін бір қараш шықты да, есік алдында құрылышылардан қалған жаңқаларды жинап оқен, иешке тоғытты. От жағын қоймаса сүй қатып қалатыны есіне түсіп, комір оқелуге үйге қарай жүгірді.

Зұбайра болса мектепке келісімен жаңа үйдің бірін бүгін комиссия қабылдан алғанын естіді. Сол-ақ екен оның Манатқа зығырданы қайнады: "Елдің еркегі той ретін келтіріп, өз пайдасын табады. Біздікі болса далақтан босқа шабуды гана біледі. Кой, болмас. Директорға өзім барып жолығын, барлық жағыдайды айтайын", - деп ойлады.

Сабагы бітісімен жылдамырақ басыш, совхоз кенсесіне келген. Бірақ директор орнында болмай, салы суға кетіп, кейін қайтты.

Үйге тақап қалған Зұбайра комір үйген қорадан шықкан Манатты корді. Әжептоуір салмақты екі шелекті мықшия көтеріп, кошениң аргы басына қарай кетіп барады. Келе жатқан мұны байқаган жок. Әуелде комірді үйге кіргізетін шыгар деп қалған Зұбайра ерінің мына қылышына таң болды. Коңілі олде нете секем алыш, Манаттың артынан үнсіз ере берген. Не де болса қайда барғанын көрсі келді.

Манат болса сиңенеден алансыз екі шелекті дем алмай көтерген беті жаңа біткен екі қабайты осем үйдің есігіне

келіп бір-ақ тірелген. Қалтасынан кілт алып ашты да үйге кірді.

Зұбайраның қуанганы соңдай – жүргөі атиша тулап кетті. “Босс, - дег өйлады, - таңертеңен қуанатын козім тартып еді, сол екен гой”. Бағанадан Манатқа ренжігеппін де үмытып кетті. Ақырын басып ішке кірген Зұбайра оз көзіне озі сенер емес. Манат болса қып-қызыл болып жаңып жатқан ағаштың шоғын үрлеп қойып, пешке кішкене қалақшамен көсеп-көсеп көмір салып жатыр. Ерінің қызыл шоққа алаулаган жүзіне сүйсінс қараған Зұбайра босагала түршп қалды. Оны сінді байқаган Манат та қуанышын жаңыра алмай кең сарайдай оссем үйді басына котере күліп жіберді.

## ҚОСЖАНАР

Азық-тұлік дүкенінен шығып, үйге қарай бет алдым. Елдің борі жұмыстан қайтқан мезгіл. Коше ортасы ерсілі-қарсылы отіп жатқан жүргінші халық. Қолымдағы ауыр торды котеріп, мен де асығып келемін. Кенет қарсы келе жатқан екі келіншектің бірі өлгеніне қадала қарады. Біраз отіп барып, артыма бұрылсам - олгі норкес көз акқұба келіншек соңымнан олі де қарап барады екен. Менің бұрылғанымды көріп, жымың ете түскендей болды. “Янырау, қайдан корген адамым? Мынау бір таныс козқарас қой”. Ақырын жүріш, ой терсінс үңілдім. Жаңагы жаудыраган отты коздер ойланбасыма қояр емес. Қашшама ойланып-толғанғаныммен шешімін таппадым.

Сол қос жанар көпке дейін сеімнен кетпей жүрді. Содан біраз күн откен соң тағы үшырастық.

- Солематсыз ба? – деген дауыска жалт қарасам – баяғы таныс жанар жаудырап түр. Бұл жолы жанындағы құрбысы жоқ, жалғыз екен.

Солемгे мен де ізет білдірдім. Бірақ не айтарымды білмей, қысылып барамын.

- Мені танымадыңыз-ау, деймін.

- Иә, - дедім мен кішкене бөгеліп барып, - Ептен шырамытып тұрмын, бірақ...

- Атым Салтанат.

Жерлің жарығы болғанда ғүсін-ак кетер едім. Амал қашша, үяттан кірерге тесік болған жок.

... Эскери борышымызды атқарып жатқанымызға екінші жыл болған. Дәулет, Санақ үшеуміз бір взводта-мыз. Бос кезімізде әртүрлі әңгіме шертісеміз. Кобіне ел жайлы, алystағы ауылымыз жайлы айтамыз. Қолы қалт еткен шактағы солдаттардың тағы бір машиғы -- хат жазу ғой. Оған мен шебермін. Ана екеуі қыздарға хат жазарда маған жалынады. Мен болсам өзімше майын тамызып, олсандетіп жазып берсімін.

Бір күні сондай сөтте Дәулет өз елінде Салтанат деген әдемі қыздың барын жөне оның қазір қалада тұратынын айтты. Сол-ак, екен мұндайда жанып түсетін Санак:

- Ей, адресін беріші, хат жазайық, - деп жабыса кетті.

- Болмайды. Салтанат танымайтын адамға оңай көне салатын қыз емес, - деп Дәулет оны маңайлатпады.

Өткір тілді Санақ жанын қойсын ба, қыздың аты-жонін, тұрағын толық жазып алды. Бірақ хат жазуға келгенде тай-қып шыға келді.

- Мә, осы қызға хатты сен жағсан қайтеді, менің созге болмаса жазуға орашолактау екенимді білесің ғой, - деп ол әлгі қағазды маған ұстата берді.

- Иә, сен жаз, - деп Дәулет те қостады біраз үнсіз отырган соң. - Бірақ мекен-жайын менен алғаныңды айтпа, жарай ма?

Хат жаздық. Алғашқы хатқа жауап та келді. Бірақ хабары бізді қуанта койған жоқ. Қоңіліміз құлазып қалғанымен өзімізді-өзіміз жұбатып, қайтадан хат жаздық. Хаттың иессі мен болғаныммен жанашыр үшешу. Хатты бөріміз отырып жазамыз.

Сонымен, хатқа хат жалғаса берді. Басы қатты, аяғы төтті. Қызықиен жүріп үш жыллың қаздай қалқып эте шыққанын бақкамай да қалыптыз.

... Міндеттімлі атқарып, еле қарай жүрөгім алып-үшып, зымыран келемін. Асыққанда поезд да шабин көрінеді екен. Екі кезімді терезеден алмай, күнді батырып, таңды атыра-мын. Анда-санда тос қалтамнан алып, Салтанат жіберген кішкене суретке қарап қоямын. Жанары мөлдіреғен әдемі

қызға тесіле қарап біраң отырамын. Онымен іштей үнсіз сөйлесемін. “Салған телеграммамды алдың ба? Құтпі алуға келесің бе?”, - деп сұраймын. Ол – үнсіз. Жауап бермейді.

Алыс жолдың әсері мә, болмаса алғашқы сезімнін азабы ма, жан құйзелісі өлекке салып келеді. Қөрмеген қызға таянған сайын ішкі дүнием алай-түлей бола түсті.

Біздің поезд нокзалға келіп тоқтады. Перронда күтіп алушылар онша көп смес екен. Бұрын жұзбе-жұз кездеспегенімізбен суреттегі қос жанардың иесін бірден танымын. Солдат киімімен түскен мені оның да бірден танығаны даусызы.

- Сәлем, Салтанат.

Жүргім лұпілден, оң қолымды ұсына бердім.

- Сәлем, - деп ол да биялайын шешіп, қолын созды.

Көп тұрган болар, тонып қалыпты. Бірақ оның салқын алақаны менің қолыма шоқ ұстагандай әсер етіп, өне бейімді ток жүргендей болды.

Саулық сұрасқан соң шабаданымды қол жүгін таисыратын жерге өткіздім. Алып шыққан сыйлығымды Салтанатқа табыс еттім.

- Бұл не? – деді ол маған таңдана қаран.

- Ол саған сыйлық. Жаңа жыл таяу қалды емес пе.

Ол маған бір қаран әдемі бір жымиып:

- Рахмет, Бекен, - деді.

Сыйлығымды табыс етіп, көңілім жайлланған соң ойыма “Енді не істеу керек?” деген сұрау оралды. Өйткені, сағат түнгі екіден асып кеткен, желтоқсанның аязлы түні сакылдан тұрган шак.

Мениң ойымды түсінін қалғандай Салтанат жетектей жөнелді. Таксиді де тез үстадық. Сол беті жүйткітіп қалаңың шет жағындағы бір үйге келдік. Шагын долізі бар аласа үйдің бір болігі. Кішкене бөлмелес скі темір төсек қойылған. Мұнда Салтанат құрбы қызымен екеуі тұрады екен. Ол бүгін бір жаққа кетіпти.

Ауыз болмеден жағылатын пештің оты соңіп, алтабы басылып қалыпты. Салтанат отты жағып, лезде маздатып жіберді. Үй-ішін ретке келтіріп, шойнекті пешке қойды. Соның бәрін істей жүріп, өңгіме айтудан аузы босамайды.

Алдым альбомдар өкен тастанды. Құлағым - өңгімде, көзім суреттерде, актарып көріп отырмын. Бір беттеп өзімнің суретімді көрін, марқайып қалдым. Әдемілен өзінің суретінің жанына жапсырып қойынты. Менің көз алдым айдың көлдін ар жағынан алтын соулелі күн котеріліп келе жатқандай осем бейне елестеп, коңілім шаттана түсті. Альбомның келесі беттерінің бірінен Дәулеттін суретін таныдым. Сірө, әскер қатарына кетердегі суреті болса керек, шашын тақырлатып алғызған, құлагы қалқайып отыр. Досымды көргенімс қуанып кетіп, танитынды - гымды айтып қоя жаздаым.

Салтанат ақжарқын, көнілді қыз екен. Өзі оқитын техникум, курсаты дастары туралы және өзімен бірге жататын құрбысы жөнінде бірталай өңгіме айтты. Өңгімені өрлендіре, шебер айтады екен. Құрбысымен екеуі бір күні техникумда болған кештен соң қайтып келе жатып, жолда мысықтан қорыққанына дейін қызықты етіп өңгімелеп берді.

Маган бұлай шешіліп сөйлеу қайда?! Тек Салтанаттың сұрагына бір-екі ауыз сөзбен жауап беріп қана отырмын. Баганадан толық екі ауыз сөздің басын құрап өз бетіммен айтпаган да шығармын.

Шай үстіндес мен оған қараймын, ол маган қарайды. Козімізбен түсінісін, ұғысқандаймыз. Құлген кезде Салтанаттың екі бетінің үшінша аздап шүңқыр пайда болын, онан сайын әдемілене түседі екен. Көнілді құлкімен отырып, екі шөлмек шарапты тауысып қойыппыз. Соның қызуы болар өмірімдс бірінші рет қыз алдында қысылмай сөйлемдім. Солдат өміріндегі кесілесетін кейбір жайлар туралы өңгімелеп бердім. Оны Салтанат ынта қоя тындауды.

Шекем солқылдан, басым айналып, етім қызын отырганда жанымға тақала келіп тұрган қызды қолынан тартып алдымға отыргыздым. Ол да менің қимылымға қарсы болмай, мойныма білегін орады. Сол-ақ екен мен бұрынғыдан да батылданып кеттім. Жерден тік көтеріп алған беті төсекке апарып жатқызып, аймалап сүйе бердім. Қыздың әлсіз қарсылығын тындағаным жоқ. Ыстық құшаққа елітіп, онан сайын масая түсken сияқтымын.

- Қойшы енді, Әскен. Үят болады. Сен шаршап келдін, жатын дем ал, - дегенде барып, құшағымды босаттым.

Түрсегелің отырып, шашын түзеді де:

- Сен осы төсеккес жатасың, - деді төсектің үстін ретке келтіріп жатын.

Сыртқа шығып оралсам төсек салып қойыпты. Озімә арналын салынған төсектің жанында тұрган орындыққа отырып, киімімді шеше бастаганымда Салтанат шамды ошіріп, жанымнан оте берді. Әп-сотте мұндай шешімге қалай келгенімді білмеймін, белінен қapsыра құшактай алдым. Қапелімде шошып қалған қызы бар күшімен итеріп қалғанда арт жағымда тұрган столға барып соғылдым да, орындыққа шалынып құлаап түстім. Қаранды тұрмак болып қарманғанымда столдың шетіндегі ыдыс-аяқтарды жөне бір норселерді саудыр еткіздім.

Салтанат шамды жағын жіберді, өзі бұрышта үрииіп тұр. Шашы дудырап, жүзін үрей билеген.

Қарасам жанымда бір-екі кесе қирап жатыр. Бір жақ тізeme қаймақ қүйылған салат тогіліп, баттасып қалыпты. Содан қайтып Салтанаттың бетіме қараганым жок. Қарауға жүзім шыдамады. Аңу ма, өлде мастық па немесе үяланым ба білмеймін, ойтеуір орнынан сүйретіліп тұрдым да шинелімді киіп, шығын жүре бердім...

Сөйтіп, жастықтың албырт қызыумен бір істі бүлдіріп алып, қайта тұзстудін ретін таппагам. Салтанаттың алдында озімің кінөмді жуып, қайта баруга батылым бармады. Сол Салтанаттың есімі көкірекімде көпке дейін сайран тұрган еді. Бірақ жылжыган жылдар мен зымыраган уақыт өз дегенін істеді. Білтесі таусылған шамның жарығындай болып, олсіреп барып Салтанат есімі менің санамнан мүлде ошип қалынты.

Міне, бұл сол Салтанат еді...

## НАҒАШЫМНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Алыстан әдейі келіп, ат басын тіреген соң, нағашым әңгімелесіп отырсын деп көршілерімізді де қоса шақырдық. Көп жылдан соң келіп отырғаны осы болғаннан кейін,

“Жиен – ел болмас, желке – ас болмас”, - деп озілі болса да сөтіп кетеме деген коңілімізде құдік бар. Қазір құрметті демалыста болғанымен кезінде елеулі қызмет атқарып, ел шілінде жүріп қалған адам той, Айтекең нағашым кіммен болсын тез тіл табысады. Ертеден келе жатқан, естіген әңгімесі болсын, өз басынан кешкен оқига болсын майын тамыза, мәнерлең онғімелей жөнеледі.

Қолына домбыра алыш, он салатыны тағы бар. Ештеп өз жанынан олең де шығарады. Шалқыта күй де шертелі.

Коршілеріміз Сагымбай мен Алтын келгенде нағашым үшатын құстай екі иығын қомдаған алыш, шерткен күйінің әуеніне шалқи беріліп отырган. Аманлық-саулықтан соң домбырасын жай шертіп отырды да, қабыргага сүйслі.

- Ио, қарастарым, жон сұраса отырайық.

Мен коршілерімді таныстырып шықтым.

- Қай жақтан боласындар?

- Жайық бойынаңбыз, - деді Сагымбай.

Бұдан орі онғіме жалғасын тауыш жүрс берді. Нагашым әңгімесін айта отырып, соз арасында үлкен адамдарға төн әдетпен Сагымбайдың аргы аталарын кім екенін, руын сұрап қояды.

Сагымбай өз руын айтып еді, нағашым:

- Охо! – деді коңілденіп. – Міне, “Қазақ сұрай-сұрай келе қарын бөле болыш шығады” деген, жиенжан екеуін туысқан болып шықтың той.

Мен де:

- Ио, туысқан болып шықтық кой. Біз жастар қай жерден келгеніміз бен қай жерде қызмет жасайтынымыздан басқаны сұраспаймыз. Сонау Жайық бойында да туыстарымыз бар екенін кім білген, - деп жатырмын.

- Жиен-келіш, мұнда кел, қарагым. Туыстарың табылып жатыр, ауыз болмеде ас қамымен жүрген Носкенді шақырды. Болмеге Носкен мен Алтын екеуі кірді.

- Ал, келінжан, мына Сагымбай туыстарың болыш шықты, - Нағашым қалай туыс болатынын түсіндірді.

- О, келгеніңіз жақсы болды той, нағашы! Бізге туыстауып бердіңіз. Сагымбай мен Алтын екеуі де бізден жасы кіші. Енді бірі қайын, бірі абысын болыш, менің айтқа-нымызды істейтін болды.

- Пәлі, туысын тауып бергенім үшін астыма ат мінгіземе десем, жиен-келін оз пайдастын ойлан жатыр, - Орынды өзілге боріміз құлсін қалдық.

Аздан соң ас өзір болды. Қонактар қол жууга орынданған түрдү. Нагашым қол жуатын бөлмеге қарай кетіп бара жатып:

- Тату болам десендер - корші болғандарын дұрыс кой, - деп құлді. Басқа ешкім сиптепе деген жоқ. “Бұл қалай айтылған соз” деген сұрап қоңылдеріне ұялаган си-яқты. “Шынында да, көршілер ғана тату болып, ағайын адамдар аразласа бере меге?”

Айткеннің сөзінің мөнісін артынан түсіндік. Дом үстінде:

- Ертеде, - деп бастады ол өнгімесін, - атақты бір сері жігіт болыпты. Аты қазір есімде жоқ. Жаздың бір күні өлгі жігіт жаңындағы нөкерлерін ертіп, ел қызырын келе жатады. Бет алысы Қоянды жөрменкесі болса керек.

Ұзак жүрген жолаушылар бір күні кешкісін өзен табанында екі лашықты панарап отырган адамдарға кез болады. Сұран білсе – бұл жуық манда ауыл жоқ. Бұлар кедейліктін салдарынан коше алмай жүртіта қалған екі үй екен. Бірі – шал мен кемпір де, екіншісі – орта жастагы адамдар. Ауыл маңында жайылып жүрген екі сиыр мен екі үйдің белдеудегі екі бұзаудан басқа тірерге түяқ көзге шалынбайды. Құрқылтайтың ұсынадай екі лашықтың екеуіне де адам сиып болмайды.

Ауылдың маңы да тозып, шалғыны танталған, топырагы шығып, аяқ басқан жердің шаңы аспанға қөтеріледі. Бұл ауылга қонып шығудың мүмкіндігі жоқ деп түйген сері қасындағы нөкерлерін ертіп, ауыл маңындағы бір бұлактың сағасына тоқтайты. Сол жерге ат шалдырып, ертецине ертемен аттанып кетпек болады. Сол екі арада кеш батып, қас қарайады. Жігіттер алқа-қотан отыра қалысып өнгіме құруға кіріседі. Осы кезде оқыс шыққан дауысқа жалт қараса – ауыл исесі ақсақал екен. Қолындағы ак таяғы мен беліне түскен буырыл сақалы ғана қараңғыда бозарып, тас мүсіндей қара сұлба таяп қалыпты.

- Оу, бұларың қалай, балалар! Ауылымызды жадау деп – ат басын тіремедіндер, үйіміздің үстінен отіп – аттан

түсіп сөлем бермедіндер, қотанда қой жатпаған соң – соятын малы жок дең ойлаған боларсыңдар, үйіміз қораш болған соң – қонатын жері жок дең ойлаған шығареңдар, жастарың кіші болғанмен алыстан келе жатқан жолдарың үлкен қонақсыңдар, ақ сақалымды алдарына тартып өзім келіп тұрмын. Ауылға жүріндер, қарақтарым.

Сері жігіт бір қателіктің откенін біліп, орнынан үшүп тұрып, қарияға сөлем берді де, кешірім отінді.

Коңті корген көне көз карт сері жігіттің түрін көрмесе де, қараңғыда даусынан танып койыпты.

- Е, бұл кім десsem – сері жігітімнің озі екен гой. Ат аяғы жетер жерде есімінді білмейтін адам жок, еркелеп келіп үйінс түссен сені карсы алмайтын қай қазак? Әнінді тындал, онерінді коріп, бір жасап қалмай ма?

Қария ренішін айтып алды да, жігіттерді ауылға қарай бастай жөнелді. Жолшыбай сері жігітті қай жерде коргенін, оның өнін тындағанын айтып берді.

Үйінс келген соң қария лашығының есігін ашып тұрып:

- Ал, жігіттер, төрлендер. Үйіміз тар болса да – көңіліміз кең. Сиғандарыңша жайғасыңдар, - дең қонақтарын үйге енгізді де, бәйбішесіне:

- Оу, бәйбіше, іздесең тантырмайтын сері жігіттің озі құдай айдал келіп отыр, бүгін бір онерін коріп, көңіліміз сергіп қалатын болды. Асынды өзірлей бер, - дейді.

Сері жігіт мына қарияның сезінде салихалы ой бар, айтқаны коңілге қонымды адам екенін жаңындағы серіктеріне ескерткендей белгі беріп, байқап отырындар дегендей болады.

Бес-алты адам зорға сиятын лашыққа сиғандарынша жайғасып болған соң өнгіме-дүкен басталды. Сері жігіт он салды, онер корсетеді. Арасында қария да сөзге арала-сып, толімді онғымесімен жастарды төнті стіп отырады. Ақса-қалдың байыпты созі мен сері жігіттің өсем әніне үйшіп отырғанда сырт жақтан: “Тамақ өзір болды”, - деген хабар тиеді. Қонақтар қол жуып болып, дастарқан басына жиналғанда үйме табақ ет те келіп қалады.

- Ал, жігіттер, асқа келіндер, - деді ақсақал, - Жоқ-шылық жомарт ердің қолын байлайды. Қолда бар малды

әжетке жаратып, алдарың тартып отырмыз. Осыған риза боласындар.

Отыргандар табактагы етке коз салып, не лерін білмей отырып қалыпты. Алдарындағы ет - олгінде белдеуде жатқан ала бұзаудың еті екен. Ақсақал оны көршісіне сойызып, қазанға салдырган.

Қарияның әрбір қимылын қалт жібермей қадағалаи, аузынан шыққан әрбір созін жадына сактап отырған жігіттер оның табактагы ет туралын болып қала бергенде жанындағы байбішесіне:

- Деп жібер, бойбіше, - деген созін естіп қалады.

Сері жігіт те жанындағыларға қарап "Байқадыңдар ма?" дегендей орнында қоғалактан қояды.

- Дей алмаймын, отағасы, - дейді байбішесі.

- Дегің келмесе де, деп жібер, - деп байбішесінде қарайды. Ол: "Жарайды", - дегендей болып басын изеді.

Үш ауыз соз жігіттердің зердесінде шешүсіз жұмбак болып қалады. Отыргандар не айтылғанын түсіне алмады.

Тұніменен сері жігіт пен оның нокерлерінің онерін тамашалаган қос қария жоне оның көршілері ертеңіне қонақтарын шыгарып салады. Аттандырып тұрып қария жігіттерге бата берелі де, не қалау, не тілегі бар екенін сұрайды.

- Иә, ақсақал, - деп сөз бастайды сері жігіт сонда, - көрсетілген сый-құрметке, риясыз ақ коніл мен ақ тілекке шексіз ризамыз. Екіншіде ат басын ариайы тіретін боламыз. Бір білместік отіпті – оған кешірім отінеміз. Сіздерден сұрап ен қалауымыз жоқ, тек бір тілегіміз бар.

- Тілегіңді айт, балам, мүмкін болса орындаыйык.

- Тілегіміз сол – түндеге дәм үстінде байбішесіз бен екеуіңіздің араңызда үш ауыз сөз айтылды. Соның шешүін осы отырган жігіттер болып ташады. Енді соны өзіңіз шешіп берсеңіз екен. Эрине, тек озгеге айтуға болатын, құния сөз болмаса гана.

- Е, мақұл, балам. Айтайын. Тілектерінді орындаыйын. Бұл сөзде айтуға болмайтын құпия жоқ. Ол - өзіміздің от басының болмашы бір шаруасы еді. Жанымыздагы көршімізді өздерің көрдіңдер, ептеп науқас адам. Денсаулығы жарамай биыл байға да жалданбай қалды. Біз болсақ

кемпір-шалмыз. Асқа ортақ болғаннан басқа ешкімге пайдамыз жоқ. Сондықтан екі үйімізді де бай көшіне ертепей жұртқа тастап кетті.

Тұнде біз үйде отырганда бұзауды сойып, жайғап берген сол көршім еді. Қазан асуға мына бәйбішеме комек жасап, әйелі ошак басында жүрді.

Менің: “Ден жібер”, - дегенім, ас тұскен соң үйлеріне кетіп қалған көршілдерді “Шақырып кел” дегенім еді. Бәйбішемнің: “Дей алмаймын”, - дегені - “Онысыз да қонақтардың өздері үйге симай жартысы далада жүр. Шақырганда қай жерге отырғызам”, - дегені болатын. Оған мен: “Дегің келмесе де, ден жібер”, - делім. Бұл - “Олай болса” Көрші қақысы - тәнір хақысы” көршінің сыбагасын жеке өзінсө беріп жібер. Өздері үйінде жесін. Бұл бір келген қонақтан бізге келер пайда шамалы -- келеді де, кетеді. Көршім болса күнделікті серігіміз, әлі қанша серік болатынын кім білсін”, - дегенім еді, - деп сөзінің аяғын өзілге бұрды да әңгімессін орі жалғайды.

- Сендерге жұмбак болған үш ауыз сөздің сырлы осы еді, балалар. Көршіні сыйлау – ежелден салтымызға сіңген нөрсе. Жақсы көрші туысынан артық. Тұысқан адамдар қанша араз болғанымен бірінен-бірі кетпейді. Ал, коршінің көңіліне тұскен дақ өмірі өшпейді. Сондықтан көршінің көңіліне кір келтірмесуге тырысын жатқаным гой, О дүниеге барғанда да ақыретте: “Көршіңмен қалай тұрдың?” - деп сұрайлы екен. Бірақ Құдайдан қорықпасақ та, тіршілікте адамлардың сыйласын өткеніне не жетсін, - депті қария.

Ауылдан риза болып аттанған жігіттер жормеңкеден де мол олжамен қайтады. Жолишибай ақсақалдың ауыллына согып, олжаларынан екі үйіне үлестіріп кеткен екен дейді.

Міне, сол қария айтқандай, жаңа сендерге де: “Тату боламын десендер көрші болғандарың жақсы”, - деп жатқан себебім сол. “Ағайын бар болсаң -- көре алмайды, жоқ болсаң – бере алмайды” деген сөз бар. Халқымыз кашан да көршіні сыйлаған. Тату көрші – жақын туыстан артық. Бір-біріңе жақсы силас көрші болындар, - дең нағашым әңгімесін аяқтады.

## ДЕМАЛЫС КҮНІ

Жексенбі күні болатын. Тұс ауа кок базардан "басы айналыңқырап" шыққан Қаратай достарымен қоштасын, аялдамаға карай беттеді. Жолшыбай бір-екі қыз-келіншекте озілдей соқтығып еді, жауап болмаган соң өрі тартты. Ішіп алған адамның конілшек келестін одеті ғой, аялдамаща тұрган кішкене қыз балага қалтасындағы "закускадан" қалған конфетін беріп, ойнай бастады. Ойы шешесін сөзге тартпақ.

Осы сәтте автобус келіп, олгі ойел баласымен мініп кетті де, Қаратай сол орнында состиып қала берді.

Күткен автобусы келген сотте жеміс толы екі торы бар жас келіншектің соңынан бүл да мінді. Кісінің коптігін сұлтау етіп жас келіншекті қыса түсті. Бір жағынан кісі тығыз екінші жағынан ауыр тор екі иығын басып, бөгде қолды ыңғайсыз сезінсе де, Қаратайдың алдындағы келіншек тыбыр етіп қозгала алмай тұр. Оның қарсылық корсетпесуін жігіт өзінше түсінді.

Аялдама сайын кіріп-шыққан адамдар екеуін екі жаққа кезек тенсейді. Осындаи торті сезім құшагында тұрган бір мезгілде Қаратай он жақ тізесінің дымқылданғанын сезді. Енгіз байқаса келіншектің торындағы помидорлар езіліп, шалбарын баттастыра былғапты. Сұлтау таппай тұрган адамға сол да жеткілікті.

- Сіздің помидорыңыз шалбарымды былғап тастапты,  
- деп тиісе түсті.

Келіншек кінөлі тұрмен кешірім сұрады.

- Жоқ, кешіріммен құтыла алмайсыз. Бұлінгсін шалбарымның құнын толеніз.

Карқ-карқ құлтеп Қаратай келіншекті озінс таман тағы да қыса түсті.

Бір аялдамадан келіншек түсіп еді, жігіт қоса түсті.

- Мен сізді шығарып салайын.  
- Жоқ, рахмет.  
- Құргақ "рахметпен" құтыла қоймассыз, - деп қулана күлді жігіт.

Келіншек қанша қарсылық жасаганымен, анау өзөуреп болмай жүріп келеді. Қыр мұрынды, сары келіншек шынында да ұнап қалды.

Анау бір жылдары мұның көк базарда кездескен бір келіншектің үйіне қонып шыққаны бар еді. Сол есіне түс-кен Қаратайбылай шыға мұлде батылданып кетті. Оның қолындағы торын еріксіз алыш біржолата үйінде дейін шыгарып салуга бескінді.

Салмакты екі торды екі жағына ұстаган беті қатар келеді. Соз алмасып қалжындан қояды. Келіншек те мұның өзілінс одепті жауап беруде. Соз арасында Қаратай оның күйесуінің шахтада істейтінін, бүгін үйде демалып жатқанын билді. Бірақ есірген коңіл оған сенбеді. Келіншектің одейі алдаусыратып келе жатқаны шыгар деп ойлады.

Бұлар қаланың штеткері жағындағы озіне таныс емес қошелегі бір үйге келді. Ауладағы гүлте су күйин жүрген жігіт бұларды коріп, карсы жүрді.

- Володя, қонақты қарсы ал. Үйге кіргіз, - деп олғі келіншек есік алдындағы сокіге отыра қалып, аяқ киімін ауыстырып киді. Келіншектің күйесуінің бар екеніне козі жеткен Қаратай кетуге ыңғайлданып еді, сәлемдескеннен кейін Володя мұның қолындағы торларды алыш, үйге еріксіз бастап жүрді. Қаратай озін ыңғайсыз сезіне бастады.

Конақ болмеде онаша қалған сотінде де басына неше түрлі ойлар келді. Қазір Володя келіп шу шыгаратындаи корініп, озін-озі кінолады. Болме ортасында жағалай мұліктеге қарап кішкене түрді да, есікке қарай бет алды. Осы кезде ас үйден кірген келіншек пен Володя қоярда-қоймай стол басына әкелді.

Ән сөтте стол жасалып, бұлар жайғаса отырысты. Рюмкаларға толтыра арақ құйған Володя:

- Ал, көне, танысып қоялық, менің атым – Володя, - деп он қолып ұсынды.

- Коля, - деп таныстырылды Қаратай өзін. Жолдастарының қойған атымен. Сойтті де жолшыбай келіншеккен таныспаганы есіне түсіп, онымен не танысадын, не таныспасын білмей аңырап қалды.

Бұл ыңғайсыздықтан:

- Наташа, - деп атын айттып танысқан келіншектің өзі құтқарды.

Володя рюмкасын көтерді.

- Кел, Коля, таныстық үшін алып қоялық.
- Ио, таныстық үшін, - деп Наташа да орталанып құйылған шарабы бар рюмкасын Қаратайдың рюмкасына бірінші болып түйістірді.

Алғашқы тост айтылып, алнып қойса да Қаратай өлі ынгайсыздандула. Қазір Володя мениң бұл үйге иеге келгенімді сұрайтын шыгар деп ішінен қандай жауап айтартын, не деп сұлтауратарын ойластырып отыр. Володя бетіне қарған сайын жүргілік дір ете түседі. Бірақ ештегенді сезік алмагандай ол тамак жеп, әңгімесін жалгай берді. Озінің жұмыс жайын айтып, мұның жұмысы жайлы да сұрап қояды. Ақжарқын жігіт әңгімелеге бауран әкетті. Қаратай оның әңгімесіне дең қойған болып отырса да коцілі басқа жақта. Ойына нелер оқиғалар келіп-кетіп жатыр. Коркыныштың әсері болса керек ор рюмканы тауысқан сайын масаудың орнына қайта айыга түскен сияқты.

“Ішкізіп-ішкізіп алып, тобелес шыгарып, байланысын жүрер месекен” деп ойлайды. Немесе одде кімдерге хабар жіберіп қойған шыгар, қазір қайтарда жолшыбай жабылыш таяққа жықпаса кім кепіл деген ой келеді. “Біреулер кіріп келер месекен”, дегендегей екі козі есік жаққа жиі қарап, тықыры еткен дыбысты тындалп отыр. Наташаның бетіне қарауга жүзі шыдар емес, козіне козі түсіп кетсе тайқып кетеді.

Қаратайдың осылай өбден берекесі кетіп, “тойт” десе тұра кашуга айналды.

Жігіттің жағдайсызданып отырғанын үй ислері де сезін сияқты. Қаратай да кетууге ынгай білдірді. Бұлар орындарынан тұрып, есікке бет алғанда:

- Володя, итті байқа, - деді Наташа қүйсуйнс.

Володя байлаулы иттін жанына барғаша мұның басына: “Казір итке талататын шыгар” деген жаман ой келіп, жаны түршікті. Жок, Володя ойтпеді. Екі құлагы едірлейген тайыншадай қасқыр итті үйшітіне кіргізіп, тиегін салды да:

- Өте бер, Коля, - деді бұған.

Тағы да бір терен дем алып, Қаратай ағаш дуалдан сыртқа шықты.

Осы арада қоштасып, жалғыз кетпек болып еді, ана екеуі болмады.

- Жок, Коля, болмайды. Үйге келген қонақты шығарып салатын біздің одетіміз...

Қаратай мына сөзге не сенерін, не сенбесін білмеді.

Сонымен, үшесуі аялдамага да таяп қалғанда келіп қалған автобусты коріп, Қаратай жолды кесе тұра үмтұлып еді, Володя білгінен үстап қалды. Жігіттің өне бойы тары да шымыр ете түсті.

- Байқа, Коля, машина!

Осы кездे жандарына женіл такси зу етіп оте шықты.

- Ал, Коля, сау болып тұр. Үйімізді көрдің, сілді демалысында келіп тұр. Тек, ақымақ болмагайсың, - деп Володя құліп арқасынан қақты.

- Сау бол, Коля, - деп Наташа да қолын берді. Келіншектің ыстық алақаны жігіттің қолын ду еткізді. Бірак бетінс қарауға жүзі шыдамай, теріс айнала берді.

Жандары таза, адамгершілігі мол мынаңдай адамдардың бақшасына тас лақтырып, тұнығын лайламақ болған оз ойы есіне түсіп, арқасы мұзлап қоя берді. Мұндай жағдай өмірінде бірінші рет шыгар. Мандағы тасқа оңбай тиді. Жүргегі қатты шайлышты. “Одан да сабап-сабап жібергені женіл слі гой” депі іштей, озі ауыр күрсініп. Ішкі толғанысын аналарға сездірмеуге тырысада.

Автобусқа мініп, сыртқа қараса жарасты жас жұбайлар қолын бұлған сол орнында өлі тұр екен. Кенет бойын ризалық сезім билеп:

- Келемін, келесі жексенбіде күтіңдер! – деп ашық есіктен қалай айғай салғанын Қаратайдың өзі де байқамай қалды.

Мынаңдай достар тапқанына шын жүректен қуанышты еди.

## ӘЖЕ АЛДАНЫШЫ

Осы қалага кошіп келген кездері болатын. Әлі ешкіммен жөнді танысын та үлгермеген. Немересі мен келіні жұмыста. Кішкене шеберлері Қайрат пен Сөния әжесінің жаңында қалады.

...Далаға ойнауга шыққан Қайрат іле зде қайтып оралды. “Әлде ойынның бірденелеріне қайтып келді мс”, десі, ойлан есік ашқан әжесі шебересінің жаңында тұрган ұлаша шашты сары қызды көрді.

- Әже, бұл – Наташа. Біздің коршіміз. Оның алма жетісі келеді.

- Қазір, қазір. Берейін, құлымым...

Картана озінен өзі абдырап қалды. Күбірлен сойлен жүр. “Кісі ертіп келуге жараган құлымым. Айналып кетейін сенін”. Екеуінің қолына екі алма үстаратып, бағдарынан сипады.

Біраздан соң түрекеліп барып терезеге қарады. Аула толы бала. Шуақты күн нұрына боленіп ойынның қызығына берілген. Іштерінде Қайрат пен Сөния да жүр. Қастарында әлгі кішкене қыз.

Орнына келіп қайта отырды. Ойнана Маралбектің жас шағы оралды. Кішкентай гана қағылез кара бала болатын.

Сол немересі оқуға аттанғанда ауыл адамдары жиналып келіп, құттықтаган.

- Балаңның үзап шыққаны осы, “тоқымқағар” жаса, - десі біреулер ас қамын қаузаса, сиді біреулері:

- Немерен бауырынан шыққаушы еді, үлкен қалада оз бетімен жүре алар ма скен? Сағының, қайтып келіп жүрмесе, - десі өзі де іштей мазалап жүрген ойдын ұшығын шығарып қойды.

Борінен де бұрын немерессін шығарып салып тұрып іштей езілгені есінен кетпейді. Маралбектің өзі болса түк болмагандай окессінің қатарындағы бос орынга мінін алды. Машина қыр асып кетсе де, ак бас ана орнынан қозғалмады. Соңдарынан қарап тұрып, козінен тамып түскен қос тамшының ізін алақанымен ақырын сипап сүртіп қойды да, ұзын жолға қайта көз салды.

“Япыр-аяу, маған не болған? Жақсылыққа да кісі жылайды екен-аяу! Тек жолы болғай... Баяғыда осы жолмен

окесі де соғысқа кеткен еді. Аман-есен өралды ғой. Қой, шүкіршілік етейін".

Сол күннен бастап ана жүргегі сағыныштан сыйдайтынды шығарды. Бауыр басып қалған немересін сағынатын. Хат келмей қалса да қатты мазаланады.

Алғаш рет фотосуретін жіберген хатты алған күнгі қуанышын айтсаңыз. Немересінің кішкене ғана жансыз бейнесін ауылдың бүкіл адамына көрсетті.

- Міне, көрдіндер ме? Мынау – менің Мәскеуде оқитын балам.

Ойлан отырса уақыт деген зымырап барады екен ғой. Сонау жылдары соғысқа кеткен үлларын да осылай сағынып еді-ау. "Қарақағаз" келген үлкен ұлы Қали тірі болып шықты. Жараланып қайтып келді. Одан кейін кеткен екі баласынан өлі құні е хабар-ошар жоқ. Оларды ана жүргегі бүгінге дейін іздеп, сағынады...

Бес жыл уақыт та зыр етін өте шықты. Маралбек Мәскеудің М. Ломонсов атындағы университетінің заң факультетін бітіріп оралды. Келісімен Қостанай облыстық юстиция бөліміне қызметке тұрды. Келіні де қалада қызмет тауын, екі кішкентайларын бала бақшаға орналастырды.

Әжесі болса екі шөбересін жұмасына бір көрмесе отыра алмайтын. Сенбі сайын жолға қарап елеңдеп отырғаны. Кішкене Қайраты мен Сөниясы:

- Эже, - деп еркелен келіп мойнына оралғанда бір жасап қалады. Бұл кезде алпыс екі тамыры түгел иіп, жүйе-жүйесі босап, рахаттанып біраз отырады. "Немере тәтті болады" деуші еді, шөбере оданда ыстық екен. Бұрын басқа түснеген соң білмейді екенбіз.

Шайын ішін болып, кесесін итерді де бетін сипады. Асықнай жуып ыдыс-аяқты орын-орына жайғастырды.

- Қабағым неге тарта берді бүгін. Әлде қуанамын ба? - Өзінен өзі күбірлен сөйлем жүр. – Айтиакшы Қайратым мен Сөниям келген екен ғой. Сөниң қуанышына болғай. Құлындарым менің.

Әртүрлі ішкі ойларлың жетегіне ерген Ағипа шешей есік алдына тоқтай қалған машинаның дыбысын естіп барып, шошып оянған адамдай сыртқа ұмтылды.

- О, жарыгым! Құлышдарым! Жеттіңдер ме? Қайда жүрсіндер әжелерінді сағындырып.

Сағынысқан құшақтар ұзак қауышты

- Әже, біз кошетін болдық, - деді Қайрат өжесінің құшағында біраз мауқын басқан соң.

- Құтты болсын, құлышым. Жана кең үй аллындар ма? Қашан кошесіндер? — Балаларының бір бөлме үйде тұрғанын есіне алып.

- Жоқ, әже. Біз Қарағандыға көшеміз.

Сөзге Маралбек араласты. Ол өзінің қызмет бабымен Қарагандыға аудысатынын айтты.

- Жарыгым-ау, өзлөрінді жұмысына бір көрмесек отыра алмаймыз. Енді сөнау Қарағандыға консулдер сагыншынан таза ішкүса болып өлеміз ғой

- Бәріміз де көшеміз, ала. Папам мен мамамды да көшіріп өкетем.

- "Көрмеген жердің ой-шұқыры көп" деген, балам. Мына тұрған Арқалыққа бармай жүргенде Қарагандыға қайдан көшем. Қозғалмаймын осы жерден. Бармаймын ешкайда...

Міне, содан бері жеті жыл өтті. Тұған ауылыман мына тұрған қалаға көшпей жүргенде басқа облыстан бір-ак шыкты. Өжесін көnlірген Қайрат пеи Сөния еді.

Карт ананың жүргегіне алғашқы кездे туған жерге деген сағыныш сазы орала берді. Бірақ ол уақыт өте келе сейілді. Жыл сайын Маралбек демалыс алғашда туған жеріне апарып, жақын туыстарын аралатып, тұлетін әкеледі.

Кейінгі кезде белі сырқырайтын болып жүр. Соган қарамастан үй ішінің уақ-түйегін жай отырмай тындыра отырады...

Шай қояйын ден ас өзірлейтін бөлмеге келді. Қабырғадағы қалақтай ралио сойлеп тұр. Құлагын тұрді. Соңғы хабарлар беріп жатыр екен. Соз арасында Қостанай облысын да атаң өтті. Карт ананың көзіне туып-өскен жері елестеді. Жастық шағын, Маралбектің кішкентай кезінде дүние салған ақсақалын еске алды.

- Қайран өкімет-ай! Көрмегенді – көргізіп, білмегенді

- білгізіп қойған. Енді тек отан аман болса екен.

Есіктің қоңырауы шылдырады.

- Е, балаларым келді ғой.

Орнынан ақырын тұрып барып есік ашқан. Қөршінің қызы Наташа екен.

- Қайрат келген жоқ па, әже?

- Жоқ, айналайын, өлі келген жоқ. Үйге кір жарығым, - карт ананың дауысы ерекше тебірене шықты

- Рахмет, әже. Бір айналып келем.

Еліктің лағындағы ойнап баспалдақпен төмен қарай жүгіре жонелді. Карт ана оның соңынан елжірей қарап қалыпты.

## БІР ШОҚ ГУЛ

Қанша дегенмен де отыз жылға жуық оттасқан жарығой, Қазипа науқастанып, ауруханаға түскеннен бері Тарыбайдан тағат қалған. Жұмыс аяғы бітер-бітпестен үйге үмтүлалы. Келе салысымен кіші қызы Ғалияның дайындаған қойған оны-мұнысын ала салып, ауруханаға үмтүлалады.

Сол әдетімен бүгін де жұмыс аяғы таясымен тықырши бастаған. Бірақ қырыққандай енді шыға беремін дегенде стол үстіндегі қызыл телефон шыр етті. Әуелде трубканы көтермей шығып кетпекші болды да: “Мүмкін Қазипа шығар”, - деп қайта оралды. Кейде телефон соғып, қажеті болса айттын, “Ананы әкел, мынаны әкел” деп бүйрый беретіні бар еді.

Телефон соқкан бастықтың өзі болып шықты. Жуырдағы бір мөліметтер туралы сұрап, келіп кетуін отінді. Басқа біреу болса бетінен алыш: “Ертең де күн бар емес не?” - деп тойтарып тастар еді. Бастығы болған соң амал жоқ, үн-тұнсіз айтқанына көнді. Күнделікті жұмысқа байланысты болмашы нөрсе. Дегенмен соның өзі біраз уақытты алыш, Тарыбайдың ызасын келтірді. Сонда да сабыр сактап, сұраған санын тауып беріп, жайландырды да, кабинеттен шықты.

Автобусиен ырғалып жүруге уақыт қалмаган соң таксиге жүгірді. Аялдамада кезек онша көп емес екен. Оның есесіне асыққанда қарыс қадам жерге жету қияметке ай-

налатыны белгілі – такси келе қоймады. Мұндайда кез келгенінці жүйкеге тиетін өдеті. Кезегі жеткенде Тарыбайдың жүйкесі әбден жүқарып, терісіне симай тұрган. Осы кезде аңыз тұргандай бір дудар бас, ала жейделі, қараторы жігіт пайда болды. Қолындағы бір шоқ гүлі шошаңшошаң етіп, Тарыбай отырмақшы болған таксиге жармаса кетті.

- Ағасы, менің кезегім.
- Қарагым-ау, есің дұрыс па? Жанағы сары келінисктен сон мен тұрдым гой. Сені көрсем көзім шықсын. Келгенің жаңа емес пе?
- Тұұ! Сіз де сөз емес нәрсеге бола... “Кезегі бар еді” дей салсаңыз ештеңеніз кете қоймас...
- Қой, қарағым, тайталаспа... Асығысыны...
- Ой, мен сізден де асығысыны.
- Қап, қасарысқан бір құ екенсін... Сен-ақ бар, су түбі құрдымға баратын болсан да...

Дымы құрыған Тарыбай шеттей берді. Ана жігіт бұл кезде жүргізушиңін жаңындағы орынға отырып алған болатын. Іұлар солай тайталасып тұрганда келен таксилер кейінгілерді мінгізіп алып жүріп кетіп жатыр.

Кезекте тұргандардың:

- Озбырын қарашы өзінің!
- Ку жігіт скен жап-жас болып, - деген күнкілдері естілді.

Жүре берген машина қайта тоқтады.

- Сіз қайда барушы едіңіз? – деп сұрады кабинаның есігін ашып, басын қылтитқан жүргізуши.

- Микроауданға, одан соң ауруханаға.
- Оқда миңіңіз, - деді де жүргізуши орнына отырлы. Сірі ана жігіттен қайда баратынын сұраған болуы керек.
- Микроауданға болса, мені де ала кетініздер. Жолдан түсіп қаламын, - деп тағы бір жігіт жармасты.

“Осылар-ақ жармаспаса жүре алмайды екен”, – деп Тары- байдың оған да ызасы келді.

Такси зырлан келеді. Асыққан адамға үшқан құстай самғаса да баяу корінетін өдеті. Оның үстінен жүргізуши де жас жігіт екен, жаңындағы гүл ұстаған дудар баспен шүйіркелесе түскен.

- Гүлің әдемі екен, - лейді таксист.

- Асығып жүріп қолыма іллекенін ала салдым. Қазір гүл де удай қымбат. Осының өзіне бес сомымды қағып алды.

- Соны да сөз деп. Қайта онша қымбат емес екен. Кейде бір шоқ ғұлдің бағасы он сомға дейін барады.

- Сөз емес дейді. Бұдан артық қыра ма? Бұғін бірінші рет кездесуіміз болмаганда алмайтын да едім. Танысқанымызға көп болған жок. Озі бір тамаша жақсы қыз. Қарсы болмаса мүмкін үйленстін де шыгармыз.

“Кеше танысын – бұғін кездесуге шақырысасындар, ертең үйленіп – бүрсігүні айырылысасындар” деп кекеткісі келіп кетті. Аузын енді аша бергені сол еді:

- Осы жерге тоқтай қалыңыз, мен келдім, - деп соңғы мінгеп жігіт түсіп қалды.

- Кішкенс жылдамырақ жүрсөң етті, - деп кейістік біллірлі Тарыбай орындыққа шалқайған беті.

Жылпылдақ жігіт таксистен бұрын жауап берді:

- Аласы, жылдамдықтың шегін деген болады қалада. Бұл ауыл емес, одан асыруға болмайды.

Бірденсі деп тастағысы келді де, ыза болғанда құрысын қалатын әдетімен тымырайып отыра берді. Жүргізуі жігіт те үндеген жок.

Драма театрының алдынан өте берсе такси тагы тоқтады. Бұл жолы гүл ұстаған жігіт түсті. Есеп айырысын жағтын жүргізуінде қарай сіңкейген сөтте Тарыбай бес сомның гүл шогына коз салды. Ұзынша келген екі жашырақ пен ортасындағысы әнпак үш тал раушан гүл. “Қазинаны ауруханадан шыгарып аларда осындаі бір шоқ ғүл алу керек екен. Ол ғүлді үнатады”.

Театрдың бұрышын айналғанда бергенде сыртқа көз салды. Қызыл ала койлеғінің етегі самал жемлен тербеліп кетіп бара жатқан қызға көзі түсті. “Яныр-ау, Фалия емес не?.. Жоқ, ол емес шыгар. Қызым бұл уақытта мамасына ас дайындал қойып, мені күтіп отырушы еді ғой”, - деп ойлады.

Қызы үйде болмай шықты. Құндегідей емес, ас та дайындал қоймаган. Тек ауыз бөлмедегі стол үстіне асханадан әкелген екі-үш тоқаш пен пәрәмашты орап кетіпті. Асық-

қан болу көрек – сыртқы есіктің аузында шашылған аяқ киімдерді де реттемеген.

Әкесі енді қайтып ренжімесін. Институттың үшінші курсының студенті. Бала емес. Тұксас дейін сабагына ба-рып келді, түстен кейін не бітірді десеңші. “Ананың көңілі – балада, баланың көңілі - далада” деген осы. Анасы болса бұларды бір минут есінен шыгармайтын шыгар. Үлкен қызы болса өз сәмьясымен озі. Қазір кала сыртында тұрады. Тек демалыс сайын гана болмаса күнде қатысып тұруға мүмкіндіктері жок. Мына Фалияның мұнысы не!? Ең болмаса шешесі ауырып жатқанда қолғабыс жасамай ма? “Ауруханаға кеткен шыгар” дейін десе, онда мына алғандарын неге тастап кетеді? Осылай ойы он саққа жүгірген Тарыбай апыл-ғұптыл жиналдып-теріліп, сыртқа қантарып келген таксисмен ауруханаға жетті.

Науқасының беті бері қараған Қазипа басын көтерін отыруга жараған. Алғашында зәрені біраз алған еді. Сол кездे Тарыбайдың жарғақ құлағы жастыққа тимей, түн үйқысын төрт боліп, жарының жаңында болды. “Жаман айтпай – жақсы жоқ”. Егер олай-пылай болып кетсе, өйтіп-бұйтіп күнін көрер-ау. Осы заманда күнін көре алмай жүрген жан жоқ. Бірақ Фалияның болашағы үшін қатты қиналды. Анасыз қыздың күні не болмақ. Жетім қозы сияқты аңырап қалады ғой. Ана деген сол – үлкен қызының тойын дүркіретіп жасады. Жақын-жұықтың бөрі жиналды. Екі жактың аламы да риза болып тарқасты. Қазипа болмаса бұлай істеу мұның қолынан қайдан келе қойсын. Бөрінің ретін келтіре біледі. Іштей тілегі сол – ең болмаса Фалия орын тапқанша аман болса скен. Қазипаның өзі де тоуір бола бастаганша: “Фалияның қызығын коріп кетсем арманым жоқ”, - десін жиі айтты жатты.

Бүгін де анасы си бірінші қызын сұрады:

- Фалияш жүдеген жоқ па? Тамагын уақытымен ішін жүр ме? Өзі неге келмеді жарығымның?

- Келеді ғой. Сабакқа дайындалуға кітапханаға кетті.

Өтірікке жоқ Тарыбай сөзінің аяғын күмілжіп барып, өзіне-өзі сенімсіз аяқтады. Қапелімде мұндай сылтауды қалай тапқанын өзі де анғармай қалды.

- Үйдің шаруасын скеуlep істенцер. Бөрін озі істеймін деп сабагын босаңсытып алып жүрер.

- Сондайлық не шаруа бар дейсің. Оған алаң болма. Сабагы жаман смес...

Дегенимен де ана жаны сезімтал. Әлденені сезген адам сиякты. Оның күнгө тимей боян тартқан жүдеу жүзіне, нұр тайған жанарына назар сала алмай Тарыбай томеншіктей берді.

Біраз отырган соң қайтпақ болып орнынан тұрғанда да аласы қызын қайта-қайта тансырып жатыр.

- Танертең үйықтан қалмасын. Сабагынан кешікпесін. Шайын ішкізіп жібер, сабактан қайтқанша қарны ашиады.

- Одан соң бүрінгысыниша жарының камын да ойластырып, қамқор тілегін жасырған жоқ. - Озің де тамағынды мезгілінде ішін жүр. Жүден каласын. Койлекінді жугышын, киімлерінді отектетін ал. “Әйелі ауырып еді, жүден кетті” деп жүрмесін. Үсті-басына мұқият бол.

Палаташагы басқа әйелдер де оның созін костап жатыр:

- Дұрыс қой, еркектерге айтып қоймаса ұмытын кетеді.

- Қайтсын енді, отыз жыл отасқан жары екен, біраз күн ауырганда есінен қайтып шыгарсын.

- Әйел деген сол - бие... Ауырып жатса да бала-шагасын ойлан жатады.

Барлығымен қонитасып, тезірек сауығуларына тілек айтып, далага шыққанда кеш қарай бастаган еді. Құздің дымқыл ауасы деңені тітіркенірғендей. Құн бойы койлек-шің жүрген Тарыбай даланың салқын тартқанын енді сезді. Сонда да үйге асыққан жоқ. Коңілі қүндеғісінен де жадау тартып, құлази түсті. Келесі аялдамага дейін жаяу келді. “Фалияшым тамақ озірлен қойып, қараш отырган шығар”, - деген ой мазалаң, автобусқа мінген. Бірақ ойлаганыңдай болмай шықты. Фалия олі келменті. Аяқ киімдер баяғы беті жатыр. Сүрініп жығыла жаздалы да, аттап отіп барып, шам жақты. Озінше жинастырыған болды да, ауыз болмете өтті. Тоңазытқышты ашып, ішінен бір бөлек ет алды. Не істерін білмей орнына қайта қойды. Келіп диванға қисайды. “Бүгін бір кері кеткен күн болды”.

Көзі ілініп барады екен, есіктің қоңырауы шылдырағандай болды. Көзін ашып алып, біраз тындаپ жатты.

Қоңырау үні кайтадан естілмеді. Соңда да есікті ашып қарады. Ешкім жок екен. Үйқысы ашылып кетті. Ештеңе-те зауқы жоқ болса да, кешкі тамак қамына кірісті. Ойткені, Қазина: “Тамагынды уақытымен ішіп жүр. Фалияның қарны анып қалмасын”, - дег тұрган сияқты болды.

Саусағына шышак та тиіп кетті, бармағын құйдіріп те алды. Ақыры бірдеңе қуырып, пісірген болды. Бірақ оны жеуге тобеті шаппады. Бір-екі рет алыш корді. Әлде тұзы кем бе, олде жонді піспеді ме, болмаса бірнеше рет жалғыз озі отырып тамактанғандікі ме, ойтеуір бірдене жетпей тұрган сияқты болды. Стол басында отыра-отыра жалықкан соң қисайып жатып, қолына кітап алды. Оны да оқып береке тапкан жок. Ойна сан түрлі оқига келді.

Сонау жылы үлкен қызы тұрмыска шығарда да кеп келуді жиілесті еді. Енді міне Фалиясы да сол одетті бастаған сияқты. Тегін жүріс емес. Сагаттың тілі жылжып-жылжып кетіп барады. Ол олі жок.

Бір кездे есіктің қоңырауы шылдыр ете түсті. Тықыр еткен дыбысқа құлак түріп жатқан Тарыбай тұра үмтүлді. Дөліздің шамын жағып, құлыпты аша бастағанда біреу баспаалдақсен тасыр-тұсыр тәмен қарай тұра жүгірді. Сасын қалған Тарыбай:

- Бұл кім? – дег оқыс дауыстан жіберген еді.
- Мен гой, папа, - дег жарқын естілген қызының үні қоңілін жайландырды.
- Жарығым-ау, осынша қайда жүрсің?

Тал бойына жарасқан осем қызыл-ала койлек киген қызы жайнаң қағып інкес кірді. Кенет Тарыбайдың козі оның қолындағы бір шок ғұлғе түскенде түрі бұзылып тұрып қалды. Оны аңғарған Фалия жок:

- Ой, папа, влі үйықтамаган екенсің гой, - деді де аяғын жүре шешіп, қолындағы бір шок етіп ораган ұзынша келген екі жапырақ пен ортасындағы өшшак үш тал раушан гүлін төргі бөлмедегі вазаға салып жатты.

- Иә, иә, өлі үйықтағам жок, - дей берді Тарыбай басқа ештеңе айта алмай теріс бұрылып.

Шын мәнінде жүрегі шымырлап, бүкіл денесінен жан кетіп қалған сияқты болып еді. Ақырын басып үйқтайдын

бөлмеге өткенде Фалияның ыдыс-аяқты сыйдыратын жүргенін естіді.

- Қандай тәтті қуырлак! Папа, сіз тамакты тамаша пісіреді екенсіз гой, - деп ас іше отырып сөйлеп қояды.

“Қап, қарны ашып қалған екен гой...”

Тарыбай тұні бойы үйкітаған жоқ.

## ҚҰДАЛАР

Тұскі асты дайында болып, столға қойған Сақыш есікке қараң өлі отыр. Тамақ искен кезде Дәуренлі сыртта жүрген қарияларды шакырып келуге жұмсаған. Кешігүлеріне қараганда тағы да екі шалдың қиқылдастың қалуы ғажан емес. “Жас кезіндегі бір бала, картайганда бір бала” деген рас. Осы күні екі қарияның дау-дамай, ұрыс керісі кобейіп, күн құргатпай қайталайтынды шығарды. Кейде таң атпай жатын керілдесіп, оразаларын аспен емес, ұрыспен ашатын кездері бар. Мұндайда Дәурен мен Сақыш не құлдерін, не ренжірін білмей дал болды. Екеуінің қайсысы дұрыс, қайсысы қисық екенін де білмейді. Бар білері – ұрыс-керіс қисықтық пен қыңырлықтан туындаиды.

Күте-күте шаршаган Сақыш:

- Қап, тамақ сұын қалатын болды гой, - деп озі сыртқа шыкты.

Есік алдында ешкім көрінбеген сон үй сыртындағы бақша жакқа бұрылды. Ұзын коршаудың ең тұқпірінде тоңкерулі жататын есікі қара шана болушы еді. Әкесі соның үстіне шығып отырып алышты. Атасы мына жақ бұрышта қорага сүйесулі сатының томенгі басқышына жайғасып алып, қолындағы таяғымен жер шұқылауда. Дәурен өз бетімен, қолында сукүйғыш, картоп суарып жүр.

- Боле, мен сіздерді күтіп отырсам. Ас сұын қалды...  
Тез жүріңдер...

Орнынан қозғалған ешкім жоқ. Дәуренге қараң еді, ол екі бұрышта отырған қарияга кезек-кезек иек қағып, иығын күшйттү.

- Напа, не болған сіздерге?... Тагы да бірденеге келіс алмай қалдыңыздар ма? Жарайлы, болды. Жүрініздер... – деп өкесіне қарай жүрді.

Әкесі жақтырмай қарап:

- Бар, ана атаңа бар, - деді зілді үнмен.

Тақай берген Сақыш тұрып қалды.

- Не бол қалды, соңша?!

- Не болғанын өзі айтсын...

Енді Сақыш атасына қарай беттеді. Доуренниң өкесі Тұрлыбек орнынан таяғын тірей түрегеліп, қарсы жүрді. Сіро, енді кисая беруді орынсыз санаңа керек. Бұрынғы әдетімен бұл жолы да қисық мінезді құдасының ығына кошті.

- Жай гой, Сақыжан. Біздердікі, әйтеуір, еріккен шалдардың ермегі сияқты норсе де. Басын қалжындастып бастап едік, аяғын ұрыс-керіспен аяқтадық қой, - деп жер шүкүп, тұрып қалды. Мұнысы озін жалғыз келінінің өкесін ренжіткеніне кінөлі санағаны еді. Содан соң құдасына қарап, даусын котеріңкіреп:

- Көмеке, жүрініз, дәм суыш қалар. Түскі ас іштін уақыт болды, - деді.

Құдасының райынан қайтып, бірінші болып үн қатқанына озінше женідімге санаған Көмкен қөнілденген сыйнаймен жымың-жымың етіп, шанаңдан түсс бастады. Сақыш Доуренге көз салып еді, ол да сукүйгышты орнына қойып жатып, бұған қарап, жымың етс түсті. “Бұл пәле бірденені білстін болды гой” деп ойлады келіншегі.

Барлығы келіп асқа отырды. Ештене болмағандай, күндеңі күңкіл-шүңкіл. Тамақ ішіліп болып қалғанда екі карттың бірі бастап, бірі қостап өткеннен онғіме қозгады. Сақыш қипақтап зорға отыр. Әңгіменің аяғы тагы да ұрыс-керіске айналып кетеді-ау деген қауіп бар. Оған Доурен: “Үндеме”, дегендей көзін қысып қойды.

Абырой болғанда басталған өнгімс тожікелессіз сәтті аяқталды. Оған срлі-зайыпты екеуі іштей қуанып та отырган. Осы кезде үйге мектептен қайтқан Қаламқас кірді.

- Ой, айналайын, жақсы келдің гой. Қарның ашқан шыгар. Сақыжан, балага тамақ салын бер, - деп Түрекен немересінс бірінші болып үн қатты.

Төргі бөлмеге өтіп кеткен бала киімін ауыстырып шықты да, қолын жуып келіп, атасының жанына қарай беттеген. Бірақ ол атасына жеткен жок, жолшыбай нағашысы Көмекен қанатын жайып, кеудесіне басып, маңдайынан іскеді де, жанындағы бос орындыққа отырғызып:

- Неше алдың? "Бестік" өкелдің бе? — деп сұрап қояды.

Өзіне келе жатқан немересін жеткізбей, жолдан қағып кетіп, іскей алмай қалғанына Түрекен қатты намыстанды. Жаңа гана қоңілді отырған адам аяқ-қолын бауырына жиырып, бір-ақ уыс болды да қалды.

Әкесінің түсі өзгеріп кеткенін байқаған Дәурен енді атасы үндемесе екен деп тілең отыр. Бірдене десе-ақ болды, үрген шардай тарс етіп жарылатын сияқты. Тілсгенінә орай, Көмекен одан орі ештеңе демеді. Жиен қызының басынан бір сипады да, орынан тұрды.

- Түреке, жүріңіз, тамақ тарқатайық.

Әкесі жақтырмай қарап қойды да:

- Е, немене, менсіз тамағың тарқамаушы ма еді? — деп қитыға қалды.

Есікке таяп қалған құдасы "Тағы не жақпай қалды?" дегендей кілт бұрылып, кішкене тұрды да, бірдене деуге оқталған. Бірақ өзіне қызының жақтырмай қараганын байқап қалып, ашылып келе жатқан аузын жаба қойды.

Құдасы шығын кеткен соң Түрекен де көп отырған жок. Орынан домаланып тұрып, таяғын тықылдатып, асықпай басып далага кетті.

Бағанадан зорга шыдаған Дәурен есік жабылар-жабылмастан ал кеп күлсін. Үйді басына көтере, ішін басып қарқарқарқ күледі. Әкесінің құлгеніне қараң Қаламқас та мәз. Сақыш: "Бұл неге күледі?" - деген сұраулы жұзбен қарап қалынты. Бірақ ол қояр болмаган сең ашу шақырды.

- Ей, не болды? Өз-өзиңнен құлгенің не? Бірдене шалып кетпесе тоқтат енді.

Дәурен сонда да қоймай, біраз күліп барып тоқтады.

- Yuh, жаным-ай! — Ишін басып біраз отырды. Мына екі шал әбден бала болып кеткен, немесе алжынын деп жүр.

- Қойши, қайдағыны айтпай, "алжығаны" несі?!

- Рас айтам. Бағана мен тұскі асқа шақыруға сыртқа шық-тым ғой...

- Ио...

- Шықсам, дауыстары қатты-қатты естіледі. Үй сыртына қарай ақырын келे жатырмын. “Ей, Қемеке, қалжыңдаган иенді алған?” деп құледі оқем. “Ішің күйсе – тұз жала”. Менің қалжыңымнан жарылып кеткен жоқ қой, – дейді папам. Не айтып тұргандарын түсінбей, жандарына келіп: “Әке, неге келіспей қалжыңыздар?” - десем: “Анаусенің атаң ғой борін бұлліріп жүрген”, - деп оқем бұрылып кетті. Жоқ, ей, сен ойтіп кісіге жала жаппа. Борін бастаған өзіңсің, білдің бе!? Қайдагы бір кемпірді қызғанын, ол несі ей!?

Содан бірге-бірге айта бастады ғой. Анада екеуі мына төмөнгі ауылға қонаққа барғаны есінде ме? Сонда дастархан басында кемпір-шалдар онғимелесіп отырып, папам Моуленің шешесіне бірдене деп қалжыңдаса керек. Оған ана кісі ренжіп қалыпты. Үй сыртында екеуі онғимелесіп жүріп, соны еске алалды да оқем: “Қемеке, қалжыңыңыз орынды болмады”, - десе керек. Содан барып ұрыс-керіс басталады.

Мұны естіген соң Сақыш та шек-сілесі қатқанша құлді. “Тап бір бала сияқты” деп ойлады. Артынша өздерінің таңысын, табысуына екі карттың қалай себепші болғанын есіне алды.

\* \* \*

... Таңертеңнен шыжғырып тұрган шілденің ыстық күйі бұлар аудан орталығына жеткеншіс күрт өзгерді. Дәурен мен Тұрекең автобустан түскенде шаң боратқан кара дауыл үдей түсіп еді. Қозді аштырмайтын тонырактан қорғаниш, бет ауыздарын қолымен колегейлеп, автостанцияның ішін зорға кірді. Кішкене ғана заудың ішінде аяқ басар жер жоқ.

- Ал, балам, билет алыш алайық, - деді Тұрекең жүгін ыңғайлы жерге жайғастырып болған соң.

Жұрттың арасымен зорға өтіп барып, Дәурен кезекке тұрды. Адам онша көп емес екен. Бірақ автобустың жүруіне дейін әлі талай уақыт болғандықтан билет сатушы асығар емес. Тұра-тұра жалыққан Дәурен жан-жағына қарай бастады. Дауыл басылған болу керек, тұрган ел сиреп,

копшілігі сыртқа шыққан. Бір кезде қолында кішкене сөмкесі бар, оksesі құралыптас қартас адам мен бір қыз кірді. Жас жігіт қызға барлай қарады. Жүзін күн қаңғаган акқұба, әдемі қыз екен. "Сіро, қаланықі болар, жанындағы әкесі шыгар" деп ойлады Даурен.

Дол солай болып шыкты:

- Қызыым, сен осы жерде тұра тұр, - деп қолындағы кішкене сомкені үстатель, Дауреннің оksesі отырган бұрышты нұсқады да, өзі тіке кассага бет алды.

Даурен қыз жаққа көз салып қояды. Қыздың оksesі болса кие жарып кассаның алдына тұрып алды. Мұны Түрекен де байқап отырган екен, орнынан атып тұрып, кассаның жанына ол да жетіп келді.

- Оу, ақсақал, кіргенің жаңа гой. Ұят қайды? Кезеккे тұрыңыз. Біз де еіз сияқтымыз, - деді ана кісіге.

Бірақ ол елеусіз ғана бір қарап қойды да, тұқ болмағандай тұра берді. Енді кезектегі ел шулай бастады.

- Ақсақал, мұныңыз дұрыс емес, - деп жастар жағы дауыстады.

- Ей, сен не қарап тұрсын? Кезексіз неге жібересің? – деп алдынан кіргізген жас жігітке ескерту жасап жатқандар да болды.

Жүрт гүілдесін кетті. Билет алғып коцілі жайлантған әлгі адам қызының жанына келді. Ұзага булығын тұрған Түрекен оған тисе сойлен жатыр. Екі қарт ожептоуір керілдесіп қалды. "Ұят жоқ екен өзінде!" деген оksesінің, "Мен сібек ардагерімін, дербес пенсионермін" деген ана кісінің қатты-қатты шыққан дауыстары естіліп қалды. Кезегі келіп, Даурен де билет алды.

- Қойыңызы, оке, болды гой, - деп ашуға булыққан оksesін басқан болды. Оған ол копе ме, қайта өршелсне түсті. Анау да болмайды екен:

- Қолынан келсе – қонышынан бас. Бірінші болып алсаң, мен саған қой дедім бе, - деп одан сайын ызаланыра түседі.

Автобусқа мінген соң қараса - әлгі кісі мен қызы бұлардың дәл артындағы екі орынға жайғасыпты.

- Ойпырым-ай, дәл желкемізден қыздиган екенсің гой, - деп Түрекең оларды тағы бір түйреп өтті. – Қордің

бс, билетті бізден бұрын алсаң да алдыңғы орын бүйірманты.

- Е, аксақал, бір орынның өрісі не, берісі не. Аманесен қалага жетсек болды гой... Одан да шақшаңызды окелінің...

- Жоқ... Үйде қалып қойды...

Дәурен өкесінің қисықтығына құліп жібере жақдағы. Олғанде гана, автобуска мінерде, насыбайын рахаттана атып, шырт түкіріп отырганын көрген.

- Беріңіз, окс...

Әкесі жән қалтасындағы шақшасын үнсіз сұрып, бұрылмастан артына қарай үсүнді. Шақшаны әнерген болып Даурен қызға тағы бір көз салып отті. “Озі сүйкімді жан екен”.

- Түүү, тамаша насыбай гой мынау. Талдың қабығының құлі болар? Озіңіз үктіңіз бс?

Түрекен ауылдағы белгілі насыбайшының бірі. Онысын өзі ешten мактан етстіні де бар. Насыбайын мактаған мына соң құлагына жылы тиді.

- Иә, өзім үктім. Талдың қабығы деген не, тойірі, аршаның құлі тұрғанда, - деп бағанадан ашуулы жүзіне аздан жылу жүгіртті.

Содан соң-ақ екі карттың өнгімесі жүйе таба бастады. Жөн сұрасын, танысын алды. Карттың аты – Комекбай екен. Қалада тұрады. Қызы мен екеуінің үш болмелі үйі бар. Кемірінің қайтыс болғанына біраз жыл болыпты.

Даурен екеуінің өнгімесін тындаған болып қызға коз салып, қарап қояды. Әкесі мұнысын байқап қалды ма, олде шын мөнінде мына кісімен өнгімелескісті келді ме:

- Комеке, менің жанымға отырыңыз, барап жер алыш, жол қысқартта отырайық, - деп жанына шақырды.

Бұлай боларын құтпеген Даурен не дерін білмей отырып қалды. Жүргегі дүрсілден кетті.

- Тұр, балам. Ана кісі отырсын.

Көмекең келіп өкесінің жанына жайғасты. Бұл барып қыздың жанына отырды. Аяқтың астында кішкене сөмкे тұр екен. Қыз оны өзіне қарай жақындастып қойды.

- Тұра берсін, бөгеті жоқ кой, - деді Даурен оған қарап.

Ол да ақжарқын ұн қатты:

- Осылай екі ортага қояйық. Аяғыңызды созып көң отырыңыз.

Қыздың ашық мінезі жігітті үйіріп өкетті. Содан бастап онғимелері жалғаса берді.

Сақыш педагогикалық институтты жуырда тана бітіріпті. Қаладагы мектептердің бірінде мұғалім болмақшы. Оқу басталғанша өкесі мен екеуі осы жактағы туыстарын аралап кайтып бара жатыр.

Дәурен озінің осыдан екі жыл бұрын ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, ауылда агроном болып істеп жүргенін айтты. Қазір қалада ауруханада жатқан шешесіне кетіп барады.

Жолишибай онғимелесіп келген екі қарт та автобустан түскен соң бір-бірінен айырылмай қалды. “Адам – сойлескенше, жылқы - кісіліскенше” деген осы да. Дәурен де шілдей кимай тұрган. Ақыры өкесі мен баласын Көмекен коймай жүріп шақырып, үйіне ертіп келді.

Түрекен:

- Осында жақын-жылқы адамдар бар, солардың бірінің үйіне барамыз гой, - деп еді, оған конбеді.

Кішірек үш болмелі үй. Ониша жаңа болмаса да сөнімен жиналған жиһаздар көз тартады. Сорелерінде жылтырақ шыны ылдыстан горі кітаптар көн. Сақыш келе сала үйдің ішін реттей жүріп тамак пісіріп те үлгерді. Контен ешкім болмагандықтан шаң тұра бастаган еденді, үй мұліктерінің кейбірін сұртпін отті. Дәурен де озінше комек көрсеткен болып жүр. Екі қарт болса, озімен озі өнгімелері таусылар емес.

Ертецие аурухананға бұлармен бірге Көмекен де келіп, науқасқа кіріп шыкты. Оған Түрекен қатты риза болды.

Міне, содан бастап Дәурен қалага келген сайын осы үйге келіп кететін болды. Келмесіне болмайды. Әкесі: “Балам, Көмекен үйіне бара кел”, - деп тапсырады. Немесе: “Мынаны Көмекен үйіне апарып бер”, - деп сөлем-сауқат жібереді. Кейле: “Жүр, балам, кемпірдің жағдайын бір біліп келейік”, - деп қалаға тартады. Келеді де, Көмекен үйінде екі-үш күн болып қайтады. Әлдеқандай бір құдыретті күш жетелеп, Дәуреннің өзі де осында келуге асығып тұрады.

Сол жылдың күзінде бір-бірінің жүрек сезімін түсінген екі жас қосылған еді. Кон ұзамай Дәуреннің шешесі дүниелен қайтты. Содан соң Көмекенді қолдарына көшіріп алған. Бірақ ол копке дейін қаладағы үйін тапсырмай жүрді. Оны Сақыш пен Дәурен қоймай жүріп тапсыртқан. Әйтпесе, құдасымен ренжіскең күні:

- Үйіме кетемін... Жалғыз өзім тұрамын... – дең өлек салатын...

Әуелде екі карттың керілдесіп қалған шағында бала-лары қатты қиналатын. Келе-келе үйреніп кетті.

\* \* \*

Дәуреннің ойын Сақыш бөліп жіберді:

- Не есіңе түсін жымындан тұрын?

- Жәй, әншейін...

Тerezеге көз салған беті қозғалмай тұра берді. Бір кезде:

- Бері келиші, бері. Тез! – дең сақ-сақ құліп, сыртты нұскады.

“Екі шал тагы да керілдесіп жатқан шығар” деген ой келіп, түрі бұзылып, сыртқа көз жүгірткен Сақыш еріксіз құліп жіберді.

Екі карт есік алдындағы столдың басынла, қарама-қарсы отырын алып домино соғып отыр екен...

## АНА ЖҮРЕГІ

Қаладан шыққандарына сағаттан асты. Зымыраған машинаның гулеген мотор үнінен басқа синтепе естілмейді. Асфальт үстіндегі жеңіл “Волга” еркін зырлан келеді. Жіптей шұбатылған жол машинаның астына сұңғып кетіп жатқан сияқты.

Зеріге бастаған Дәурен жан-жағына, алыс тауларға қарап ойға кетті. Алыстан қоянжонданының Қосөгіз тауы көрінеді. Дәурен есік танысы кездескендей сергіп сала берді. Бұл жердің ой-шүңқыры өзіне аян. Соларға қоңілімен көз жүгіртіп біраз отырды. Суын ішіп, дөм-

тұзын татқан жерін Доурен ұмытпақ емес. “Еңбек жолы” совхозында директор болып бес жылдай қызмет аткарды. Сол уақытта совхоз адамдарының барлығымен танысын, етесе араласып кеткен болатын. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына қызметке ауысканда озінің де кеткісі келмеген, отбасы да үйренген жерін қимап еді. Ауыл адамдары да қимастықсен шыгарып салған.

Машина о дегенине зулап, жол айырынына таянды. Жол шетінде жаулығы ағараңдан, кимешегі желмен желбіреп тұрған карт инаны Доурен жаңа байқады. Оның кім екенін бірден танымаса да Доурен машинаны тоқтаттырып, мінгізіп алғанды жөн корді.

Сойтес, Загипа шешей екен. Алғашында аңдамаса керек. Доуренің енді таныған қария қайта амандастып, Лоззаттың жоне балалардың денсаулығын, амандығын жеке-жеке аттарын атап, сұрап шықты.

Доурен болса кемпірдің денсаулығын сұраудан орі асқан жок. Ойткені, Загипа шешей жалғыз басты адам. Тұған-түсын жок. Ақсақалы ерте қайтыс болыпты. Ал, жалғыз баласы Серікбол болса Доурен осы совхозға қызметке ауыскан жылы жол анатынан қазага үшыраган болатын. Совхоздағы орта мектепте оқытушы болып қызмет істейтін келіні Нагима басқа адамға тұрмысқа шыққанын біреулерден естіген. Серікболдан қалған жалғыз баланы келіні тастанмай алып кетіні. Ал, Загина әжесі көзіне жас та алманты, баланы бетінен сүйіп қана шыгарып салынты.

...Алғаш қызметке ауысып келген жылы болатын. Совхоз адамдарымен тегіс танысын бола коймаган кезі. Бірде жас мамандармен мөжіліс откізіп болып, кенседе қалғандарға көзекті тапсырмалар беріп жатқан. Қай мезгілде келіп кіргенін білмейді, оң жақ босағана таяу орындықта бір кемпір отыр.

Директордың озінے назар аударғанын байқаган қария таяу келіп амандастып, үстелдің жаңындағы орындыққа жайғасты.

- Орының қайырлы, қонысың құтты болсын қарағым. Осы кенсеге көп келе де бермеуші едім, тағдырдың жазуы болар, бүгін бір ісім түсіп келіп отырмын. Егер уақытың болса айтайын...

- Айтыңыз, шеше, айтыңыз.  
- Айтсам, қарагым, екі – үш түяқ, бір – екі ірі қарамыз бар. Соның қыскы қорасы әбден тозып, тобесі ортасына түссер болып тұр. Сыртын шамамыздың келгенінше озіміз жамап-жасқап алармыз. Соның тобесін жөндөтіп берсең деп едім, балам. Қыс болса қыр астында, күздін болғаны мынау.

- Макұл, шешей, макұл. Құрылышылырга айтамыз, жондең береді. Алаң болмаңыз.

Осы кезде Дауренниң көзі үзүн үстелдің басында отырған прорабқа тұсқен. Ол болса саусағымен үстелді шұқылып, қарияға жактырмай қарап қояды.

Қария болса мазалағанына кепірім өтініп, шығып кетті. Прораб сонда ғана тілге келді:

- Мұршамыз болмай жатыр. Қазір жұмысшылар аз, жұмыс көп. Қорінгениң қорасы мен үйін жондейтін болсақ, совхоздың жұмысын қай жерде жүрі істейміз. Елдің борін тыңдай берсеңіз бүкіл совхоз адамдары осында жиналадар, - деп қарсылық білдірді. Оның сөзінен қарияның оған сан рет келіп, табаны таусылғаны байқалып қалды....

- Осы жұманың аяғына дейін өлті кісінің айтқанын істеп беріп, маган келіп хабарлаңыз, - деп прорабқа қатты тапсырды.

Әйткені қолында қауқары жоқ адам ғана жондесу жұмысына совхоздан комск сұрайтыны ауылдық жерде туыппоскен оған жақсы молім еді. Әйтпесе екінің бірі келе бермейді.

Мұнан кейін Даурен Загипаның үйіне өзі келіп, жагдаймен танысты. Қорасы уақытында жонделді. Құз болысымен отын-су, шоп сияқты қыстың қамына да көп комск жасады...

- Шешей, қай жаққа жол тарғып барасыз? – деп сұрады Даурен откесін күнгे ой жүгіртпін болған соң.

Алистан Қосшоқы қоянжонданып созыла тұсті. Бұл ауылдың еңкейген қариясынан еңбектеген баласына дейін Дауренге әбден таныс. Мына қариямен де жақсы таныс бола тұра бұл кісінің бойында осынша терең сыр жатқанын біліп пе екен?! Қария сөйлемеп келеді, Даурен тындалап отыр.

... – Сол жылы қараашығым Серікболдан айырылдым. Артында жалғыз баласы қалды. Серікболымның қазасы бір қайғы болған жоқ, екі қайғы болды той. Әуелі қаза болғанда олтем жоқ, олгениң басқаны көрдім, қарығым. Қызығымның алдынан ал дең сұраушы едім Алжанан. Күшүнақ, онын да көзі соқыр екен. Ана біздің шалдың арманы жоқ. Бала тарының алдында көзін жұмды, ешқайсысының уын жұтпай. Серікболым, қарағым, бала емес, дана еді-ау, шіркін! Үйлендірдім, үй болды, бала сүйді. Қуанышқа бөлендім. Бойнам енді жазыла бергені сол еді. Өзі опат болды.

Артында қалған Сагатбек күн сайын есейе түсті, бізді қуанышқа бөледі. Жарығымның өзінен аумай қалған жас сәбидің әр қимылдының өзі біз үшін бір ерекше той еді. Ертелі-кеш соны қызықтап бір жасап қалуны едім. Сагатбекім ескі қайғының орнын жаңа толтырып келе жатқан. Кенеттеген тағы бір қайғыға душар болдым. Мына қайғы бұрынғыдан екі есе ауыр болды....

Загипа қа зір “Қайынды” сонхозына келе жатыр екен. Келіні сол совхоздағы орта мектептің бір мұғаліміне тұрмысқа шығыпты. Жолдасы оте жуас адам екен. Сол жуастығы болар, бұрынғы әйслі мұны тастанап басқаға тұрмысқа шығып кетіпті, екі бала өкесінің қолында қалыпты.

Қарт ана келіні Нагиманың адамгершілігін аузынан тастамайды.

- Қос жесір болып күн кешкен кезімізде сүйенішім болды. Онда да, менде де батып айттар ағайын-туыс жоқ. Ешкімге күнімізді салмай, озімізниң тұрмыс кештік. Осы күні өкімет айналайының қамқөрлігін сөз жете мече?!

Нагимажаным туған қызымдай болып кетті той. Кейбірелердің күйеуінің қабірінің тонырагы тобарсымай жатып басқамен қол ұстасып кетіп жатқанын да көрдік. Ол мұны жасаған жоқ. Жолдасының аруағы риза шыгар, басына қорған тұрғызды, артын күтті.

Олгеннің соңынан өлмек жөқ. Қайыр екеуі көніл қосқан екен, алдынан отті. Аналық ак батамды бердім. Ризамын екеуіне де. Нагиманы өз қолымнан ұзатқан қыздай шығарып салдым. Сагатбекімді де қоса жібердім. “Іштен шыққан шұбар жылан той, Серікболынан қалған жал-

ғыз түяқ, өзің алып қал. Нагима – жас, оның қызығы әлі алда" деушілер табылғанмен, мен айтқанымнан қайтиадым. Ондагы ойым қанша айтқанмен де туған анасы емес пе? Анасына баласын жат етпейін дедім. Мен болсам төрімнен корім жақын адаммын, анасының орнына ана бола аламын ба? Ертеңгі күні олай – былай болып кетсем, Сағатбекім кімге қалмақшы? Оны да ойладым. Eh! ... Сойткен Сагатым!... Уh!...

Нагима мен Сағатбекті шығарып салған соң үш күн бойы далаға шыққаным жоқ. Кейбір көршілердің кіріп-шығып, көңілімді жубатқаңшары болды. Көздің жасына бір ерікті бердім. Құдайдан тілегенім осы ма слі?! Жалғыздың таңы атып, күші батпайды екен. Сары танды сарғайып өткізіп жүргенімле бір күні үйге Нагима мен Қайыр жетін келді. Ессіз үйге қайтадан жан кіргендей болды.

Маган қолқа сала келіпті, көшіріп әкетінекші. Мен оңайшықпен конемін бе?! Серікболымның қорғанына құзетші болып жүргеннің өзі маган неге тұрады. "Көшпеймін де, көшпеймін", - деп отырып алып едім, оған да болмады. Ауыл-аймақ, көрші-қолаң болып ақыры қондірді ғой. Жаңа ел, жаңа жерге келдім. Алғашында қондігу қыын болды. Көрші айнала ерулікке шақырып, біраз күнге дейін қонақтатып өкетті.

Сағатбекім бұл кезде мектенке жаңа ғана барған. Қайырдың үлкені Дина екінші класта оқиды. Нагима мен Қайырдың өзі болса ертелі-кеп мектепте, үйде болғанына болмағалы коп. Үйде кішкене Әділет екеуіміз ғана қаламыз. Мен келгеннен бері оны балабақшага жібермейтінмін. Осындай оңаша шактарды өткен өмір еске түсіп, көзге жас үйіріледі. Бірақ артынша тәубеғе келемін. Осындай от басына үйтқы болып, ортасында отырганым шүкіршілік стемін.

Сөйтіп жүрінде Сағатбекім науқастанып қалды. Алғашында елең қылмадық. Кейіннен молдасымақ бір шалға үшкіргітік. Ол ем бола қойын ба? Бұл қараңғылықты қойсайшы – Қайыр мен Нагиманың дәрігерге анарайық дегенінс қөнбедім. Олар маган қарсы келе алмады. Ақыры Сағатбекім Серікболымның аяқ жағынан тоқымдай жерді томпайтты.

Сол “Еңбек жолына” қарай откеніме екі-үш күн болды. Қарақтарымның басына барып, ел-жұртты аралап келе жатырмын.

Қария онғимесін аяктап, үн-тұнсіз отырып қалды. Жасаураган козінің киығын жауалығының шалғаймен сүртіп, “Уһ!” деп ауыр дәм алғып, жайланаып отырды.

Қатты қүйзеліске түскен түрі бар. Алатаудай ақ басының бурыл шашы кимешегінің сыртына теуінгі. Маңдайы мен бет-аузына қуалай жүгірген сай-сай өжімдер өткен өмірінің қиын жолының қалдырган ошпес ізідей сайран жатыр. Осыншама мол ауырталықты осы бір адам өз басынан өткерді дегенді ол бұрын ойына алып па екен? Ендо бір сөт аурудан өлсіреген Сағатбек, оның жаңында құрақ ұрган жас келіншек пен ақ басты ана елестессе, енді бірде жас баланың қабірі басында тұнжыраған қайғылы жандар елестеді.

Дөурениң коңілі құлазыны сала берді. Осынша жыл бір совхозда істегелі тек басқару, шаруашылық ісімен гана айналысып, адам жаңына үцілмей, сырт кеткенінсөн шашма өкінді. Загипа шешейдің адамгершілікке толы қоқіретін жаңа сезіді.

Енлі қолынан не келмек. Бар істеген жақсылығы – жолдан бұрыс болса да қарияны үйіне дейін жеткізіп салды.

## АРМАНЫМ – АҚ БИДАЙ

Көршім Мұхтар екеуіміздің кейде қала сыртындағы көлге барып, қармақ салатын әдетіміз бар. Сол әдетімізben демалысымызды пайдаланып, балыққа шыққанбыз. Күні бойғы еңбесіміз еш болған жок, бірақ балық аулап, коніліміз марқайып қалды. Кеш түсті.

- Кой, болар енді, үйге қайтайық, сенің Жібегін жолға қарап, екі көзі төрт болып, құмалақ тартқызып отырган шығар, - дедім өзілден.

Ол менің сөзімнің магынасын түсінбей, бетіме қарады. Машинаға отырган соң жол қысқарсын деп жұмбақ сүрді суыртпақтадым.

Баяғыда біздің ауылда Ағипа деген құмалақшы кемпір болатын. Бала кезімізде құмалақ тартқанын сан көріп едік. Соған күйсулері алыс жолға кеткен ойелдер үйіне шакырып алып, құмалақ салғызуши еді. Қою шайға обден қаныш, жіңісін мәндайын сүртіп болған соң ақ орамалын жайып жіберіп, Ағипа өжей іске кірісетін.

- Мениң қолым емес, бибі Ботима шірімнің қолы, - деп күбірлеп бетін сипап, құмалақтың тастарын үш топқа бөліп, үш қатарға қойып, сейлем кететін.

Содан біздің түсінетініміз:

- Ал, келін, отынды жағып, қазаныңды аса бер. Азаматың олжалы, коржыны тоқ, жүргегі күпті, қайтыш келе жатыр. Қабағында кірбің бар. Ол – үзак жолдан қажып, шаршап, қарнының ашқаны шыгар.., - деген сөздері гана болатын.

Ол кісінің айтқаны дәл келуші ме еді, жоқ келмеуші ме еді, онысы ойымда жоқ. Тек өйтеуір ауыл адамдары оны қатты сыйласп, құрметтейтін. Ағипа өжейге согыс жылдары құмалақ тартқызушилар коп болған екен.

Шөрипа деген ойсл болды. Неге екенін білмеймін, ел оны “Шелнек ауыз” деп атағ кеткен еді. күйсүі анға кестсе болды, бір жаққа кестсе де, тіпті қойдың кезегіне кестсе де Ағипага жүгіріп барып құмалақ салғызады екен. Содан қалған “Ағипага құмалақ салғыз” деп ойынды-шынды айтылатын, мәтел бол кеткен сөз бар.

Ағипа өжайдің есіме түскен себебі – Мұхтарлың үйіндегі замандасымыз да сол Шелнек ауыз Шөрипа сияқты мазасыз адам. Күйеуі бір жаққа шықса тагатсызданды да отырады. Егер құмалақшы адам болса, Жібек те құмалақ тартқызудан тайынбас еді.

Мен өнгімемді аяқтағ болғам жоқ, созімді бөліп жіберді.

- Ол кісі қазір бар ма? – деді жұлып алғандай.

- Жоға, қайдан болсын. Баяғыда қайтыс болған... Немене, құмалақ салғызайын деп пе едің...

- Қап... – деп кішкене ойланды да: - Ал оның балашағасы бар ма? – деп сурады.

- Бар. Баласы бар. Бірақ оның өзі де қартайып, шал бол қалды.

Көршім сұракты жаудырып жатыр. Менің бір түсінгенім – оған әжейдің құмалақ салған қалтасы керек екен.

- Ол саған неге керек?

- Керек бөп түр ғой... – деді де, терсөн дем алды. – Құмалақшының қалтасын кейінгі үрпактарының қасиеттеп үстайтын бір салт бар ғой. Мүмкін қалған шығар...

- Қалуын, қалды... Сонау бір жылдары, сол үйге бір барғанымда ауыз үйдегі дінгекке қағылған шегеде ілулі түрдү. Содан бері де оншакты жылға жуық уақыт өтті. Кім біледі...

- Онда болды. Қалта сақтаулы. Енді соған қайткен күнде барын қайту керсек.

Күн кешкіре бастаған соң Мұхтар машинасының шамын жағып қойды. Әлде бір ойға кеткен беті рульді қыса үстап, екпіндете жүргізіп келеді.

- Сен ол қалта бұған неге керек болып қалды деп ойлап келе жатқан шығарсың, – деді бір уақытта маған қарай бұрылыш. – Ол өте қажет. Менің өзіме ғана емес, бүкіл халыққа қажет. Өйткені оның ішінле ақ бидай болуы мүмкін. Иә, кәдімгі ақ бидай!

- Сонда оның не үшін қажеті бар? Халыққа құмалақ салуды үйретпек ойың бар ма? – дедім әдейі әзілден.

Ол шамданып қалды.

- Жоқ. Сен құмалақтан басқа не білуші елің?! Мәселе онда емес. Ал, білгіш болсан әйтшы – ақ бидай дегеніміз не?

- Ал, жарайды, білдік дедік.

- Білсең сол - ол адам шын құмалақшы болса, соғыс жылдарында да құмалақ салды. Ал, сол жылдары, әсіресе соғыс біткен жылы Арқаның ақ бидайы бітік шыққан. Баданадай, баданадай ақ бидай! Білдің бе?! Кейбіреулер оны кішкене өсіңкіреп “бармақтай болатын” деп тे айтады. Мәселе, сол ақ бидайды табуда. Енді түсіндің бе?! – Ол біраз қызустана сойлеп барып сабасына түсті. – Ақ бидайдың тұқымын көп жылдан бері ізден жүрмін. Таптыраш емес. Ендігі бар үмітім – сол... Мен де бала кезімде біраз құмалақшыны көргенмін. Солардың көпшілігінің ақ бидайдан құмалақ тартатыны өлі есімде. Менің ойымша

солардың ең болмаса біреуінің қалташасында ақ бидайдың түкімі қалуға тиіс. Әзірші ізденісімде еш нотижे жоқ. Білестін құмалакшыларымның көпшілігін аралан шыктым. Қалташаларынан тек ас бүршак пен жүгері ғана табылып жүр...

- Сонда оны не істемек ойынц бар?

Ол осы “шын айтып отыр ма?” деген адам сияқты менің бетімі таңдана қарады.

- Тек табылсыншы де. Онда менің арманым жүзеге асар еді. Мүмкін бидайдың жаңа сортын алармыз... Тіпті болмаса мұражайға қойдырып, бір кезде халыкты аштықтан құтқарған ақ бидайдың қандай болғанын кейінгі үрпаққа көрсетер едім. Сол ақ бидайдың өнімінің ең болмаса бір түйірі қалмағанына қалай қынжылмассың...

Уәде бойынша келесі демалыста жолға шыққанбыз. Максатымыз белгілі. Бағы Ағипа ожейдің діңгек басындағы қара қалтасы. Жоя бойы өр түрлі тақырыпқа өнгіме қозғалғанымен сөзіміз көбіне ақ бидайдың қарай ойыса береді.

- Сіро, жасында ақ бидайдың көп жеген болуың керек, - деп қалжындағым орайы келген бір сөтте.

- Иә, - деді жұлдып алғанда Мұхтар, - біз көп жедік. Бір жаз бойы ақ бидайдың әбден тойғанбыз. Біздің жакта өснейді. Бірақ, “Тоқырауынның ақ бидайды” деп арбалан өкеліп сатушылар көп болған. Солардың алған бидайдың шешем марқұм бақырга қуырып өкеліп, дастарханға тоге салушы еді. Ыстық бидайды үрлен отырып, шайды сорантайтынбыз. Кейде шешем оргага аздан сары май қоятын. Қасықтың үшімен сары майдан ештеп іліп алғып, бидайдың батырыш-батырып, быттыр-быттыр шайнауны едік. Баданадай ақ бидай қуырған кезде тырсының тіпті үлкейеді екен. Сырты шығынаң, одан сайын жұмсара түседі. Сол жылдың күзінде соғыстан қалған жарасы аскынып, өкем қайтыс болды. Одан соң шешем көз жұмды. Жетім қалған мен балалар үйіне алындым... Сойтіп, ақ бидайдың қойып, ақ нанға қөштік. Жоқшылық, таршылық коргеміз жоқ, не ішем, не килеміз деп ойлаган емесініз. Бірақ, сондайы шешем қуырған ақ бидайдың дәмі олі күнге есімнен кетпейді...

Соғыстан соңғы жылдары шынында да ақ бидай көп болған еді. Сіро, бітік шыққан болуы керек. Сол уақыт-

тарда біздің ауылға да ақ бидай сатушылар жиі келетін. Біз де алып, қуырып жегенбіз. Бірақ, Мұхтар сияқты мен ештесеңі есімде қалдыра алмаппсын.

- Сен мені сол ақ бидай қуырып жеп, күн көрген жадау заманлы аңсан отыр деп ойлан қалма. Маган тек ақ бидайдың түкімы ғана керек. Қазірдің өзінде сол күнгі бидайдың бірнеше сорты бар. Ал, ақ бидайды солармен будандастырса, мүмкін, түсімі жоғары, ауа райына төзімді жаңа сорт шығып қалар деген ойым бар.

- Будандастырмай-ақ-ақ, сол беті неге өсіруге болмайды?

- Оның осуі қыын. Үнемі су қажет. Құтімді болуы керек. Құріш сияқты суармалы дақыл.

- Құрішті де өсіріп жатырмыз гой. Сол сияқты өсіруге болмай ма?

- Әрине болады. Бірақ ақ бидай осіру үшін көп еңбектену керек. Содан барып түскен өнім кеткен еңбек пен шыққан қаржының құнын етемейді. Түсімі мол болғанымен, үндыш қасиеті оте томен. Тек қуырып жеуге ғана жараганы болмаса, наң басуға келмейді деген сияқты алыш-қашпа дақпырттың салдарынан ол мәдени дақыл қатарынан шығып қалған. Сол сияқты бір кезде "Кожа бидай", "Бес бас бидай" деген де түкімдары болған. Бұлар да ақ бидайға ұқсас, бірақ одан кішілеу болады еken. Кейбірсулер білмейтіндерге "Ақ бидай" деп алдан соларды сатқан кездері де болды. Бұл бидайлар туралы естігендің бар ма?

- Естігем жоқ, - деп шынымды айттым.

- "Бес бас бидай" деген тіпті қызық. Бала кезімде бір көргенім бар. Бір басында бес масақ бес саусақ сияқты қатар өседі, - деп он қолының бес саусағын жоғары котеріп, көрсетіп қойды. - Әбден толған кезінде сабагы иіліп, басын зорға котеріп тұратын...

Қырқаға шыққан соң Мұхтар машинасын тежеді. Сыргы-ка шықтық. Құздің дымқыл ауасы бетімізді желпіп өтті.

- Енді аса алыс емес. Анау көлбей жатқан қара бүйраттың аргы етегі гой, - дедім мен Мұхтарға ауыл жақты сілтеп.

Ол үндеген жоқ. Мен меңзеген қара бүйратқа қарап тұрып-тұрып, иығын қозғап, екі қолын жан-жаққа керіле сермеп, денесінің құрыстанғанын жазды.

Біраз дем алған соң жүріп кеттік. Екеуімізде де үн жок. Басқа дүние үміт болған сияқты. Оймызыда тек арман болған ақ бидай. Ауылға жеткенше асықпаз.

Машина зымырап келеді.

## БАЛ ҰУЛАҚ

Облыстағы су шаруашылығы басқармасының бастығы Досбол демалыс алыш, ауылға оралған сайын “Соқыр-құдықтың” баєна бір соқпай кеттейді. Келген сайын цементтен комкеріп шегендеген терең құдыққа көз салып, сүйсініп ұзак қарайды. Қазір оның басына су тартатын мотор орнатылып, жанынан қой фәрмасы салынған. Моторына от беріп, сарқыратып су ағыза жөнелгендеге ферманың бір жарым мың бас қойы бір мезгілде суға қаныштығады.

Осы қондырығының барлығын бір кездे өз қолымен салдырган Досбол жанында екі баласы бар, тағы да қызыға қарап құдықтың басында тұр.

Сарыарқаның кешкі саумал ауасын құмарлана жұтып, кілем төсегендей, моуіті жасыл алқапқа мейірлене коз тастанды. Айналага сліте қараң, озін тап бір табиғат корінісі салынған тамаша үлкен полотно алдыңда тұргандай сезінеді.

Екі бала болса мұнда еш шаруасы жок. Астаудағы суды қолдарымен шашақтап ойнап, өз беттерінше қызыққа батуда.

Осы екі баладай бір кезде Досбол да қызықшыл, дұман-шыл болып өсті. Әсіресе жас кезінде суға шомылып, балық аулауға құмар еді. Марқұм өкесі Байназар өңгімешіл адам болатын. Досboldы алдына отырғызып алыш, дөң басына жиналған ауыл адамдарына әңгімсін інеше түрін ағызатын. Оңаша қалған шақтарда да Досboldың басынан иіскеп қойып, ақыл-кенес беруге жалықпайтын. Көбіне табиғат жайлы көп толғанушы еді. Міне, сондықтан болар кішкене Досбол жасынан табиғатты сүйіп өсті.

Ауыл балаларымен қосылып алыш жаз бойы суға шомылуды аса үннататын. Мұндайда әкесі: “Жөн-ақ, балам,

су деңен нәрсе адам жанына шина гой. Құннің көзі мен дарияның сұзы қандай кесел болмасын қағып өкетеді. Қөш шомылғаннан жапа шекпейсің” деп шомыла – шомыла жарылып кеткен баласының бетінен мейірлене іскеп қоятын.

Сол баласы өсе келе оте сушыл болып өсті Ауылдың томенгі жағындағы иірім-іірім қара сулар жаз бойы балалардың шомылатын орнына айналады. Мұндайда өзара бәсекे тууы әдettі нәрсе. Кім де болса өзінің бір өнерін көрсетіп қалуға тырысады. Өүелде өзімен бәсекелес болып жүргендердің бөрі дақала қаллы. Су жарысының қандай түрі болмасын Досболға тең келетін адам ауыл арасында қалған жок. Жұзу мен сұнгудің қандай түріне болмасын өбден машықтанып алды.

Бір қызық өкіга мұның әлі есінде. Осындағы Жөпек дейтін баланың қаладагы бір туысы баласымен ауылға келген еken. Баласының жасы мұнан горі қалқацырақ. Озен бойында суға шомылып жатқан. Олті келген бала да келінті. Өзі мактандықтау еken. Жақсы жүзе білетіндігін көрсетіп, бір-екі жас баланы суға құлатып, өзі құтқарып шықты. Өзінің ісіне мактандыған өлгі бала (атын ұмытты) бір сәтте байқаусыз түрган мұны да суға итеріп өтті. Қаперсіз түрган Досбол суға секіріп бара жатып бағанадан ойластырып койған құлығын іске асыруды ойлады. Ербенешін карғыған беті судын астымен жүзіп отырып, екінші қабактағы қалың қамыстың арасынан шықты да жағалауды бағып, тып-тыныш отыра қалды. Бағанадан тұншыға айқайланаң балаларды жағаға сүйреп шыгарып, мәз болып жүрген әлті суға қараш біраз түрді. Досбол шықкан жок. Енді ол сас-қалактай бастады. Ал, басқа ауыл балалары қыбыр етер емес, ананың өүселессін бір кормек үшін жактарын ашипай, түк білмегендей отыр. Анау енлі шын састы.

Досболды “құтқармақ” болып бір – екі рет сұнгіп те шықты. Колына ештеңе ілікпей дорменсіздіктің шарасымен сүйретіліп жағаға көтерілді. Тамам жүргіттың қозінше бағанадан масайрап жүрген баланың халі қөпе-қөрнеу мүшкілге айналды.

- Сұнгіші... Құтқаршы... Қемектесші... – деп көрінгенге жалынды. Бірақ жағаға құлар түк білмегенсіп, тек иығынғана қүшитып, бір қозғалғаннан басқа ештеңе демеді.

Мына корініс қызықтырған Досбол су сорып, тоңғанына қарамастан қамыс арасында басын қылтитын қарап отыра берді.

Әлгі бала бір сұнгиді, бір шыгады. Әбден есі танып сілесі қатып болды. Сұнги-сұнғи қары талып, екінші жағынан әбден сасқандық болар, бір кезде әлгінің аяқ-қолы ербенден, жалғыз-ақ рет “құтқарыңдар!” деуге шамасы зорға келді. Манадан соны құтіп отыргандай Досбол қамыс арасынан карғып шығып, аданы судан шыгаруға үмтүлді.

Сойтіп, макташшак баланы Досболдың өзі құтқарып шықты. Содан әлгі бала қатты ауырып, әкесі сол күні-ақ қалага алыш кеткен болатын. Бұдан соң ешкім мұнымен су жарысына түсіп корген жоқ.

Ес біле келе Досбол әкесінің әңгімесін тындан, зердесіне түйе бастады. Ойлап қараса сол кездегі әке созі әлі күнге дейін көкейінде сайрап тұргандай.

“Бұлақ қөрсөң - көзін аш, балам. Қайнаган сұы сарқырап, сай-саланы толтырысын. Шоліркеген жануар мейірін бір қандырысын” - деп үйқастыра отырып сойлер елі.

Әсірессе әкесінің ертегесі қызық болатын.

- Баяныда, - деп бастайды ол, - бір бай болынты. Сол байдың колында жалшылықта бір жетім бала жүрген екен. Ішерге асы, киерге кімі жоқ жетім баланы бай кон жобірленті. Әр нәрсені сылтау етіп, катал бай оны ұра беріпті. Мұндайла жетім бала ауыл сыртына шығып кетіп, бір ескі құдық басына келіп отырады екен. Әкесі мени шешіссін еске алыш, коз жасына ерік береді.

Бір күн жас бала қыр басында балалармен ойнаш қалып, бұзау еміп қояны да, таңы да жексүрүп байдан таяқ жейді. Әдеттінше сол құдықтың басына келіп отырган екен. Бір кезде козін ашып қараса, әлгі құдықтың түбіндегі қос уыс толмайтын шалишық суда кішкене бір ақ шабақ шоршып жатыр. Судың аздығы сондай, балықты енді құтқармаса әліп қалатынын түсініп, енкейіп ала беремін дегендे бір төмпейге сүрініп кетіп, бала етпетінен түсіпті.

Бір қөлымен жалма-жан төмпейден үстай алады. Екінші қолы батпаққа кіріп кетеді. Ептең түрегеліп, қолын батпақтан сұырса, ар жағынан бүркырап су шыгады. Сол-

ақ екен құдықтың ариасы суга толып, шабак балық жүзे жонеледі. Енди оның өлмейтініне козі жеткен соң бала үйнене қайтады.

Ертеңіне бұзауын жайып жүріп, тағы келсе су зымзия жоғалынты. Балық тағы да кеседей суда шолпылдан жатыр. Бала жалма-жан шешінін тастап, шалишқты арши бастайды. Бірақ қанша аришығанымен сүнтеңе өнбейді. Су шықпайды. Тіпті болмаған соң бала ауылға жүгіріп барып, күрек әкеlei қазады. Әлден уақытта құн кешкіргендеге барып су пайда болады. Құдықтың сыртына шығып үлгермеген баланың белуарынан су алады.

Келесі құн келсе су тағы да тартылып қалыпты. Бала тағы да аршиды, су тек кешкес қарай пайда болады. Құнде келсе – келген сайын су жок болады. Бала да құнде арши береді. Су да құндеңгі өдеті бойынша кешкес қарай шығады. Бірақ құндеңгісінен мол шығып, кең алқапқа жайыла түседі. Қанша мол шықса да ертеңіне кеседей ғана су қала берінгі. Сонымен, құдықтың түбін жалықпай аришып, екі құлашқа жеткізген баланың құрепі бір қүн жақпар тасқа тиеді. Олай әурелени, былай әуреленіп, ақыры жақпар тастың жігін тауып қонарған екен, әр жағынан бір құмыра көрінінгі. Бала көтерейін десе шамасы келмейді. Әрі жүлкүп, бері жүлкүп, бір кездे барлық құшшын салып тартып қалған екен, құмыраны жүлшып алады. Құмыра құдықтың көзін жауып тұрынты, әлгі жерден атқылаған судың екінің соңдай – бала мен соңшама ауыр құмыраны екі құлаш құдық ішінен сыртқа бір-ақ лақтырады.

Әлгі құдықтың көзі ашылып, бастау болып бұлаққа айналады. Бұлак сұнының молдығы соңдай – томендеңгі сары жазықты түгел су алыш үлкен колғе айналынты. Сол көлді жайлаған халық оны “Сарыкол” деп атап, балығын аулап, құсын атып қүн көрінгі.

Бала болса бір байдың тыққан бір құмыра алтынын тапқан екен. Ішіндеңгісін керегіне жаратып, мұратына жетінгі дейді.

Әкесінің ертегісін құмарта тыңдайтын Досбол алтын тапқан баланың ерлігіне сүйсінетін. Көз алдына әр құдықтың түбінде бір-бір құмыра алтын жатқандай елестеууші еді. Әкесі сол құмыраларды іздеп жүргендей көрінетін.

**Сойтс, өкө ойы орде екен. Қаншама иғлікті істер атқарған** абзал адам! Соны есейіп, ер жеткенде бірақ түсінді смес пе бұл. Әкесі ауылдағы шошшілердің шалғысын қайран беретін. Сөйтіп жүріп колы босап кетсе бұлақ аришитын. Шөпші ауылдың қай жерге кошетінін алдын ала біліп алын, ауыл көшкенше қонатын жердің бұлағын құні бұрын барап аршып, тазалап келеді.

Өуелде ауыл адамдары “Байекең аршымаған бұлақ жоқ шығар”, - деп жүрді. Кейіннен “Байекең аршыған бұлақ” дегенді шығарды. Бертін келе “Байекең бұлағы” дейтін болды. Қазір анау көрінген Беріктастың бауырындағы айнаабұлақ “Байназардың бұлағы” деп аталады. Сол аттың қайдан келгенін қазіргі жастардың кейбіре біле бермейді – ау деген ой Досболды мазалап кетті. “Байназар деген кім, деп ойлай ма екен”.

Әкесі Байназар ауырын көп жатты. “Оң жамбасым сырқырап барады” деп құландағы дауысы құракқа ұратын. Мұндайда шешесі отқа қыздырылған қызыл кірпішті, немесе ыстық су құйылған резенке торсықшаны ауру жамбасына басқан кезде гана жаңы аздал саябыр тапқандай болады. Байназардың оң жақ аяғы ақсақ еді. Жүргенде бір аяғынан бір аяғының қысқалығы анық, байқалатын.

- 1919 жылы 18 жасында актармен соғыс кезінде жараландым, - деп, коп – коп онгіме шертелі. Сол ақсақтығынан Ұлы Отан соғысына қатынаса алған жоқ. Елдің айтуына Караганда соғыс басталған жылы ескерігे тіленип, аудандық соғыс комиссариатына сан рет барыпты. Бірақ мединциналық байқаудан өтпей қала берген. Балалығы ма кім білсін, әкесінің соғысқа қатынаспағанын намыс коруші еді.

Ауыл балалары мұны ызаландырғанда:

- Иө, менің көкем соғысқа сенің әкесінен бұрын қатысқан, - деп әкесінің азамат соғысында болғанын бетке тартатын.

Сол әкесі баяғы оқтың өсері ме, өлде бұлақ аршып жүргенде сүйк өтті ме, кім білсін, қатты төсек тартып жатып қалды. Досбол әкесінің бұлақ аршып, үйге су-су болып оралғанын сан рет көрген. Шешесі екеуі екі жақтап киімін шешіп алып, керулі жіптерге жайып қояды.

- Бұл мінезін қоймаса оледі гой өкен. Қой деген тілді алмайды, – дейді шешесі ақырын, дауысынан кейістік бай-калмайды.

Озі тезірек шай қойып, ерінің бойын жылытуға кірседі.

Үстүк шай ішіп, бойы біраз жылыған соң, өкесі сөз бастайды. Бүгінгі істеген жұмысын, корген қыныдығын, немесе қуанышын боріне әңгімелеп береді. Әсіресе “Соқырқұдық” жайында көп айтады. Назарын Досболға аударып:

- Мен білсем бар гой, мына “Соқырқұлықты” жақсылап аршыса, бүкіл бір ауыл суга қарық болар еді. Әттең козі тым тереңде, қолмен қазып жету мүмкін емес. Козі бір ашылса сұзы оте мол. Байқаймысың, жаздың күні шілдеде басқа бұлақ атаулы ортайып, сағасы сарқылғанда “Соқырқұдықтың” ортасындағы шалшық бір құргамайды, - дейтін еді.

Сол жылы қайран өкес дүниес салды. Бірақ өкесі дүниесден кеткенімен баласы өке созін ұмытта алмады. Аяқ басқан сайын әрбір сөзі мен бейнесі көз алдында тұрды да койды. Әсіресе “Соқырқұдық” туралы айтқан сөзі кокейінен кетпеді.

Келер жылдың коктемі болатын. Оныншы класты бітіретін бір тоң бала кезекті бір емтиханнан соң қыдыруға шықкан. Тау боктерлеп келе жатып, “Соқырқұдықтың” үстінен шықты. Әке созін тагы да есіне алған Досбол балалардан болиніп, құдықтың жағасындағы жасыл шебі жайқалған томпешігіне келіп отырды.

Мұның ойына не түскенін сезбесе де, сезімтал Жанар әлде иені түсініп, жанына келіп тізе бұkti. “Соқырқұдық” болса, баяғы түк сезбеген күйі бұлк етпестен тұғғиық қара лай беті жатыр. Тен-тегіс қара лайды корген Жанар оның бетінен саусағының үшімен “Досбол” деп жазды.

- Досбол, - деді озі дауыстан.

Қызың қылышын өзінше қайталап, Досбол да оз атының жанына қыздың есімін жазып:

- Жанар – деп оқыды.

Қыз еңкейе берген. Досболдың жүрегі дір етіп, бұлқынып аунап түскендей болды. Жанар ренжіп, жазуларды алақанымен сипап, өшіріп тастайтындақ көрінген. Жок,

ол ойтпеді. Енгіз барып, саусагының ұшымен екі аттың ортасына қосу белгісін қойды. Мұнан соң екеуі бір-біріне құлімдей қарап, қабагымен ұғыскандай алғашқы ыстық ықыластың тегеуірінді пәк күмарлығымен көз тігіскең.

Сол алғашқы балтын махабаттың мәңгілік беріктігінің белгісіндей болып, “Сокыркұдықтың” бетіне екі есім қатар түсікен еді.

Орта мектепті ойдағыдай аяқтаган Доғбол қалага аттанды. Ауыл шаруашылығы институтының гидромелиоративтік факультетіне түсіп, оны да жақсы аяқтады. Жанар да жаңында болды. Ол педагогикалық институтка түсті. Сейтіп, су шаруашылығы маманы болып шықты. Институтты бітірген жылы өзі сұранып, осы Қайынды алқабының су зерттеушілер экспедициясына келген. Аз жылда қашшама жұмыстар жүргізді десенізші! Доғболдың жасаған барлау жобасымен бірнеше су көздері табылып, артезиан құдықтары салынды.

Доғбол, осірессе, өкесінің көрсегендігіне таң қалады. Экесін еске ала отырып, озінің біліміне сүйсніп, “Сокыркұдыққа” бұргы салды. Шынында да көзі тереңде екен, казу онай болмады. Дегенмен, еңбегі акталды, әкес арманы орындалды. “Сокыркұдықтың” астында жер асты теңізі бар екен.

Кеңінен зерттеліп табылған тұңцы теңіздің картасы жасалды. Мол сулы жерге мал фермалары салынды. Сарқырап аққан озені жок, толқыган теңізі жок аймаққа бұдан артық байлық козі бола ма?

Киырга қарап тұрған Доғболдың ойына Жанардың “Ертерек келіндер, кешкігө ағайым үйі қонаққа шакырган”, - деген сөзі түсті. Құдық басындағы екі балаға қарай аянаңдасты. Бұл кезде олар құдықтың томенгі жағындағы жасанды қөлшікке шомылып жүр еді.

Конілін куанышты бір күй оуені күмбірлесткен Доғболдың он салғысы келді. Осы сотте оның комейіне:

“Қуансаң, қуана бер, әкежаным,

Мен сенің өміріңе жалғасамын”, - деген өлең жолдары оралып еді.

## КӨКҚАСҚА

Сол жылы қыс қатты болды. Долы боран қора ішіндең пішінді қоса жұлып жеп ұшырып әкетіп жатты. Азын-аулак шобі таусылып бара жатқан шағын ауыл кішкене болса да күн құлагы көрінсе, бірлі-жарым тоқты-торымын өріске шығарып, жайып бағады.

Тұс ауа бұлт ыдырап, күн ашылған соң Мәрлен екі баласын ертіп, қойларын қорадан шығарып жатқан. Көрші тұратын Сәмиға шешей:

- Мәрлен шырақ, менің қойларымды да айдай кет, жайылын келсін, - деп шарбактың арт жағынан тұрып қолқа салды.

- Жарайды, шешей, шығарыңыз.

Екі баласы аяқтарына шаңғысын байладап, ілесе шыққан. Қырға көтерілісімен өздерімен өздері болып кетті. Биқтеу бір қырдан сырғанап ойнап мөз. Қарын жылқы теуіп, босатқан қырқа төсіне екі үйдің оншакты қойы табан аудармай жабыса қалған. Қалың кодені қармен қосып асап, қырт-қырт шайнайды. Мәрлен қыраттан көз тігіп, жан-жақты бағдарлап қарап тұр. Өзімен бірге ере шыққан тайыншадай кок төбет бағанадан шаңғылы балалармен жарысын, арсаландын жүгірген еді, енді Мәрленнің қасында мелшиген қалпы алысқа көз тігіп, шоқыны отыр.

Аспан ала бұлттанды. Әлгіндеған тымық еді, қайта қүшінде түсті. Қасат қардың бетімен жыланша ирелендеп, сырғыма жүгіре бастанды. Мәрлен батысқа көз салып еді – ақшулан бұлт қоюланып, түнере бастаған екен. “Сірә, боран болатын шығар”, – деп ойлады. Екі балага қол бұлғап, шақырып еді – көрмедин, айқайласа еді – естімедин. Қек төбет иесінен таңдана қарады да, керіліп жата кетіп, аунай бастанды. Артынша атып тұрып ерсілі-қарсылы жүгіріп, ойнақтай асыр салды. “Боранды күнде ит пен бала құтырады” деген әкесінің сөзі есіне түсіп, езу тартты. “Боран болатын шығар” деп ойлады.

Бір көзде иті мұрнын шүйіріп, күйрығын ішіне тығып алып, жер искелеп жүгіре жөнелді. Отыра қалып, аспанға қарап ұлыды. Иттің мазасыздануы тегін емес екенін түсінген Мәрлен қойларды ауылға қарай икемдей бастан-

ды. Балалар сонда ғана көргөн болуы керек, бері қарай түсті. Бұл жерде жел күшіне түскен. Бір жағы қарсы соққан жел, екінші жағынан өрге қарай балалардың ілгері басқан аяты кейін кетіп, қымылы мандымай қойды. Борасын үдей түсті. Қойды ауылға айдан кете берейін десе, балалар адасып қала ма деп қауіптени, артына қарайлай береді.

Балалар келіп жеткенде боран алай-түлей үйтқытып барып басылып, қайтадан жаяу борасындата бастаған.

- Жүріндер тезірек, боран үдеп кетпей тұрганда жетіп алайық.

Жел қайтадан үйтқи соғып, үлпа қарлы құйындата үйірді. Манай тағы да көрінбей кетті. Қек төбет арс-арс етіп, ерсілі-қарсылы жүгірін, қойдың алды-артына кезек шығады. Бір сәтте ол қаран еткен өлде нені арсылдай қуа жөнелді. Мәрлен қашша тсеіле қарағанымен жел көзін жасаурып, не қызып кеткенін анық аңғара алмады. Қойлар дүркіреп, иіріле қалды. Ортасында бір қек ит оршып жүр. “Қасқыр!” деген ой Мәрлениң бойын мұздатып жіберді.

- Айт! Айт! Қекқасқа, көкқасқа, айт! – деп айқайға басты кішкенеден соң.

Қекқасқа көрінбейді. Өзі жүгіріп түсіп барып тоқтады. Қысылған кездे қасқырлың адамға шабатынын билетін Мәрлен балаларынан қорыкты. Екі ортада оларды жарым етіп жүрер деп ойлап, бар болғаны итін айтқаттай берді. Екі бала аң-таң. Біресе қойларға, біресе өкесіне қарап тұрып қалған.

Әлгі бір қас қағым сөттің ішінде бір қойдың қарнын ақтарып кетіпті. Жарылған қойды шанғының үстіне салып сүйретіп, қалғанын айдан келеді. Қас қылғандай оның өзі Сөмиға шешейдің бес қойының бірі екен. Сол бес уақ пен бұзаулы сиырынан басқа ештесесі жоқ, жалғыз адамның жана шеккеніне Мәрлен қатты күйзелді. Ол – ол ма?! Қойдың алды қораға жеткенде бір-ақ көрді – көрші кемпірдің тағы бір қойының және өзінің бір қойының құйрығы жалбырап жүр. Екі мал да пышаққа ілінлі.

Қекқасқа ертеңіне бірақ оралды. Қасқырмен айқасқа түсіпті – оның бойында сау жер жоқ. Есік алдында дір-дір етіп қынсыладап тұрган итті қораға кіргізіп алды.

Екі қасқыр қыс бойы маза бермеген. Ауыл адамдары аңшылық жасап көргенімен ешпене өндіре алмаң еді. Бұл арлан мен қанышық туралы сан түрлі аныз тараған. Осыдан кейін кейбіреулері: “Бұрын екеу еді, енді жалғыз болды. Өз көзіммен көрдім”, - десіп жүрді. “Бәлен деген адамның қорасындағы қойын түк қалдырмаи қырып кетіпті”, “Ана ауылдағы біреудің жалғыз биесін жеп кетіпті”, “Мына ауылдағы бәлениң малын жусатып салыпты” деген алып қашпа сөзде шек жоқ.

Шын мөнінде жалғыз қасқыр болып шықты. Жарасы әбден жазылған Көкқасқа дамылсыз қырға қаран үріп, ауыл сыртында ұзак жүріп қайтатын болды. Жазығытұрым қар кете бастанғанда ауыл балалары мал қарап жүріп, томенгі ойпattan өлген қасқыр көргендерін айтты. Есік пен төрдей арлан екен. Бұрын аңшылықпен айналысқан кейбіреулердің айтуынша бұл бір-бірімен ғаласқаннан олмен қасқыр. Оны олтірген өзінің көк төбеті екенлігіне Мәрлен шұбә келтірғен жоқ.

Жаз бой ешқандай жамандық естілмесін еді. Күз түсे жалғыз қасқыр қайта пайда болды. Ауыл шетіндегі бұздауларды бұтадай атады. Қыстай Мәрленнің көк төбеті де дамыл көрмедин. Қырға қарап үреді де, жүгіре жонеледі. Басқа иттер ілесіп барып, қалып қояды. Ал, Көкқасқа болса біраздан соң оралады. Ақпан туысымен көк төбет тіпті мазасызданды. Төбе басына шоқып отырып алып, ұзак ұлттынды шығарды. Кейде бес-алты күн жоқ болып, қайтып келіп жүрді. Бірде оншакты күннен соң оралды. Әлденеге ыздалып, ырылдаپ, желке жүнін күжірейтіп, маңайына айбат шеге қарайды. Бұрын да ауыл иттерін бетіне қаратпаушы еді, сиді көзіне көрінгенін тұра қуып, жетіп алса, қып - қызыл ала етіп талап жібереді. Көршілерге ырылдаپ, ұмтылатынды шығарды. “Бірсүді қауып алып, үятқа қалып жүрерміз”, - деп қауінтеніп, Мәрлен итін біраз уақытқа дейін байлап қоюға мәжбүр болды. Қанша ойланғанымен тапшаган итінің бұлай өзгеруінің жұмбақ сырь кейін анықталған еді.

Мамыр айының аяқ кезі. Кешкілік ел орынға отыра бергенде құрдасы Тайбек жетіп келді. Оның аздал аңшылықпен айналысатыны бар.

- Мәрлен, мен бір жерден қасқырдың апанын көрдім. Ертең ерте шығып, күшіктерін алып келейік. Сөтін салса енесін де қолға түсіруіміз мүмкін. Сен “Көккасқам қасқыр алады” деууші едің той. Итінді ерте жүр...

Әуеллес қалжында тұрған шығар дес ойлаған. Сөзінің шынындығына көзі жеткен соң түнімен оқ-дәрісін сайлаап, таңертен ерте мұлтықтарын асынып, Көккасқаны ертіп, жолға шыққан.

Тайбектің айтқан жеріне тұс ауа жетті. Аттарын алысқа тұсап, бұқнантайладап, таяп көле бергендіе, көк төбеттің қыңызылай бастағаны. Сол-ақ скен апанин атын шыққан қанышық қаша жонелді. Тайбек дайын ұстап келе жатқан мұлтығын басып-басып қалды. Оқ дарыған жок. Мәрлен болса – итін қосып, айтқатап өлек. Бірақ көк төбет қасқырды жаңын сала қуа қойған жок. Шоқақтап жүгіріп барды да, төбенің басына шоқиып отыра қалып, ұли бастады. Екі жігіт аң-таң болып бір-біріне қарасты. Олардың таңдануы апандагы көзі өлі ашылмаған күшіктерді көргенде тіпті үдей түсті. Өйткені, олар кәдімгідей сүр түсті емес, қаракөк болып шықты. Тіпті кейбіреулерінің қасқасы да бар. Жеті күшікті жинан, қоржынға сала бастағанда қыңызылап, көк төбет жетіп келді. “Шайнап тастан жүрер”, - деп қауілтеніп, Тайбек оны қақапайладай берген.

- Тиісисе, не істер екен, байқайық, - деді Мәрлен сабырмен.

Көккасқа болса құйрығын бұлғаңдатып, қыңызылаған күшіктерді иіскеп- иіскен, шеткі біреуін жалаап - жалаап алды.

Екеуі үн-түнсіз бір-біріне қарады. Қасқырлың күшігін иттің жалағанын бірнеше рет көргендікten оларлың ауыздарына сөз түспеген еді. Олжаларын қоржынға салып алып, тұсаулы иттарға беттегенде ғана:

- Не лесен о де, мына күніктердің әкесі – біздің Коккасқа, - деді Мәрлен шешімді үнмен.

- Мен де солай ойлаап келемін, - деп Тайбек те нық жауап берді.

## ЕСКЕРТКІШ

Қалимаштың шаңқылдаган аңы дауысы естілсе болды:

- Е, өлгі Ескерткіш тағы біреумен төбелескен гой, - деп кемпірлер ауыздарын бір сылп еткізеді де қояды.

Басынан құс ұшырмай осірген соң бала ерке болмай қоя ма? Жаңа гана қара жолдың үстіндегі бір топ бала асық ойнап жүрген. Орталарында Ескерткіш те бар еді. Әуелде балалар оны ойнатқысы келмей, шеттете берген. Біреу тұрып:

- Ойнай берсін, - деп сыйыр етті. Ойткені, ойыннан қалып койса, шешесінен сөз естиді.

Басқалары тыржиып, оны қосқысы келметенімен еріксіз қонді.

- Ұтылып қалсан ұрысады гой, - деді екінші біреуі кімге ұрысатыны белгісіз, екіштылау.

- Ұрыспайды, - деді Ескеркіш сеніммен.

Енді міне, жалғыз сақасы қалғанша ұтылып, сомниш шыға келгенін бір-ақ, білді де, үйіне қарай сіреп ала жонелді. Есік алдында жүрген шешесі ұлының дауысын ести сала, бері жүпірген. Балалар тым-тырақай болды. Тігулі қалған асыққа қарамақ түгілі кейібірі қолындағысын лактырып кетті.

Қалимаш асықтарды сойлен жүріп, жинап алды. Онысымен қоймай, балаларды шетінен, удай тілімен бір-бір шағып отті.

- Қаңғыбас Сәйтектің жаман шиборбайы, сенсің гой осыны бүлдірген... Арактан өлген Төңкіштің иткозі, тұра тұр бөлем... Құралқы қанышықтай сүмірейіп Һеркімбай жүр еді орталарында... Қап, түсерсіндер қолыма...

Шашылған асықты жинап, баласының ынқырына қыстырған соң оны қолынан жетектеп үйіне қайтты. Бірақ үйіне кіріп-шыққан сайын сампылдаған дауысы бір толас табар емес. “Қой” деген адамның өзімен ілінісс кетеді.

- Е, қайтсін, бейшара. Жалғыз Ескерткіштен басқа кімі бар. Үйіне жан баласы бас сұқпайды. Қайта өзі жынданып кетпей жүр десейші, - деп аяушылық білдіретіндер де бар.

- Япыр-ау, осы Қалимаш көшін келген жылдары мұндай емес сиякты еді гой, сабырлы-ак болатын...

- Күйік қойсЫн ба?! Бейшараның ішінде не жоқ дейсің?!

Ескерткіштің шын аты – Айдын. Бір ауылда тұрганымен оның шын атын білмейтіндер кон. Білсе тек бірге оқитын балаларғана біледі. Ойткені, мектепте оқушының аты-жөні журналдагы жазу бойынша аталады.

...Жаңа келген жас мұғалім мектеп табалдырығын алғаш аттаған бірінші класс шокірттерімен танысады басталы. Партаның ретімен бұлдіршіңдерді орындарынан тұргышып атын сұрайды, сол бойынша фамилиясын тауып алғып, белгі согады. Эйтисе, кейбір бала озінің фамилиясын да білмейді екен. Кезек Айдынға келді.

- Ал, сениң атың кім? Ұялма, айта гой...

- Ескерткіш.

- Дұрыс, енді фамилияңды айт.

Бала түсінбегендегі иығын қозғалы.

- Әкесіңің аты кім?

- Әкем жоқ...

Жас үстаз не дерін білмей сасқалақтан қалды.

- Жарайды, отыра гой, Ескерткіш.

Енді журналдан “Ескергіш” деген есімді таба алмай оуре болды. Тізімді қайта-қайта қараганымен жоқ екен. Үзіліске шыққан соң мектеп директорына айтқан. Ол кісі:

- Баланың документтегі есімі – Айдын. “Ескерткіш” деп шешесінің еркелетіп қойған аты. Әкесінен қалған ескерткіш дегені гой, - деп түсіндірді.

Келесі сабакта оқытушы оның аты енді Айдын болатынын айтты.

Таңгерден баласына шашу шашып, мектепке шыгарып салған Қалимаш бұрын ұзақты күн қасынан шықпайтын ұлының бір-екі сағат жоқ болғанына жалғызысырап, балалар үзіліске шыққан мезетте бір рет келіш, коңілін басып кайтқан. Оның сабактан шығатын уақыты болды-ау деген мезетте мектепке қарай тағы да таяп барды. Қалимашты корген кейбіреулер “қайырлы болсын” айтып жатыр.

- Балаңың мектепке барғаны құтты болсын...

- Ескерткішің оқуға баруга жарады гой...

- Озат оқушы болсын... – депен сияқты тілектер оны біраз марқайтып тастанды.

- Е, неменс, кешеден бері кіріп-шықсан аяғың жеткей жатыр ма? – деп Қалимаш та өзінің қоңылжетерлік құрбыларына оқпесін айтып қалады.

Бір уақытта мектептен шыққан балалармен қоса Ескерткіш те үйге карай беттеді. Кенет келіп тұрган шешесін коріп, тұра ұмтылған.

- Құлыным, жарығым! – деп ана баласын айналыш жатса:

- Мама, мұгалім: “Енді сенің атың Айдын болады” деді,

- деп ол өзінің жаңалығын жеткізгендеге асықты.

Қалимаш селк ете қалды:

- Не дейді? Онда сенің мұгаліміңің қашаша хакысы бар?! Қандай адам ол өзі?

Орынан тұра салып, мектепке қарай жүгірлі.

- Әлгі бірінші кластиң мұгалімі қайда? – деп кіре айқайға басты.

Оған біреу жон сілтеп жіберді.

Бір-екі жыл бұрын гана оқу бітіріп келген жас жігіт шөкірттерін үйлеріне қайтарған соң класын ретке келтіріп, енді шығайып деп жатқан. Ашуга булықкан Қалимаш кіріп келгенде не дерін білмей аңырып тұрып қалды.

- Ей, шырагым, оқытсан дұрыстап оқыт! Балаңың аты-жөнінде сенің шаруаң болмасын! Мен не деп атадым – сол болады. Оз балаңың атын жөнден қойып ал, білдін бе??

Айқай-шуды естіген мектеп директоры келіп кірді. Соңда гана жас мұгалім жеңіллең сала берген. Директор жағдайды байыншеп түсіндірген соң гана Қалимаш ырықка қонді.

- Балаңың тууы туралы куолігін өзініз өкеліп тапсырып едініз той.

- Иә, өзім әкеп тапсырғам...

- Соңда оның аты қалай жазылған еді?

- Білмеймін... Шынын айтсам, соның бетіне қарасам бүйірмасын...

- Білмесеңіз, онда “Айдын” деп жазылған. Енді балаңыздың аты мектепте документ бойынша аталатын болады.

Есіне олдене оралған Қалимаш:

- Жарайды, жарайды, оздеріңіз білініздер, - деп асығыс кері қайтты.

Үйнен келе сала, актарын-теңкеріп, сонау жылы перзентханада жазып берген, өзі омірі ашын көрмеген көкшіл куолікті алып қараган. Сол екен, козі тұманданып, теңселіп барып зорға түзелді.

Онда “Аты – Айдын, океңі – Темірбек, шешесі – Райхан” деген жазуды қыяған. “Енді не айтамын? Бір күні “Райхан деген кім?” деп сұраса не деймін? Масқара-ай”, - деп інгітей қайталай берді. Мектептен қарны ашып келіп, ыдыс-аяқты салдыратып жүрген баласына қарап, сілейіп отырып қалды.

Махаббатқа мас болған жастық шақ-ай! Сол құндер қайта айналып келсе гой, шіркін! Екеуі бірін-бірі ұнатауды. Хал үстінде жатқан корі шешесіне де қарамай Темірбектің соңынан еріп жүре беріп еді. Кон ұзамай шешесі қайтыс болды. Жастайынан қолдарында осірген Темірбекті ағасы мен жәңгесі өз әл-ауқатынша дүние беріп, жеке отау шығарды.

Жоқшылыққа жастайынан үйренген Қалимаш баға масайрамай, жоққа мойымай Темірбектің табысын ұқсатып, жүріп жатты. Машинаның түрлі естілісімен жүтіріп шығып, күйеүін есік алдында күтіп алатын. Жолдан оралғанша көз тігіп, кепіксе тағаты қалмауны еді. Сойтіп жүріп оншакты жылдың жүзі отіп кеткенін де аңғармай қалыпты.

Әуелде аңғартқысы келмегенімен күйеүінің сәби корсес көз тігіп, бала кездестірсе басынан синагысы келіп тұратынын байқады. Оздерінің достарының балаларымен ойнап, моз болып қалады. Қалимаш мұндайда қызғана да, қызыға қарап тұратын. Озегін тырнап, кокірегін кернеген аңызы запыранды байқатқысы келмей, айналып кетеді. Кейде Қалимаш теріс қарап жастыққа бетін тығып алыш, жылайтынды да шығарды. Болмашы нәрседен ұрыс-керіс пайда болады, қабактарын кірбің шалып, ренжіспін қалады.

Алғаш рет қабақ шытысып, бір-біріне тіке қарагандары әлі есінде. Қосылғандарына бес-алты жылдың жузі болған. “Қазір ғана ораламын” деп кеткен Темірбек жер

жұтқандай жоғалды. Кеш батқанша жол үстіндегі қарайғанға қарап, көзі талып еді, қаранғы түскен соң жылт еткен жарықтан үміт күтеді. Әлден уақытта ұзын жолдың бойында жарық көрінді. Әшейінде қысыңдан шыққан машина өне-мине дегенше ауылға жетіп-ақ келуші еді, мынанын жүрісі өнбей қойды. Әрі тұрды, бері тұрды, шыдамы таусылып, үйге кірді. Шәугімді тоққа кости да, қайта ашықты. Машина өлі жылжып келеді. Есік алдында біраз тұрған соң үйге кіріп еді, шәугімдегі шай қайнап жатыр екен, тоқтан сурып, сыртқа тағы шықты. Жарық үлкейін ауыл шетіне таяп қалған екен. Ойна не оралмады десенші?! Барлығын сонғы ой серпіп тастап, коңіліне үялай қалғанда, өне бойы шымыр ете түсіп, жүргі сыйдалап кесті. Жалма-жан жүгіре жонелді. Бет алысы – Райханиң үйі.

Машина үй жанына келіп тоқтап, жарығын өшірді. Бағанадан өткір жарыққа тесіле қарап келе жатқандықтан, қап-қаранғы бола қалған кездे көз алдынан өлгі сөүле өшпей қойып, түк көре алмайды. Көзі қаранғыға үйреніп, таяп қалғанда машина орнынан козғалды. Бұл үйге кіріп бара жатқан Райханды байқап қалды. Бағанадан басынан шықпаған ойдың дәл осылай ақиқатқа айналманын қалап еді. Амал қаниша...

Не істејін білмей тұрып қалған жас келінішк үйқыдан оянғандай кілт бұрылып, үйіне қарай үмтүлды. Бірақ ілгері басқан аяғы кейін кетіп, өзін-өзі күшпен сүйреп келеді. Әлгінде қыбырлап ауылға зорға жеткен машина зыр етіп барып есік алдына тоқталды.

Райхан – күйеуден қайтын келген жалғыз басты келінішк. Әке-шешесінің қолында тұрады. Осы ауылда сатушы болып істейді. Темірбек: “Бір класта қызынанбыз”, - деген. Кейде оның өзі де өрнені сылтау етіп, осы үйге келгіштеп жүретіні бар. “Қалимаш-ау, лұксен жаққа неге келмейсің? Оны-мұны қажет болса, айтып кой”, - деп іштарта сөйлегенімен бұл онысына иліге қоймайды. Өзінің кашанғы кісікік мінезімен бір-екі ауыз сөзбен жауап бере салады. Қалимаш шешіліп сөйлемеін соң, ол да көп отырмайды.

Қалимаш үйгес келгенде машинасын есік алдына тоқтатқан Темірбек түпкі бөлмеде киімін ауыстырып жатыр

екен. Күйеуін көрген бетте іштей қайнаган ашудың ыстық жалыны қалай атқып шыққанын да байқамай қалды. Аузынан ак ит кіріп, кок ит шықты. Әуелде тұқ түсінбеген Темірбек аңқиын тұрып қалған. Аздан соң барып келіншегінің не үшін шу котергенін біліп, ақтала бастаған. Оған болар Қалимаш на? "Кет-кеттің" астына алып, аузына келгенді айтып, қолына түскенде лақтырып, жайпан барады. "Кет, ана Райханның үйине барып кіріп ал". Азын аулақ ыдыс-аяқтан тұқ қалмай бара жатқан соң амалы таусылған Темірбек қүштеп қойғызбақ болған. Оған конер болмады, қайта озін басқа-көзге топелен, есін шығарды. Бес саусағын батыра келіп бетін бүре түскен кезде жаны көзінे корінген Темірбек додланған ойелін жуап жұдырығымен кеудеден бір түйіп, кокірегін қаздай шулатты.

Бұған дейін Қалимашқа қол тигізіп кормесін Темірбектің озі бұрышта тұрған аласа орындыққа отыра кетті. Біраз уақыт үнеіз қалғанға енді қойған шығар деп ойлаған. Олай болмай шықты. Кішкенеден соң есін жиши, айқайға қайтадан басты. Бір кезде төсек астында жатқан қоңыр етікті алып шықты.

- Мә, оқет мына құрғырыңы! – деп есікке қарай лақтырды. – Анарып бер өзіне, козіме көрсетпей...

Бұл қоңыр етікті осы жуырда Райхан өкеп берген. Бағасы да удай екен. Аяғына киіп көріп еді – доп-дол екен. Құйып қойғандай, өкшесі де онша биік емес.

- Ой, тамаша! – деп таңданған Райхан, - тура саган арнап тіккендей. Әдейі директордың да ойеліне бермей тығып қойып едім, жақсы болды. Бір жаққа шыққанда киесін. Ал, ақшасын кейін бір берерсін...

Қинаң тұрған сол – ақшасы еді. Мына созге илігіп сала берді. Ешқайда барып жатқан жоқ кой, сонда да "дүништан көз бір киім бол тұра берсін" деп ойлаған. Бірақ коп ұзамай Райхан ақшасын сұратып, бала жүгіртіп жіберген соң, қиналғанымен амал қанша, ыдыс-аяқ қоятын сервант алуға жинап жұрген ақшасынан сексен сом беріп тыныш тапты.

Бұл сол қоңыр етік. Содан таң аптақ болып атканша Қалимаштың жағы да бір сембеді, үзын қоныш етікті біресе есікке, біресе төрге қарай лақтыруын да қойған жоқ.

Содан бері бұрын аяқтагы астай үйни отырған отбасының шырқы бұзылыш сала берді. Болмашы нөрседен үрыс шығатын болды. Кобиңе оны бағтайтын Қалимаштың озі. Біраздан соң төсек астында оңай орында жататын қоңыр етікті алыш, ерсілі-каревілы лактыра бағтайды. Тан бір осы үйдегі үрыс-керіске қоңыр етік кінәлі болған сијакты. Кейінгі кезде күйілген аяқ-киімнен бетер тозып кетті. Оған озі алғаш Райхан әкелген күннен кейін аяғын сұғып корген жоқ еді.

Бұрынғыдан емес, құрбыларының әзіл-қалжыны да жүйкесіне тиестінді шыгарды. Мұндауда басынаң соз асырығысы келмей, кімді болсын бетінен алыш, шап ете түседі. Ауыл арасында ол үрыснаган әйел да қалмады. “Шайнау тілді, кокайыл қатын” атасын, оған қарсы келмек тұрсын, кездессе айналып отетінді шыгарды...

Кешкі шайын алдарына ала бергені сол еді, бір бала енгізе жүгіріп кірді:

- Райхан тәтем қатты ауырын қалыпты, “Қалага дорігерге апарын салсын” деді,- деп танауын қос-қос тартты.

Жып-жылы пештің түбінде майкешен отырған Темірбек орнына түрі бұзыла атын тұрып, костюмін кис бастанды.

- Ей, әуелі жейденің кимеймісің, - дегендеган Қалимашқа бір көз салып, жейдесіне жармасты.

Аныл-гүшіл киінем деп өлекке түсті. Әншнейінде сағырлы қүйеуінің мына қылғы Қалимаштың кеудесін қыжылдатып-ақ тұр. Дегенмен, үндеген жоқ. Біресе киімдерін шалыс гүймелеп, біресе жеңін таба алмай абыдраган қүйеуіне комектесіп тे жіберді.

Далага атын шыққан Темірбектің денесі қалтырап кетті. Құні бойы қар аралас жаңбыр жауып, лайсаң етіп еді. Енді міне, сұмық қатайып, жер қатын қалыпты. Қүннің сұнтауының ызғарынан біліп, сақ жүретін жігіт машинасының сүйн ағызып қойған.

- Қап, - деп әкініп, қайтадан үйге жүгірді.

Пеш үстінде ызылдалп тұрған үлкен көк шәугімді көргенде қуанып кетті. Төрғі болмеге өткен Қалимаш Темірбектің шәугімді қалай іліп әкеткенін байқамай қал-

ды. Егер сол сөтте байқаған болса, қырығып қалуы да тажап емес еді. Машинасын біраз қыздырган Темірбек жүріп кетті. Гүрілдеген дауыс басылған кезде: “Әлгі ең болмаса бір-екі аяқ шай ішпеді-ау” деп неш үстіне қараса – қайнап тұрған шоугім жок. Соңда барып ол санын бір-ак сокты.

Сыртқа шықса – шоугім есік алдында тұр. Мұзға жабысып, қатып қалыпты. Жылы үйде жеңіл жүрген Қалимаш сол бетінде шығып еді, солтүстіктен соққан ызгарлы жел қойны-қонышын аралан, сұық тілімен жалап-жалап отті. Шоугімді мұздан зорға айырган оның тісі-тісіне тимей қалтырап кетті. Тұла бойын ашу кернеп, кімге соқтыгарын білмей, оңаша үйде жалғыз өзі жан-жағына қарады да қойды. Қайтадан шай қайнатып, бір-екі аяқ ішті де, тосекке қисайғанымен көпке дейін көзі ілінген жок. Тұнімен елегізіп, қайта-қайта ояна берді. “Ұйықтан қалсам мына сұықта сыртта тұрын қалар” деп есікті де бекітіп. Бірак Темірбек тұнімен де, таңертен де оралмады.

Бұрын: “Аман болса бір оралар”, - деп мұндаиды елең қылмайтын Қалимашта маза жок. Бір отырды, бір тұрды. Ақырын аяңдан кенес жаққа барған.

- Темірбек түнде Райханды қалаға өкетті деп еді, әлі оралған жок па? - деп сұрады қарсы жолыққан екі өйеллің бірі.

- Ойпырмай, “жол жаман, асфальт коктайғақ, зорға келдік” деді гой түнде біздің үйдегі, - деді екінші өйел оған қарап.

Мынаны естіген Қалимашта ес қалмады. Сол жерде кілт бұрылыш, ештеңе айтпастан үйінс қарай жүре берді. Екі өйел бір-бірінс қарап тұрып қалды.

Жамандық жатпайды. Тұс ауа “Темірбектің машинасы соғылып, жолда аударылып қалыпты. Райхан екесуі де ауыр жарабанып, ауруханага түсіпті” деген хабар ауылға тез тарады. Арнадан асқан көктемгі тасқын судай жайылған сұық сөз ауыздан-ауызға жетіп, Қалимаштың құлағына да шалынды. Шынында да тұнде қатты келе жатып, байқамаған болуы керек, жол үстінде асфальт жөндеушілер тастап кеткен тракторға соғылып, машинасы аударылып

қалынты. Жолшыбай кездескен адамдармен қалаға кештетіп жеткен Қалимаш күйеуін облыстық ауруханың реанимация болімінен тапты.

Құні бойы аурухананың есін күзеткенімен ештеңе өнбеді. Есік алдындағы әйел қанша жалынганым мен ішке кіргізбеді. Бар болғаны емдеуші дәрігермен жолықты. Орта жастағы әдеміше келген ер адам екен. Басына киген ақ қалпақтың штепинен буырыл тартқан шашы көрінеді. Жұмсақ дауысты дәрігер байыппен сөйледі. Күйеуінің хал-жағдайы қызы екенін айтты. Бірақ қолдан келгенше тырысатыңдықтарын білдіріп, көңілін демдеді. Қазір системамен жатыр екен. Бір жақ жамбасы, омыртқасы сынған. Басы қатты соғылып, миы шайқалған. Әлі тілге келмейті.

Екінші құні кешкісін “көзін ашты” деген хабарды естіп, есі шыға қуанды. Ол қуаныш та ұзаққа бармады. Көзін ашқанымен кісі танымайды. Ақыры ұзаққа барған жоқ, бір жұмаға жатией Темірбек мәңгілікке көз жұмды.

Бүкіл ел “Қалимаш жынданатын шығар” деп ойлаған. Өз бетін озі тырнап, ез шашын озі жұлып, жер тепкілеп жылағанда зарлы дауысын естіген жанның қабыргасы қайысты.

- Әке орнына әкес, шеше орнына шеше болып едін. Кімге тастап кеттің мсі? Ең болмасы артында қалып, атынды ататын жүретін бір шикіөкпе де тауып беруге жарамадым-ау! О, Құдай, Тәмірбекті алғанша, мені неғе алмадын?! – деп зарлаған дауысы ұзақты қунге бір сембей, ауылдың екінші шетіне естіліп жатты.

- Тіршілігінде сыйламаған соң өлгеннен кейін жылауды не, жыламады не, - деп пәндеппіліккен күнкіллегендер де болды.

Екі-үш күннен соң ауылда тағы бір үй қара жамылды. Ол Райханның әкесі мен шешесі еді. Есі шығып жүрген Қалимаш Темірбекпен қоса ауыр жараланып, ауруханада жатқан Райханның хал-жағдайын сұрау есіне де келменті. Мына хабар жеткен соң орнынан үшшиң тұрып, Райханның үйіне қарай жүгірген. Оның мыла түрін көргендер не дерін білмей алдын кес-кестеп, бөгеуге тырысқан. Қалимаш оларды итеріп тастап, келе сала кемпір мен шалға кезек-кезек көрісіп жылан, зорға айырылды.

Қалимаштың түрінен ел шошитын жөні бар еді. Болған жайды ол олі естіген жоқ-тын. Райханның қайтыс болар алдында жеті айлық бала туганын, ол баланың ауруханада қалғанын кейіннесін естігендегі бүкіл денесі шымырлап кетті. “Осы уақытқа дейін қалай байқамағанмын? Әкесі кім болды екен?” дегендегі сан тараулы сұраптар қекейінен кетпей қойлы. Ауыл жігіттерінің қайсысына таңарын білмеді. Басқалай жаман ойфа қимай: “Қалаға жиі барып, дүкенге зат әкеліп жүруші еді, сол жақта біреуі болды ғой”, - деп өзін-өзі жұбатты.

Баяғыда Темірбек екеуінің алғаш рет жұз шайысқаны есіне орала берді. Сонда осы Райханинан қызғаны, ұрыс шығарушы еді-ау! Төменгі қысаңдан көрінген машинаны көз алдына елестетті. Шамы жарқырап, жайғана жылжып келеді. Кабинада Темірбек пен Райхан... Одан әрі ойлауға шыдамы жетпей серпіліп, көңілін басқа жаққа аударды. “Бұлан соң бөгде жүрісі байқалмаған сиякты еді ғой”. Бірақ қанша ұмытайын дегенмен сол көрініс көз алдына қайталана берді. Олан соң ауруханада қалған нөрестені ойлады. Табиғаттың түсініксіз құбылысына таң қалды. Райхан болса бала тіледі деймісін, а:т бұл қанша үміттегенімен бойына ештеңе бітпеді. Табиғат біреуге – көл, біреуге – шөл.

Ұзак танды көз ілмей атырып жүрді. Жалғыз адамның уақыт өткізуі де киын екен. Отыра қалып Темірбекті ойладап, жылайтын кездері де бар. Ондайда қасында болып, жұбататын жан да жоқ. Жұма саиып келіп, құран оқып кететін корші шалдан басқа бөтен ешкім бас сұқпайды. Сонда да біреу-міреу: “Күйеуі өлген соң желігейін деген екен”, - деп сөз етіп жүре мә деп телевизор мен радионы да қоспайды.

Одаша адамды ой баса беретіні белгілі. Шай ішкен столының жанында ыдыс-аяқты жинамастан отырып қалды. “Япыр-ау, сол сәби кімге тартты екен? Өзін бір көрер мә еді? – деп ойлады. – Мүмкін Темірбектің баласы шығар...” Содан соң оз күйеуінен аумай, аузы томпандалап, емізік емін жатқан бала көзіне елестеп, сүйіп-сүйіп алғысы келді. Жан-жақтан қаумалаған неше түрлі ой тасқынында шек жоқ. Санасына: “Сол баланы асырап алсам

қайтеді?” - деген ой сөуле шашқанда орнынан көтеріле беріп, кайта отыра кетті.

Күйеуінің қырқын барғен соң қалаға жол таұтқан. “Темірбектің баласы бөлса, тіпті жақсы, артына тастап кеткен ескерткіші болады”. Сөйтіп, Қалимаш алған беттен қайтпай, ауылга кішкентай нәрестемен оралды.

Кішкене бебектің дүресі рахат сезімге бөлен, дүниеде не болып жатқанында шаруасы жоқ жандай күйге түсті. Жас балаға бие мен ешкінің сүтін қайдан болсын тауып, ізден жүріп ешкісі лақтаған біреуден қоздагалы тұрған қойын беріп, айырбаста алды. Қолы қалт еткенде көн балалы корші өйелге жүгірді. Ақыл-кеңес сұрайды, кейде өзін ертін өкеледі. Не істесе де лоззат сезімге боленип, шын жүргімен істейлі. Ана болудың қаншалықты қуаныш екенін жаңа түсініп. Бұрын біреудің баласының жаялышын коргенде жеркеніп, теріс айналушы еді. Енді олай смес жаялыштың өзін рақаттана жуады. Қайғы-қасіретін ұмытын, Темірбекті ойлауга ла уақыты қалмады.

Бір күні қора жакта азын-аулак малын жайғап жүрген. Сыртқы есік ашылып, үйге біреу кіргендей болды. Қолындағы шөп салып жатқан айырды лақтырып тастап тұра үмтүлды. Кірген Райханның шешесі екен. Төр алдындағы тосекте үйықтаған жатқан құндақтаулы балага қарап тұр. Есік тарқ жабылғанда байғұс кемпір селк ете түсіп, бұған сескене қараған бөті, үн-түнсіз сыртқа шыға жонелді. Қалимаштың көкірегінде қызғаныш отын жағып кетті.

Жас ана сол жerde бір шешімге келген. Ол шешімін көп үзамай жүзеге асырып, осы ауылға сол жылдың көктемінде көшін қонған болатын...

Баласы жанына келін, сүт сұран қыңқылдаганда гана бағанадан бетін айқара ашып, үстап тұрған күәлікті жауып, орнына қойды. Ескерткінші сұраганын беріп болған соң күәлікті қайталан алды. Ойына осыдан жеті жыл бұрынғы оқиға, баланы алуға барған соті оралды. Нерзентхана үйінің бастықтары қарсы болмай, тілегін орындағанына есі шығып, не айтарын білмей калған екен ғой. Ио, сонда: “Баланың өке-шешесін кім деп жазайық?” - деп сұраганда. “Әкесі – Темірбек, шешесі – Райхан”, - дей салған, әйтеуір баланы алатындығына шын жүректен қуаныш.

Енді озі соган қатты окініп отыр. “Ауылдық кенестен қағаз апарын, “шешесі менмін” десем де жазады екен гой”...

Нан жеп, сүт ішіп отырган Ескерткішке қараңы. Кейбір отырысы Райханга ұқсайтын сияқты. Оған Қалимаштың ызасы келді. Бар ашуын қолындағы күөліктен алардай, мылжалап, уқалап отырды да, жыртып-жыртып лақтыра салып, орнынан тұрды. “Жарайды, кейін бір жөні болар...”. Бала болса шешесінің казіргі халінен бейхабар, озімен озі.

## БАЛА БҮРКІТ

Үсеннің бүркітінен бүкіл ауылда корықлайтын бала жоқ. Бір кезде, тіпті, далаға ойнаудан қалғанбыз. Ауыл үстінде айнала үшін жүрген қыранды коргенде үйге тытыламыз. Бұл Талғат сияқты жалқау балаларға жақсы сылтау болды.

- Бала бүркіттен қорқам, - дег қозы-лақ, бұзау қайырып келуге жұмсаса бармай қояды.
- Бүркіт үстан, серілік құрган несін алған...
- Аңшы болмай, одірем қалғыр...
- Баланың зоресін алып бітті гой...
- Іштін арагын жөндең ішпей, бүркітте несі бар десейші...

Міне, осы сияқты сөздер естіліп, аңы дауыс шықса болды, бұл Талғаттың шешесі екенін біле қоямыз. Баласы тіл алмаган сайын осылай ашуға басып, айқайлап жүргені.

Бірде атам ексуміз ат арбамен тәменигі ауылға барып келе жатқанбыз. Атам қолындағы дельбені қағып қойып, бір өуенге салып, ақырын ыңылдайды. Мен арбаның арт жағындамын. Кішкене шыбықты иіп, садақ жасамақ болып отыргам. Бір кезде атам артына бұрылды да, ептең котеріліп, астына салған ұзын көрпешенін бір шетін мейнің алдыма жаба салды. Оның неге бүйткенін түсінбей қалдым. Бетіне қарап, аузымды ашқанша болған жоқ, өлде не үстімізден зу етіп үшіп отті. Зорем зор түбіне кетті. Үнім шықтай отырып қалдым. Ептең жоғары қарап едім – қалықташ кетіп бара жатқан ұлксен құсты көрдім. Ол – Үсеннің бүркіті еді.

Бала бүркіттің мұнысын кейін түсіндім. Ол жолы атам менің үрейімді алмайын деп әдейі айтпаған екен.

- Балам, мына шалбарының озірішे кимей-ақ қой, - деді ол келесі күні кеше киғен қызыл-коңыр тоқыма шалбарыммен далага шығайын деп жатқанымда.

Біздің бүркіттен сессенуіміз тегін емес еді. Ойткені, содан екі айдай бұрын бала бүркіт “оз өнерін” корсеткен болатын.

Мамырдың орта кезі болуы керек. Бір күні “Қалиды бүркіт бүріпті” деп бүкіл ауыл шу ете қалды.

Сабак арасындағы үзілісте алтынның оқытын Қалиды қоршап алдық. Ол өзінің кешегі бастан кешкен оқигасын “майын тамызып” айтып түр екен. Біз келген соң өнгімесін қайтадан басынан бастауды.

- Бөлекшоқының бауырында жайылып жүрген торы құнанды алып келуге барғанмын. Тұсаулы жүрген жерінен үстап алып міндім де, ауылға қарай желдірте жонелгенім сол еді, не болғанын түсінбей қалдым...

- Е, не болынты ...

- Не болушы еді? Бүркіт келіп қалған шыгар...

- Қоя тұрыңдаршы, қазір айтады ғой, - деп біреуі басу айтты.

Біз үнсіз қалдық. Қали өнгімесін орі қарай жалғастырды.

- Әлдеқанлай бір күш желкемнен бүріп алып, кейін тартып барады. Оң жақ аяғым артына қарай қайырылып кетті. Бұрылып қарасам – алба-жұлба бірдене. Құстың қанаты екенін бірден білдім. Үсенниң бала бүркітінен басқа не болушы еді? Даңбақтаған құстан үріккен торы құнан жалт берді. Жайдак аттың үстінен сыйдырылып барып, жерге тоң еттім. Тізгін қолымнан шығып кетті...

- Әнс, айттым ғой бүркіт деп...

- Түүү, қоя тұрышы, созғе араласа бермей, - дейлі Қали өнгімесін болғен балага жактырмай қарал.

- Содан енді көзімді шұқып алатын шығар деп, зәрем кетіп, қолыммен бетімді жауып, етпетімнен жатып қалдым. Бірақ көпке дейін дыбыс білінбеді. Бір кезде көзімді ашсам – маңайда ештеңе көрінбейді. Орныман тұрып, аспанға қарасам – Үсенниң бала бүркіті төбемде қалықтап жүр.

- Тағы да бүрәйін дең жүрген шыгар...
- Енді қалай дең елі? – дейді бір бала білгішесініп.
- Содан, қалай құтылдың? – дең сұрайды бірі істін немен тынганын тезірек білгісі келіп.
- Қалай құтылуши елі? Ауылға дейін жүгіріпті, - дең Қали үшін тағы бірі жауап берді.

Қалидың өзі жауап беруге асықнай, маңайна ман-газдана қарайды. Сол кезде қоңырау соғылды да, бөріміз класқа қарай ұмтылдық. Қали алдымызды келе жатыр.

- Әнде, бенниетін қараңдарны, дөл сол жерден бүріпті,
- дең оның жауырынының ортасын корсетті Талғат.

Шынында да үш тыриактың ізі қалынты. Оң жак аяғындағы резенке етіктің өкшесі де жыртылыпты.

Қали оз класына қарай бет алды. Біз соңынан қарап тұрмыз. Оныз да бізден гөрі сұғак бойлы бала бұрынғыдан да үзара түскен сиякты. “Ойнырым-ай, Қалиды аттан түсіруге шамасы келген бүркіт біз сиякты кішкене бала-ларға түскенде қайтер елі?” деген үрей ойыма оралып, де-нем қалтырап кетті.

... Ол кезде Үсеннің қандай жұмыс істегені есімле жок. Бригадир болды ма, әлде есепші ме, әйтеуір ат үстінен түспейтін. Кобіне ішін жүретін. Аңшылықпен айналыса-тының жақсы білемін.

Ауылдың жайлауға шығып, киіз үйде отырған кезі болатын.

- Үсен бүркіт өкеліпті, - дегенді естілік бір күні.

Ұлкендер “қайырлы болсын” айтып, кіріп-шығып жатты.

Бір топ бала баспалап Үсеннің үйінің жанына келдік. Бірак үйге кірудің ретін таипадық. Мінезі шайпау адамнан боріміз де қорқамыз. Сан баланы қамілымсөн арқадан осып жіберген. Бұрын атын ғана естін, суретін кітаптан көргеніміз болмаса, біздің жақта омір сүрмейтін құсты өз козімізбен тамашалауға боріміз де құштармыз. Бірак дөл сол күні ой-ымыз жүзеге аспай, өрқайсымыз үйді-үйімізге тарқадық.

Бүркітті көрудің сөті түскен балалар мектепке айтып келіп жүрді.

- Кішкентай ғана балапан екен, - дейді бірі онша мен-сініңкіремей.

- Иә, саган, - дейді оған енді біреуі, - балапан болса да екі канатының озі екі құлаш.

- Көзі от шашады...

- Тырнағының озі қандай...

- Тұмсығы тауықтікіншегі түзу емес, имек екен, - дейді бірі таңдағын.

Бір күн мениң де жолым түсті. Атаммен еріп барып көрдім. Колденен ілінген ағашқа қонақтатып, аяғын байлан қойынты. Көзі корінбейді. Басына бірдене кигізгі. Оның "томага" деп аталатынын да кейін білдім. Балалар айтқан басқа белгілердің борі рас екендігіне козім жетті. Қыбыр етпей қаздының, тиі-тиік отырган түрінің өзі сұсты. Үсеннің озі болса тор алдына отырып алып, алдындағы тақтайшага жас өкпені тураң отыр.

- Тарбағатай тауының қыраны ма? – деп сұралы атам, амандастыран соң.

- Жоқ, Алтайдың нағыз ақ иығы той, – деді Үсен мактанышын жасыра алмай. – Бір жылқыға айырбастаң оқелдім. Дәл осындай қыран құс Борілідең бір бүркітінде болғанын сонау жылдары коргенмін. "Бір күнде торт тұлқі, екі коян алдым" деп отырган. Қасқырға да түседі екен.

- Апыр-ай, ә, – деп таңдана таңдаіын қакты атам, бүркітке қарап қойын.

Үсен күз бойы балапан бүркітін баулын, үйретумен болды.

- Ой, биыл қыс Үсеннің бала бүркітінің қызығын көреміз, – деп кейбірсулер алдын ала желінің жүрді.

Бірақ бүркіттің қызығын ешкім коре алған жоқ. Дүрыс баули алмаса керек, құсы аңға түсней қойынты.

- Енді мұны жаз шыға алған жеріне апарып ұшырып жіберсе, дүрыс болар еді. Дұз тағысының үйрете алмай босқа обал жасады. Үсенді ақылға кондірейік, – деп отырганын естілім ауыл аксакалдарының.

- Үсен үлгі алатындаі бұл манда бүркітін болған жоқ. Ол озі естігені тана болмаса, омірі құс баулығанды козімен корметен адам той, – дейді ауыл адамдары.

Жазғытүрым Үсен бүркітін қолынан шыгарып алышты. Қайтадан үстамақ болып қаша орекет жасаганымен түк шықкан жоқ. Бүркіт маңайламады. Өуелі ауылды ай-

налып, бірнеше күн бойы қалыктап ұшып жүріп алды. Өз бетімен тамақ табуга үйренбекен жырткыш құс ақыры адамга келіп түсті. Содан күз аяқталып, қыс түсे корінбей кеткен, жазғыгүрмө оның олімтігін көргендер болды.

Бұл оқиғага ол кезде онша мән бере койған жок едік. Енді ойлан қарасақ, бұл оның Үсенге деген наразылығы сияқты екен.

Қазір аспанда қалықтаған құс көрінсе, ойыма сол бала бүркіт оралады.

## БҰЗАУШЫ БАЛА

Сәкен сабак біткелі үйқышы болып алды. Кей күні түске дейін үйықтап қалатынды шыгарып алған. Бірақ кешеден бері олай болмады. Тәтті үйқысы бұзылып, срте тұратын болды. Оны тұрғызып жүрген өжесі. Жанына келелі де, маңдайынан иіскеп:

- Тұрағой, Сәкенжан. Таң атты. Ана бұзауларды өріске ұзатып айдан сала қойши. Әйтпесе, ауылдың жаны түгел етін. Егіске түсіп кетсе ел-жүрттан ұят болады. Менің ағым сырқырап, кешеден бері жүргізбей тұрганы, - деп оята-

Тұрғысы келмей біраз жатқанымен еріксіз тұрады. Әйткені кеше бақташысыз бұзаулар егіске түсіп кетінгі. Бір дәнде алған соң қойсын ба, енді егістен кетпейтін болады. Соңсaн күнде маза кетті лей бер.

Киініл далага шықты. Жаңың қызулы күні тұсау бойы көтеріліп қалған. Шуакты күннен аша алмай көзін қыса қарап біраз тұрды. Ауыл шетінде бір отар қой жайылымға беттеп барады. Бір-екі кемпір-шал бұзауларын өріске айдауда.

Көрші үйдегі Жақып та тұрыпты. Есік алдында та-  
қырда жалғыз озі асық атып ойнап жүр. Сыртқа шықкан Сәкенлі көрген ол бұған қарай аяңдады. Бұл кезде өжесі бұзаулардың бас жібін түріп, корадан шығарған болатын.

- Жақып, бүтін ертерек тұрыпсың ғой. Немене, сабак біткен соң үйқың келмей жүр ме? – деді Сәкен Жақыптың кейде бірнеше сабактан кешігіп қалатыны ойына түсіп.

- Жоқ, көкем бұғын жайлауға апарамын деңең соң ертең түрып едім, бірақ соның өзінде мен тұрғанша кетіп қалыпты. Өзін неғе еріс тұрдың?

- Әжем “бұзауларды өріске айдал сал” деп тұрғызды. Ол кісінің қазір аяғы ауырып жүр.

Жақыптың өлгі сөзінен соң жайлауда қой бағатын кокесі мен тәтесі ойнаға түсін, бұл да мұңая қалы. Бұлар осылай тұрган кезде Жақынтардың қорасынан да екі бұзау шықты.

Екеуі көзіне түскен бұзауларды айдал, ауыл шетіне шыққанша саны жиырма шақты болды. Ауыл шетіндегі оншакты бұзау бытырай жайылып, өріске беттеп барады екен. Барлық торпактардың басын қосып болған кезде ауыл жақтан айғай шықты. Қараса, ауыл шетіндегі тұратын Нұрила шешей екен.

- Әй, балалар, ананы қараңдар. Ана бұзауларды! Егіске жетіп қалыпты, егіске! Қайырындар, қарақтарым!

Екеуі солай қарай жүгірді. Бір топ бұзау ауылдың сол түстігіндегі егіске тұмсығын іліктіріп қалыпты. Құстай ұшып келін, қайырып алды. Жаңа ғана бастары түйіндең келе жатқан жасыл балауса мал түссе несі қалады. Жегенін жеп, жемегенін таптап кетеді өлар.

Жақып пен Сәкен бір класта оқиды. Екеуі де биыл алтынши класқа көшті. Жақыптың аздал мактандықтың бар. Сәкен болса өтірікші, суайттарды, мактандықтарды аса ұнатпайды. Сондықтан да екеуі мектепте жүргенде шекісіп қала беретін. Оқу біткен соң да үй арасы таяу болған соң өлар бірнеше рет кездесті. Онда да бұрынғы әдептерінше үнсіз тарқаған болатын.

Бұғын олай емес, екеуінің әңгімесі жарасыпты. Барлық бұзаулардың басын қосып, бөктердегі қарағанды кемерге айдал салып, өздері дөңнің басына жайғасқан. Кешегі мектентегі қызықтарын айтсыш мәз болады. Қебіне-көп сойлеп отырған Жақып, ол бір кезде:

- Жүр, Сәкен, анау кемерге барайық. Мен былтыр сол жерден көп бұлдіріген тергем. Қалың өсетін көрінеді, - деп қарсыдағы бітік шалғынды жасыл кемерді көрсетіп. Ол кемерге дейін бірталай жер. Кемі жарты шықырым болар. Қазір бұллірген піссетін уақыт болмағанын білсе де, Сәкен

**Жақыптың коңілін жыққысы келмеді.** Екеуі солай қарай аяңдады. Әңгімелесіп келе жатын кемеріс енді іліккенде қарсыдан бір салт аттылы дөң басына көтерілді. Екі баға бір сөт тұрыңқыран барын қайда жүрді. Келе жатқан Дәүіт карт екен. Бұл кісі таңертең аттанын кетіп, тұс ауа ғана оралатынын балалар біледі. Сірө, тұс ауып кеткен-ау өзі. Төбөгө қараса шынында да күн дәл төбеден ауып баралы екен.

Қарияга екі бала жамыраса сөлем берді.

- Әу, таудай болындар, балалар. Қайдан жұрсіндер?

- Бұзау бағын жүрміз, ата, – деді Жақын көп өйланып жатпастан.

Сөкен оны жсінен тартып қалды. Ол жолдасының сөзіне намыстаннын қалды. Ойтпегендеге ше, бұғін ғана бұзау айдан шыға салып, “бұзаушымыз” деп мақтануға бола ма екен. Тіпті бұлар қазір бұзау бағын жүріен жоқ қой. Бұзаулар өз бетімен жайылып жүр. Бұлар болса өз бетімен бұлдірген іздеп келеді.

Сонымен қойған Жақып жоқ:

- Қазір бұзауларды ана бұлаққа айдаپ апарын су ішкіземіз де, күн қайтқан соң ауылға құлатамыз, – деп нығырлап қойды.

“Қап, мынаның істеп тұрғаны-ай, о! Әбден бұлдірді-ау! Анау көрші партада отыратын Сәліманың атасы ғой бұл. “Сенімен бірге оқитын екі баланы қордім, бұзау бағын жүр екен” деп айтып барса үттагы”

- Жарайсыңдар, балалар. Күн еңкеймей ауылға ертсек әкеліндер бұзауларды. Сиырлар ауылға ерте оралса, жамыран кетуі мүмкін.

- Жарайды, ата, жарайды.

Жақып тағы да так ете түсті. Сөкен аузына су үрттап алғандай үн шығарар смес.

- Шолдеген шығарсыңдар, ә, балалар? – дег қария аттап түсіп, қанжығасына байланған түйіншегін шешті. – Келіндер, сусын ішиңдер. Мен таңертең мына Қопалыға тал қиоға барғамын. Тұске дейін біраз отырып шашқан болдым. Адам қартайған соң болмайды екен. Екі иығым салдырап, түк жұмыс істер болмадым. Соナン сон ауылға кайтып келемін. Жұмыс істемеген соң адам шөлдемейді де

той. Бір-екі жұтым ішкен болдым. Ауылға алып барғанмен ештеңе шықнас. Келіндер, қарастарым, ішіп алыштар.

Кария кішкене орамалды қоғалға жайып жіберіп, үстіне май жаққан бір-екі тілім наң тастанады. Торсықтан сырлы тоостаганға қымыз құйып, балаларға ұсынды.

- Ішіндер, балалар, мына наанды жеңдер. Қарындарың ашқан шыгар. Таңтертең Солимажанның салғаны той. Шайнама жемек тұгілі, сусын да ішкем жок. Сендердің ауыздарының салымы бар екен.

Сөлиманың атын естігенде Сәкеннің бойына ток откендей болып дір етті де, озінен озі қысылыш қалды. Жақын та оны бүйірге түрттің қойды.

Кария жан-жагына қарап, сақалын сипалап отырып, өңгіме шертуде. Оны тыңдан отырган Сәкен жок, өз ойымен өлек. Ойына қыстығүнгі бір оқиға оралып еді.

Бір күні үзілістен соң класқа кірсе, барлық бала тыныштыныш отыра қалынты. Бұлар неге сонша тыныштала қалды, класқа мұғалім кіріп койған шығар деп ойлад, есіктен ақырын сығалаган. Барлық бала ду құлді. Артына қараса Солима да кіріп келеді екен. Бұлардың осынша шулаганына түсінс алмай, екеуі есік алдында бір сөтке тұрып қалған. Балалардың бірі бұларға тақтаны нұскады. Онда екі адамның суреті салынған, бірі – ұл, екіншісі – қыз. Астына “Сәкен”, Солима” деп жазылыш есімдерінің арасына косу белгісін койыпты.

Кеңет не болғанын білмей ашу қысқан Сәкен жүгіріп барды да суреттерді оширип тастанап, есіктен шыға жонелді. Шығып бара жатын артына коз салған еді, Солима партасында бетін жауып алыш, жылан отыр екен.

Кейіннен білді, оны салған Таңат деген окушы екен. Оған осы Жақынтың да қатысы бар. Сәкен екеуімен де қатты шекіскең. Бірақ оны білген ешкім жок.

Дегенмен Сәкен Солимана іштей жек кормейді. Алғашында біраз уақыт тілдесуге бата алмай ұялып жүрді. Кейіннен екеуі де болған оқиғаны ұмытып, бұрынғыша ойнап, бұрынғыша қарым-қатынас жасап жүре берді.

Мұның ойын Доуіт қарт болді.

- Ей, балам, сен неғе аузыңды ашып қарап отырсын. Жессөні, ана нанның бірін алып.

Сокен үялганиң бір тілім наңады алып, шетінен тістелі. Қарны обден ашыққандықтан ба, өлде таза ауада отырып тамақ ішкендіктен бе, май жакқан наң оте дөмді екен. Қуанышты сезіммен отырып рахаттана жеді.

Осы кезде он жақ бүйірдегі қолденен жаткан боз дөңгілден қою бүйра шаңды бұрқыратып, жеңіл машина корінді.

- Директордың машинасы, - деді Жақып. Оны Сокен де таныды. Сойткенше болған жоқ жеңіл машина жаңа-рына жетіп келді. Совхоз директоры Мұса барлығымен де қол алысып амандасты.

- Ио, хал-жагдайларын жақсы ма? Айдалада тамақ ішіп отырғандарыңызды түсіне алмай тұрмын, - деп құллі ол, мына отырыска түсінбегенін байқатып.

Жағдаймен Дауіт қарт таныстыруды. Балалардың "Бұзаушы" екенін естігенде директор қуаныш кетті. Оң жағында отырган Сәкенде иығынан қағыш-қағып қойды.

- Жарайсындар, жігіттер! Сендердің бұларың бір құптарлық іс екен. Босқа ауылда ойнап, көшениң шаңын бұрқыратқанша, осындаі пайдалы іспен айналыскандарын дұрыс.

Директор бакылаудың жоқтығынан етіске түскен малдан келетін зиянның қашшалықты екенін айттып шықты. Тілті көп екен.

- Мен бүтін мына озен бойындағы малшыларды арапап келдім. Енді ертең қырдағы елдің жағдайын байқап қайтамын. Сендердің үйлеріңе міндетті түрде согамын. Тапсырган құрал-саймандары бар еді, соларын ала бара-мын. Ерекеңе айтамын той, "Сенің Сәкенің де ел қатарлы еңбек етіп, қогамға найда келтіріп жатыр" деп, (көкесінің есімін директордың аузынан естіген Сәкениң қоңілі бір марқайшын қалды.)

- Ал, жақсы, сау болып тұрындар, балалар, – деп сөзін аяқтаған, Дауіт қария құйған қымызды ішіп алды да аттаннып кетті. Одан соң атына мінгізіп салған балаларға раҳмет айттып, Дауіт те ауылға қарай аяқталды. Екі бала болса, қыр асын бара жатқан қарияға қарап, үнсіз тұрып қалған. Үнсіздікті Жақып бұзды:

- Қараң тұрып “Бұзаушы бала” атандық. Байқаймысын Сөкен, біздің бұзау бағатынымызды бүкіл ауыл білетін болды. Таңат мазақ етуі мүмкін гой.

Жақынтың мына созі Сәкениң шамына тиіді. “Неменеге мазақ қылады?!” мазақтаса – мазақтай берсін. Жаңа директор ағай қогамға пайдалы жұмыстың барлығы да абыройлы міндет екеніні айтты гой”. Сөкен қолын бір-ак сермеді.

- Мейлі, кім не десе, ол десін. Ерінсең сен қал. Мүмкін үялатын шыгарсың. Ертеңден бастап барлық бұзауды жалғыз озім бағамын. Мен үшін елдің “Бір күн бағын, ертеңде қашын кетті” деген қаңқу созі батаңды.

Екеуі бұдан соң сойлескен жоқ. Сәкениң алған бетінен қайтиайтынын білетін Жақын төмніш танауын қос-қос тартып, анда-санда бұл жаққа көз салып қояды. Анау болса тымырайған беті жүріп алды.

- Сөкен, - деді бір кездे Жақын, ауылға бұзаулар жақындаған калғанда. - Сен ренжіме, бұзауларды екеулен бағайық, жарай ма?

Сөкен Жақынқа жалт қарады. Ол аянышты түрмен қарап түр екен.

- Жарайды, - деп Сөкен құліп жіберді. Анау да құлді. Сол беті шаршагандарын ұмытқан екі бала үйлеріне қарай жүгіре жөнелді.

... Екі бала жаз бойы бұзау бағып шықты. Екеуінің тиянактылығына ауыл адамдарының барлығы да риза болысып, күн сайын раҳметін жаудырумен болды.

\* \* \*

Ертең бірінші сентябрь. Мектеп ауласына күміс құлкілі бұлдыршіндер жиналған. Оқу жылы қарсаңында жылда осылай салтанатты можіліс откізу достүрге айналған. Бірінші қоңырау болып, алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған шәкірттерге гүл шоқтары табыс етіледі.

Бірінші қоңырауға Сөкен мен Жақын та келген. Оларды кеше совхоз директоры шақырып алып, алғыс айтқан болатын. Әлгінде мәжіліс басталmas бұрын да мектеп ди-

ректоры Моулен агай бұлардың хал-жагдайын сұрап білген.

Салтанатты мәжіліс басталып та кетті. Сөзді бірінші болып мектеп директоры алды. Ол оқушылардың жазғы демалысын қалай откізгенді жайлы айта келіп, совхозда комек жасаган оқушыларды атады.

Шошілерге комек жазагандардың ішінде Таңат та бар екен. Сол-ак екен Сөкен озінін жаз бойы шеңшілерге кетиегеніне оқінді. Бірақ ол өкініш үзаққа барған жок, директор агай сөзінің соңында Сөкен мен Жақыптың жаздай атқарған жұмысына ерекше тоқталып отті. Басқа кейбір балалар сияқты ауылда бос жүрмей, пайдалы іспен шұғылданғандықтарын үлкен ерлікке балады.

- Үлкен іске үлес қосқан Сөкен мен Жақып осында тұр. Қанс, бері жақындаңдар, - деді де қолына екі кішкентай радиоқабылдағыш алды. - Оларға совхоз тұргындары атынан мына сыйлықтарды табыс етуге рұқсат етіңіздер. Бұл сыйлықтарды табыс етуге совхоз басшылары маган жүктеген болатын.

Екі бала имене келіп радиоқабылдағыштарды алды. Сыйлықтарды да директор агай олардың қолдарын қысып тұрып тапсырды. Осы кезде мектеп ауласына жиналған ата-аналар мен мектеп оқушылары да қол шапалактап, кең аспан астын дүбірге болегендей болды. Кейбір үлкендер дауыстап раҳметтін жауды-рын жатты. Сөкениң көзі бұлдырап кеткендей, куанганин ба, болмаса қысылған-наи ба маңайындағыларга көз салмауга тырысады. Буын-буыны дірілдегенге үксайды. Әлден уақытта есін жынп, Жақыпқа қарады. Ол құлім-құлім етеді. Жагалай тұргандардың ішінде Солима да бар екен. Ерекше бір нұрлы жаңармен Сөкенге көз салынты. Көзінде куанышты құлқі үшкyn атады.

Сөкениң озіне назар салғанын білген ол сүйкімді жымының қойды. Сөкен де ентең езу тартты.

Салтанатты мәжіліс жалғаса берді.

## БҮЛБҮЛ

Қаладан тұс ауа шыққан автобус тауды бөктерлеп, күншығысқа қарай салып келеді. Әлгіде автовокзалдан тонырлай мінген жолаушылар қала сыртына шыққанша әр жерден түсегүлдік қазір селдіреп оншақты адамғана қалған.

Оқу жылы аяқталып, интернаттан төртінші класты ойдағында аяқтаған Жанат ауылға қайтып келеді. Кішкене сиңлісіне алған қызыршақты өрі-бері айналдырып біраз отырды да, сыртқа қоюп салды. Жасыл кілемдей құлпырган алқап, тау бөктерінде жайылған бес-алты ешкілақ көрінеді. Ешкі баққан бірі үлкен, бірі кіші екі бала. Алыста күн сөулесімен жылт-жылт етіп, үсак толқыны күнмен ойнап айдан көл жатыр. Арғы жағадағы үйдің шатыры ағарандайды. Таулы жердің табиғатына біраз коз салып отырган Жанат енді автобус ішіне жағалай зер сала бастады.

Екінші қатардағы бет-аузын сақал-мұрт басқан масаң ерекк болқ-сылқ етіп қалғып келеді. Қолындағы бұлбұл құс қамалған торын бауырына қысқан беті аузынан сілскейі шұбыра түскен.

Жаңа гана салонды осем сазға бөлеп, сайраған бұлбұл да бір сөтке иссімен қоса тынығайын дегендей кішкене белдеу ағашқа қонақтай қалған. Иесі болса автобустың жүріс ырғағымен теңселін, кейде қолынан темір торды түсіріп ала жаздал келе жатыр. Мұндайда оның сол жағында отырган кішкене шоқша сақалды қара торы шүйкедей шал сүйен қалады.

Бір кезде скініндегі келе жатқан автобус шатқалға кіре берсе қатты толқын кетті де, қалғыған жолаушы құлап түсегүлдік жаздал, қайта оцалып отырды.

Отсыз жанары өлсіреген қызыл көзін бір нұктеге ойсыз қадап отырып, бір уақытта есіне әлдене түскендей қолындағы кішкене құсты айналдыра бастады. Сірө, бұлбұл өнін тыңдағысы келіп кетсе керек. Кішкене құс болса қырғи тигендей шыр-пыр болды да қалды. Темір торға қамалған әлсіз құс өлдекімнен комек іздегендей аянышты дауыспен шиқылдайды. Мына жан түршігерлік

окиғаға автобус ішіндегі барлық жолаушы көз тігіп, үрииісіп қалды. Анау елең етер емес, қолындағы ұзынша сым темірмен кішкене құсты шиқылдаған сайын өшіге тұрткілейді. Тәмірмен шүкірган сайын қанатын қорғана сабалап, тордың төрт бұрышына кезек тығылады. Үлпілдек мамығы бұрқырап, қауырсыны ұша бастады.

- Қарагым, бекер өүре қыласың. Панасыз жәндік қой, обал болады, - деп сол жағындағы шал аяныш білдірін, тамағын кенеп қойды.

- Шаруаң болмасын, - леді анау, тіпті оған назар аудармaston.

- Эй, озің бір обал дегенді білмейтін не деген адамсың. Болды ғой енді, шырылдатып бейшараны. Тоқтат... “Тоқтат” деймін мен саған!... Өзінді сөйтіп жұлар ма еді, шырылдатып...

Алдыңғы орында отырған мол денелі, адуын мінезді сары әйел біраз сөйлеп барып басылды. Анау оны да елсі қылмағы. Қайта өршелене түсті.

- Үйретемін мен бұл шүйкедейді. Бармақтай болып қасарысын. Ал, сендер жабындар ауыздарының, өңкей шуылдақтар. Мен бұл үшін ақша төлеғенде алдымға осылай еалып әлділесін отыруға алды ғой дейсіндер ме? Бұл маган сайрап береді өлі, сайратамын. Сайрамайды еken мойының жұлып аламын...

Мылжыңға басқан жігіт өнші құсты базардан қалай сатып алғанын және қалай саудаласқанын біраз өңгімеледі.

Енді бөрі қозғалақтаң бір-бірінсі қарасты. Гулеп сойлесс бастады.

- Өлтіреді ғой мынау...

- Қандай адам сатты еken мынаған...

- Е, ақша алса болды ғой ол саудагерлер, кісінің бетжүзіне қарай ма?!

- Қап мынаның қорлығын- ай!

- Бұлбұл құс ұстаған не теңі десейші...

- Қайбір сатып алды дейсің. Үрлап кетті де бір жерден.

Соңғы сөз жұртшылықтың көкейінен шықты.

- Босе бұған ақша қайдан келсін...

Мас адамның жан түршігерлік мына іс-орекетіне отырган жұрт селт етіп, тұксис қалысқанымен ешкімнің араша түсер түрі көрінбейді. Анау болса оз орекетімен бола берді.

Мұны бөрі Жанатқа бір сұмдықтай болып елестеді. Үлкендердің ана кішкене құсқа араша болмауын қарашы. "Сұмдық қой, сұмдық!... Мұндайды кім корген!"

Бұлбұлдың аянынты үнмен шиқылдаған дауысы Жанаттың жүргегіне шашшудай қадалып, оны бойы шымырлап кетті. Қоңіліне әлдекалай аянын сезімі оралғанда көзіне жас үйірледін. Бұл жолы көзіне жас келген жок, қайта үшқын атқан жанарын анау масқа қадап, жанына жетіп барды. Тәмпіш танауының кішкене желбезектері желнілден кеткен.

- Босат көне! – деп торды жұлқылады.

Мас босатар емес.

- Шаруаң болмасын, бала. Бұл құс менікі ме, менікі. Саган неге беремін? Олсе ақшасы толенген. Алғың келсе сатып ал, ақшан болса, - деп қарқ-қарқ құлді. – Мә, ал. Бағасы он-ақ сом.

Жанат көп ойланып тұрмады. Орнына барып жол қашығын ашты да ішінен ораулы қағаз алып шықты. Ол қағаздың арасында бес сом ақша бар екен.

- Мә, ақша алыңыз.

- Жок, көгершінім, мен он сом сұрадым той. Он сом, түсінесің бе? Бес сомға бола сөзді кобейтіп жатпай-ак қояйық...

Бала аңтарылып тұрып қалды. Бұлардың іс-орекетін манадан үнсіз бағып отырган сол жақтагы шүйкедей шал өміядынан бір сом алдып, балага үсынды. Сол-ақ екен автобус ішіндегі жолаушының барлығы да өзара құбірлесіп, бір-бір сомнан ұстата берді. Жанаттың қолына іле зде бірталай ақша жиналдып қалды. Жәбірленген құсты өйткені азат етуге бел бұған жұртшылықтың мына қылышына Жанат таң қалған жок. Қолындағы дудыраган

ақшаны мас еркектің қолына үстата салып, торға қайта жармасы.

- Токта, құлышшак, токта. Өуелі ақшаны санап, дұрыстап есептейік. Мүмкін олі де толмайтын шыгар.

Ол торды бір қолтығына қыса отырып, ақшаны есептеп санап шықты.

- Он алты сом, - деді баппен. – Он алты сом... Жарайсың, қызым, жарайсың. Тіпті артығымен...

Оның не айтып, не қойғанын тыңдаған Жанат жок, темір торды қолына алдып, коцілі жай тауып, орнына келіп отырды.

- Оркениң оссін, қарағым! Бақытты бол!

Баланың батылдығы мен шешімділігіне риза болысқан жолаушылар тагы да гүлесіп кетті.

Осы кезде азантан құтылған бұлбұл құс сайрап қоя берген еді. Оның тогілдірген осем оні жас бұлдіршінге айтылған зор алғыстай естілді.

Жолаушылар өлгіндегі қолайсыз оқиғадан арылып, сұлу сазға боленді. Әрқайсысы естірте жөне іштей Жанатқа деген алғысын жаудырып жатты.

### “Бай баласы Қалдау”

(Ел аузынан)

Ертеде Тоқтар деген байдын үйінде сол елдің атакты ханы түстеніп отырыпты. Байдың есігінде жүрген кішкене қолбала қонақтардың қолына су құйып, орамал ұсынып жүреді. Қонақтарға табақ тартылған кезде хан туралыныға жауырынның етін сыйдыртып тастап, елден бұрын байдың мылқау, ерке баласына үстата береді.

Озімен жасты болса да мына тенсіздікке жаңы құйғен жалшы бала ханға қарап:

- Бай баласы Қалдау,

Ханнан жауырын алды-ау!

Аузы- мұрны жоқ болса да,

Бар пәле малда-ау! – дейді каймықпай.

Асыл сөзді алтындаған заман емес не, ақырын орынан атын тұрган байды хан сабырмен қолын котеріп, тиып тастайды. Баланы жаңына шақырып алғып, қолына жамбас үстательп, батасын береді.

Содан өлті баланың шешендігі елге жайыла бастайды. Кейіннен әділдігі қара қылды қақ жарған, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін майталман шешен “Жамбас би” атанынты деседі.

# М А З М Ү Н Ы

## Повестер

Көздессу .....	3
Сарыала қамши .....	70

## Әңгімелер

Зейнептің зары .....	116
Күтпеген қуаныш .....	130
Қос жанар .....	133
Нагашымның әңгімесі .....	137
Демалыс күні .....	143
Әже алданышы .....	147
Бір шоқ тұл .....	150
Құдалар .....	156
Ана жүргегі .....	163
Арманым – ақ бидай .....	168
Бал бұлак .....	173
Кекқасқа .....	180
Ескерткіш .....	184
Бала бүркіт .....	195
Бұзаушы бала .....	199
Бұлбұл .....	206
“Бай баласы Қалдау” .....	209

“Астана” баспасы биыл “Абайтану арнасында”,  
“Мәжаниң Қызылжары”, Қазақстан тарихына  
байланысты кітаптар мен оку құралдарын шыгарды.  
Баспаңың ойімдерін аламын деушілер 150000,  
Петропавл қаласы, Театр кошесі 50, 4-пәтер,  
тел: 8 (3152) 360478 хабарласуына болады.

“Астана” баспасының директоры  
Күлинар Балтабекқызы Ахметжанова

## **КЕЗДЕСУ**

Редакторы *Ахметжанова Т.Б.*  
Техникалық редакторы *Қазанбаева А.С.*  
Корректоры *Токшылықова А.Б.*

Басыға 19.11.07 ж. көл қойылды. Пішімі 84x108 1/<sub>0</sub>. Офсеттік басылым, қаталы оффсеттік. Өріп түрі "Тайме". Колемі 13,5 баспа табак. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1123.

Қазақстан Республикасы "Атамұра корпорациясы" ЖШС-нин  
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы, М.Макатаев көшесі, 41 үй.



Журналист-қаламгер Сүйіндік Жанысбай облыстық "Орталық Қазақстан" газетінде көп жылдан бері қызмет істеп келеді. Оның қаламынан туған әңгімелері мен өзіл-сықақтары "Жалын" баспасынан "Адамша кел" деген аттың жарық корғас. Жергілікті баспадан "Өкініш" және "Взятка", "Ауылымды аңсадым", "Ақ босаға", "Сарыарқаның самалы" атты кітаптары шықты. Алматы баспаларынан жарық корғен конгресси ұжымдық жинақтарға әңгімелері мен очерктері енгізілген.